- уыттылық қасиеттері бойынша: күшті әсер ететін улы заттар, улы заттар, зиянды заттар, күйдіргіш заттар, көздің және (немесе) терінің кілегей қабықшаларының тітіркенуін туғызатын заттар, сенсibiliзациялайтын әсері бар заттар;

- адамның денсаулығына ерекше әсер етуі бойынша: канцерогендер, мутагендер, ұрпақты болу функциясына уытты әсер ететін заттар;

- қоршаған ортаға әсер етуі бойынша: қоршаған сулы орта үшін қауіпті заттар, қоршаған ауа ортасы және топырақ үшін қауіпті заттар.

Химиялық өнімді химиялық заттардың санаттары бойынша жіктеуді өтінім беруші (өндіруші, өнім беруші, импорттаушы) оны нарықта орналастыру үшін тиісті құжаттарды ресімдеуі кезінде көрсетеді.

Мәселен, орнықты органикалық ластағыштар тобы тізімінің үміткері — полихлорланған дифенилдер қауіпті болып табылады, олар зиянды қасиеттері бар және биоаккумуляцияға және алыс қашықтықтарға таралу қабілетті бар жаһандық ластағыш заттар.

Полихлорланған дифенилдер жоғары жылуға төзімділігі және ерекше оқшаулағыш қасиеттері бар, ол өнеркәсіптің көптеген салаларында қолданылады. Мәселен, диэлектриктер немесе трансформаторлардағы майдың қоспалары, конденсаторлардың қаптамасында, жылу тасығыштар және майлағыштар ретінде, сонымен қатар кейбір мастикалар мен бояуларда қолданылады. Олардың физикалық-химиялық қасиеттеріне түсі мен иісінің болмауын, майда екенін, көмірсутектерде және органикалық қоспаларда жақсы ерігіштігін жатқызуға болады [2].

Өнеркәсіпте қолданылатын полихлорланған дифенилдерге орнықты органикалық ластағыштардың барлық қасиеттері тән, мысалы, толық ыдыраудан дейін қоршаған ортада сақталу мерзімі жоғары, ауа мен су арқылы алыс қашықтықтарға таралады, тағам, ауыз суы немесе тыныс алатын ауа арқылы жұтатын көптеген тірі ағзалардың тіндерінде жинақталады, аз ұшатын заттарға жатады, баяу буланады, суда аз ериді және майларда жақсы ериді.

Полихлорланған дифенилдер адамның ағзасына келесідей әсер етеді:

- бүйректі және ағзаның басқа органдарын зақымдайды;
- тыныс алған кезде бас ауруы және т.б. ауруларға әкеп соғады;
- тері арқылы енген кезде хлоракнеге жетелейді;
- ағзаның иммундық жүйесін әлсіретеді;
- репродуктивтік қызметке әсер етеді;
- неврологиялық және мінез-құлық қызметін бұзады;

Полихлорланған дифенилдер бауырдың қатерлі ісігі, асқазан-ішек жолы және тері ауруларының себепкері болуы мүмкін [3].

Қазіргі таңда, полихлорланған дифенилдер және оны қамтитын тауарлардың өндірісіне тыйым салынғанға қарамастан, өндірісте әлі де қолданады, сонымен қатар оларды кәдеге жарату кезінде булануы немесе өнеркәсіптік жүйелерден төгілуі салдарынан ластану орын алып отыр.

Қазақстан Республикасының «Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» 2007 жылғы 7 маусымдағы № 259 Заңы, Қазақстан Республикасының «Қауіпті қалдықтарды шекара аралық тасымалдауды және оларды

аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 2003 жылғы 10 ақпандағы №389 Заңына сәйкес, полихлорланған дифенилдердің қоршаған ортаға шығарылуын және таралуын болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы бойынша, 2012 жылғы 24 ақпанда Орнықты органикалық лаптағыштар және қалдықтарды, олардың құрамын пайдалану қағидалары әзірленді.

Қағидалар орнықты органикалық лаптағыштар және қалдықтардың, олардың құрамын пайдалану тәртібін анықтайды және төмендегі іс-шараларды қамтиды: кәсіпорынның меншігіндегі электр жабдығын түгендеу; анықталған полихлорланған дифенилдер құрайтын жабдықты пайдалану, сол жабдықты пайдаланудан шығару, полихлорланған дифенилдер құрайтын қалдықтарды қаптау, таңбалау, сақтауды ұйымдастыру, тасымалдау.

Қағидалардың әрекеті маймен толтырылған жабдық пен полихлорланған дифенилдер құрайтын қалдықтардың меншік иелері болып табылатын, төгілуінің салдарын жоюмен, сонымен қатар жабдық пен қалдықтарды тасымалдау және сақтаумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға таралады.

Қазақстанның электр желілік компаниялары — маймен толтырылған жабдық иелері анықтауға үміткерлердің бірі болып табылады.

Қағидалар электр желілік компаниялар үшін маймен толтырылған жабдықты түгендеудің негізгі міндеттеріне полихлорланған дифенилдер құрайтын жабдықты анықтау мен кәсіпорындардың жабдығын өндірістік және мемлекеттік есепке алу және есептілікті ұйымдастыру.

Қағидаларға сәйкес, маймен толтырылған жабдықты түгендеу екі кезең бойынша жүргізіледі:

1 - техникалық құжаттаманың негізінде тікелей қарап тексеру кезінде маймен толтырылған жабдықты сәйкестендіру, бастапқы Жабдықты есепке алу тізілімін дайындау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аймақтық бөлімшелеріне аралық есептілікті беруді қамтиды;

2 - аккредиттелген зертхананың оқшаулағыш сұйықтықтың сынамаларында полихлорланған дифенилдерің болуын сандық анықтау, уәкілетті органға ақырғы есепті беру, зертханалық талдаулар хаттамаларының негізінде ақырғы полихлорланған дифенилдер құрайтын жабдықты есепке алу тізілімін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аймақтық бөлімшелеріне дайындау үшін зерттеулерді жүргізуді қамтиды.

Сәйкестендіру барысында барлық электр жабдығы сәйкестендіріліп, оған сәйкестендіру нөмірлері беріледі.

Тікелей қарап тексеру және техникалық жабдықты зерделеудің негізінде, жабдық келесі үш топтың біріне жатқызылуы тиіс:

Бірінші топ — құрамында полихлорланған дифенилдер болуы техникалық құжаттаманың немесе жабдықтың өндірушісі, маркасы немесе түрі туралы деректерді растаудың негізінде анықталған жабдық;

Екінші топ — құрамында әлеуетті полихлорланған дифенилдер қамтитын жабдық. Аталған жабдық 1 немесе 3 топқа аудару үшін зертханалық зерттеулердің нәтижелерін ұсыну немесе өндірушінің жабдықта полихлорланған дифенилдер жоқтығын растайтын сертификатты ұсынуды талап етеді;

Үшінші топ — полихлорланған дифенилдерді қамтымайтын жабдық.

Жүргізілген түгендеудің негізінде, кәсіпорын жабдықты жоғарыда көрсетілген топтың біріне жатқыза отырып, оны таңбалайды.

Май сынамалары жабдықтың әрбір бірлігінен іріктелінеді, сынамалары бар сыйымдылық және жабдық бірдей сәйкестендіру нөмірімен таңбаланады.

Сынамаларды іріктеудің барлық жазбалары сынамаларды іріктеуді есепке алу журналына енгізіледі, және сынамалар таңбаланып, сынамаларды іріктеу актісі жасалады.

Барлық құжаттама Қағидаларда бекітілген нысандардың негізінде жасалады.

Сыйымдылықтардың бүтіндігін сақтау және майдың төгілуін болдырмау мақсатында, май сынамаларын қаптау мен тасымалдауға ерекше талаптар қойылады.

Осылайша, түгендеудің мақсаты – полихлорланған дифенилдер әлеуетті қамтитын немесе ластанған жабдық пен материалдарды табу, есептеу және есепке алу болып табылады.

Полихлорланған дифенилдер анықтаған кезде, жабдықтың қоршаған орта, жұмыс персоналы және халыққа барынша төмен әсер етуіне септігін тигізетін шаралар қабылдануы тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, пайдалану барысында полихлорланған дифенилдер құрайтын жабдық пен қалдықтардың иесі қызмет көрсету, сақтау және тасымалдауға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан полихлорланған дифенилдер жабдығын басқаруды қолға алып отыр: оны реттеу мен басқару бойынша заңнамалық база кеңейтілуде, сонымен қатар қоршаған табиғи ортаға теріс әсер етуін төмендету бойынша іс-шаралар әзірленуде.

Дифенилдермен жұмыс істеген кезде, қоршаған ортаны ластауды болдырмау мақсатында барлық қажетті сақтық шаралары қабылдануы тиіс:

- сынамаларды дұрыс іріктеу, төгілу мен шығуды ескерту;
- жұмыс материалын ацетонмен тазарту;
- қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату;
- қоршаған ортаны ластауды болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізу;

- жабдықты ауыстыру;
- трансформаторды ретротолтыру.

Маймен толтырылған жабдықпен тікелей жұмыс істейтін қызметкерлердің қауіпсіздігі ескерілуі, қауіпсіз жұмысқа қажетті жағдайлар ұсынылуы тиіс.

Алайда, қоршаған табиғи ортаны жақсарту және оңтайландыру, табиғатты тиімді пайдалану және экономика, бизнес, адамның денсаулығы мен өмірі үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, мемлекет тарапынан полихлорланған дифенилдер қамтитын жабдықты басқару бойынша қолдау және мүмкіндікше көмек көрсетілуі тиіс. Бұл Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға сенімді ауысуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан 2009 жыл желтоқсанда «Орнықты органикалық ластағыштар туралы» Стокгольм конвенциясын сәйкес міндеттемелерін орындаудың Ұлттық жоспарын бекітті, ол 2010 жылдан бастап жүзеге асырылуда.

Негізге қойылған шаралардың бірі орнықты органикалық ластағыштар қызметін басқару үшін нормативтік базаны әзірлеу, қалдықтарыды түгендеп, күтпеген шығарындыларды бағалау, жоюға арналған ластағыштардың орналасқан аумағын анықтау, ластанған топырақты қалпына келтіруге арналған пилоттық жобаларды әзірлеу және енгізу.

Стокгольм конвенциясының Хатшылығына Қазақстанда таралған жаһандық маңызы бар жаңа ООЛ тізімін құру туралы ұсыныс жасау.

Қазақстандағы ООЛ туралы қоғамды ақпараттандыруды арттыру.

Сонымен қатар, біздің ойымызша қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауда және оларды басқаруда қатысатын барлық мүдделі тараптарды анықтау қажет.

Ұлттық орталықтарды құру қажеттілігі туындап отыр және ақпаратпен алмасу және толық қамтамасыз ету тетіктерін енгізу.

Мемлекеттік, халықаралық және жеке ұйымдармен өзара іс-қимыл шаралары туралы меморандум жасау қажеттілігі туып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы ҚР 2007 жылғы 21 шілдедегі заңы. АҚЖ: <http://adilet.zan.kz>.

2. Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы 2007 жылғы 7 маусымдағы № 259 ҚР Заңы. АҚЖ: <http://adilet.zan.kz>.

3. «Қауіпті қалдықтарды шекара аралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына ҚР қосылуы туралы» 2003 жылғы 10 ақпандағы №389 ҚР Заңы. АҚЖ: <http://adilet.zan.kz>.

3.10. Правовые вопросы прикомандирования работников к другому юридическому лицу

Баян Советбековна Ашыралиева

кандидат юридических наук, доцент ВАК РК, кафедры социально-гуманитарных наук Университета международного бизнеса
(г. Алматы, Казахстан)

Гульмира Садуакасовна Калиева

кандидат юридических наук, доцент Кафедры социально-гуманитарных наук Университета международного бизнеса
(г. Алматы, Казахстан)

Целью настоящей работы является исследование понятия и сущности одного из новых институтов в трудовом законодательстве – прикомандирования работников к другому юридическому лицу.

Данный институт получил правовое закрепление в Казахстане с принятием нового Трудового Кодекса Республики Казахстан (далее по тексту – ТК РК) от 23 ноября 2015 г., введенного в действие с 1 января 2016 г. [1].

Следует отметить, что первые попытки легализации прикомандирования в национальном законодательстве появились в 1993 году в рамках деятельности государственного аппарата. Позже, в 2001 году, термин «прикомандирование» появился и в коммерческом законодательстве, регулирующем, в частности, вопросы привлечения иностранной рабочей силы. Под прикомандированием понимался ввоз в Казахстан иностранных работников без получения соответствующего трудового разрешения при условии одновременного с наймом иностранных работников направления казахстанского персонала за рубеж с целью повышения квалификации. В 2012 году данный правовой институт был заменен термином «корпоративный перевод» [2].

Традиционно в XIX-XX в.в. рассматриваемый термин употреблялся в сфере военной службы и государственной службы.

По энциклопедическому словарю Ф.А. Брокгауза и И.А. Ефрона, «прикомандирование (воен.) – это временное причисление офицеров или нижних чинов одной части к другой; например, армейских офицеров к гвардии для испытания, в видах некомплекта или для пользы службы вообще...» [3].

В последующем, начиная с 90-х годов прошлого века понятие прикомандирования стало чаще применяться в отношении персонала наемных работников вообще, а не только сотрудников военных подразделений и государственных органов.

Международная организация труда, участницей которого является Республика Казахстан, признала заемный труд лишь в 1997 году, приняв Конвенцию № 181, посвященную частным агентствам

занятости, получившим право найма работников с целью предоставления их третьей стороне.

Тем самым, на международно-правовом уровне было закреплено помимо традиционной возможности нанимать персонал путем прямого найма (через трудовые договоры), – право применять заемный труд временных работников – через такие его формы, как прикомандирование, аутсорсинг (с участием трудовых агентств) и др.

Легальное определение понятия прикомандирования работников дается в ст. 40 ТК РК (Глава 4. Трудовой договор, раздел 2. Трудовые отношения).

Так, под **прикомандированием** понимается выполнение работником (прикомандированным) работы по определенной специальности, квалификации или должности (трудовой функции), обусловленной трудовым договором, либо по другой должности, специальности, квалификации у другого юридического лица, за исключением ограничений, предусмотренных законодательством Республики Казахстан (п. 1, ст. 40).

Исходя из этого определения можно полагать, что рассматриваемый институт значительно отличается от других оснований изменения трудового договора – перевода, перемещения и изменения условий трудового договора.

Выделим отличительные признаки института прикомандирования:

1) оно применяется только в отношении наемного персонала работодателей – юридических лиц;

2) это всегда «временный перевод физического лица от работодателя к другому юридическому лицу, который предполагает возвращение прикомандированного работника в командирующую компанию» [4];

3) прикомандированный остается в штате работодателя – командирующей компании и получает от нее заработную плату.

Последнее обстоятельство подкреплено положением п. 4 ст. 40 ТК РК, о том, что за прикомандированным работником сохраняется место работы (должность) у работодателя, который осуществляет прикомандирование.

Прикомандирование также не следует путать с понятием «командировка». Между этими действиями работодателя присутствуют существенные различия [5].

Под командировкой понимается направление работника по распоряжению работодателя для выполнения трудовых обязанностей на определенный срок вне места постоянной работы в другую местность, а также направление работника в другую местность на обучение, повышение квалификации или переподготовку (пп. 82, п. 1 ст. 1 ТК РК).

Общие условия, при которых осуществляется прикомандирование, указаны действующим законодательством.

В целях обеспечения выполнения определенных задач допускается прикомандирование работников:

1) в юридическое лицо, акции (доля участия) которого прямо или косвенно принадлежат юридическому лицу, из которого прикомандирован работник;

2) в юридическое лицо, которому прямо или косвенно принадлежат голосующие акции (доли участия) юридического лица, из которого прикомандирован работник (п. 1 ст. 40 ТК РК).

Прикомандирование имеет ряд преимуществ перед другими основаниями изменения трудового договора и применяется:

- для организации обмена опытом и повышения квалификации работников;

- в целях сокращения численности своего персонала на период отсутствия объема работы [4], с одновременным сокращением расходов на налоги и другие расходы, связанные с содержанием наемного персонала, т.е. для ротации (перестановки) кадров в трудовом процессе.

В зарубежных странах широко используется институт прикомандирования работников, то есть направления их к другому работодателю без заключения с ним трудового договора. Подобный механизм использования рабочей силы широко используют крупные группы компаний, в том числе транснациональные. Особенно актуально применение «прикомандирования» при осуществлении каких-либо совместных проектов. В зарубежной практике это явление также называют «секондмент» [6, с. 7-8].

В условиях глобализации международного бизнеса и интеграции рынка труда соглашения о прикомандировании персонала становятся все более распространенными.

Однако существуют и определенные негативные стороны применения прикомандирования сотрудников.

Так, бесконтрольный обмен персоналом между организациями в рамках прикомандирования может стать источником произвола и злоупотреблений. Например, недобросовестные работодатели могут создавать «карманные» дочерние организации, набирать туда персонал и предоставлять его потом самим себе на более выгодных условиях, экономить за счет занижения зарплаты, гарантий, предусмотренных коллективным договором, тарифов взносов на страхование от несчастных случаев на производстве [6, с. 7].

Следует также отметить, что хотя и законом определены понятие и условия прикомандирования, но его применение ограничено, и не предусмотрены возможности использования данной формы заемного труда в отношении иностранных работников, что в условиях

современного казахстанского рынка труда является наиболее востребованным [7].

Далее остановимся на регламентации процедуры прикомандирования в трудовом законодательстве.

Юридические лица обязаны предварительно согласовать перечень должностей и численность прикомандированных работников в зависимости от целей прикомандирования соответствующим письменным соглашением между ними (п. 2 ст. 40 ТК РК).

В ТК РК содержится правило о том, что в случае одновременного прикомандирования работников более 10% от среднесписочной численности сотрудников юридического лица, к которому прикомандировываются работники, необходимо согласование с представителями работников юридического лица, к которому прикомандировываются работники. Данная норма нацелена на защиту интересов работников юридического лица, к которому прикомандировываются другие работники.

Порядок согласования должен определяться соглашением сторон между юридическими лицами и представителями работников (п. 3 ст. 40).

Поскольку прикомандирование предполагает изменение трудового договора, оно производится только с письменного согласия сторон трудового договора. Такое согласие осуществляется в форме подписания дополнительного соглашения к трудовому договору с указанием места выполнения работы на период прикомандирования. При этом, в п. 5 ст. 40 ТК РК предусмотрена следующая гарантия: по окончании срока прикомандирования работодатель обязан сохранить работнику место работы (должность), которое (которую) работник занимал до прикомандирования.

В период прикомандирования работник должен соблюдать режим рабочего времени и времени отдыха юридического лица, к которому он прикомандирован. Вместе с тем, продолжительность и порядок предоставления ежегодного оплачиваемого трудового отпуска определяются работодателем, направившим на прикомандирование (п. 6 ст. 40 ТК РК).

Вопрос о привлечении прикомандированного работника к дисциплинарной ответственности за совершение дисциплинарного проступка также регламентирован нормами ТК РК. Так, в п. 7 ст. 40 содержится следующее положение: в случае нарушения прикомандированным работником трудовой дисциплины юридическое лицо, к которому он прикомандирован, в течение трех рабочих дней уведомляет работодателя прикомандированного работника с представлением подтверждающих документов для принятия решения о привлечении его к дисциплинарной ответственности.

Поскольку в ст. 40 ТК РК, регламентирующей прикомандирование работников не содержится специальных правил по поводу

материальной ответственности, трудовых споров, нормирования труда, гарантий и компенсаций прикомандированных работников, то представляется, что в перечисленных правоотношениях применяются общие нормы национального законодательства о труде с участием юридических лиц, к которым прикомандированы работники.

В данной статье закреплены правила об охране труда прикомандированных работников. При несчастном случае, происшедшем с прикомандированным работником, организация расследования несчастного случая, связанного с трудовой деятельностью, возлагается на юридическое лицо, к которому работник был прикомандирован (п. 8).

При этом она должна производиться с обязательным участием представителя работодателя в работе комиссий по расследованию несчастного случая на производстве и составлении актов о несчастном случае.

Тем самым, национальное законодательство о труде содержит нормы о прикомандировании работников к другому юридическому лицу, как правило, – аффилированной с командировающей организацией. Определены базовые условия, ограничения, связанные с применением труда прикомандированных работников. Думается, что в последующем правоотношения, основанные на рассматриваемой форме заемного труда будут надлежаще разработаны как на научно-теоретическом, так и на законодательном уровне.

Список литературы:

1. Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 г. // Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2015 г., № 22-IV, ст. 151.
2. Чумаченко Ю. Легализовал ли новый трудовой кодекс прикомандирование в Казахстане? // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33076751#pos=6;-159.
3. Энциклопедический словарь Брокгауза Ф.А. и Ефрона И.А. – СПб.: Брокгауз-Ефрон. 1890-1907.
4. Жалпошов Б. Прикомандирование работника к другому юридическому лицу // <http://www.mzsr.gov.kz/vottrud>.
5. Лазутина И.В. Прикомандирование – новая возможность при реализации трудовых отношений // Кадры и охрана труда МЦФЕР – Казахстан: <https://kadry.mcfr.kz/article/709-prikomandirovanie-novaya-vozmojnost-pri-realizatsii-trudovyh-otnosheniy>.
6. Исаев А., Тарасенко М. Государственная дума запретила заемный труд в России // Газета «Солидарность» №16 (943) 2014 г. 23 апреля – 7 мая.
7. Заемный труд в Казахстане: решил ли новый Трудовой кодекс проблему с его легализацией? / <http://expertonline.kz/a14419/>.

3.11. Қазіргі замандағы жеке меншік объектілерін конституциялық және құқықтық реттеу

Багила Тлеулесовна Тлеулесова

«Құқықтану» кафедрасының заң ғылымдарының магистрі, оқытушы.

Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

(Ақтөбе қ., Қазақстан)

1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау меншік институтын дамытудағы ең маңызды оқиға болды. Конституциялық деңгейде алғаш рет жеке меншік мемлекеттік меншікке, сондай-ақ мемлекеттік меншік жеке меншікке тең құқықлы қорғау заңдастырылды. [1, 5 б.].

Бұл жағдай конституциялық құқық пен басқа салалардың үйлесімді өзара іс-қимылын бұрынғы сөзсіз басымдықпен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Конституциясының негізгі ережелерін мүлкті құруға қатысты маңызды құқықтық зерттеуді талап етеді.

Шет елдерде мүлктік қатынастарды конституциялық-құқықтық реттеу айтарлықтай тәжірибесі алға басқанына қарамастан, Қазақстан Республикасы үшін, бұл мекеме біршама жаңа болып табылады. Оны терең зерттеу және салыстырмалы-құқықтық талдау, шет елдердің заңнамасын зерттеу арқылы мүлктік қатынастарды реттеуге қол жеткізуге мүмкіндік тудырады. Осы мекеменің ерекшелігі - әлеуметтік, құқықтық және демократиялық мемлекет қалыптастырудың шарттарының бірі болып табылады. [1, 5 б.].

Сот және басқа да құқық қолдану практикасында тұрақты туындайтын сауалдардың арқасында мемлекеттік және жеке меншік объектілерін конституциялық және құқықтық тану және тең құқылы қорғау мәселесі мұқият ойластырылған. Ағымдағы проблемалардың бірі жеке меншік құқығына қатысты шектеулермен байланысты. Кең таралған құбылыс ретінде мемлекет тарапынан кәсіпкерлік меншікке қатысты заңдастырылған шабуыл жағдайлары, мемлекет мұқтажы үшін жерді және өзге де мүлкті мәжбүрлеп алып қою болып табылады. Өкінішке орай, Конституция жеке меншіктің мемлекеттік меншікпен қатар нақты теңдігін қамтамасыз ете алмайды.

Жоғарыда аталғандарға байланысты конституциялық және құқықтық тану мемлекеттік және жеке меншікке тең құқық қорғау сауалдарын шешу қажеттілігін көрсетеді. Өкінішке орай, бұл конституциялық қағидалар Қазақстан Республикасында дұрыс айқындалмаған. [2, 32 б.].

Осылайша, таңдаған тақырыптың өзектілігі конституциялық және құқықтық аспектіде мүлктік институтын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігімен анықталады, ол адамның және азаматтың конституциялық және құқықтық мәртебесін ғана емес, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының конституциялық жүйесінің экономикалық негізін дамыту үшін маңызды.

Жеке меншік бұл экономикалық, құқықтық категория және жеке меншік өз алдында түрлі маңызды салаларға, жеке және ұжымдық құрылымдарға әсер етеді: отбасы, қауымдастықтар, корпорациялар, мемлекеттер, тұтас қоғам. Шын мәнінде, тарихта және қазіргі заманда жеке меншік институтының рөлі мен тиісті құқығы бірдей емес. Бір жағынан, олар біреудің эксплуатация көзі, өткір әлеуметтік стратификация және әділетсіздік сияқты әрекет етіп, кейде әлеуметтік революцияларды анықтайтын фактор болды. Екінші жағынан, жеке меншік - бұл жеке бостандық үшін экономикалық және идеологиялық алғышарт, жеке экономикалық көрсеткіштерді жақсарту үшін күшті ынталандыру, бүкіл қоғамның экономикалық өсімі мен динамикасы, демократияны дамыту, өмір сүрудің лайықты материалдық-тұрмыстық деңгейі, рухани және жалпы мәдениетті дамыту. [3, 368 б.].

Көптеген маңызды әлеуметтік ғылымдар арқылы осы құбылыстарды зерттеудің негізі болып табылатын жеке меншіктің және оған құқықтың маңызды, көпқырлы және қайшылықсыз әлеуметтік рөлі конституциялық реттеуге және конституциялық-құқықтық талдауға қажеттілігін анықтай алмады. Шынында да, жеке меншік институты барлық елдердің және ұрпақтардың конституциясының мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады (айрықша социалистік конституциялардың көпшілігі ғана) Сонымен бірге конституциялық реттеу екі маңызды аспектіні қамтиды. Біріншіден, жеке меншік конституционализмнің бастапқы тарихи миссиясына сәйкес (адамға қатысты өзінің еріксіздігін болдырмау үшін мемлекеттік билікті шектейтін) Конституциямен реттеледі, ол жеке бостандықтың маңызды бөлігі және кепілі болып табылады. екіншіден, жекеменшік меншіктің конституциялық реттелуі осы мекемемен немесе жеке меншік құқығын шектеудің маңызды әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған құқықты иеленушінің және қоғамның басқа да субъектілерінің мүдделерін үйлестіруге бағытталған.

Жеке меншік құқығын конституциялық-құқықтық реттеудің осы екі аспектінің қатынасы өте айнымалы: конституция авторлары ел үшін басымдық болып саналатын міндеттерге байланысты сол кезеңде түрлі ұрпақтар мен түрлі елдердің конституцияларында бірдей емес. Сондықтан конституциялар мен түрлі елдердің конституциялық заңдарының басқа да көздері кепілдемелердің әртүрлі деңгейлері мен жеке меншікке қатысты шектеулердің негізін құрып, жеке меншік институттарын қоғамдық өмірдің маңызды реттеушілері ретінде институттардың жалпы әлеуметтік контексіне түрлі жолдармен біріктіреді. [3, 321 б.].

Жерді жеке меншіктенудің екі құрылымы бар: азаматтардың меншігі және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігі. Бұл жерде ҚР Жер кодексінің 20 бабына сәйкес, нақты кодекс бойынша басқаша

қарастырылмаған болса, азаматтар ретінде Қазақстан Республикасының азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар ұғымы танылады. Сонымен, жер телімдерін жеке меншіктеріне шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар белгілі бір мақсаттарға сатып алу мүмкіндігі бар. ҚР Жер заңнамасында жерді жеке меншікке сатып алу құқығы бөлімінде осы субъектілер үшін шектеулер қояды.

Олар құрылыс жүргізу мақсатында немесе өндірістік және өндірістік емес, тұрғын үй ғимараттары (құрылыстар) және олардың кешендері салынған жер телімдерін сатып алу мүмкіндігі бар. Жеке меншік нысанасы ретінде, ҚР Жер кодексінің 23 бабының 2 тармағына сәйкес берілетін жер телімдері табылады:

- шаруа қожалығын (фермерлік) жүргізу үшін;
- жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін;
- орман өсіру үшін;
- бақша егу үшін;
- жеке тұрғын үй құрылысы үшін;
- саяжай құрылысы үшін;
- құрылыс жүргізу үшін немесе өндірістік және өндірістік емес, тұрғын үй ғимараттары (құрылыстар) және олардың кешендері салынған, және де ғимараттардың (құрылыстардың) күтім қызметіне арналған жерлерді санағанда, оларды мақсатына сәйкес қолдануға берілген жерлер. [4, 26 б.].

Шаруа қожалығын (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу, болып табылатын азаматтың, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шыққан кезде меншік иелену құқығы иесіздендіруге немесе қайтадан рәсімделуге жатады. ҚР Жер кодексінің 23 бабының 3 т. сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының меншігінде келесі мақсаттарға берілген (берілетін) жер телімдері бола алады:

- тауарлық, ауыл шаруашылығы өнідірісін жүргізуге;
- орман өсіруге;
- құрылыс жүргізу үшін немесе өндірістік және өндірістік емес, тұрғын үй ғимараттары (құрылыстар) және олардың кешендері салынған, және де ғимараттардың (құрылыстардың) күтім қызметіне арналған жерлерді санағанда, оларды мақсатына сәйкес қолдануға берілген жерлер. [5, 28 б.].

ҚР Жер кодексінің 26 бабының 2 т. сәйкес, келесі жер телімдері жеке меншікте бола алмайды: - мемлекеттік меншікте болған жерде орналасқан мемлекеттік қорғау және қауіпсіздік мұқтаждықтарына, қорғаныс өнеркәсібіне арналған жерлер; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараларын қорғау және күзету үшін тұрғызылған инженерлік-техникалық құрылыстарға арналған жерлер; кедендік мұқтаждықтарға арналған жерлер; - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар; - орман қоры, жеке орман қорының жер телімдерін

санамағанда, яғни жасанды ормандар қаптаған, жеке және заңды тұлғалардың есебінен қалыптастырылған және олардың жеке меншігіне берілген жерлер; - су қоры, су қоры құрамындағы жерлердің, аудандар арасы (облыстар) және шаруашылықтар арасы маңыздылықтағы су шаруашылығы құрылыстары (суаратын және су сіңгіш жүйелер) салынған жерлерді санамағанда, сонымен қатар аталған құрылыстар жекешелендірілген болған жағдайда тек бір шаруашылық субъектісіне қызмет көрсететін суландыру құрылыстары салынған жерлер; - магистралдық теміржол жүйелері және көпшілік қолданатын автомобиль жолдары салынған жерлер; - елді мекендерде көпшілік қолданатын аумақтар, жеке меншіктегі ғимараттар мен құрылыстар салынған жер телімдерін және олардың күтім қызметіне арналған жерлерді санамағанда. [6, 148 б.].

Азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіне келесі жер телімдері берілмейді: жайылым және шабындық үшін халық мұқтаждықтары үшін пайдаланылатын жерлер; көпшілік пайдаланатын жолдар болған жерлер, соның ішінде шаурашылықтар арасы және елді мекендер арасында маңыздылығы бар жерлер, және де көпшілік пайдаланатын жерлерге баруға арналған жерлер; жер телімдерінің немесе жер пайдаланушылардың екі немесе одан көп мүлік иелерінің бірлесіп пайдаланатын суландыру құрылыстары (суландыратын каналдар, сарқындылар, құдықтар, суат пункттері) болған жерлер. Жоғарыда аталғандай, жерді жеке меншіктену құқығының субъектілері болып, жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар табылады. Жерді мемлекеттік меншіктену құқығын қарастырайық. Нақты ұғымды жерді жеке меншіктенудің бар болуы есебімен қисындастыру қажет. Біздің пікіріміз бойынша, жерді мемлекеттік меншіктену құқығы – бұл, мемлекеттің өз шешімі бойынша және ешкімге тәуелсіз түрде, азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігінде болмаған жер телімдерін меншіктену, пайдалану және иелік ету мүмкіндігі болып табылады. [7, 248 б.].

Бұл жағдайлар, бір жағынан, конституцияның жеке меншік институтына үнемі назар аударуы және оны реттеудің тарихи-географиялық өзгермелілігі, екінші жағынан, жеке меншікке конституциялық және құқықтық реттеу мәселелерін зерттейтін конституциялық ғалымдардың назарын қажет етеді. Постмодерннің заманауи жағдайында, терең өзгерістер өмір мен қоғамның барлық салаларын, ал конституцияларды маңызды құқықтық актілер ретінде сезінетін болса, оларды көрсетуге тырысыңыз, конституциялық-құқықтық мекеме ретінде жеке меншікті зерттеу аса маңызды болып табылады деп болжанады. [8, 153 б.]. Осылайша, жаһандану жағдайында экономикада жеке меншікке интернационалдандыруға және оны пайдалану құқығына интернационализациялау адам құқықтары мен мемлекеттің егемендігі арасындағы қатынастардың

өзгеруіне әсер етеді, жеке меншікті жекешелендіру жеке меншік құқығының кепілдіктері мен шектеулерінің қатынасын көтереді, «жаңа экономика» жеке меншік классикалық мағынада және зияткерлік меншікке деген қарым-қатынас мәселесін тудырады. [9, 148 б.].

Сонымен қатар, төменде көрсетілгендей, қазіргі заманғы әлемдегі жеке меншіктің конституциялық-құқықтық аспектісін ғылыми дәрежеде жетілдіру жеткілікті деп санауға болмайды.

Зерттеу нысаны - жеке меншік құқығының пайда болуына, дамуына және жүзеге асырылуына байланысты қалыптасатын әлеуметтік қатынастар.

Жеке меншік институтын және қазіргі әлемдегі тиісті заңды, оның үрдістері мен перспективаларын реттейтін конституциялық және құқықтық нормалар. Қазақстанда мемлекеттік және жеке меншікті конституциялық- құқықтық мойындаудың негізгі сатыларын орнату, мемлекеттік меншіктің конституциялық-құқықтық сипаттамасын.

Зерттеу, конституциялық құндылықтар жүйесінде және адамның еркіндік шарттарында меншікке құқықты қарастыру.

Қазақстан Республикасында меншік қатынастарын реттейтін конституциялық заңдылықты жетілдіру бойынша ұсыныстар мен мінездемелерді құру. [10, 366 б.].

Қорытындалай келе, бұл жұмыс жекеменшік меншіктің конституциялық және құқықтық мазмұнының негізгі аспектілерін анықтау, талдау және сипаттау, жеке меншік құқығын дамытудың негізгі бағыттары мен перспективалары және оның конституциялық-құқықтық реттеуі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Амандықова С.К. Қазақстан Республикасында конституциялық теорияны қалыптастыру // Қазақстан Республикасы Конституциясы және өзекті құқық мәселелері: Ғылыми еңбектер жинағы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2000. 3-5 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Қоғамның идеялық нығайтылуы – Қазақстанның даму шарты. – Алматы: «Қазақстан ХХІ ғасыр» Саяси зерттеулер қоры, 1993. – 32 б.

3. Баймаханова Д.М. Қазақстан Республикасында конституционализм жүйесінде адам құқығының мәселелері. – Алматы: Жеті Жарғы, 2010. – 368 б.

4. Алимжанов Б.Р. Жер нарығын құқықтық басқару: З.ғ.к. ғалым. дәрежесіне талапты болу дисс. авторефераты – Алматы, 2003. – 26 б.

5. Дүсіпов Е.Ш. Жерді жеке меншікке иелену құқықтарының негіздері: з.ғ.к. ғалым. дәрежесіне талапты болу дисс. авторефераты – Алматы, 2001 (мемлекеттік тілде). – 28 б.

6. Қосанов Ж.Х. Жерді жеке меншікке иелену құқы және де басқа заттық құқықтар. - Алматы.: Айдана ЖШС, 2000. - 148 б.

7. Қосанов Ж.Х. Жеке меншік құқығы, жерді пайдалану құқығы және жер бойынша басқа да құқықтар. - Алматы.: Дәнекер, 2000. – 248 б.

8. Нұрахметова Г.Г. Жер қатынастары саласында келісімдерді құқықтық реттеу: Заң. ғылым. канд. дисс. – Алматы, 2002. – 153 б.

9. Стамқұлов А.С., Стамқұлова Г.А. Қазақстан Республикасының Жер құқығы: оқу құралы. – Алматы: Заңгер, 2004. – 407 б.

10. Хаджиев А. Нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен даму шарттарында Қазақстан Республикасы жер құқығы теориясының мәселелері: Заң. ғылым. д-ның дис. - Алматы, 2005. – 366 б.

3.12. Жазаны қылмыскердің тұлғасы туралы мәліметтерді ескере отырып жеңілдету

Меруерт Мәсәлімқызы

Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Жеке адам мәселесі қашан болсын философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтардың, педагогтардың, заңгерлердің зерттеулерінде ауқылмы орын алып келді.

Жеке адамның қалыптасуы бізді қоршаған қоғамдық ортамен, адамдар арасындағы қарым-қатынастармен тығыз байланысты болып, сабақтасып жатады. Сондықтан, «Жеке адам– қоғамдық қатынастар» арасындағы бұл байланыс тек жалпы әлеуметтік тұрғыда ғана емес, сонымен бірге басқа ғылым салалары арқылы да терең, әрі түбегейлі зерттелуі қажет. Қоғамдық ғылымдардың, оның ішінде заң ғылымдарының бір саласы – қылмыстық құқық жеке адам мәселесін қылмыстық заң, қылмыс ұғымы, қылмыстық жауапқа тарту, қылмыстық жаза тағайындау, одан босату, т.б. институттарды зерттеу кезінде жіті қарап, қадағалап отырады. Жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінезқұлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Осы бапта жаза тағайындау кезінде заң ең алдымен айыпкердің жеке басын, жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды емес, қылмыстың сипатын және қоғамдық қауіптілік дәрежесін бірінші кезекте есепке алу, керектігін көрсеткен. Кейбіреулер жаза тағайындаудың мұндай қалыптасуының тәртібінде соншалықты мән жоқ деп ойлауы мүмкін. Дегенмен де, біз бұл жерде құқықтық терминологияның өзінде бір қағидаға бағытталған жүйелілік

болатынын, сол жүйеліліктің алға тарта отырып, заң шығарушы оған белгілі бір мағына беруге ұмтылатындығын айта кеткіміз келіп отыр.

«Сот жаза тағайындау кезінде заң айтқан қандай жүйелілікті сақтау керек?» деп қойылған сауаоға олардың бәрі дерлік ең алдымен жаза тағайындау кезінде қылмыстық сипатын, оның қауіптілік мөлшерін есептеуді талап етеді деп жауап берген.

Бұл заңда көрсетілген жүйеліліктің дұрыстығын, жаза қылмыс жасаған адамның өз іс-әрекетінің нәтижесі, демек оның өз әрекеті, оған тағайындалған жазаның шекарасы өзі жасаған қылмыстың шекарасымен шектелуі керек деген пайымдауға сүйене отырып, Н.С. Лейкина былай дейді: «Егер біз заңда көрсетілгендей жасамай, айыптының жеке басын немесе жауаптылықты жеңілдететін не ауырлататын мән-жайларды тізімнің басына қойсақ, онда үлкен қателіктерге, заңсыз жаза тағайындауға барамыз» [1].

Бұл айтылған пікір осы мәселемен шұғылданып жүрген ғалымдардың еңбегінде сол мағынада айтылғанмен, біздің ойымызша, жаңаша қарауды талап ететін сияқты. Жалпыға мәлім, жаза қылмыскердің сазайын тарттыру мақсатын көздемейді. Демек, сот жаза тағайындағанда қылмыскердің жанын қинап немесе адамгершілік намысына тиіп, қорлау мақсатын емес, қылмыс жасаған адамды тәрбие құралдары арқылы енді қайтып қылмыс жасамайтындай етіп шығаруды көздейтіндігін дәлелдеуі керек.

Алайда, жаза жеңілдетудің негізгі шарты ретінде ең алдымен жасаған қылмыстың қауіптілігін алға қою оны жасаудағы мақсаттарды еске алмай отыр. Қазіргі заңға сүйенсек, қылмыскерге жазаны ең алдымен, жасаған қылмысы үшін сазайын береді және жеңілдетеді себебі, тәрбиелейді.

Қылмыстық құқықтағы ең өзекті қос ұғым – қылмыс пен жаза. Олардың орны, рөлі, қылмыстық әрекеттің сатыларында әрқилы мағынада көрініс береді. Мысалы, қылмыстық жауаптылықтан босату ең алдымен біз сондай жауапқа тарту үшін қылмыстың, оның құрамының болуын бірінші кезекке қоямыз. Заң қылмыстық жауапқа тарту сатыларында біз ең алдымен бірінші кезекке сотталушының қоғамға келтірілген зиянын алға өюіміз керек болады. Бұ пікір қылмыстық құқықтың кейбір нормаларында көрсетіліп кеткен.

Біраз уақыт пайдаланылған қылмыстық заң – «Негізгі қағидалардың» жаза тағайындау кезінде айыптының жеке бастық жағдайларын бірінші кезекке қою керектігін айтқан болатын. Әрине қылмыстық жазаны жеңілдету кезінде қылмыс жасаған адамның жеке басына ерекше мән беріп, оның жасаған адамның жеке басына ерекше мән беріп, оның жасаған қылмысының сипатына, қоғамдық қауіптілігіне мән бермеу де заңдылыққа сай келмейді. Сот, заң шығарушы орган болсын, айыптының жеке басының жағдайлары мен қылмыс жасауы арасында байланыстың да болатынын, яғни қылмыс жасаушылықтың

өзі де адамның мінез-құлқымен, сана-сезімінің дәрежесімен байланысып жататынын да ұмытпағаны дұрыс.

Қорыта айтқандығ жазаны жеңілдету ең алдымен қылмыскердің жеке басының жағдайларын алға қойып, содан кейін барып қылмыстың қоғамға қауіптілік сипатын, жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды еске алып отырған дұрыс болар еді деп ойлаймыз. Бұл жерде қылмыскердің жасаған қылмысынан гөрі оның жеке бастық жағдайларына көбірек көңіл бөлініп кетіп жүрмей ме деген қауіп тууы да мүмкін. Бұл күдік те заңды. Сондықтан да заң қылмыс қаншалық ауыр, қоғамға қауіпті болған күннің өзінде де оның жан-жақты, объективті, дұрыс түрде зерттелуін талап етеді [2].

Қылмыстық құқықта қылмыс жасаған адамдарды «айыпкер», «сотталушы», «тұтқын», «қылмыскер» деп әр түрлі терминдермен атайды. Сонымен қоса, «айыптының жеке басы», «қылмыскердің жеке басы» сияқты терминдер де кездеседі. Бұл терминдердің мазмұнын ортақтастырып тұрған нәрсе – олардың қылмыс жасаған адамдарға қатысты айтылғандығын; ал айырмашылығы – олардың қылмыстық жауапқа тарту сатыларының әр түрлі кездерінде пайдаланып, қолданылуы. «Сезікті – тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам» деп түсіндірсе, «айыпталушы – өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалған адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам» деп түсіндіреді.

Біз талдап отырған айыптының жеке басының жағдайларын ескеру керектігі көрсетілген. Олардың мазмұндарын талдамай тұрып, осыған қанаттас, мағыналас «қылмыс субъектісі», «қылмыскеердің жеке басы» деген терминдердің мазмұндарына тоқтала кетпекпіз.

Бірінші, «қылмыс субъектісі» ұғымы туралы. Бұл құқықтық анықтамада қылмыс қатарына жататын әрекетті немесе әрекетсіздікті істеген есі дұрыс және заң алдында жауап беруге жасы толған адам көрсетіледі [3].

Осы жерде біз негізгі тақырыптан ауытқымай, жаза тағайындау мәселелеріне байланысты айтылып жүрген бір сұраққа тоқталайық. В.Б. Беляев бір еңбегінде жаза тағайындау кезінде айыптының жеке басының жағдайларын есепке алу деп қылмыс субъектісі ұғымының төңірегіндегі, яғни қылмыстық жауапқа тартылуға ғана керекті жағдайларды есепке алуды айтады. Бұл, әрине шындығы аз пікір. Өйткені, қылмыс субъектісі қылмыс құрамының төрт элементінің бірі ретінде қылмыстық жауапқа тарту үшін керек, ал жаза тағайындауда онымен шектелу – айыптыны жан-жақты қарастыру керектігін елемендік деген сөз. Заңның өзі қылмыстың субъектісін емес, қайта

айыпкердің жеке басының жағдайларын есепке алу керек деп отыр. Айыптының жеке басы қылмыс субъектісінен неғұрлым мазмұнды болғанымен, «қылмыскердің жеке басы» ұғымынан әлдеқайда тар екендігі даусыз.

Қылмыскердің жеке басы ұғымы тек қылмыстық құқықта ғана емес, криминология, қылмыстық атқару құқығында да олданылады. Ол ұғым өте кең, әрі мағыналы. Ол адамның әлеуметтік бет-бейнесін түгел қамтып жинақтайды. Рухани әлемі мен бейнесін түгел қамтып жинақтайды. Рухани әлемі мен өнеге өрісін, оның даму жағдайларын, қылмыс жасауға әкеп соқтырған себептерді, қылмыскердің өмір жолына қоса зерттейді. Қылмыскердің жеке басы ұғымы, оның мағынасы, мазмұны криминология курсына және монографиялық еңбектерде көрсетілген [4].

Айыпкердің жеке басы ұғымының басқалардан айырмашылығы, оның зерттеу «орбитасы» бір мақсатқа, яғни жауапкершілікті, жазаны жеке даралауға бағытталғандығы. Бұл жерде «сотталушының жеке басы» ұғымы «айыптының жеке басы» ұғымымен мағыналас екендігін айтқан жөн.

Атап кеткеніміздей, сотталушы деп сотқа беру туралы соттың қаулысы немесе соттың тәртіптеуші мәжілісі ұйғарған айыпкерді түсінеміз. Демек, құқықтық іс жүргізу жағдайына байланысты, адамның кінәлілігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.

Кінәсіздік презумпциясы қағидасы бойынша, қылмыскерді айыпты деп тану үшін соттың үкімі керек, үкімсіз ешкімді де қылмыскер деп тануға құқығымыз жоқ. Сондықтан сотталушыны «айыпты», «қылмыскер», «кінәлі» деп есептеуге бола ма? Барлық заң саласындағы міндетті қағида бұл жерде бұзылып тұрған жоқ па? Деген сұрақ болады.

Соттың айыптау үкімі шықпай тұрып, «айыпкердің жеке басы» деп айтуға заң да, оны қолданып отырған органдар да құқылы емес. Сондықтан жаза тағайындау кезінде «айыпкердің жеке басы» деген терминді заңда қараған жөн сияқты.

Сотталушының жеке бастық жағдайларын зерттеу жазаны жеке даралау кезінде емес, одан көп бұрын, яғни сотқа беру сатысында басталады. Бұл саты жауапқа тартылған адамның ісін қарау үшін қажетті дәлелдер жиналғанын, айыпкер істеді деген әрекетке қылмыстық заң дұрыс қолданылғанын, т.б. талаптардың болуын қажет деп санайды. Егер сот тергеу барысында айыптының жеке басы толық зерттелмеген деген пікірге келсе, қылмыстық істер жүргізу заңына сәйкес, істі қайта қарауға жүберуі мүмкін. Кейде соттар солай істегенімен, көбіне істі қарау барысында, тергеу кезінде зерттелінбеген жағдайларды өзі толықтыруға тырысады. Жаңа қаулыларды шығару үшін керегі бар құжаттарды талап етуді сот өзі қолға алады.

Адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстарды зерттеу барысында біз соттардың сотталушының жеке басын зерттеуге назар аударып отырғандығына куә болдық. Олар тек қана жауаптылықты жеңілдететін не ауырлататын мән–жайларды жинаумен шектелмей, қылмыскерді жеке даралауға тиісті барлық деректерді есепке алады.

«Қылмыскердің жеке басы» атты ұжымдық зерттеу авторлары сотталушының жеке басы жауаптылықты жеңілдететін не ауырлататын мән–жайлармен бірге қарастырылатынын атап өткен [5].

М.М. Бабаев жасы толмағандарға жазаны жеке даралау мәселесіне арналған монографиясында жауаптылықты жеңілдететін не ауырлататын мән–жайларды үшке бөлу керек деп отырып, оны былай топтайды:

- 1) қоғамға қауіпті іс–әрекеттің объективтік жағына жататындар;
- 2) қылмыстық субъектісіне жататындар;
- 3) қылмыстың себебі мен соны туғызатын жағдайларына жататындар [6].

Ал Н.С. Лейкина бұларды іс–әрекетке және қылмыскердің жеке басына жататын деп екіге бөледі.

Заң әдебиеттерінде бұданда басқа ғалымдардың өздеріне тән саралау әдістері көрсетілген.

Біздің ойымызша, бұл салалаудың көп жақтылығының өзі бұл мәселелердің әр түрлі жағдайда қаралуында, оның шарттылығында. Заңда көрсетілген жауаптылықты жеңілдететін не ауырлататын мән–жайлар кейде іс–әрекетті мазмұндап қана қоймай, қылмыскердің жеке басын сипаттауға да көмектесуі мүмкін.

Аталған еңбектің авторлары қылмыскердің жеке басын сипаттайтын жағдайларға мыналарды жатқызады: айыпкердің істеген қылмысының зиянды зардаптарын болғызбауы немесе келтірілген залалының есесін өз еркімен тотыруы немесе келтірілген зиянды жою; қылмысты жеке басына немесе отбасына ауыр жағдайлардың кездесуі салдарынан жасауы; қылмысты қорқыту немесе мәжбүрлеп көндіру салдарынан немесе қылмысты жәбірленушінің заңсыз әрекеті салдарынан қатты жан күйзелісі үстінде ашумен жасауы; жасы толмағандардың қылмыс жасауы; жүкті әйелдің қылмыс жасауы; шын жүректен өкіну немесе кінәсін мойындап келу [7].

Сонымен бірге Қылмыстық кодекстегі кінәсіз адамды әділетсіз жазалау, немесе қылмыс бірінші рет жасалып, бұл қоғамға аса қауіпті қылмыс болып саналмаса деген мәселені де қылмыскердің жеке бастық жағдайларының қатарына жатқызған.

Байқап қарасақ, қоғамға қауіпті қиянаттан қорғану үстінде жасау жағдайынан басқаларының бәрін дерлік қылмыскердің жеке бастық жағдайларына жатқызған. Өздеріңізге белгілі, қажетті қорғану шегінен асып жасалған қылмыстарға аса қатаң тұрғыдан келмей, жеңілірек жеке бастық жағдайлары оңды болып келуі тиіс қой. Жоғарыда біз осы ғалымдардың жауаптылықты жеңілдететін не ауырлататын

жағдайларды саралау шартты деп атап өттік. Егер қажетті шегінен асып қылмыс жасау жағдайын қоса есептесек барлық мән–жайлар сотталушының жеке басын ғана сипаттауға бағытталған болып шығады.

Біздіңше даралау, саралау үшін әрбір ұғым өзіне тән мағына–мазмұндарымен ерекшеленуі керек. Осындай сипаттардың жоқтығы, саралаудың шарттылығы көбірек көрініп тұрғандықтан, жоғарыдағыдай саралау өзін–өзі ақтамайтын сияқты.

Сотталушының жеке басын сипаттайтын, жауаптылықты ауырлататын жағдайларға мыналарды жатқызған: «қандай болсын бұрын бір қылмыс жасаған адамның жаңадан қылмыс жасауы, сонымен бірге бұрын тәрбиелеуге берілген уақыттан бір жыл өтпей жатып қылмыс жасауы; қылмысты пайдақорлықпен немесе басқа зұлымдық ниетпен жасауы; қылмысты ерекше қаталдықпен немесе жәбірленушіге қорлық көрсете отырып жасауы; адамның мас күйде қылмыс жасауы».

Осы айтылған мән–жайлардың қай кездерде адамның жеке басын сипаттап беретіндігінде дау жоқ. Дегенмен, оларды тек қана жеке басты танытады деп ойлау дұрыс бола да қоймас. Мәселен, «ерекше қаталдықпен» қылмыс жасауды алайық. Неміс криминологы Клаус Роксин жаза тағайындау кезіндегі қылмыскердің ниетін, оның көзқарасын қылмыс құрамындағы адамның жеке басы арқылы емес, қылмыстық іс–әрекеті арқылы тану керектігін айтады. Мәселен, дейді автор, – қаталдықпен кісі өлтіруді қарау тәжірибесіндегі Алмания Жоғарғы Соты ерекше қаталдықпен кісі өлтірген адамдарды әрқашан да қатыгез адам деп санамайды, қатыгездік сол қылмыстың төңірегінде, соны орындау кезінде көрінеді деп көрсеткен [8]. Шынында да, егер біз пайдақорлық ниетпен қылмыс жасаған адамның жеке басын тек «пайдақор», мас күйде қылмыс жасағанның жеке басын «маскүнем»деп қана түсінсек, ол бір жақты ғана түсінік болып, көп жағдайлар анықталмай қалған болар еді.

Жағдайды жеңілдететін мән–жайларды сотөз редакциясында сол мазмұнмен қолданып, ал жеке бастық жағдайларды есепке алу кезінде бұл мән–жайларды басқаша түрде қолданып отырғандығын байқадық.

Жауаптылықты жеңілдететін мән–жай – «жасы толмағандардың қылмыс жасауы», жеке бастық жағдайларды есептеу кезінде – «жастығы», «жаңа ғана жасы толғандығы» деген толықтырулар мен көрсетіледі. Сол сияқты «шын жүректен өкіну» – «өкіну», «кінәсін мойындап келу» – «кінәсін мойындау», «келтірілген залалды өз еркімен толтыру» – «келтірілген залалдың есесін толтыру» деп көрсетіліп отырады.

Заң бойынша жаза тағайындағанда, жауаптылықты жеңілдететін, заңда көрсетілмеген басқа мән–жайларды да соттың еске алуына болады. Ал енді жауаптылықты ауырлататын мән–жайларға келетін болсақ, онда олай етуге болмайды. Өйткені, ауырлататын мән–жайлар тұйықталған, түпкілікті болып табылады. Демек, бұл ережені бұзуға,

одан ауытқуға болмайды. Олай болса, жеке бастық жағдайларды есепке алу кезінде заңда көрсетілмеген, жағдайды ауырлататын мән–жайларды есепке алу дұрыс па, бұл жерде заң бұзушылық жоқ па деген сұрақ тууы мүмкін [9].

Соттар жаза тағайындау кезінде жауаптылықты ауырлататын мән–жайлар түпкілікті екенін ұмытып, оны кең мазмұнда қолданса, сөз жоқ, бұл жерде заңның бұзылғаны. Ал егер жауаптылықты ауырлататын мән–жайлар сотталушының жеке басын сипаттайтын болса және жаза тағайындағанда бұл мән–жайлардың жеке басқа тән екендігін үкімде түгел көрсетіп отырса, біздіңше ешқандай заңға қайшылық болмайды.

Бірақ, өкінішке орай, соттар жаза тағайындау кезінде үкімде жағдайды ауырлататын мән–жайлардың жеке бастық жағдайларды сипаттайтынын, олардың ескерілгенін көрсетпей кетіп отырады. Сол тәжірибесі істі зерттеу барысында жеке басқа тиісті жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән – жайдық азы көрсетілген жағдайларға жатса, көбі көрсетілмеген дейді [10].

Заң мен тәжірибе арасындағы мұндай алшақтыққа неге жол беріледі, түпкілікті тізім неге қолданылмайды деген сұрақ тууы мүмкін. Оның негізгі себебі, заң шығарушының соттардың істерді өзіндік тұрғыдан, өз пайымдауларымен қарауын шектеуі, түпкілікті тізімдегі айтылғандарды сөзсіз сақтауын талап етуінде. Заң шығарушының мұнысын түсінуге болады. Бұлардың бәрі қылмыстық құқықтың гуманистік бағытынан туған. Солай болғанымен көп ғалымдардың еңбектерінде жағдайды ауырлататын мән–жайлардың түпкілікті тізімде көрсетілуі жазаны жеке даралауға мүмкіндік бермейді, ол заңның барлық мәселелерді ескеру керек деген бағытына сай емес деп тұжырымдалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лейкина Н.С. Личность преступника и уголовная ответственность. – Л., 1986. – С 104.
2. Уголовное право Казахской ССР. – Алма–Ата, 1986. – С. 123.
3. Беляев В.Б. Личность преступника в советском уголовном праве: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. – Ростов–на–Дону, 1964. – С. 22.
4. Криминология. – М., 1964. – С. 88–89; Джекебаев У.С. О социально – психологических аспектах преступного поведения. – Алматы, 1971. С. 27-41; Кайыржанов Е. Криминология. Общая часть. – Алматы: Оркениет, 2000.- С. 144-151.
5. Личность преступника. – М., 1975. – С. 208.
6. Бабаев М.М. Индивидуализация наказания несовершеннолетних. – М., 1968. – С. 8.
7. Лейкина Н.С. Личность преступника и уголовная ответственность. – С.112.

8. Роксин К. Основание уголовно–правовой ответственности и личность преступника // Актуальные вопросы Советского уголовного права, криминологии и уголовного процесса. – Тбилиси, 1986. – С. 25.

9. Мельников Ю.Б. Перечень в законе отягчающих обстоятельств исчерпывающий // Советская юстиция, 1971. №1. – С. 12.

10. Иванова А.Т. Смягчающая ответственность обстоятельства в советском уголовном праве. Дис. канд. юрид. наук. – М., 1972. – С. 274; Куринов Б.А. Автотранспортные преступления. – М., 1970. – С.221; Козлов А.П. Отягчающие обстоятельства в советском уголовном праве. Дис. канд. юрид. наук. – М., 1977. – С. 47.

3.13. Безопасность дорожного движения, как один из аспектов национальной безопасности Республики Казахстан

Ерлан Даутказыұлы Рахмет

Алматинская академия МВД Республики Казахстан имени
М. Есбулатова (Казахстан, г. Алматы)

Вопросы обеспечения безопасности личности, общества, государства являются для Казахстана первостепенными и имеющими приоритетное значение с первых дней становления независимым, правовым, демократическим государством, высшими ценностями которого являются жизнь, права и свободы человека. Провозгласив 25 октября 1990 года суверенитет, Казахская Советская Социалистическая Республика в Декларации о государственном суверенитете закрепила, что принимает меры по охране, защите и укреплению национальной государственности [1]. Основные идеи, составившие содержание Декларации, легли в основу суверенитета государства и формирования концепции его безопасности. Они определили дальнейшее направление построения и развития Казахстана, а также формирования единой базы национального законодательства.

Концептуальным документом, закрепившим понятие безопасности, ее принципы, систему обеспечения, стал Закон Республики Казахстан от 26 июня 1998 года № 233-І «О национальной безопасности Республики Казахстан» [2]. Впервые в рамках правового поля суверенного Казахстана закреплено понятие национальной безопасности и ее видов, выведены национальные интересы государства и угрозы национальной безопасности. Подчеркнуто, что обеспечение национальной безопасности является главным условием развития Республики Казахстан как независимого суверенного государства. Являясь демократическим, светским, правовым и социальным государством, Республика Казахстан признает высшими ценностями жизнь, права и свободы человека. Именно они определяют

содержание и применение законов и иных нормативных правовых актов страны. Их защита, реализация и обеспечение являются приоритетными в различных направлениях деятельности государства. Как подчеркнул М.Т. Баймаханов, как в строящемся, так и в состоявшемся правовом государстве человек, его жизнь, здоровье, свобода, благополучие выступают высшими социальными ценностями, с учетом которых должна формироваться вся государственная политика [3, с. 14].

Обострение глобальных проблем, имеющих место в современности, привело к увеличению роли тех аспектов национальной безопасности, которые имеют непосредственное отношение к вопросам безопасности личности. Принятие нового закона о национальной безопасности от 6 января 2012 года стало следующей вехой в формировании законодательства Республики Казахстан, регламентирующего обеспечение национальной безопасности государства [4]. В этой связи актуальными являются слова М.Т. Баймаханова, что в ряде случаев существенных изменений общественной жизни, правовые акты, регулирующие данную сферу отношений, не могут быть приведены в соответствие с изменившейся обстановкой отдельными поправками и дополнениями. В таких случаях необходима полная переработка действующих правовых актов, замена их совершенно новыми, качественно отличающимися от первых [5, с. 82].

Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан», регулируя правовые отношения в области национальной безопасности Республики Казахстан, определяет содержание и принципы обеспечения безопасности человека и гражданина, общества и государства, систему, цели и направления обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан. Устанавливая виды национальной безопасности – общественная безопасность; военная безопасность; политическая безопасность; экономическая безопасность; информационная безопасность; экологическая безопасность – законодатель в содержание каждого из них заложил, прежде всего, права и свободы личности, общества, государства. Именно они являются базовыми, определяющими процесс обеспечения национальной безопасности.

В контексте темы нашей статьи вызывает научный интерес именно общественная безопасность, представляющая собой состояние защищенности жизни, здоровья и благополучия граждан, духовно-нравственных ценностей казахстанского общества и системы социального обеспечения от реальных и потенциальных угроз, при котором обеспечивается целостность общества и его стабильность. Это вызвано тем, что большинство исследователей рассматривают безопасность дорожного движения в качестве одного из видов общественной безопасности. В частности, такую позицию

обосновывает, в частности, Ю.П. Луконин, рассматривая безопасность дорожного движения как разновидность общественной безопасности, представляющую систему общественных отношений, урегулированных правовыми нормами в целях обеспечения безопасности людей и благоприятных условий для движения по улицам и дорогам, труда и отдыха граждан, от угрозы, которую могут создавать дорожно-транспортные происшествия [6, с. 12, 8].

Рассматривая общественную безопасность как правовую категорию, К.С. Бельский отмечает, что это правоотношение, субъектами которого являются, с одной стороны, граждане, общество, с другой – государство, призванное в лице компетентных органов обеспечить предусмотренную законом защиту. Исходя из видов и источников угроз, общественную безопасность он классифицирует на определенные виды, к числу которых относится и безопасность дорожного движения [7, с. 263, 267].

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О дорожном движении», безопасность дорожного движения представляет собой состояние дорожного движения, отражающее степень защищенности его участников от дорожно-транспортных происшествий и их последствий, а также от негативных воздействий дорожного движения на экологическую обстановку, здоровье населения [8]. Данный закон, являясь узконаправленным источником права, регулирует отношения, возникающие в сфере обеспечения безопасности дорожного движения. По существу ряда своих позиций он является одним из нормативных правовых актов, развивающих положения Закона Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан», реализующих его основополагающие аспекты. В этой связи мы придерживаемся мнения К.М. Бишманова о том, что Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан», являясь детализирующей и конкретизирующей частью Конституции Республики Казахстан в области обеспечения национальной безопасности, сам должен быть развит в отраслевых институтах национального права, наполнен новым содержанием, вытекающим из реально складывающейся системы правоотношений [9, с. 113]. Такой вывод нам позволил сделать следующий обобщающий анализ указанных законов:

1) к объектам национальной безопасности относятся человек, его жизнь, права и свободы; общество, его материальные и духовные ценности; государство, его конституционный строй. Объектом деятельности по обеспечению безопасности дорожного движения являются, как мы уже отмечали, человек, его права на жизнь и здоровье, а также экологическая обстановка;

2) понятие национальной безопасности трактуется сквозь призму национальных интересов Республики Казахстан, их защищенности от реальных и потенциальных угроз. К числу основных национальных

интересов Республики Казахстан относится обеспечение прав и свобод человека и гражданина; точное и единообразное исполнение законов и поддержание правопорядка; сохранение и улучшение состояния окружающей среды. Права и свободы человека и гражданина легли в основу принципов дорожного движения: приоритет жизни и здоровья участников дорожного движения над экономическими результатами хозяйственной деятельности; приоритет ответственности государства за обеспечение безопасности дорожного движения над ответственностью участников дорожного движения; соблюдение интересов участников дорожного движения, общества и государства при обеспечении безопасности дорожного движения.

3) к угрозам национальной безопасности относятся: снижение уровня законности и правопорядка, способствующие снижению степени защищенности национальных интересов; ухудшение здоровья населения; резкое ухудшение экологической ситуации. К факторам, нарушающим безопасность дорожного движения, относятся все те обстоятельства, которые могут повлечь дорожно-транспортные происшествия. Законом Республики Казахстан «О дорожном движении» в ст. 19 сформулированы риски в сфере дорожного движения, которые мы и относим к таким факторам. Все риски систематизированы по направлениям деятельности и представляют, в конечном итоге, угрозу безопасности жизни и здоровью человека, интересам государства, его экологической безопасности.

Изложенное дает нам основание утверждать, что исследование понятия безопасности дорожного движения должно быть основано на системном подходе. Это позволит выяснить содержание, место дорожной безопасности в системе научных знаний о понятии безопасности в целом, механизмах ее обеспечения. В дальнейшем это даст возможность не только провести анализ факторов, обуславливающих дорожную безопасность, либо представляющих для нее угрозу, но и сформулировать концепцию дорожной безопасности.

Следует подчеркнуть, что проблеме обеспечения безопасности личности, общества, государства посвящено значительное количество научных работ. Часть из них отражает теоретико-методологические аспекты безопасности, требующие своего осмысления на определенном абстрагированном уровне. Часть посвящена исследованию прикладных аспектов обеспечения безопасности.

Исторический путь развития человечества свидетельствует, что вопросы безопасности всегда были актуальны для человека, лежали в основе формирования государственности, обуславливали приоритетные направления деятельности государства и дальнейшего его развития. Истоки осмысления понятия «безопасность» отражены в философской и политической мысли античных авторов, труды которых позволяют сделать вывод, что безопасность – это состояние, тенденции развития и условия жизнедеятельности социума, его

структур, институтов. На ранних этапах исторического развития государства идеи государственной безопасности отражены в работах Платона и Аристотеля. Идеальное государство по Платону характеризуется четырьмя доблестями – мудростью, мужеством, сдерживающей мерой и справедливостью. Так, Платон в основу прочности и безопасности государства ставит соблюдение законности, надлежащую организацию правосудия и учет интересов государства. Лишь один критерий – интерес государства – является основополагающим для Платона. Благо, добродетель и справедливость являются, по мнению мыслителя, являются качествами, содействующими интересу государства: «Если мы намерены внушить гражданам такое убеждение, чтобы никогда никто из них не питал вражды к другому и что это было бы нечистиво, то об этом то и должны сразу же и побольше рассказывать...» [10, с. 142].

Свой вклад в понимание безопасного развития личности, общества и государства через идею национальных, государственных интересов внесли Т. Гоббс, В. Гумбольдт, Ж.Ж. Руссо, Б. Спиноза и др.

В современной науке понятие безопасности трактуется сквозь призму различных идей и воззрений. При этом, несмотря на многообразие мнений, в одном все исследователи едины – безопасность представляет собой условия, в которых права, законные интересы человека, общества, государства и его институтов соблюдаются, реализуются, обеспечиваются допустимыми в данном социуме средствами и методами. Справедливо утверждение, что безопасность имеет множественную предметность. В одном случае – это способность системы предотвращать ущерб жизненно важным устоям личности, общества и государства, в другом – состояние их защищенности, в третьем – свойство развитой системы мер безопасности [11, с. 5-6].

Анализ различных работ о понятии безопасности свидетельствует, что основные идеи, заложенные в содержание безопасности, имеют не только отраслевую направленность, но и отражают приоритетные направления деятельности государства в данный период времени. Это позволяет нам согласиться с А.В. Гыскэ, что понятие «безопасность» как сложнейшее социально-политическое явление объективно носит конкретно-исторический характер и тесно связано со всеми направлениями и формами взаимодействия в системе природа – общество – человек. Смысловое значение оно приобретает лишь в связи с конкретными объектами или сферой человеческой деятельности [13, с. 21]. Как результат политической мысли, понятие «безопасность» рассматривается в проекции событий, определивших мировоззрение целых поколений. Оно эволюционировало вместе с той трансформацией, которую претерпевало общество: от слабо осознаваемых представлений о безопасности, в которых оно выступало в качестве внутреннего

самоощущения и потребности человека, в сторону большей рационализации, определенности данного понятия.

Конкретно-исторический характер раскрывается в факторах, обуславливающих парадигму безопасности и являющихся актуальными на данном этапе исторического развития. Еще Сократ одним из основных мотивов создания государства видел необходимость безопасности, защиты государства. Мировая и отечественная история является подтверждением данного мотива, свидетельством причин объединения племен, родов, княжеств, земель в единое государство и последствий их разрозненности, междоусобиц, повлекших дальнейший распад и исчезновение с мировой арены. Вызовы и угрозы, являющиеся глобальными в конкретный исторический период, формировали концепцию безопасности, лежали в основе ее толкования и дальнейшей идеологии. Шкала ценности безопасности и актуальности ее обеспечения всегда зависела от состояния и качества таких угроз. В условиях их отсутствия притупляется чувство опасности и необходимости защиты. И, напротив, возникновение реальных либо потенциальных угроз ведет к потребности чувства защищенности, обострению значения безопасности.

Вся история нашей страны представляет собой череду различных испытаний, повышающих ценность состояния безопасности и подчеркивающих ее уязвимость. В период существования огромной страны – Советского союза – безопасность олицетворялась с политической и международной (внешней) деятельностью. Перестроечный период к названным аспектам добавил такие, как экономическая, гуманитарная, экологическая сферы и т.д. С провозглашением в 1991 г. государственной независимости в науке и политике определилась тенденция отказа от узкого толкования национальной безопасности как безопасности государственной, когда безопасность личности и общества была фактически поглощена безопасностью государства.

Анализ истории формирования и развития государств, процессов эволюции человеческой мысли позволяет сформулировать основные тенденции, характеризующих парадигму функций безопасности:

- социальный прогресс не устраняет угрозы безопасного существования личности, общества, государства, а напротив, создает новые предпосылки и условия их возникновения;
- деятельность человека, его возрастающее воздействие на природу сопровождается увеличением масштаба угроз человечеству;
- усложнение организации общества обуславливает разнообразие спектра социальных опасностей, которые отражают тенденции развития общества, модифицируются вместе с ними;
- отсутствие объективной и адекватной оценки реальных и потенциальных угроз безопасности на всех уровнях социальной

организации не только снижает уровень жизнедеятельности, но и способно привести к исчезновению целых структур, сообществ и государств.

Таким образом, подводя итоги теоретико-методологического исследования понятия безопасности и его краткого ретроспективного анализа, можно сделать следующие выводы. Толкование понятия безопасности имеет отраслевую принадлежность и обусловлено конкретно-историческими событиями. В основу его содержания заложены, прежде всего, потребности человека в условиях отсутствия различных факторов опасности. При этом этимология таких факторов имеет значение в большей степени для определения механизма обеспечения безопасности. Деятельность по обеспечению безопасности, противодействию угрозам в отношении многих социальных объектов и условий их возникновения предполагает создание сложной организационной структуры и системы ее управления. Это дает нам основание рассматривать безопасность в рамках системно-организованной деятельности, направленной на предотвращение, устранение и ликвидацию внешних и внутренних факторов, представляющих угрозу отдельным социальным объектам или их комплексу. В масштабе обеспечения безопасности государства, общества и отдельной личности такая деятельность осуществляется системой органов государственной власти, государственными учреждениями, общественными объединениями, гражданами, пределы полномочий которых строго регламентированы соответствующим законодательством.

Именно такой подход лежит в основе определения системы обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан, представляющей собой совокупность правовых, организационных, экономических, технических и иных мер, реализуемых субъектами национальной безопасности, в рамках государственной политики в области национальной безопасности. Систему обеспечения национальной безопасности образуют взаимодействующие между собой силы ее обеспечения, иные государственные органы и организации, осуществляющие меры политического, правового, организационного, экономического, военного и иного характера, направленные на обеспечение безопасности человека и гражданина, общества и государства. Оценкой эффективности данной системы как раз и является безопасность, состояние которой определяется качеством реализации жизненно важных интересов личности, общества, государства, их защиты и обеспечения. В данном случае безопасность представляет собой результат единого процесса ее обеспечения, решения задач каждым элементом организационно-сложной системы. Более того, безопасность здесь может рассматриваться в качестве цели, для достижения которой выстраивается единая система.

Список литературы:

1. Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики. Принята Верховным Советом Казахской ССР 25 октября 1990 г.
2. Закон Республики Казахстан от 26 июня 1998 года «О национальной безопасности Республики Казахстан».
3. Баймаханов М.Т., Баймаханова Д.М. О деятельности государства по закреплению, обеспечению, защите и содействию в осуществлении прав человека в период построения правового гражданского общества // Научные труды «Әділет». - 2004. - № 1. - С. 14-23.
4. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года «О национальной безопасности Республики Казахстан».
5. Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права. Алматы: АЮ-ВШП «Әділет», 2003. - 710 с.
6. Луконин Ю.П. Правовые основы контроль-надзорной деятельности органов внутренних дел в сфере дорожного движения. Дис....канд. юрид. наук. – Екатеринбург, 1999. – 223 с.
7. Бельский К.С. Полицейское право: Лекционный курс / под ред. А.В. Куракина. – М.: Дело и сервис, 2004. – 816 с.
8. Закон Республики Казахстан от 17 апреля 2014 года «О дорожном движении».
9. Бишманов К.М. Охрана и обеспечение стабильности экономического потенциала как важнейшая составляющая элементов национальной безопасности Республики Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2002. - № 2. - С. 112-116.
10. Платон. Государство. Собрание сочинений в 4-х т. Т.3. – М.: Мысль, 1994. – 654 с.
11. Ашимбаев М.С., Курганбаева Г.А., Гусева Л.Ю. и др. Становление и развитие социально-экономических, политических и правовых механизмов обеспечения безопасности личности, общества и государства в современном Казахстане: Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2004. – 96 с.
12. Гыскэ А.В. Борьба с преступностью в системе обеспечения внутренней безопасности российского общества: Монография. – М.: Прогрессивные Био-Медицинские Технологии, 2001. – 328 с.

3.14. Оқиға болған жерді қарап-тексерудегі жекелеген криминалистикалық зерттеулердің дәлелдемелік маңызы

Айдынбек Балтабекович Джуматов

Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Адам өлтіру, қарақшылық шабуыл және т.б. ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарды талдау – қылмыскерлердің қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау кезінде өздерінің сырт келбеттері мен жеке-дара белгілерін бетперделер кию арқылы және де қолдарына қолғап кию арқылы жасыру фактілері көптеп кездесетінін көрсетті. Бұл ретте, дәлелдемелерді табудың, бекіту мен зерттеудің дактилоскопия, трасология, субъективті бейнелерді құрастыру сияқты қалыптасқан түрлерін қолдану қажетті нәтижелерді бермейді.

Адам иісі – қылмыс жасаған кезде әрқашан қалып қоятын із және оны уақытында алу, тиімді консервациялау және толық зерттеу қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу мен күдікті адамдарды тез арада табудың бірден бір кепілі болып табылады. Криминалистикалық одорология әдістері оқиға болған жерде қылмыс жасаған адамның жүріс-тұрысын, сипатын анықтауға көмектеседі [1]. Сонымен қатар тергеп-тексеру әрекеттерінің барлық кезеңінде сақталып, нақты тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын тексеру кезінде қолданылады. Иіс іздерін сараптамалық зерттеу тергеуші, анықтаушы қаулыларымен немесе сараптама тағайындау туралы соттың ұйғарымы негізінде жүргізіледі. Криминалистиканың бір бөлімінде және жедел-ізвестірудің дамуына байланысты пайда болған криминалистикалық одорологияның әдістері өз алдына қылмысты тергеп-тексеру мен ашуда адам иісін қолданудың жаңа кезеңін қалыптастырды.

1965 жылы профессор А.И. Винбергпен одорологияның теориялық негіздері дайындалған болатын. А.И. Винберг өз еңбектерінде криминалистикалық одорология көмегімен, яғни, арнайы үйретілген қызметтік-ізвестіру иттерінің иіс сезу қабілеттерінің көмегімен адамдарды, олардың заттарын, оларға тиесілі іздерді және т.б. табуға болатынын баяндаған [2].

Полиция қызметінде ресми түрде иіс іздерін қолдану 1896 жылдан бастау алады, Германияның Хильдесхайм қаласында атақты криминалист Г. Гросстың бастамасымен муниципалитетте патрульдік қызметке үйретілген 12 қызметтік ит пайда болды. Ресейде ізвестіру иттерін қолдану тарихы Петербургте «Полиция мен күзет қызметінде иттерді пайдалануды қолдаудың жалпыресейлік қоғамы» құрылған 1908 жылдың 5 қазанынан басталады.

Қазақстанда, атап айтсақ, Алматы қаласында дәлелдеу үрдісінде иіс іздерін қолдану бойынша іс-шаралар Алматы қаласы ІІББ Медеу АІБ базасында одорологиялық зертхана құрылған 1999 жылдың 1

шілдесінен бастау алады. Аталған зертхана оқиға болған жерден алынған одорологиялық объектілерді, иіс тасымалдаушы объектілерді сақтауға арналған бөлмемен, одорологиялық таңдау жүргізуге арналған бөлмемен, иттерді жаттықтыруға арналған бөлмемен, одорологиялық контейнерлерді дайындау мен тазалауға арналған бөлмемен және қызметкерлердің жұмыс орындарымен жабдықталды.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексерудің бастапқы сатысы болып оқиға болған жерді қарап-тексеру табылады. Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың материалды іздеріне қатысты заңмен қарастырылған жалпы ережелер бойынша жүргізілетін иіс іздерін іздеу мен алу жүзеге асырылады [3]. Осының негізінде құрамына төрт қызметкер кіретін маман-одорологтар тобы құрылды. Үш маман кезектілікпен тәуліктік кезекшілікке түсіп, жедел-тергеу тобымен бірге оқиға болған жерге шығып иіс іздерін алады. Бір қызметкер иіс іздерін жүйелендіреді және кинологиялық талдауларды жүргізуді ұйымдастырады.

Адамның иіс іздері әдетте ол ұзақ, әрі белсенді байланыста болған заттарда сақталады. Мұндай іздерді қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуда елеулі фактор бола алады. Қылмыскерлердің жеке -басын анықтауға көмектесетін иіс іздерін зерттеу кей жағдайда таптырмайтын әдіс болып табылады. Иіс сақталған іздер мен заттар – адамның иіс іздерінің қайнар көзі болып табылады. Ережеге сәйкес, оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде, мүмкіндік болса тек оқиға болған жерді ғана емес, сонымен қатар күдіктінің жеке заттары мен киімдерін, қылмыстық құқық бұзушылық құралын және тергеліп отырған оқиғаға қатысы бар басқа да заттарды мұқият қарап шығу керек. Алу тек қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы бар заттарға қолданылады.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасында мүмкіндігінше алынған заттардың жеке сипаттамалары мен ерекшеліктері көрсетілуі тиіс. Барлық алынған заттар куәгерлермен, басқа да қатысушыларға таныстырылуы тиіс. Сонымен қатар хаттамада: қандай уақытта, қандай табиғи жағдайда қарау жүргізілді, қандай техникалық құралдар қолданылды, қандай заттар алынды және қандай мөр басылды т.б. көрсетілуі тиіс. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде иіс іздері сақталған заттарды алу барысында төмендегі әрекеттер орындалуы қажет:

- орын алған жағдай, оның қатысушыларын, иіс сақталған заттардың пайда болу механизмі мен басқа да жағдайлардың болжамдарын құру;
- иісті іздердің орналасу орнын, сақталуын қамтамасыз ету;
- иісті іздер сақталуы мүмкін заттарды алу үшін шара қолдану;
- қылмыскерді іздестіру мен ұстауда және олармен иіс ізі бар жоғалған, тасталған немесе жасырынған заттарды табу үшін арнайы үйретілген қызметтік иттерді пайдалану;

– алынған объектілерді бекіту кезінде оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасына енгізу;

– адамның иісті іздері сақталған затты алу мен буып түю.

Иіс іздерін іздеу және табу, оларды алудың өз ерекшеліктері бар. Иіс іздерін табуға байланысты жұмыстар жалпы оқиға болған жерді қарап-тексеруден басталады. Бұл сатыда тергеуші басқа да жедел-тергеу топ мүшелерімен болған оқиғаның ерекшелігін анықтайды: орны, уақыты мен қылмыс жасау әдісін; қолданылған қылмыс құралдары, қылмыскерді сипаттайтын белгілер т.б. Сонымен қатар, қылмыскермен тасталған немесе ұмыт қалып кеткен киімнің бөліктері (қалпақ, қолғап), құралдар, қылмыстық қол сұғушылықтан алынған заттарды буып-түюге арналған құралдар (жіптер, электрсымдар) және басқалар [4]. Мұндай заттар (егер бұлар адаммен байланысқа түссе) оқиғаға қатысушылар туралы ольфакторлы (иіс сезгіш) ақпаратты ұстайды. Иіс іздері бар қылмыскермен тасталған немесе ұмыт қалып кеткен иіс тасымалдаушы заттарды жалпы қарау кезінде жоспарға, кестеге, хаттамаға фотосурет, бейнежазба арқылы бекіту міндетті. Иіс тасымалдаушы затты суретке түсіргеннен және қызметтік иттер пайдаланылғаннан кейін, ол оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Сонымен қатар, жедел-тергеу тобының мүшелері оқиға болған жерде өздерінің иіс іздерінің қосылып кетуінің алдын алулары керек. Күдікті немесе жедел-ізвестірушілік қызығушылықты тудыратын адамның иісті іздері бірінші кезекте алынуы тиіс. Себебі желдету нәтижесінде өздігінен жойылу – олар үшін қалыпты жағдай. Егер иісті заттар сараптамалық зерттеу жүргізуді қажет етсе, олардың әрқайсысын көп қабатты фольгамен орайды немесе таза, құрғақ, және герметикалық (саңылаусыз) жабылатын шыны құтыға орналастырады. Иіс іздерін іздеу кезінде куәлардан, қылмыстық құқық бұзушылық болған жердегі үй иелерінен, олардың көршілерінен сұрастыру үлкен маңызға ие. Олардың болған оқиғаға қатысты түсініктемелері бағдар жасауға және иіс іздері бар қылмыскермен тасталған немесе ұмыт қалып кеткен иіс тасымалдаушы затты табуға көмектеседі. Иіс іздерін табуға мүмкіндік беретін ең ықтимал жерлер төмендегідей:

– қылмыстық құқық бұзушылық жасағанға дейінгі қылмыскерлердің жасырынған жерлері;

– үй-жай ішіндегі есік пен терезелер;

– құнды заттар жоғалған және сақталған жерлер;

– электрлік кедергілер, әр түрлі отыратын орындар, заттар, қылмыстық құқық бұзушылық құралы, құнды заттар, қылмыскердің жеке заттары табылған жерлер;

– қылмыскердің жүру жерлері (дәліз, баспалдақты тор);

– ұрланған затты жасыру орны (жертөле, арнайы өртке қарсы орын т.б.).

Сонымен, ольфакторлы әдістерді ойдағыдай дұрыс қолдану тергеу жүргізген субъектілердің әрекеттерінің дұрыстығына, алдын ала

бағаланған болжамға, өз уақытында иіс тасымалдаушы заттарды анықтау мен буып түюге, криминалистикалық бөлімге жинау, сақтау және зерттеу үшін бағыттауларына байланысты [5].

Одорологиялық зерттеулер өндірісі барысында иістің биологиялық детекторы ретінде арнайы үйретілген қызметтік-ізвестіру иттері пайдаланылады. Иісті пайдалану арнайы дайындалған иттердің иіс сезу қабілеті арқылы ажыратылатын белгілері бойынша адамның жеке басын теңдестіру міндеттерін шешуді азайтады. Таңдау жұмыс уақытында иттердің иіс сезу қабілетінен туындайтын, ішкі үрдістердің сипаты туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін қызметтік-ізвестіру иттерінің көрнекі жүріс-тұрысы байқалатын динамикалық стереотипін қалыптастыруға негізделген [6, с. 51].

Р.С. Белкиннің пікірінше, одорологиялық теңдестіру нәтижелерінің шынайылығына таңдау кезінде келесі қағидаларды ұстанғанда ғана қол жеткізуге болады:

1. осы мақсаттар үшін арнайы дайындалған иттерді қолдану;
2. бір-бірінен сыртқы түрі ерекшеленбейтін, біртектес иіс тасымалдағыш заттарды пайдалану (бұл тек иіс бойынша таңдау жүргізуге кепілдік береді);
3. кинолог-маманның таңдау жүргізудегі рөлін шектеу (тексерілетін иіс тасымалдаушы объектіні итке иіскеу үшін беру, итке таңдау жүргізуге және ол аяқталғаннан кейін бастапқы орнына баруға пәрмен беру);
4. әртүрлі иттерді пайдаланып, зерттеу үшін ұсынылған объектілердің орнын ауыстырып таңдауды бірнеше рет қайталау (таңдау нәтижелері нақты болмағанда);
5. қажетті шарттарды қалыптастыра отырып, итке бөгде қоздырушы заттардың әсер етуін шектеу (иттің жүріс-тұрысына таңдау үрдісіне шақырылған тұлғалардың әсер етпеуіне бақылау жасауды ұйымдастыру) [7, с. 85].

В.В. Кириченко келтірілген ұсыныстарды төмендегідей толықтырады:

- таңдау үшін объектілер ретінде күдікті тұлғаның кез келген заттарын емес, тек адсорбенттерді пайдалану қажет;
- кинолог-маман таңдау объектілеріне жақындамау және оған ізделінетін объектінің қайсысы екенін хабарламау керек;
- таңдау қорытындысы бойынша кинологиялық теңдестіру актісінде алынған нәтижелерді ғана емес, сонымен қатар, таңдау жүргізілген шарттарды да толығымен жазу қажет [8, с. 17].

С.С. Самищенко ғалым-криминалистердің басым көпшілігінің және посткеңестік елдердің физиология, зоология, зоопсихология салаларындағы алдыңғы саптағы ғалымдарының, жануарлардың хеомокоммуникациясы бойынша мамандардың пікірлеріне сүйене отырып, одорологиялық теңдестіру әдістемесін шынайы мәліметтерді алуға мүмкіндік беретін, иіс ақпараттарының биосенсорлық талдау

тәсілдерінің ғылыми негізделген аяқталған жүйесі ретінде бағалайды [9, с. 329].

Алайда, одорологиялық зерттеулерді кеңінен қолдануға кері ықпалын тигізетін келесідей нақты қиыншылықтардың бар екендігін айта кету керек:

- қазіргі күнге дейін әлі де болса, иістің жалпыға ортақ бекітілген ғылыми теориясы жоқ;
- одорологиялық зерттеулер өндірісін жүргізу үшін қажетті құрал-жабдықтық әдістер жоқ;
- иіс іздерінің пайда болу механизміне байланысты олар тұрақсыз және қалдырылғаннан соң 12-24 сағат өткеннен кейін оларды табу мүмкін болмайды, сонымен бірге, иіс іздерін сақтап қойғанның өзінде аталған мәселені толығымен шешу шешу мүмкін емес;
- қызметтік-ізвестіру иттерінің жұмысына басқа да бөгде заттар иістерінің кері әсерін тигізуі [6].

Шындығында да, көлік құралдарының иістерімен, өндірістік және тұрмыстық иістермен байланысты адам өмір сүруінің қазіргі заманғы шарттары қызметтік-ізвестіру иттерін оңтайлы пайдалануға кері әсерін тигізуде. Адамның қазіргі өмір сүру ортасының жаңа иістері қызметтік-ізвестіру иттерінің иіс сезу қабілеті үшін шектен тыс қоздырғыш сипатқа ие, сол себептен де арнайы үйретілген қызметтік-ізвестіру иттері 20-30 жыл бұрынғыдай дәрежеде жұмыс жасауға қабілетсіз [8, с. 8].

Мәйіті бойынша адамды теңдестірудің одорологиялық әдісін қолдануға басты кедергі болып мәйіттегі одорологиялық белгілердің тұрақсыздығы және мәйіт иісінде иістің жеке-дара сипатын өзгертетін, ағзаның ақуыздық қосылыстарының бұзылуының жағымсыз иістерінің болуы табылады. Егер де адам қайтыс болғаннан кейін аз уақыт өтсе, мәйіттің одорологиялық белгілері жойылмаса және олар елеулі өзгеріске ұшырамаса, онда бұл жағдайда мәйіттің жеке басы жеңіл әрі көп күшті қажет етпейтін тәсілдермен анықталуы мүмкін.

Кейбір ғалымдар адамды теңдестірудің одорологиялық әдісі иісі бойынша танылмаған мәйіттердің жеке басын анықтау үшін, әсіресе, көп адам құрбан болған апаттарды тергеп-тексеру кезінде қолданылуы мүмкін деп санаса [6, с. 19], ал кейбіреулері керісінше, бұл мақсаттар үшін аталған теңдестіру әдісін қолданудың мүмкін еместігін көрсетуде [10, с. 427].

Іс жүзінде мәйіт бойынша адамның жеке басын анықтау үшін одорологиялық әдісті қолдану тәжірибесі бізге беймәлім. Зерттеу өндірісінің бұл түрі өзінің табиғаты бойынша сирек жүргізіледі, және де мәйіт бойынша адамның жеке басын анықтау үшін одан да сирек қолданылуы мүмкін.

Қорыта келе, әр адам қайталанбайтын иіске ие. Иіс адам туралы көп мәлімет бере алады: қайда болғаны, кіммен кездескені, не жегені. Иіс арқылы қандай аурумен ауырғандығын анықтауға болады. Білікті дәрігерлер көп аурудың, өзінің қайталанбайтын иіске ие болатынын

айтады. Осы уақытқа дейін тірі организмдердің иістерін зерттейтін және теңдестіретін құрылғы ойлап табылған жоқ. Қазіргі уақытта ең тиімді әдіс болып арнайы үйретілген қызметтік иттер саналады. Себебі олардың иіс сезу қабілеті адамдарға қарағанда 800 мың есе жоғары. Одорологиялық зерттеулер көзге көрінбейтін заттардан, мысалы жанған оттықтан, темекі, қан, шаш және т.б. қалдығынан иісті мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Өкінішке орай, еліміздің тергеу және сот тәжірибесінде одорологиялық зерттеу кең түрде енгізілмеген. Бұған себеп, тергеу мен сот органдарының арнайы дайындықтарының әлсіздігі, ғылыми-техникалық базаның, аталған зерттеуге байланысты білімнің төмендігі себеп. Оған қоса, одорологиялық еңбектердің жарық көрмеуі. Қазіргі уақытта одорологиялық зерттеулер Германия, Польша, Финляндия, Чехия, Венгрия, Ресей, Белоруссия және басқа да елдерде кеңінен орын алууда.

Қорытындылай келе, инновациялық технологиялардың тиімділігін одан әрі арттыруға, кадрлардың біліктілігін арттыруға және ұйымдастыруға, техникалық құралдарды жаңғырту мен жетілдіру, оның ары қарай дамуына қаражатпен және арнайы жоғарғы оқу орындарымен қамтамасыз ету.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу, тергеп-тексеру мен оның алдын алудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялардың дамуына үлкен жол ашуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Поврезнюк Г.И. Инструкция по использованию консервированного запаха в раскрытии и расследовании преступлений. (НТС МВД КазССР, протокол № 9 от 5.02.1985 г.).

2. Винберг А.И. Криминалистическая одорология при раскрытии убийств // Раскрытие тяжких преступлений против личности / Матер. науч.-практ. конференции. В 2 ч. – М.: Прок. СССР, 1973. – Ч. II. – 31-34 с.

3. Арасланов Ф.С., Алексеев А.А., Шигорин В.И. Дрессировка служебных собак. – Алма-Ата: Кайнар, 1987. – 304 с.

4. Гриценко В.В., Обидин А.Б., Старовойтов В.И. Влияние фактора времени на образование, сохраняемость и возможность исследования запаховых следов человека: Методические рекомендации. – М.: ЭКЦ МВД России, 2000. – 40 с.

5. Зинкевич Э.П., Моисеева Т.Ф., Старовойтов В.И., Сулимов К.Т. Индивидуализирующие вещества в запаховых следах человека // Экспертная практика и новые методы исследования. Вып. 11. – М., 1993. – 24 с.

6. Кисин М.В., Петранек Г., Сулимов К.Т., Шмидт Р., Дерда В. Использование консервированного запаха в раскрытии преступлений. М., 1983. 120 с.

7. Белкин Р.С. Курс советской криминалистики. Т. 3: Криминалистические средства, приемы и рекомендации. М.: Акад. МВД СССР, 1979. 407 с.
8. Кириченко В.В. Основы криминалистической одорологии: лекция. Д., 1988. 21 с.
9. Самищенко С.С. Судебная медицина: Учебник для юрид. вузов. М.: Право и Закон, 1996. 432 с.
10. Вопросы расследования преступлений: Справочное пособие / Под ред. И.Н. Кожевникова. М: «Спарк», 1997. 799 с.

3.15. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің бірден бір жолы – иманға келу

Құрманбек Сағынбекұлы Сағынбеков

М.Х. Дулати атындағы ТарМУ «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығы» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты
(Тараз қ., Қазақстан)

Анар Берденовна Бекенова

М.Х. Дулати атындағы ТарМУ «Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты
(Тараз қ., Қазақстан)

Мақпал Бахытжанқызы Қайназарова

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті «Дүниежүзі тарихы, экономика және құқық» кафедрасының аға оқытушысы
(Тараз қ., Қазақстан)

Қазіргі таңда сыбайлас – жемқорлық пен лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықтарымен күресінің жағдайы еліміздің басшылығында алаңдаушылық тудырады. Аталған мәселе тек біздің ғана Республикамызға тән емес, өйткені, жоғары деңгейде өркениетті елдерде де, дамып келе жатқан мемлекеттерде де қазіргі даму кезеңі экономикалық, саяси, әлеуметтік саласындағы елеулі өзгерістермен сипатталады. Сыбайлас - жемқорлық еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайына теріс әсерін тигізетін негізгі фактордың бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық салаларына: экономикаға, әлеуметтік саласына, саясатқа ықпалын тигізеді. Осы құбылыстан туындайтын жағымсыз салдары қоғамның ілгері дамуына кедергі болып, сондай-ақ еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне үлкен қауіп төндіреді.

Экономикалық саласында сыбайлас жемқорлық бірқатар жағымсыз құбылыстар мен үрдістерінің дамуына ықпалын тигізеді. Нарықтық бәсекелестіктің механизмін бұзады, өйткені, бәсекеге қабілетті болғандары емес, пара беру арқылы артықшылығына ие болғандары

пайда табады. Еркін бәсекелестік идеясының сенімін жоққа шығарып, экономикада басқалардан қарағанда артықшылық идеясының пайда болуына соғады.

Мемлекеттік бюджеттің қаражатын тиімді емес бөлінуіне, әсіресе, мемлекеттік тапсырысты және несиені бөлуінде, соғады. Сыбайлас жемқорлық қатынастарының субъектілерін байытып, табыстың әділетсіз бөлінуіне соғады. Сыбайлас жемқорлық «үстемақы шығындары» үшін тауар мен қызмет көрсету бағаларының өсуіне ықпалын тигізеді (нәтижесінде тұтынушы зардап шегеді).

Сыбайлас жемқорлық – ұйымдасқан қылмыстық пен жасырынды экономикасының дамуына қолайлы жағдайын қамтымасыз ететін құрал. Мемлекеттік бюджетке салықтың аз түсіуіне, капиталдың шет елге ауысуына соғады және мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық міндеттерін тиімді орындау мүмкіндіктеріне кедергі келтіреді.

Тәуелсіздік алғаннан бері 28 жыл өтті. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде өзін бейбіт, демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекет ретінде қалыптастырып, БҰҰ-ның мүшесі ретінде қауіпсіздік Кеңесінде басқарды. Расында, тәуелсіздіктен асқан құндылық жоқ. Ата-бабамыз аңсап өткен тәуелсіздік те, ауыз бірлік те, тұтастық та бүгінгі егеменді еліміздің еншісіне бұйырды және оған бәріміз куәгерміз.

Авторлар бұл мақалада осы тәуелсіздіктің жауы сыбайлас жемқорлықты қадап айтып кетпекші, яғни сыбайлас жемқорлық қазір жергілікті мәселе болудан қалды, ол қоғамға және барлық елдердің экономикасына әсер ететін трансұлттық құбылысқа айналды, ал бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласында халықаралық ынтымақтастықтың маңызын арттыра түседі.

Мың жылдықтар тоғысындағы тарихы тереңнен бастау алатын сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем жұртшылығына қауіп төндіріп отыр. Өз кезегінде, Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мемлекеттің бірінші кезектегі басты тұжырымдамасы етіп қойған болатын.

Экономикалық, саяси, құқықтық және идеологиялық сипаттағы ғаламдық өзгерістер жағдайында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі Қазақстан Республикасында ерекше өткір және саяси маңызды орын алып отыр.

Бізге мәлім, сыбайлас жемқорлық ежелгі заманнан пайда болып, қазіргі уақытта да әлемнің барлық елдерінде жалғасын тапқан күрделі әлеуметтік теріс құбылыс. Егер жемқорлық қоғамдық өмірдің барлық салаларында: экономикада, әлеуетті құрылымдарда, білім беруде, ғылым мен мәдениетте және т.с.с. пайда болса, онда оның Қазақстанда да жүйелі түрдегі көрінісімен бетпе-бет келгеніміз деп есептеуге болады.

Сыбайлас жемқорлық (лат. «corruptio») – лауазымдық тұлғалардың, мемлекеттік шенеуніктердің, қоғам мен саяси

қайраткерлерінің сатылуы мен пәрелеудігін белгілейді. Сыбайлас жемқорлық (от лат. «сogumprere») – біреулерді ақшалай немесе басқа материалдық құндылықтарымен пәрелеу [1]. Сыбайлас жемқорлық» ұғымы римдік құқықта «сот тәжірибесінде құқыққа қайшылықты әрекеттер» деп танылған. Этимологиялық жағынан «сogumprere» латын тіліндегі «correi» және «umprere» екі сөздің бірігуінен пайда болды. Бірінші сөз «бір нәрсе бойынша міндетті қатынастардың бір тарапында» бірнеше субъектерінің қатысуын белгілейді, ал екіншісі «бұзу, жою, құрту» етістік-синонимдері [2, 23 б.].

Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске мемлекет тарапынан тікелей заң қабылданды, ал үкімет тарапынан кешенді шаралар жүргізіп жатыр, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізі. Осы стратегияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жұртшылықтың қатысуымен жүргізілуінің қажеттігі айтылған. Аталған стратегияны жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 234 қаулысы қабылданып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі арналған іс-шаралар жоспарын бекіткені баршаға аян. Бұл нормативті-құқықтық актілер ең алдымен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қауіпсіздік проблемасы әрқашанда ғалымдардың, тәжірибиедегі қызметкерлердің, белгілі саясаткерлердің назарын аудартуда, өйткені қауіпсіздік адам мен жеке бастың, қоғам мен мемлекеттің өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады. Осы орайда, бұл мәселе төңірегінде сан түрлі әдіс-тәсілдер, бағдарламалар ұсынылып, қоладанылуда. Бірақ, олардың нәтиже берулері неғайбыл. Сондықтан да, авторлар бағдармалардың бәрін зерделей келе, сыбайлас жемқорлық дертінің өршу себебін, қоғамдағы «имандылық» институтының әлсіреу салдарының нәтижесіне әкеп топшалайды.

Демек, осы жерде Абайдың философиясына тоқталуды жөн көрдік, оның қырық үшінші «Қара сөзіндегі» жибилі терминінің мағынасына үңілсек: «Адам ұғылы екі нәрседен: бірі - тән, бірі - жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибилі, қайсысы кәсиби - оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы - жибилі, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы - жибилі. Ақыл, ғылым - бұлар - кәсиби...» [3, 150 б.]. Абайдың өзі Құран кәрімнің аяттарына сүйене отырып, ойын халыққа қазақтың жалпақ тілінде жеткізгісі келген анық байқауға болады.

Бұл орайда, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің еңбегінде наным-сенім теориясы туралы былай деген: «Діни наным-сенім адамзатпен бірге пайда болған. Адамның табиғат тылсымдары мен жұмбақтарын қабылдау кезіндегі алғашқы іс-әрекеттері оның танымын

туғызды. Діннің қайнар көзі сол бағзы замандардан бастау алып, уақыт өте келе ол әр түрлі ағым, сан-салалы сенім сүрлеуі ретінде қалыптаса бастады. Дінді зерделеу, оны түсіну бағытындағы бастапқы ізденістер алғашқы қауымдық құрылыс кезінде қалыптаса бастағаны даусыз. Біздің заманымызда ол орасан зор ғылыми-әлеуметтік нысанға, философиялық категорияға айналып, есепсіз ғылыми еңбектер мен сан жетпес сараптау-пайымдаулар жарияланып жатыр». [4].

Сондықтан да қоғам дінсіз бөлек өмір сүре алмайды. Оған дәлел есебінде еліміздің Тәуелсіздік алған тұстарда шүкіршілікпен тіліміз бен дініміз қайта жаңғырды. Дінді дұрыс, қасиет тұту, әр мұсылман үшін - парыз, діннің қасиеттілігін имандылықпен ұстану ол - талап.

Бұл тұрғыда Абай: «Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, Құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады. Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан - Құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан - Құдай, ауыртқан Құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан - Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ» деп жиырма сегізінші сөзінде имандылық пен дін туралы анық көрсеткен.

Ал дін дегеніміз - адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты-адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі. Ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады[5].

Барлық пайғамбарлардың ақидасы (сенімі) бір болған, яғни бұл Адамнан (Әләһис-сәлам) бастап Аллаға құлшылық жасау. Біз білетіндей Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген Иләһи кітаптардың соңғысы Құран Кәрім.

Осы мұсылман қауымына Аллаһ Тағаланың Ұлық аманаты һәм баға жетпес сыйы болып табылатын Құран Кәрімде дүниеқорлықтың мәселесіне арнайы тоқталып кеткен. Құран Кәрімнің Тәкәсур сүресінде: «Жоқ, егер дүниеге беріліп кетудің нәтижесін айқын біліммен білгендеріңде, әлбетте өздеріңді құтқаруға асығар едіңдер», - деп айқын көрсетіліп кеткен. Осы аяттың мән-мағынасын жете түсіну әр тұлғаның имандылық көзқарасының деңгейінде.

Алайда, Алла тарапынан адам баласының адал жолмен табыс тауып, оны адал жолда дұрыс қолдануға ешқандай қарсылық емес, бұл жайлы қасиетті Құран Кәрімде «Әй адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар (киініңдер). Және жеңдер, ішіңдер де ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді.» –

(«Ағраф» сүресі, 31-аят) деуде. Сондықтан Ислам діні адамзат үшін жақсы саналған нәрселерді адал, зиянды нәрселерді арам еткен. Не болмаса, Шу'ара сүресінде «Ол күні мал да, балалар да пайда бермейді.» (88) «Бірақ кім Аллаға нағыз жүрекпен келсе ғана (пайда береді)» (89-аят).

Сол себептен, бүгінгі таңда, қоғамды толғандырып отырған дерттің бірі мемлекеттік басқару органдарындағы жемқорлық мәселесінің күрмеуі әлі де шешілмеуінде. Ал әлемдік тәжірибиеге сүйінсек, яғни жоғарыда атап өткендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтін теріс тезеуші құбылыс екендігін дәлелдеуде [6].

Жемқорлық - қоғамның дамуына, экономиканың өркендеуіне орасан зор кедергі келтіретін қауіпті дерт, өйткені жемқорлар халық бюджетіне қол салуда. Сондықтан мемлекеттің негізгі мақсаты мемлекеттік басқару органдарында сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу және оған қарсы белсенді күрес жүргізу.

Ақпарат құралдарында жазылып жатқан жемқорлық туралы көптеген мәселер оқырманға таныс, яғни көптеген шенеуніктердің сотталып жатқаны немесе елімізден шетелге заңсыз жолдармен кеткен қаржы көлемі қисапсыз кеткендігі және т.б.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» туралы заңында мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс істеу қағидалары айқындалып көрсетілген [7]. Дегенімен, мемлекеттік қызметтегі қолында билігі бар жандар осы заң талаптарын қатерлеріне алып жүр ме деген орынды сұрақ туындайды. Көпке топырақ шашу қажет емес, яғни кейбіреулерінің заң талаптарын бұзып жүргендерін жұрт телеарналардан көріп, газеттерден оқып-танып жүрміз. Бұл дерттің алдын алуда депутат пен халық белсенділері көптеген ұсыныстар айтуда, бірісі заңды мейлінше қатайту қажеттігін талап етіп келуде.

Осы орайда құқық бұзғанда қолданыстағы жаза институтына тоқталайық. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы Кодексі және Қазақстан Республикасының «Қылмыстық кодексі» осы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктер көзделген.

«Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы кодексінің 34-ші тарауында әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жауапкершіліктер көзделген [8], ал Қазақстан Республикасы «Қылмыстық кодексінің» Ерекше бөлігінің тарауларының бірқатар баптарында сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары көрсетілген. Олар: «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар», «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар», «Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар», «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару

мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар», «Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар» [9].

Сондықтан да, құқық бұзушылықтың алдын алуда қолданыстағы Әкімшілік және Қылмыстық кодексінің нормалар қызметі аянып қалған жоқ, қарапайым сөзбен айтқанда лауазымды тұлғалардың әкімшілік және қылмыстық әрекеттері тізбектеліп берілгенін аңғарамыз, яғни тайға таңба басқандай заң шығарушы билік көрсетіп отыр. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл дерттің алдын алатын бірегей жолы бар - ол имандылық жолы.

Мемлекетті басқару ісінде мемлекеттік қызметкер лауазымы қызметтер ішінде лейтмотив болып есептеледі, яғни Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі» туралы заңының 1-ші бабының алтыншы тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі - мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі – деп анықтама берілген.

Осы қызметтің ерекшелігі, яки аталған заңдағы мемлекеттік қызметкердің негізгі міндеттеріне назар аударатын болсақ, онда осы заңның 10-шы бабы 2-ші тармағында Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тәртіппен мемлекеттік қызметкердің антын қабылдау міндеті көрсетілген [10]. Алайда, кейбір мемлекеттік қызметкерлер қабылдаған антына адалдығына кім кепіл... .

Конституцияға сәйкес кейбір лауазымды тұлғалар Президенттің ұсынуымен Парламенттің келісімен немесе оның Жарлығымен тағайындалатыны баршаға мәлім. Алайда, халық қалаулылары мен Ел басының артқан сенімін кейбіреулері ақтамауда, яки сол тұлғалардың іс-әрекеттеріне қарай отырып межелі болашағымыздың айқын екендігіне күмәніміз туындайды.

Елге қызмет етуді міндет қылып жүктелген мемлекеттік қызметшілер өз кезегінде этикалық кодекстегі қағидаларды басшылыққа алып, олардың арасында қазіргі таңда қоғамда орын алған сыбайлас жемқорлыққа төтеп бере алатындай иммунитет қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда адалдық, әділдіктің принциптерін ұстану барлық мемлекеттік қызметшілерге жүктелетін жауапкершіліктің ең басты қағидаттары болуы тиіс.

Дәлілірек айтсақ, мемлекеттік қызметшінің ұстанатын ұстанымы жеке мүддесі емес, ең алдымен елдің мүддесі тұруы тиіс, өйткені олар ең алдымен халық назарында. Біздің тоқтамымыз бойынша, тірлікті сансаққа тартпай, бәріміздің илегеніміз бір терінің пұшпағы болуы тиіс. Ал ортақ мақсат және бірлік ынтымақтың кепілі.

Қорыта келе, иманды адам - жақсылық ойлауы тиіс және айналысына мейірім - шапағатын төгіп, қамқорлық жасауға әзір тұрып, әркімге әдеппен қарауға ұмтылу құлшынысын туындату қажет.

Сондықтан да иманды адамды бет бейнесінен танып, халық оны иман жүзді адам дейді.

«Тура биде туған жоқ, туысты биде иман жоқ» деп, халық иманды адамның әділетті, шыншыл болатынын уағыздайды. Ал адам болу - кісілік борыш. Иманы кәміл адам мейірімді болады. Қазақ халқы ұрпағын мейірімділікке тәрбиелеп, қатыгездіктен қашып, қаталдықтан сақтандырып отырған.

Ал асыл дініміз исламда үлкен күнәнің бірі жемқорлық болып саналады деп көрсетілген. Қасиетті Құранның «Бақара сүресінің» 188-аятында: «Араларыңдағы малдарыңды (дүниені) бұзық жолмен жемендер. Сондай-ақ, біле тұра адамдардың малынан бір бөлім жеу үшін билерге апармандар» деп, әмір етілген [11].

Қорытындай келе, мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғалар ел билеу тізгінін ұстағандықтан, яғни ауыл, аудан, қала, облысты және үкіметте қызмет атқарғандықтан Әл-Фарабидің рухани әлеміндегі - «Қайырымды қала» трактатындағы «қайырымды қалаға» берген сипаттамаларға да назар аударса дейміз. Атап айтсақ, «адамдардың бірлесуінің мақсаты шынайы бақытқа жету істерінде өзара көмек көрсететін қала, қайырымды қала болып табылады және бақытқа жету мақсатында адамдар бір-біріне көмек көрсететін қоғам, қайырымды қоғам болып табылатынын және әділеттік пен еркіндікті орнықтыратын – ізгілікті қоғам туралы ой қозғағанын, сонымен қоса қала басшыларына қойылатын талаптарды да айқындап кетті, яғни: даналық, асқан пайымдымдылық, сенімділік, ойлау қабылетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуын [12, 352 б.].

Осы тұрғыда, Елбасы өз Жолдауында құқық қорғау жүйесін реформалаудың бағыттарын көрсетіп берді, олар – құқық қорғау жүйесін оңтайландыру, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін белгілеу, заңдарды ізгілендіре отырып сапасын арттыру, құқық қорғау жүйесінің қызметінде ішкі ведомстволық мүддеден азаматтардың құқық пен мемлекеттің мүддесін қорғауға ауыстыру айқындап берді [13].

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды субъектісі лауазымды тұлға болып табылатын өзге қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата білу керек. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылық кезінде лауазымды адамда өзінің қызмет бабын басқа адамның мүддесі үшін пайдаланып, олардан мүліктік игіліктер үшін алумен ұштасатын қасақана заңсыз іс-әрекет жасау мақсаты болатынын ескеру қажет.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен және лауазымдық құқықбұзушылықпен күрес Қазақстан қауіпсіздігін нығайту мәселелерінің бірі болып табылады, өйткені жақсы, жағымды өзгерістерсіз қоғамның әлеуметтік жағдайы нашарлайды және мемлекеттік басқару жүйесінің тәртібі бұзылады. Көптеген қоғам және саяси қайраткерлері, ғалымдар мен тәжірибе жүзінде ісінің шеберлері

бір пікірге ортақ – сыбайлас жемқорлықпен күресі бойынша қатаң және тиімді шаралар қолдану керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ru.wikipedia.org.
2. Римское право: Учебник / О. А. Омельченко. – 2-ое изд., испр. и доп. – М.: ТОН – Остожье, 2000. – 208 с.
3. Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. Шағармашылығының екі томдық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер.- Алматы: Жазушы.-2005 – 336 бет.
4. Н. Назарбаев. Ұлы дала ұлағаттары (3-бөлім) www.egemen.kz.
5. kk.wikipedia.org.
6. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы.
7. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410.
8. «Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. zan.kz/.
9. Қазақстан Республикасының «Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
10. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. - 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.
11. kuran.kz.
12. Аль-Фараби. Философские трактаты. стр. 395. Издательство «Наука» Казахской ССР. Алма-Ата, 1972 г.
13. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2011 жылғы 28 қаңтар. - <http://www.akorda.kz/>.

3.16. Кеңес үкіметі тұсындағы Ақтөбе өңірінің қоғамдық-саяси өмірі мен ондағы үрдістері

Гауһаршахназ Нұрланқызы

Гуманитарлық ғылымдарының магистрі,
тарих пәні мұғалімі № 28 ЖББОМ
(Ақтөбе қ., Қазақстан)

Ақтөбе өңірінде өткен ғасырдың 20-30 жылдары қоғамдық-саяси өмір бүкіл кеңес елінде жүрген процестер аясында өрбіді. Оның қайшылықтары көп болды. 1920 жылдардан бастап өлкеде бүкіл елдегі сияқты басқарудың әкімшіл-әміршіл жүйесі қалыптасты. Осы тұста

Кеңестік үлгідегі тоталитарлық қоғамның саяси-экономикалық реформаларының ақиқатты өмірге сәйкес келмеуі мен саяси қуғын-сүргін жүйесінің орнығу ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасап көрелік.

1920-1930 жылдардағы сот жүйесін қайта құру саяси қуғын-сүргінге әзірлік болатын. Кеңес үкіметі тұсында сот жүйесі өзінің дербестігінен айырылды. Заң органдары әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамына еніп, Қылмыстық Кодекстің баптарын үкімет пен партия нұсқауларын сәйкес бұрмалағандығы жұртшылыққа жақсы таныс. Кеңестік құқық «биліктен айрылған қанаушы таптарға» қарсы бағытымен ерекшеленіп, заңдар бұқараны Отаншылдық рухта емес, коммунистік санамен тәрбиелеуге қызмет етті. Билік тармақтарының сабақтаса байланысуы салдарынан сот билігі саясаттың құралына, партияның қолшоқпарына айналды. Нәтижесінде саяси қуғын-сүргін жүйесіне жол ашылып, өрескел заңсыздықтар сот-тергеу органдарының қолымен жасалды.

1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін саясатына деген даярлық 1920-жылдардың ортасынан басталады. 1920 жылдың ортасына дейін ауыл шаруашылығына зиян келтіруші жәндіктер мен жануарларға қолданылған «зиянкес» сөзі 1925 жылдан бастап саяси мәнде айтылып, айыптау процестерінде, әсіресе ОГПУ коллегиясында 1934 жылға дейін жиі пайдаланылады. Алайда Қылмыстық Кодекске енбей қалып, ал оның орнына Қылмыстық Кодекстің «контрреволюциялық бүлік» және «мемлекеттік өндірісті бүлдіру» деген 58-14, 58-7 баптары өмірге келеді.

1928 жылы Қазақстанға Л.Д. Троцкийдің, кейін Л.Б. Каменевтің, Г.Ю. Пятаковтың және т.б. көрнекті саяси қайраткерлердің жер аударылып келуі жергілікті зиялыларды қудалауды жеделдетті. «Троцкийстік ұйымның мүшелерін іздестіру» нәтижесінде Қазақстандағы көрнекті қоғам қайраткерлерінің басым көпшілігі аталған ұйыммен «астыртын байланыста болғандығы үшін» айыпталады. 1928-1931 жылдар аралығында жалған айып пен жала жабу әдісі күшейіп, айыпкерді «мойындатудың» әдіс-тәсілдері жетілдіріліп ОГПУ-дің қолында саяси қуғын-сүргінді жүргізудің дайын механизмі болды. Осы механизм 1930 жылдың ортасынан бастап күшіне енеді. Нәтижесінде саяси қуғын-сүргін жалпылама бағыт алады.

Сот-тергеу органдарының жазалаушы қызметі саяси-шаруашылық науқандар барысында қарқынды деңгейде жүргізілген. Астық, ет дайындау, байларды тап ретінде жою, социалистік меншікті қорғау науқандары кезінде жоспарды орындауға шамасы жетпеген халыққа қарсы қолданылған күштеу, зорлық-зомбылық шараларының ауқымы өте көлемді. ЮХК 2 апта сайын сот-тергеу органдарының астық дайындау науқаны барысындағы «жұмыстары» туралы мәліметтерді ұқыпты жинап отырған [1, 177-178 бб.].

Науқандар тұсында азаматтар үстінен қозғалған қылмыстық істердің басым көпшілігінің заңсыздығы туралы сол жылдардың өзінде-

ақ айтылғын. Мұрағат құжаттарына сүйенсек: «...1928 жылы Ақтөбе округінен соталған шаруалар өз өнімдерін сатпаған және алыпсатарлықпен айналыспаған. Олардың көпшілігінде астықты сату үшін ауылдық кеңестен алған рұқсат қағаздары болған. Астықты мұқтаждықтары бойынша сатқан. Бірақ, олардың үстінен заңсыз негізде қылмыстық істер қозғалған», - деген мәліметтер сол кезеңнің ақиқатын көрсетеді. Тіпті, сол жылдары жоспарды орындамағандар да, орындата алмағандарды да тұтқындау жоғарыдан қатаң бұйырылған. Сондай-ақ, РСФСР Қылмыстық Кодексінің баптары бұрмаланып қолданылғандықтан мемлекет қылмыскерлер санын қолдан көбейткен. Мысалы, РСФСР ҚК-нің 61-3 бабы науқан жоспарын орындамау мақсатында алдын-ала келісіліп, ұйымдасқан топты жазалауға бағытталғанымен, осы бап жалғыз адамды сотауға да қолданылған. Тіпті, айыпқа тартылған тұлғаны «қылмыскер» атандыру үшін бірін-бірі танымайтын, әр ауылдан шыққан айыпкерлерді топтап, байланысы жоқ бірнеше істер біріктірілген. Ал, астық тапсырмағандардың мүлкін тәркілеу кезінде мал-мүлкінен айрылғысы келмей, кеңес өкіметіне қарсы сөз айтқандардың іс-әрекеті «террористік акт» ретінде бағаланып, Қылмыстық Кодекстің 58-8 бабы бойынша ату жазасына кесілген.

Ауылда бай-кулак қалмағандығын айтқан ауылдық кеңес төрағалары да осы баппен атылып кете барған. «Науқан жоспарын орындауға шамамыз келмейді» деп айтқандар Қылмыстық Кодекстің 58-10 бабымен сотталған. Науқандар барысында жиналғандар алдында сөз сөйлеуге білім деңгейі жетпеген кеңес қызметкерлері Қылмыстық Кодекстің 111 бабымен жазаланған. Нәтижесінде түрмелерге адам сыймай сотталғандар адам төзгісіз жағдайда жазаларын өтеген. 1930 жылдан бастап өлім жазасына кесілгендер туралы ақпарат мемлекеттік құпияға айналады [1, 178-179 бб.]. Жергілікті жерлердегі қудалау саясаты сол кезеңдегі Қазақстанның әкімшілік-территориялық бөлінісіне байланысты әрбір облыстың өзіне тән ерекшелігі мен зиялы қауымның шоғырлануына байланысты жүргізілді. Мұрағаттардағы партиялық үштік жиналысының хаттамаларынан жергілікті жерлердегі қызметкерлердің қуғындалу деңгейін көруге болады. Мәселен, Қостанай қаласындағы аурухана меңгерушісі жоғары білімді қызметкер Айхан Мұхамедұлы Байчурин 1939 жылы «мүшелік жарнаны дұрыс төлемей, партияға немқұрайлы қарағаны үшін» сотталса, жоғары заң курсы тәмамдаған Серікбай Әлібаев Ақтөбеде прокурор көмекшісі қызметін атқарып жүргенде «коммунистке лайықсыз іс-әрекеті үшін» айыпталған [2, 14-193 pp.]. Осылайша тізбектеліп кете беретін тап күресі саясаты салдарынан жазықсыз жазаланған тұлғалардың есімдері заңсыздықтың куәсі болып, өз зерттеушісін сарғая күтіп жатқандай.

1930 жылдардың ортасында дінге қарсы күрес күшейіп, радиодан дінге қарсы дәрі оқу және концерт беру ісін ұйымдастыру мақсатында, арнайы мұғалімдер даярлайтын курстар ашылады. 1936 жылы 7

тамыздағы «Правда» газетінде жарияланған «Уметь распознать врага» және 7 тамыздағы «Большевиктік қырағылық» атты мақалалар «Зиновьев-Троцкийшіл топқа» қарсы бағытталады. Осылайша халыққа тәрбие беру ісін де қоса атқаратын баспасөз беттерінде «жау», «дұшпан» және т.б. жағымсыз сөздер жиі-жиі жарияланып, сөз, сөйлеу мәдениеті бұзылады. Осындай мақалалар Қазақстанның түкпін-түкпірінен «Зиновьев-Троцкийшіл топтың» мүшелерін іздестіру жұмысын жылдамдатты. Мәселен, 1936 жылы наурызда «торғайлықтар» деп аталатын «контрреволюциялық ұйым» ашылады. Осы іс бойынша 28 адам жауапқа тартылып, оның 12-сі «Троцкийшілдер», 12-сі «Зиновьевшілдер», 4-уі жергілікті тұрғындар екені анықталады [3, 2-3 пп.].

Осындай өрескел оқиғалар Қазақстанның барлық жерлерінде болып жатты. Ол аз дегендей жазғы және күзгі егін науқаны партия ұйымдарының басшылары үшін аса қауіпті болды. Себебі, жоғарыдан белгіленген жоспарды орындамағандар саяси қуғын-сүргінге ұшырайтын еді. 1936 жылы 24 маусымдағы Орталық Комитеттің жабық хатында (№ 2933 хаттама) «Партия құжаттарын тексеру мен ауыстыру кезінде жіберілген қателіктер» мәселесі күн тәртібіне қойылып, қызметін асыра пайдаланғандарды жауапқа тарту айтылады [4, 2 п.]. Нәтижесінде партия жетекшілері мен кеңестік жетекшілерді жаппай жұмыстан шығару науқаны басталады. 1936-1938 жылдар аралығында республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі партия хатшылары мен кеңес төрағалары жаппай қамауға алынады.

1937 жылы 22 қаңтарда өткізілген Қазақ Өлкелік БК(б)П комитетінің VII пленумының қаулысында партия жауларына қарсы күресті күшейту мәселесі қайта-қайта айтылып, әсіресе Қызылорда облысының Шаян, Қазалы аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай, Жарма, Ұлан аудандары, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы қазақ «ұлтшылдығының», ұлтшыл ұйым ордасы ретінде бағаланып, оларға қарсы күресті күшейту қажеттілігі айтылады. Сондай-ақ, барлық партия ұйымдарына қазақ контрреволюциялық ұлтшылдығына қарсы күресті шешімді әрі жүйелі түрде жүргізу қатаң тапсырылады. 1937 жылы 19 қарашада БК(б)П Орталық Комитетінің «кеңестерге қарсы элементтерді қуғын-сүргінге ұшырату» жоспары төменде берілген кестеде белгіленген.

№ 1 кесте. Қуғын-сүргінге ұшыратылғандар саны

Облыстар	I дәреже бойынша		II дәреже бойынша	
Ақтөбе	100	150	-	150
Қостанай	200	200	300	250
Батыс Қазақстан	-	-	200	200

I дәрежеге жататын “кеңестерге қарсы элементтер” ату жазасына кесілсе, ал II дәрежеге іліккендер 8 жылдан 10 жылға дейінгі мерзіммен бас бостандығынан айырылды [1, 181-182 бб.].

Ақтөбе облысында 1937 жылдың тамыз айынан қарашаға дейін 380 адам тұтқындалған. Оның 98-і колхоз төрағасы, 27-сі бригадир, 23-і тракторист пен бригадир, 14-і колхоз есепшілері мне хатшылары, 3-уі ауылдық кеңестің төрағасы, 215-і қатардағы колхозшылар болған [5, 55 б.]. Астық дайындау науқаны тұсында репрессиялық саясат асқынып, жоспарды орындауға шамасы жетпеген басшылар да шетінен сотталады. УНКВД басшылығы колхоз төрағаларын, бригадирлерді, колхозшыларды, комбайнерлерді, МТС директорларын және өзге де аудандық, ауылдық жерлердегі қызметкерлерді тұтқындайды.

Саяси қуғын-сүргін жүйесінің ақ-қарасын айыру өте қиын. Әрине, ел, халық болғасын оның арасында түрлі деңгейдегі адамдардың да болатындығы табиғи заңдылық. Сол кезеңде білімді әрі білікті тергеушілердің болғандығын ешкімде жоққа шығара алмайды. Алайда, онда тұлғалардың көп ұзамай саяси қуғын-сүргін жүйесінің құрдымына жұтылғандығы белгілі. Ал, озбыр, шала сауатты тергеушілер адами сапаны төмендетіп, заңсыздықты күшейтуге себепкер болған.

Мұрағат құжаттары зиялылардың көзін жоюдың әдейі ойластырылған саясат екендігін дәлелдейді. Тіпті, сотталып, жер аударылғандарды да «үсті-үстіне айыптау» жоғарыдан қатаң бұйырылған. Мәселен, Ақтөбе облыстық БК(б)П комитетінің 1937 жылы 31 наурызда өткізілген мәжілісінде қазақ ұлтшылдығына қарсы күрес талқыланып, қазақтың тұңғыш инженері М. Тынышпаев туралы “...Көптеген жолдастар қазақ ұлтшылдығы бізде жоқ,- деп айтады. Бұл өтірік... Біз жақында бұрынғы Алашорда жетекшісі, кезінде сотталып, жер аударылған М. Тынышпаевтың контрреволюциялық іс-әрекетін байқадық. Тынышпаев біздің құрылыста инженер. Парторг оған жақсы мінездеме береді. Алайда, біз тексергенде Тынышпаев барлық уақытта Алашорда партиясының беделі туралы айтады екен...”,-деген пікірлер айтылады [6, 65 п.]. Қазақтың жанашырларының бірі Мұхамеджан Тынышпаевтың сыртынан айтылған осындай болжамдар жоғарыға жіберілген.

Алашорданың белсенді жетекшілеріне бастап, оның жергілікті жерлердегі мүшелерін, тіпті олардың тума-туысқандарын қамтыған қуғын-сүргін саясаты 1937-1938 жылдары өршіп кетеді. Мысалы, Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданының тұрғындары Жанұзық, Бүркітәлі Сисекеновтерге “Ұзақбай Құлымбетовтың агенті, алашордашылар” деген айып тағылады. Себебі, Бүркітәлі Сисекеновтың әйелі Балқия Ұзақбай Құлымбетовтың апасы еді. Осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Кеңес өкіметі саяси қуғын-сүргінді қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктеріне сәйкес әзірлеген. 1926 жылы “Рулық күрестің жетекшілерін жауапқа тарту” да ұмыт қалмай, осыған

қатысты РСФСР Қылмыстық Кодексіне 236 бапты енгізу күн тәртібіне қойылады. Сөйтіп, рулық күреске қарсы шаралардың заңдық негізі жасалды. Мәселен, Темір уезінің қазақтары Ғұмыр Есенғұлов, Абылхан және Ибраш Жұлбатыровтар, Мұқаш Қалменов, Мағжан Суфимолдин, Елтай Қаналинжәне т.б. адамдар “рушылдық күресті ұйымдастырушылар ретінде” ҚК 57;62 баптарымен айыпталды. Негізсіз, дәлелсіз айыптар тағылды. Саяси қуғын-сүргін қоғамның барлық саласын, түрлі әлеуметтік жіктер мен қабаттарды, тіпті балаларды да өз құрығынан тыс қалдырмады. Жаппай жазалау шараларына студенттер мен оқушылар да ілікті. Сот қызметкерлері мен мұғалімдерді аттестация жүргізу кезінде 1937 жылы репрессияға ұшырағандар саны күрт артады. Осы жылдары республика бойынша 234 мұғалім саяси қуғын-сүргін зобалаңына ұшараған. Олардың ішінде Атырау облысынан – 9, Орал облысынан - 6, Қостанай облысынан - 2, Ақтөбе облысынан -29 педагог “ұсталған”. Әсіресе, өзінің педагогикалық қызметін Ақтөбе облысы, Алға ауданының Батпақты жерінен бастаған, аса көрнекті лингвист, әдебиет зерттеуші тюрколог, дарынды ақын, аудармашы, көрнекті қоғам қайраткері, бір сөзбен айтқанда қазақ жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тарихында алатын орны ерекше. Ол қазақ халқының қоғамдық – саяси, мәдени, әдеби өміріне жанашырлықпен белсене араласқан жазушы, педагог, публицист. Ел тағдырына өз өмірін арнаған рухы биік дара тұлғаларымыздың бірі.

1937 жылы 28 желтоқсанда КП(б)К Орталық комитетінің бюросы “жауапқа тартылған тұлғалардың балалары мен туыстарын оқудан шығару” туралы шешім қабылдайды. Осы шешім сан мыңдаған жасөпірімдердің тағдырына өшпестей таңба қалдырып, өмірлерін бүлдірді. Қаулының орындалу барысын сот-тергеу органдары қатаң қадағалап отырған. Нәтижесінде балаға тән аңқаулық көңілмен айтылған жеке пікірлер мен болмашы іс-әрекеттерге саяси мән беріліп, партияға, кеңестерге қарсылық ретінде бағаланады.

“Халық жауы” деген айып тағылған мектеп директорлары мен мұғалімдер оқу орындарында, тіпті өз үйлерінде де тұтқындалған. Тағылған айыптар дәлелденбестен үкім шығарылып, адам тағдыры ойыншыққа айналған. Мәселен, Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Талтоғай-Ақшатау деген жерінде жерінде салынған “Қызыл мектептің” негізін салушы Серікбай Меңдібаев және өзге де мұғалімдер 1933 жылы саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Ал, 1937 жылы Новоалексеевқадағы қазақ орта мектебінің директоры Қапан Ізтілеуов тұтқындалады. Оның бар кінәсі атасының молда болғандығы еді [7, 97 б.].

Қазақ тіл білімінің негізін салушы, тюрколог, педагог-ағартушы Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қосуақтам деген жерде дүниеге келген. Имам мешітінде 3 жыл оқып, мұсылманша білім алып шығады. 1917 жылы Орынбордағы “Хусайния” медресесіне оқуға түсіп, кейін Тұз-Елбек қаласындағы 2 кластық орыс училищесінде оқиды. 20 жасында әкесі қайтыс болып екі

бірдей отбасының ауыртпалығын көтереді. 1920-1920 жж. темірде қамсыздандыру бөлімінде, атқару комитетінде, уездік халық ағарту бөлімінде инспектор болып қызмет атқарады [8, 451 б.]. 1925-1928 жж. губерниялық халық ағарту бөлімінің инспекторы, методист, сонымен бірге Ақтөбе қаласындағы педагогикалық училищесінде мұғалім де болған. Одан әрі білімін Ленинград шығыстану институтында жалғасытырып, кейін академик Н.Я. Мардың жетекшілігімен Ленинград университетінің аспирантурасында оқиды. 1937 жылдың 19 қарашасындағы жазықсыз айыпталған күніне дейін көптеген ғылыми қызметтерді атқарып, қазақ тілінің, әдебиетінің, мәдениетінің дамуы жолында қыруар жұмыстарды атқарады. Оның ғылыми еңбегі де өлшеусіз. Құдайберген Жұбановтың ерекшелігі-оның көп тіл білуі. Ол орыс, неміс, парсы, араб, грузин, түрік, моңғол тілдерін білген ғұлама ғалым, ұлт жанашыры. 1957 жылы КСРО Жоғары Соты Әскери коллегиясының шешімімен ақталды. 1937, 1938, 1939 жылдары Ақтөбе облысы бойынша 263 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Ату жазасына кесілген 21 әйелдің ұлттық құрамы әр түрлі. Көптеген әйелдер “контрреволюцияшыл топтар немесе ұйымдар құрған” деген жаламен, дәлелдейтін мәліметтер жоқ болса да, қылмыстық кодекстің 58-11 бабымен айыпталған. Оларға дәлел жеткіліксіз болса да әлеуметтік қорғаудың жоғарғы шарасы ату жазасы қолданылған. Сол жылдары сот-тергеу органарында атылсын деген сөз, үйреншікті, дағдылы терминге айналған. Мәселен, Е. Л. Борисенко, Е. Л. Кухтерина, А.Н. Ромашко, О. Н. Жеронкина, Э.И. Эрычевтер және т.б. жазықсыз атылған. Ал, Қ. Арғыншиева, Қ. Тәтенова, Қ. Қожахметова, Н. Смағұлова, Қ. Мусина және аналар 8 жыл мерзіммен еңбекпен түзету лагеріне айдалған [9, 25, 52 бб.].

Ақталу қағаздарын қолдарына ала алмай арманда кеткен, 3-5-8-25 жылдан бас босандығынан айырылып, өмірлерінің 18 жылын қуғын-сүргінде өткізген аналар тағдары қайғылы тарих беттерінің бірі. Сонымен, кеңес өкіметі құрылған күннен бастап әйелдерді, әсіресе қазақ әйелдерін социалистік құрылысқа тарту ісін белсенді бастап, “тең құқық беру” саясатын шараларын қуғын-сүргін саясатымен ұластырды. Осылайша қазақ әйелін кеңестік құрылысқа тарту саясаты қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, бір сөзбен айтқан ғасырдан-ғасырға жалған ұлттық тәрбиені күйретуге бағытталды. Тек қана саяси мақсаттан туындағын шаралар іске асырылып, ОГПУ мен қызыл отаулар да әйелдер арасындағы “саяси көңіл - күйді” үнемі қадағалап, жоғарыға мәлімдеп отырған. Әрбір облыстағы әйелдерді социалистік құрылысқа тарту ісі туралы мерзімді баспасөзге жарияланған мақалалар саны да арнайы тексеріліп, партия нұсқауын орындата алмаған басшылар жазаланған. Кәсіби білімге мән берілмей, қиыншылықтар мен олқылықтар қатары өмірден орын ала бастайды. Тіпті, әйелдерді социалистік құрылысқа тарту ісіндегі қиыншылықтар

төменгің партия ұйымдарының қолдау көрсетпей, кедергі жасауынан деп те бағаланады.

“Жөнсіз іс-әрекеттерді реттеу ісі” партия комитетіне тапсырылғанымен, оларды түзету ісіне келгенде партия комитеті сот-тергеу органдарының көмегіне сүйенген. Нәтижесінде саяси қуғын-сүргіннің өзіндік жүйесі қалыптасқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 2 том. Ақтөбе, 2006.-524 б.
2. АОММ., 9-қор, 1-т., 622-іс.
3. АОММ., 13-қор, 5-т., 45-іс.
4. АОММ., 13-қор, 5-т., 208-іс.
5. Умаров М.С. Реабилитация жертв политических репрессий в Актюбинской области / «Жалпы ұлттық келісім – Қазақстанның демократиялық жаңару негізі». Ақтөбе, 1997.
6. АОММ., 13-қор, 6-т., 15-іс.
7. Курганбаев А.С. Репрессированные педагоги Актюбинской области / «Жалпы ұлттық келісім – Қазақстанның демократиялық жаңару негізі». Ақтөбе, 1997.
8. «Қазақ» газеті. Құраст. Ү. Субханбердина және т.б. Алматы, 1998.
9. Қуғын-сүргін құрбандары. 1 кітап. Ақтөбе облысы. Ақтөбе, 1997.

3.17. Motives as a Condition of Development of Educational Values of Students

Maira A. Aytbayeva

candidate of pedagogical sciences,
Kyzylorda State University named after Korkyt Ata
(Kyzylorda, Kazakhstan)

Manat E. Makhanova

postgraduate. Kyzylorda State University named after Korkyt Ata
(Kyzylorda, Kazakhstan)

Berik S. Amangeldi

postgraduate. Kyzylorda State University named after Korkyt Ata
(Kyzylorda, Kazakhstan)

The development of cognitive values of students in the learning process, remains an urgent problem as in psychology, pedagogy, teaching methods, and the entire educational process in secondary vocational schools.

It is important for students to form a cognitive interest and develop independence, to teach them to learn. Of all the tasks facing secondary vocational schools, the activation of educational and cognitive activity of

students is the main one. It is important to arouse students' interest in the subject, to turn them from passive observers to active participants. A crucial role in achieving this goal is the formation of students' motivational sphere, aimed at an effective learning process.

The difficulties encountered by a freshman, cover three sides of the relationship and activities of a young man:

- 1) organization of educational activities - mode of teaching work and rest of the student, attending classes, timely and thorough preparation for them, active participation;

- 2) personal characteristics of the student – willpower, perseverance, organization, commitment, interest, academic skills;

- 3) features of the relationship, emerging in the group, the level of moral relations in the General staff of the College [1, p. 212].

According to the Grigorova V.A.'s research:

1. About half of the first-year students recognize the inability to work purposefully, to mobilize all their forces to work on themselves.

2. A significant part of students lack the necessary skills to work with the book, as well as not always aware of the importance of mastering rational methods of mental work [1, p. 211].

The period of adaptation of yesterday's entrant to the new environment and its requirements, is extremely important, because it is a preparatory stage for his further life in the College. And during this period, the motives of learning, mastering the knowledge and methods of educational activity, the development of cognitive values necessary for further life are formed.

Motives (from lat. movere - to set in motion, to push) – inducements to activity connected with satisfaction of needs of the subject; set of the external or internal conditions causing activity of the subject and defining its orientation; inducing and determining the choice of the activity direction the subject (material and ideal) for the sake of which it is carried out; the realized reason underlying the choice of actions and acts of the personality. ... The development of motives occurs through the change and expansion of the range of activities that transform the subject reality (psychological dictionary) [2].

"The set of persistent motives having a certain hierarchy and expressing the orientation of the personality" [3, p. 184] constitute the motivational sphere of the personality. In addition to motives, the motivational sphere of a person includes needs and goals.

Need, according to Nemov R. S., is a state of need of a person or animal in certain conditions, which they lack for normal existence, development, and which activates the body, generates its behavior aimed at finding what is required [4].

According to N. In. Bordeaux, A. A. Rean, the motive may have:

- 1) Quantitative characteristics (on the principle of "strong-weak").

- 2) Qualitative characteristics (internal and external motives). Here we mean the relation of motive to the content of activity. If for a person the

activity is significant in itself (for example, the cognitive need in the process of teaching is satisfied), then we have an internal motivation. If the main impetus to the activity is given by considerations of social prestige, wages, etc., then we are talking about external motives" [3, p. 185].

The goal as a motivational factor is the end result to which the activity is directed.

Analyzing the structure of educational motivation, V. A. Yakunin distinguishes the following types of motives [5, p. 238]:

- professional
- cognitive
- pragmatic
- broad social motive
- motive of social and personal prestige

The same need can form several motives, and one specific motive can be satisfied by several interrelated consistently achieved goals.

For example, a person's need to have an interesting job causes a professional motivation, one of the motives of educational motivation of students. Professional motive: the desire to master a profession, to achieve success in professional activities.

The goal is professional self-realization, which requires the development of cognitive values within the walls of the College.

The need to earn enough money to have a decent standard of living, causes a pragmatic motive, which is the desire to be the best, competitive in the labor market, successful in professional growth, deservedly highly paid.

Having higher incomes, a better standard of living and a better quality of life is a goal motivated by pragmatic aspirations. But achieving this goal is impossible without professional self-realization, successful professional growth, and, accordingly, without the development of cognitive values.

The human need to learn new things, to develop intellectually, creatively forms a cognitive motive. This motive is an internal motive. The deeper he goes into the process of knowledge, the more he feels the need to know more, to discover the truth, to study the smallest details. The process of learning new things, the joy of discovery bring well-deserved satisfaction and the need to move on.

The result of such activities are knowledge, freedom and independence in views and judgments, productive creative activity, social self-realization, active life position. A crucial role in achieving productivity and success in the cognitive process is the level of knowledge of rational methods of cognitive activity.

A person's need to benefit society and his country causes a social motive. That is, the desire to work for the benefit of society, the implementation of both their personal and public interests. And again there is a question of increase of professional level, formation of competence and professionally significant qualities of the person, ability to further self-

development and self-education. The leading place in achieving such results is the culture of communication and, of course, cognitive activity.

The purpose of the activity caused by a social motive is social and professional self-realization, self-realization of the individual as a citizen with an active life position.

The need of the individual to assert himself, to take his place in society forms the motive of social and personal prestige. Knowledge of the culture of intellectual work allows you to improve your status, authority, to succeed in social and professional activities, to be prestigious.

The end result of this behavior is an active life position, the ability to take a certain position in their environment (in the team, among friends, acquaintances, in the family), and in society as a whole.

Analyzing the interaction between the main factors of the motivational sphere, we see that the same need forms several motives. For example, a person's need to assert himself, to occupy a certain position in his environment and society, in addition to the motive of social and personal prestige, forms a professional, social and pragmatic motives. The need to benefit society, in addition to the social motive, forms cognitive and professional motives.

Conversely, several needs can be realized in one motive: the professional motive can be formed from the needs to have an interesting job, high earnings, benefit society, the need to assert themselves and take their place in society.

In turn, one motive can be satisfied with the achievement of a different set of goals. For example, pursuing a social motive (to work for the benefit of society), several goals are achieved, caused by cognitive and professional motives, namely: social self-realization, self-realization as a citizen, professional self-realization, the formation of professional competence and professionally significant qualities, freedom and independence of judgment, active life position. Or the behavior directed on satisfaction of a pragmatic motive (to be competitive and highly paid) in parallel can reach the purposes caused by a professional motive, motive of social and personal prestige, i.e. professional self-realization, an active life position, authority, a position in society, a high standard of living.

The formation of the future specialist makes it necessary to update the above motives. The development of cognitive values actualizes these motives, as the young man realizes that the knowledge, skills, methods of activity, which he masters at the same time, really can significantly improve communication in the educational process, make educational activities, and, consequently, further professional and social self-realization more successful.

Literature:

1. Grigороva V. A. To the problem of adaptation of first-year students to the conditions of study at the University. - Materials of scientific conference

/ Under the General editorship of ye. V. Shishmakova - Blagoveshchensk: Publishing house bgpu, 2000.- P. 211.

2. Psychology. Dictionary / Under the General editorship of The Petrovsky, M. G. Yaroshevsky. - 2nd ed., Rev. and DOP. - M.: Politizdat, 1990. - 494 S.

3. Reflection N. In. Rean A. A. Pedagogy. Textbook for universities. - St. Petersburg: Peter, 2001. - 304 PP.

4. Nemov R. S. Pedagogical psychology. Textbook for universities. – Moscow: Education, 1998. - 164 p.

5. Yakunin V. A. Pedagogical psychology: Textbook - St. Petersburg.: Publishing house "Polius", 1998. - 639 p.

3.18. Features of Preparation of the Future Teacher to Pedagogical Interaction of School and Family

Karligash S. Brimzhanova

Magister of Russian Language and Literature, Senior Lecturer
Kostanay state pedagogical University named after U. Sultangazin
(Kostanay, Kazakhstan)

Elena N. Ivanova

Magister of pedagogical Sciences, Senior lecturer
Kostanay state pedagogical University named after U. Sultangazin
(Kostanay, Kazakhstan)

In modern Kazakhstan, the changes in economic and political life naturally contributed to significant changes in the system of education. This situation has affected the emergence of some problems, in particular: the Relationship between educational institutions and the family. In the growing need for interaction with an educational institution for the benefit of the child, there is a decrease in the content and quality of family education. In this regard, the teacher's understanding of the modern features of the interaction of family and school, will plan and implement the optimal strategy of interaction in the interests of the student, using modern approaches and technologies of education, effective methods and techniques of working with parents.

In the pedagogical University in the programs of disciplines of the pedagogical cycle, pay attention to the directions of interaction between the family and the school. Students are familiar with the peculiarities of pedagogical interaction in the study of disciplines: pedagogy, theory and methods of educational work, family pedagogy.

Successfully organized in the classroom group work of students. The attention of future teachers is paid to the study of the conceptual apparatus, compiling a Glossary, for example, the consideration of concepts: - interaction of pedagogical - personal contact of the teacher and the pupil(s),

accidental or intentional, private or public, long or short-term, verbal or nonverbal, resulting in mutual changes in their behavior, detail, relationships, attitudes. The types of manifestations of the interaction between pedagogical:

a) cooperation (both sides reach mutual agreement and solidarity in understanding the objectives of joint activities and ways to achieve them)

б) competition (successes of some participants of joint activity stimulate or hinder more productive and purposeful activity of other participants) [1];

- The internal environment of the child - a set of features of the higher nervous activity, properties of character, life experience, moral consciousness, complexes, manifested in typical for the child mental to reality [1];

- potential - a set of opportunities, funds, reserves, sources that can be put into action, used to achieve the goals, to implement the plan, to solve certain tasks; the ability of the individual, society, state in a certain area

- Upbringing (as a social phenomenon)-a complex and controversial process of transferring to new generations of social and historical experience, carried out by all social instruments: public organizations, mass media and Culture, church, family, educational institutions of different levels and orientation

- Upbringing (as pedagogical phenomenon): Purposeful professional activity of the teacher; Holistic, consciously organized pedagogical process of formation and formation of personality in educational institutions by specially trained specialists; Purposeful, controllable and open system of educational interaction of children and adults; Progress and result of purposeful influence on development of the person, its relations, traits, qualities, attitudes, beliefs, ways of behaviour in a society m purposeful creation of conditions for mastering by the person of culture, transfer it in personal experience through Organized long-term impact on the development of the individual on the part of the surrounding educational institutions, social and natural environment, taking into account its potential to stimulate its self-development and independence.

In scientific studies described axiological functions of education: In scientific studies described axiological functions of education: cultural broadcast; preservation of the uniqueness of national traditions in the context of globalization, unifying cultural diversity; ensuring the stability of public life through the transfer of moral norms, moral values; socialization of a person, his adaptation to a constantly changing social situation [3].

During consideration and discussion of the prepared glossary, logical-structural schematics of concepts are compiled.

In the further learning process, future teachers get to know and explore areas of pedagogical interaction between the school and the family.

1) Improving the psychological and pedagogical culture of parents. On the discipline Theory and methods of family education: students select and

develop topics for reports to the parent meeting of students of different age groups. On the discipline of Family Pedagogy: students develop parental lectures, etc. Selection of information on the implementation of this direction provides for the theoretical preparation of the future teacher to familiarize parents with the peculiarities of knowledge of pedagogy and psychology, medicine and law, ethical and aesthetic areas of parenting, moral norms, sense of duty and responsibility, etc.

A research conducted by students during pedagogical practices has shown that parents are interested in issues of awareness of updated education programs and parenting methods, problems of communication with children and teachers, awareness of their role, responsibility for raising children, problems of conflicts resolution.

2) Involvement of parents in the educational process. Future teachers analyze textbooks and publications in special methodological literature on working with parents, highlighting the features and specifics of the main forms: conversation, parent meeting, individual meetings, counseling, talking on the phone, visiting a student's family apartment, involving parents in thematic class hours, conducting a lesson with professional orientation, etc. Also, students will learn about modern forms of interaction with parents: lectures for fathers; consultations and conversations with grandparents; electronic diary; disputes and round tables, allowing parents and next of kin to engage in discussion and reflection on educational issues, improve pedagogical knowledge and culture.

3) Parent's participation in the management of an educational institution. The modern Kazakhstan secondary school successfully implements the direction of interaction between the school and the family, activating the work of parents' class and school-wide committees, as well as involving parents in the management of an educational institution, for example, in the form of the Council of an educational institution, the Board of Trustees, etc.

In secondary schools and vocational schools, much attention is paid to the education of young people, the result of which is a fully educated person (student, student) who is able to: think independently, take initiative, take responsibility for his actions, creatively solve life and professional issues, be ready for new changing conditions of life, to show critical analysis, flexibility, etc. [3].

Therefore, purposeful training of future teachers to implement the main directions of interaction between the school and the family will contribute to improving the quality of the work of the teaching staff and the pedagogical knowledge of the parents.

In the context of professional training of the future teacher in the university, an understanding of modern effective approaches and models of the pedagogical interaction of the school and the family is formed.

References:

1. Коджаспирова Г. М., Коджаспиров А. К. Педагогический словарь для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений. М.: Академия, 2001. - Режим доступа: http://historich.ru/H_A_Аминов_Коджаспирова_Г_М_Коджаспиров_А_Ю/index3.html#pages.
2. Человеческий потенциал. Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>.
3. Функции воспитания. Режим доступа: <https://womanadvice.ru/funkcii-vospitaniya>.

3.19. «Мәңгілік ел» негізінде қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыру

Назира Сабыровна Байжуманова

педагогика магистрі, «Кәсіптік білім және педагогика», кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (Қарағанды қ., Қазақстан)

Қазіргі уақытта Қазақстан қоғамдық өмірдің барлық салаларының сапалы өзгеруін бастан кешуде. Ең бастысы – Тәуелсіздік пен егемендікке ие болу, қоғамда бұрын қалыптасқан өзгерістер әлеуметтік қатынастар, материалдық және рухани құндылықтардың мазмұны мен сипатындағы терең өзгерістер, экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру. Бұл құбылыстардың барлығы біз тұратын қоғамның және құндылық туралы түсініктердің, бағыт-бағдар мен адамгершілік тіректерін түбегейлі өзгеруіне әкеп соқты. Елімізде ескі құндылықтар қайта бағаланып, жаңа құндылықтарды әзірлеп, туындаған қиындықтарды еңсеру үшін жаңа тиімді тәсілдерді қалыптастыру жүріп жатыр. Бұл жағдайда шығармашылық, инновациялық әлеуетке ие әлеуметтік топтар үлкен рөл атқарады. Ал қазіргі жағдайда мұндай әлеуетке жастар ие.

Жастар – ерекше әлеуметтік топ ретінде жігерлі, серпінді және жаңа идеяларға бейім, мемлекеттің одан әрі ілгерілеуі, жаңашылдығы мен болашағы жастарға байланысты [1]. Сондықтан қазіргі Қазақстанның дамуындағы жастардың рөлі мен орнын ерекше атап өтуге болады.

Неліктен қазіргі кезеңде жастар мен олардың құндылық бағдарлары өзекті мәселелердің біріне айналуда? Бұл сұрақтың жауабы қоғамның бір тобы ретінде жастардың ерекшелігінен тікелей туындайды, ал қоғамның жағдайы оның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты. Себебі, жастар қоғамда болып жатқан өзгерістерге бірінші болып әрекет етеді, яғни жастар санасының қалыптасуында қоғамдық өмірде болып жатқан процестер көрініс табады. Жастар қоғамда туындаған мәселелерді шешуге қатысып,

осыған орай олар қандай қағидаларға, нормалар мен құндылықтарға сүйенетініне байланысты, көп жағдайда еліміздің дағдарыстан шығу жолындағы табыстылық немесе керісінше сәтсіздіктер байланысты болады.

Елімізде орын алған өзгерістерге әсер ететін жастардың бойында қалыптасатын құндылықтар мен нормалар әлемін болжауға болады. Ал бұл жастардың құндылық бағдарларын, қазіргі заманғы әлеуметтік өмірдің құндылықтарын зерделеуге баса назар аударуды талап етеді.

Құндылықтар мен құндылықты бағдарлар мәселесі қоғам мен адам туралы көптеген ғылымдарды зерттеу пәні болып табылады, олардың ішінде философия, әлеуметтану, психология және педагогика. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, құндылықтар проблемасы әрдайым өзекті болды, оның қойылымы шиеленісіп, мәдени дәстүрлер құнсызданып, қоғамның бұрынғы идеологиялық және этикалық ұстанымдары кемсітушілікке ұшыраған, олар жаңа идеялармен және мақсаттармен ауыстырылды, соның нәтижесінде әлеуметтік және адамгершілік мәнге ие болды [2].

Жалпы «құндылық» ұғымының мәнін қарастыратын болсақ, ол кез-келген объектінің жағымды және жағымсыз жағын білдіретін философиялық ұғым. Сонымен қатар оны моральдық-эстетикалық нормалар мен стереотиптердің жиынтығы, маңызды мақсат-мұраттар мен оларға жету жолдары, мінез-құлық мәнері туралы жинақталған түсініктер деуге болады.

Бақытжан Сатершиновтың айтуы бойынша, «құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы. Ол қашанда әлдекімнің (немесе әлдененің) бағалылығын, яғни объективті болмысты және сонымен бір мезетте оның әлдекім (немесе әлдене) үшін құндылығын, яғни субъективті бағалауды білдіреді».

Дегенмен, құндыны қарапайым бағалыдан, қажеттіден, тиімдіден, пайдалыдан айыра білуіміз керек. Не құнды? – деген сұраққа жауап беретін болсақ, рухы бар нәрсе құнды. Атап айтар болсақ, құндылықтар еліміздің тарихи тәжірибесінің негізінде ұлтымыздың немесе адамзат мәдениетінің мәні болып табылады [3].

Құндылық бағдарларын қалыптастыру адам тұлғасы дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Дамудың өтпелі және дағдарыстық кезеңдерінде жаңа құндылық бағдарлар, жаңа қажеттіліктер мен мүдделер туындайды, ал олардың негізінде жеке тұлғаның сапалары да, қасиеттері де қайта құрылады. Құндылық бағдарлардың қалыптасуы жеке тұлға құрылымының маңызды компоненттеріне жатады. Құндылық бағдарларының қалыптасу деңгейі бойынша жеке тұлғаның қаншалықты қалыптасқаны туралы айтуға болады.

«Құндылық бағдарлары» ұғымының әлеуметтік, тарихи және мәдени негізі бола отырып, оны адамның қызметімен тығыз байланыстыруға болады. Дәл осы құндылық бағдарлар жүйесі жеке

тұлға бағыттылығының мазмұнды жағын анықтайды. Атап айтар болсақ, оның қоршаған ортаға, басқа адамдарға және өзіне деген қарым-қатынасының, дүниетанымы мен өмірлік белсенділікті ынталандырудың негізін, қорыта айтқанда «өмір философиясының» негізін құрайды [4].

Психологиялық сөздікте «құндылық бағдарлар» – адам санасында стратегиялық өмірлік мақсаттар мен жалпы дүниетанымдық бағдарлар ретінде танылатын құндылықтардың бейнеленуі ретінде түсіндіріледі [5].

Осылайша, қоғамда үстем болатын құндылық бағдарларды қалыптастыру көбінесе мемлекеттік саясатқа, ұлттық тұлғаны тәрбиелеу мен осы ұғымды түсіндірудің өзіне байланысты. Еліміздің мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, тәрбие жүйесі, мемлекеттік ұйымдар – осылардың барлығы жастардың құндылық бағдарларының қалыптасуына ықпал ететін институттар болып саналады. Олар тарихи өмір сүрудің нақты кезеңіндегі ұлттық қауымдастықты сипаттайды, ал ата-бабаларымыздан алған әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу жеке тұлғаның ақыл-ойын, қарым-қатынасын, іс-әрекеттерінің бейнесін қалыптастыра отырып, қоғамның іргелі тұрақтылығына ықпал етеді [6].

Жастар қоғамның ең қуатты бөлігі болып саналғандықтан, еліміздің өмірінде болып жатқан әр түрлі оқиғалармен байланысты, жастар бірінші болып түрлендіруден өтеді. Жастардың құндылықты бағдарлары негізгі екі аспектіге негізделген, олар рухани ұстанымдар мен гуманизм негізінде жатқан руханилық пен рухани жағынан материалдық бастылық. Жастардың әртүрлі жоспарлы өмірлік ұстанымдарына сәйкес, олар үшін қайсы аспектінің басым екенін және құндылық бағдарларды қажетті бағытқа бағыттау үшін не істеу керектігін түсіну қажет. Құндылықтар біздің әрқайсымыздың өміріндегі амбициялар мен міндеттерді анықтайтын негізгі бағдарлар ретінде ғана емес, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қоғамдағы тәртіпті құру механизмі болып табылады [3].

Жастар – бұл өз құндылықтарының жүйесін қалыптастыратын қазіргі қоғамның бір бөлігі. Сонымен қатар бұл жүйе көп жағдайда қоғамда, отбасында және жоғары оқу орнында болып жатқан жағдайларға байланысты. Ал өз кезегінде, бірнеше жылдан кейін елімізде және әлемде орын алатын жағдаяттар қазіргі жастардың бойында қалыптасқан өмірлік құндылықтарына байланысты болады. Жастардың ішкі әлемінде қарама-қайшылықтардың пайда болуына байланысты, нормалар мен ұстанымдардың жоқтығына байланысты әлемнің қазіргі заманғы бейнесі туралы нақты түсінік бұзылады. Бұл жастар бойында құндылық бағдарларының және нақты моральдық-адамгершілік бағдарлар мен түсініктердің болмауына әкеледі. Сондықтан қазіргі жастардың құндылық бағдарларының қалыптасу мәселесі жарқын сипатқа ие.

Жастардың басты құндылықтарының жиынтығы қалыптасу жолында өзгереді: көзқарастардың қайта пайымдауы, өз бағдарларын қайта бағалау, жаңа мүдделердің пайда болуы т.б. Осылайша, жастардың бір бөлігі нарықтық экономикаға бейімделіп, жеке және мемлекеттік секторда өзінің мансабын бірінші орынға қояды. Ал басқалары өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады және олар өзін-өзі анықтау жоспарын жасайды. Еңбек саласындағы негізгі себеп материалдық қажеттілік болып табылады.

Қажеттіліктер, мүдделер, ұстанымдар және өмірдің мән-мағынасы – осының барлығы жастардың құндылықты бағдарларын көрсетеді. Осыған орай, олардың таңдауы да әртүрлі болады, мысалы түрлі әдебиеттерді оқу, кестелеу, сурет салу, би, музыка немесе спортпен айналысу, театр мен өнерге деген қызығушылық және т.б. Бұдан көретініміз, қазіргі кезде жас ұрпақтың қызығушылық танытпайтын саласы жоқ деуге болады, тіпті түрлі бағыттарда жастар бірлестіктерінің қызмет атқаратынын да ұмытпаған жөн. Жастар өмірде өзін жүзеге асыруға, өзінің әлеуметтік ұстанымдарын нығайтуға, осы әлемге өзінің көзқарасын білдіруге, сондай-ақ өзінің имиджімен тәжірибе жасауға тырысады. Бұл олардың өздеріне деген сенімділікті береді және олардың ішкі әлемін бейнелейді. [2]

Осылайша, қазіргі жастардың құндылық бағдарларының жүйесі дәстүрлі құндылықтардың негізінде жасалады. Олардың арасындағы тепе-теңдікті сақтау әзірше тұрақсыз, алайда алдағы онжылдықта оның негізінде қоғам құндылықтарының жаңа тұрақты жүйесі қалыптасады. Сондықтан жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыруға баса назар аударуымыз қажет, өйткені ол жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын айқындайды. Кейінгі уақыттарда жастардың құндылық бағдарларын зерттеуге арналған басылымдардың саны артуда. Дәл осы құндылық бағдарлар адамның рухани өзегін анықтайды, оның әлемге және өзіне деген көзқарасын білдіреді, әлеуметтік белсенділіктің бағыты мен мазмұнына әсер етеді, өмірді мағынамен толтырады, адамның қоғамның рухани мәдениетін меңгеруінің негізгі арнасын білдіреді. Қоғамда басым құндылықтар бойынша қоғамның мәдени даму деңгейін, оның өркениеттік дәрежесін, қоғамдағы басым мүдделерді айқындауға болады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ұлттық мемлекеттіліктің өз моделін жасап, іс жүзінде іске асырды. Оның негізгі құрамдастары патриотизм құндылықтары, өзіндік этномәдени дәстүрлер, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты құрамдас бөлігі ретінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік болып табылады [4].

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің қалыптасуындағы мызғымас идеяның негізі болуы тиіс, – екендігін Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев атап өткен болатын.

«Мәңгілік Ел» идеясы – бұл ұлттық бірлік, біздің қоғамдағы бейбітшілік пен келісім. Екіншіден, бұл зайырлы қоғам және жоғары руханият. Бұл индустрияландыру мен инновациялар негізінде экономикалық өсу. Бұл Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, тарих, мәдениет және тіл ортақтығы, бұл ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жалпы әлемдік және өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы. Осы құндылықтардың арқасында біз әрқашан жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, біздің ұлы жетістіктерімізді көбейттік. Бұл мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі болып табылады [7].

Жаһандық әлемдегі қатаң бәсекелестік жағдайында Қазақстанның «Мәңгілік елді» құруға ұмтылуы саяси, әлеуметтік-экономикалық егемендікпен қатар, рухани тәуелсіздікке қол жеткізуді талап етеді. Ол үшін «ұлт» сияқты күрделі жүйесінің тіршілік әрекет ету мақсатында берілген қоғамға тән ұлттық тарихи сананы қалыптастыруымыз қажет.

«Мәңгілік Ел» – біздің ата-бабаларымыздың арманы, яғни егемендік алған күннен бастап, бұл идея ел болашағының іргетасын құруға және барлық қазақстандықтарды біріктіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан халқының тарихи тағдыры мен жалпы мүдделері, біздің елімізді дамытудың басты құндылықтары «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті мызғымас тұғыры, жеті қағидалары ұсынылған:

1. Тәуелсіздік және Астана
2. Жалпыұлттық бірлік
3. Бейбітшілік пен келісім
4. Зайырлы мемлекет және жоғары руханият
5. Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы
7. Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы әрқайсымыз үшін қарапайым, түсінікті, кең және ең құнды ақиқат, ал оның негізінде отбасыларымыздың әл-ауқаты, қонақжайлылық пен еңбекқорлық, тұрақтылық, қауіпсіздік пен бірлік, ертеңгі күнге деген сенімділік жатыр. Сонымен бірге мемлекеттің, қоғамның, азаматтардың өмірін ұзақ перспективаға айқындайтын негізгі идеологиялық тұжырымдама [8]. Жалпы бұл идея еліміздің даралығын сипаттап қана қоймай, оның мықты жақтары мен қазақстандықтардың үздік қасиеттерін де жүзеге асырады. Осы тұрғыда, біз «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясындағы жеті қағидасының негізінде өңделген азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, білім беру мен ғылымға табынушылық, толеранттылық сияқты құндылық бағдарларын жастардың бойында қалыптастыруымыз керек.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің профессор-оқытушылар құрамы қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыруға өз тараптарынан үлестерін қосуда. Мұнда студенттердің, ата-аналардың, педагогтардың және жалпы қоғамның

қажеттіліктеріне бағдарланған тәрбие жүйесі құрылып, табысты жұмыс істеуде. Бұл жеке тұлғаның дамуына тәрбиелік ықпал ету мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Мәңгілік ел» негізінде қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәннің бірі «Әскери-патриоттық тәрбие негіздері» болып саналады. Бұл пән бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша студенттерді болашақ кәсібіне даярлай отырып, студенттердің бойында құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағыттайды.

Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаттары жастарды өз Отанының адал патриоты болуға тәрбиелеу. Бүгінгі жастар отанымыздың келешегі, сондықтан олармен санасу, пікірін тыңдау қоғамға белсене араласуына көмектесуіміз қажет болып саналады. Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі алатын қоғамдағы ролі ерекше. Жастарды өз еліне деген сүйініс пеншілігін тәрбиелеу, патриоттық тұрғыда ерекше болып саналуы мүмкін.

Аталмыш пәннің негізгі міндеттерінің бірі – әскери-патриоттық тәрбиенің теориясы және практикасымен студенттерді қаруландыру, оларда орта білім беру, арнайы орта білім беру мектептерінде әскери жетекші лауазымында оқу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізу біліктілігін шыңдау. Жастарды әскери-патриоттық тәрбиенің теориясы мен практикасын меңгеруге тәрбиелеу, оларды әскери қызметке, өз Отанын қорғауға жан-жақты дайындау – маңызды, өзекті мәселелердің бірі екендігі баршамызға аян.

Патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттері қоғамыздағы өзгерістердің барлығына жастардың араласуына бірдей ықпал жасау, оған негізінде мектеп жасынан отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыруы қажет, ол дегеніңіз патриоттық тәрбие негізін түсіндіру болып табылады. Жастардың патриот деген сөзге мағынасын нақты түсіндіру үшін оларға жиі ардагерлермен кездесу өткізу әртүрлі патриоттық тұрғыда жарыстар өткізу қоғаммен тікелей байланыстыру біздің мақсатымыз болуы тиіс.

Қорыта айтар болсақ, білім беру жүйесінің бүгінгі күнде басты міндеттерінің бірі болып саналатын – қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселесі жеке тұлғаның дамуына ықпал етіп қана қоймай, оның мінез-құлқын реттеуші. Сондықтан да оқытушылар білім беру процесінде жеке тұлғаның санасында құндылық бағдарларды қалыптастырудың барлық мүмкін болатын жолдарын дамытулары тиіс. Нәтижесінде еліміздің болашағы жастар, яғни студенттер тек білім алумен және болашақ кәсібін меңгерумен ғана шектеліп қалмай, өзі үшін, Отаны үшін және қоршаған орта үшін үлкен жауапкершілікті сезінеді.

Сонымен, білім беру процесінде ұлттық идеямызды дәріптей отырып, жастардың құндылық бағдарларын қалыптастырудың маңызы зор. Ол үшін қазақстандықтарды біріктіретін, әрі еліміздің іргетасын

қалайтын құндылық бағыттарды жастардың бойына сіңіруіміз қажет. Осы орайда, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жастар үшін маңызын көрсете отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұратымыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рудица Н.Б., Камшебаев Д.Г. Формирование ценностных ориентаций молодежи // Вестник Инновационного Евразийского университета. – 2015. – № 3. – Б. 80-82.
2. Гришина Н.В. Ценности студенческой молодежи: к открытости изменениям // Вестник практической психологии образования. – 2010. – № 4. – С. 44–51.
3. Сатершинов Б. Құндылық не? // AIQYN. – 11 мамыр 2017. <https://aikyn.kz/2017/05/11/12862.html>.
4. Ценности и идеалы независимого Казахстана.
5. Краткий психологический словарь / Л.А. Карпенко, А.В. Петровский, М.Г. Ярошевский. – Ростов-на-Дону: «Феникс», 1998.
6. Калиева Ж.А. Система ценностей казахстанской молодежи // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – № 4 (51). – 2014. – С. 165-172
7. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 70 б.
8. Панфёрова Н.М. Национальная идея «Мәңгілік Ел» как главный вектор развития современного казахстанского общества // <http://tak-to-ent.net/load/222-1-0-19134>.

3.20. Значение патриотического воспитания на современном этапе

Салтанат Гайбкалиевна Аслялиева

Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова
(г. Атырау, Казахстан)

Аннотация

В данной статье рассматриваются значение и факторы, влияющие на формирование патриотических чувств, значимость обновления содержания образования и воспитания на основе исторического опыта прошлого.

Ключевые слова: патриотизм, родина, молодежь, традиции, независимость.

На протяжении многих веков казахскому народу приходилось бороться за независимость и суверенитет. Благодаря умению сплотиться в минуту опасности, стремлению жить в мире, согласии и добрососедстве с другими народами, он смог восстановить свою

государственность. Встав на новый путь развития, Казахстан воплотил вековые мечты народа о свободе. Народ впервые вновь приобрел возможность развивать свою культуру, язык, веру, религию и традиции.

С первых дней независимости нашей страны вопрос об укреплении межэтнического и межконфессионального согласия стал для руководства Казахстана в качестве приоритетной задачи государственной политики. Сохранение мира, согласия и стабильности в обществе одно из самых главных достижений Казахстана.

Мир и спокойствие, гражданское согласие, религиозная терпимость, равноправное участие представителей различных культур в жизни общества – эти принципы легли в основу нашей национальной политики за годы независимости государства и обеспечили отличительную черту Казахстана в мировом сообществе.

В своем выступлении Глава государства подчеркнул: «Когда народ един, живет в мире и согласии. Для него нет недостижимых высот» [1].

Казахстан – это многонациональная страна. В нашей стране дружно трудятся народы более 130 национальностей.

Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы – народ Казахстана.

И в этом Казахстан – уникальное государство с многообразием культур и религий.

Сохранение мира и согласия в Казахстане особенно важно, т.к. единство народа – главный фактор в сохранении стабильного продвижения государства в достижении поставленной цели на пути своего развития. Как сказал Президент страны Н. А. Назарбаев: «Самое главное, что многонациональный Казахстан живет в дружбе и согласии, только на этой основе мы можем развиваться» [2]. Согласно Конституции Казахстана гражданам Республики Казахстан гарантируется равенство прав, свобод независимо от расы, национальности, пола, языка.

Таким образом, вопрос межэтнического согласия и мира в Казахстане имеет исключительное значение. Он является фундаментом политической стабильности в стране.

Молодежь – это будущее нашего общества и от того, какой она будет, зависит наше государство. Поэтому вопросы патриотического воспитания подрастающего поколения приобретают сегодня особую актуальность.

Каждый человек, живущий на планете, испытывает чувство гордости за свою Родину, свой народ и страну, свою землю и историю. И нам сегодня стоит помнить о прошлом, знать настоящее, чтобы построить светлое будущее.

«Наша молодежь растет в новой, независимой стране. Нынешнее поколение не видело межэтнических войн и конфликтов». Поэтому Глава государства призвал беречь единство и межэтническое согласие.

Принцип толерантности – это сегодня самый достойный ключевой принцип, так необходимый для дальнейшего сосуществования и взаимодействия человечества, для безопасности во всем мире.

У нас у всех одна Родина! Это – наш независимый Казахстан! Это самое дорогое и самое святое наше сокровище, самая высокая ценность! «Родина – сильнее огня», - говорится в пословице. Мы обязаны быть патриотами – прививать любовь к Родине в сознании молодого поколения.

Мы должны помнить, что любить Родину – святая обязанность перед нашими предками. Для укрепления своей страны перед нами стоят еще много больших целей и задач, чтобы добиться этого, нам в первую очередь нужны единство и солидарность.

Сложный период в развитии современного общества охватил все сферы общественной жизни. Решение задач, стоящих перед Республикой Казахстан, требует нового осмысления всего происходящего. Все это обуславливает необходимость формирования высоких нравственных социально – психологических качеств. Среди нравственных качеств, определяющих отношение человека к обществу, ведущее место занимает патриотизм. Именно поэтому в условиях преобразований, осуществляемых в нашем обществе, выдвигаются качественно новые, более сложные задачи теоретического осмысления, дальнейшего развития и конкретизации важнейших аспектов деятельности по воспитанию у молодежи высокой гражданственности и патриотизма. Развитие патриотизма связано с именами великих казахских просветителей Ч. Валиханова, А. Кунанбаева, И. Алтынсарина и др. Известно, что еще во второй половине XIX в. русский педагог К. Д. Ушинский справедливо отмечал, что в народном творчестве настойчиво восхвалялись мужество, героико – патриотическое воспитание. В то же время казахский педагог И. Алтынсарин считал, что именно педагоги должны готовить новых граждан, борцов за новую жизнь с учетом прогрессивного опыта.

Безграничная любовь к Родине и своему народу отражаются в произведениях А. Байтурсынова, М. Жумабаева, Ш. Кудайбердиева, М. Дулатова и других авторов, которые своей жизнью и творчеством доказали, что они являются истинными патриотами своей страны. Развитие прогрессивных идей о социально – педагогической значимости сущности патриотизма можно заметить и в работах казахстанских ученых – педагогов А. Р. Жумаканова, Т. Жанузакова, Д. С. Кусаинова, А. С. Калмырзаева и др.

Всеми мыслителями прошлого и настоящего подмечена глубокая, естественная связь патриотизма и лучших качеств человеческой личности – доброты, трудолюбия, гуманизма, правдивости и т.п.

Основой воспитания молодежи является патриотическое воспитание – воспитание казахстанского патриотизма. Президент страны Н.А. Назарбаев определил важнейшие задачи в сфере

развития казахстанского патриотизма: «Казахстанский патриотизм – любовь к своей Родине и земле, огромное уважение к ее истории и культуре, высокое чувство сопричастности к истории и ответственности за будущее своей страны, которое возродится сегодня». Патриотизм является одним из факторов процесса становления государства, национальной безопасности страны.

Ученый А. Бектуров рассматривает понятие «казахстанский патриотизм» как «социально – политическое явление есть совокупность идеи и чувств, формирующихся под воздействием исторического сознания, политической культуры, общегражданских и общенациональных идей». Это понятие емкое и многогранное [3].

Патриотизм – это чувство любви к Родине, Отчизне, месту, где ты родился, вырос и осознал себя как личность. Недаром патриотизм рассматривается как нравственный и политический принцип воспитания, содержанием которого является любовь к Отечеству, гордость за ее прошлое и настоящее.

Возрождение патриотизма – шаг к возрождению Казахстана. Именно патриотизм является духовным достоянием личности.

Понятие Родина, места, где я живу, начинается еще в раннем детстве, но формирование патриотизма складывается у личности в течение всей жизни. Нам исключительно важно, каким будет человек будущего, в какой мере он освоит две важнейшие социальные роли: роль гражданина и роль патриота. Поэтому государственная концепция образования Казахстана строится следующим образом: воспитание патриотизма, осуществляемое через познание национальных этнокультурных традиций и обычаев в привитии уважения к историческому прошлому.

Возрождая традиции и достижения предшествующих поколений, мы создаем условия для поступательного движения в будущее и в этом велика роль образования. Одним из важных факторов, влияющих на формирование патриотических чувств, является богатый опыт прошлого, изучение наследия мыслителей прошлых столетий. У нас богатая история, есть примеры из жизни исторических личностей, которые должны изучаться. На исторических примерах люди воспитываются в уважении к вечным непреходящим человеческим ценностям: миру, добру, справедливости, равенству, красоте. История любого народа неразрывно связана с теми личностями, которые в разное время оставили яркий след в своей судьбе. Однако значительность любой исторической личности измеряется, прежде всего, ее мудростью, умением смотреть далеко вперед и степенью причастности к судьбе собственного народа и Отечества. Всегда, когда возникает общественная потребность осмыслить время, в особенности время переломное, оно выдвигает людей, для которых это становится внутренней потребностью и чем дальше в глубь истории уходила эпоха

прошлого, тем острее осознавалась необходимость изучения наследия исторических личностей.

На современном этапе возникла необходимость всестороннего изучения исторического опыта прогрессивных педагогов и исторических личностей.

Без знания историко-педагогического наследия трудно найти оптимальное решение насущных проблем. С новых позиций происходит переосмысление роли исторических личностей, внесших огромный вклад в развитие национальной культуры. В этом плане обращение к педагогическому наследию особо важно. В наследии исторических личностей проходит проблема воспитания нравственной личности путем подражания опыту великих предков, на обычаях и традициях народа, на любви к родной земле. Знание, осмысление и переработка исторического прошлого помогут в успешном решении сложных проблем воспитания молодежи. И сегодня, когда перед нашим обществом стоит задача воспитания у подрастающего поколения патриотизма, особую значимость приобретает процесс обновления содержания образования и воспитания на основе использования исторического опыта прошлого.

Воспитание духовно обогащенной личности, привитие патриотизма начинается в семье. Уважение к наследию предков, к культуре других народов должны быть заложены в семье, в учреждениях образования. Большая роль в данном процессе отводится системе высшего образования как целостной форме подготовки профессиональных кадров, отвечающих требованиям современности.

Одной из целей национальной политики Казахстана в сфере образования является формирование этнокультурной толерантности у подрастающего поколения.

Эта цель требует решения многих задач, таких как ознакомление с особенностями культуры других национальностей, предоставление равных возможностей в получении образования независимо от национальности.

Проблема формирования у подрастающего поколения высокой нравственности, чувства патриотизма решается системой учебно – воспитательной работы не только в школе, но и в вузе. Эффективность патриотического воспитания детей определяется личностью самого педагога, уровнем его теоретической и практической подготовки.

Обновление содержания образования и воспитания выдвигает новые требования к процессу подготовки будущих педагогов.

Для повышения эффективности подготовки будущих педагогов к патриотическому воспитанию необходимо, чтобы в системе воспитательной работы присутствовал патриотический аспект, во – вторых, в системе преподавания акцентировать внимание на проблемах патриотического характера.

Для нас актуальным является направление: усиления воспитательного компонента процесса обучения, т.к. мы готовим будущих педагогов начального образования. Проблема подготовки педагогов приобретает особую актуальность в свете того, что выпускникам предстоит работать с детьми младшего школьного возраста. Тема воспитания патриотизма стала одной из основных тем воспитательной работы, ибо важнейшим звеном в системе подготовки будущих педагогов является педагогическая практика. Участвуя в организации и проведении воспитательной работы, студенты получают бесценный опыт.

Таким образом, в ходе профессионального становления формируется готовность к осуществлению патриотического воспитания подрастающего поколения. Не ставя целей воспитания и обучения, мы не можем развиваться дальше. И мы должны мобилизовать себя на выполнение этих грандиозных задач.

Без такого подхода не может быть плодотворной работы по формированию патриотических чувств у подрастающего поколения.

Список использованных источников:

1. Послание Главы государства народу Казахстана «Нұрлы жол – путь в будущее» от 11.11.2014 года // <http://www.akorda.kz>.
2. Мир и согласие многонационального Казахстана – основа развития страны. <http://www.nomad.ru>.
3. Бектуров А. Идеология патриотизма. «Мысль». 2008. № 7, с. 41 – 44.

3.21. Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерін ұсыну сапасын жаңғыртудағы сараптамалық талдау

Нұрсұлу Шермаханбетқызы Абдраманова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Докторант PhD
(Қазақстан, Алматы қ.)

Ардақ Зәуірбекқызы Әліпбек

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
п.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан, Шымкент)

Күлзада Шабданбекқызы Оразимбетова

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
п.ғ.к., аға оқытушы (Қазақстан, Шымкент)

Майра Темурханқызы Елғонова

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Магистр-оқытушы (Қазақстан, Шымкент)

Кәсіби кадрларды даярлау процесінде қайта құру қажеттілігін туындатқан негізгі себеп ретінде экономиканың жалпы әлемдік

үрдістерін атауға болады. Кәсіптік кадрларды даярлау жүйесінде қайта ұйымдастыру қажеттілігін туындатқан негізгі себептердің қатарына: дамыған елдердің экономикасындағы жаһандық өзгерістер, жаңа ақпараттық технологиялар негізінде өндірістің серпінді дамуы; экономиканың дамуындағы ғылымның жетекші рөлі, жоғары білікті жас мамандарға деген ғылыми қажеттіліктің өсуі; ғылыми зерттеулерді жүргізу қабілетінен бөлек құзыреттіліктердің тұтас кешені; дербес компьютерде жұмыс істей білу мүмкіндігі, бірнеше шет тілдерін білу, маркетинг негіздерін меңгеру, психологиялық, соның ішінде конфликтологиялық әдістемелерді және менеджерлік дағдыларды меңгеру жатады.

Бұл зертеу жұмысы қарастырылып отырған мәселелердің деңгейі, жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындысы, авторлардың нақты шығармашылығы мен қарастырылып отырған проблематикаға тек ұжымдық көзқарасты көрсетеді. Мақала авторлары «Recommendations for multilingual post-graduate programs» ғылыми мақаласымен Astra Salvensis Journal-дың (Скопус дәйексөз, Q4) мақұлдауына ие болды.

Республиканың білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі тәуелсіз сыртқы бағалаудың барлық элементтерін (лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу, рейтинг, Ұлттық бірыңғай тестілеу, аралық мемлекеттік бақылау, талапкерлерді кешенді тестілеу) қамтиды.

Қазақстан Республикасының білім сапанын сыртқы қамтамасыз ету бойынша аккредиттеуге серпінді көшуіне қарамастан, аталған прогреске белсенді кедергі келтіретін орталықтандырылған басқару элементтері бар. «Білім сапасын жетілдіру кепілдігінің ішкі институционалдық басқармасының аккредиттеу жүйесі жеткілікті түрде дамымаған. Қысқа уақыттың ішінде екі Ұлттық агенттіктің ресми аккредитациясынан өткен мемлекеттік бағдарламалар мен оқу орындарының көп саны Қазақстанда тәжірибесі бар оқытушылардың шектеулі санын ескере отырып, процестің мұқият болуына қатысты алаңдаушылық туғызады» (2017:76) [2]. *Десе де, Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім сапасы жүйесіндегі негізгі міндеттерді атап өтуге болады:*

- білім беру сапасын қамтамасыз ету және бағалау жүйесінің индикаторларын анықтау;
- ЖОО көрсететін сапасын қамтамасыз ететін басқарманы құру;
- білім беру қызметтерін қалыптастыру;
- интерактивті құралдарды қолданудың жаңа әдістемесі мен технологиясын әзірлеу;
- оқыту әдістері мен құралдары;
- білім және ғылым салаларындағы интеграциялық процестерді жандандыру;
- білім сапасын қамтамасыз ету және білім беру құрылымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мәдениет пен өндірісті дамыту.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында аккредиттеу агенттіктерінің тізіліміне сегіз агенттік кіреді: регламенттері халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бес қазақстандық және үш шетелдік агенттіктер. Әзірге қазақстандық және шетелдік аккредиттеу агенттіктері арасында бәсекелестік орта құрыла қойған жоқ. Осыған байланысты алдағы уақытта еуропалық және азиялық орталықтарда танылған аккредиттеу агенттіктерінің желісін кеңейту бөлігі бойынша түзетулер енгізілетін болады. Аталмыш түзетулер қолданыстағы аккредиттеу институтын жетілдіруге үлкен мүмкіндіктер беретін болады.

Тоимбаеваның пікірі бойынша (2010: 8) [3], жоғары оқу орнының қызметін жақсарту үдерісі ретінде TQM қарастыруға болады. TQM кейбір принциптері:

- Мақсатты айқындау;
- Инспекцияны және сапаны бақылауды статистикалық басқару әдістерімен алмастыру;
- Факультеттердің, кафедралардың және т.б. нәтижелердің спецификасын есепке ала отырып қорытынды жасау;
- Кадрларды оқытудың тұрақты процесін енгізу;
- Басқару деңгейлері арасында кедергі болмайтын корпоративтік мәдениетті құру.

N.C. Dalkey, O. Helmer (1962: 469) [4] Дельфи әдісін әзірлеген болатын. Дельфи әдісі – сараптамалық болжамдау кезінде неғұрлым қатаң процедураны жасауға алғашқы талпыныстарға мүмкіндік береді. Дельфи-сауалнамаларды жүйелі түрде өткізуге, зерттеудің ұйымдастырылуын жетілдіруге, неғұрлым нақты ақпараттарды жасауға, сарапшылардың жұмысын қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді құралдарын енгізуге, болашақты зерттеу нәтижелері мен жүргізудегі сарапшылар қауымдастығы мен жалпы қоғамның мүдделілігі мен жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік беретін тәсіл болып табылады.

А. Чекмаревтің сараптамалық әдісі сараптамалық квалиметриядағы мәселелерді шешудің негізгі құралы болып табылады деп есептеді. Квалиметриялық міндеттерді шешудің сараптамалық әдісі сарапшы-мамандардың тәжірибесіне негізделген. Дегенмен, мамандардың пайымдауларын талдаудың ғылыми әдістері XX ғасырдың басында ғана дамыды. Сарапшылардан алынған ақпаратты ұтымды пайдалану ақпаратты формализациялау жолымен ғана мүмкін. Сондай-ақ зерттелетін объектінің ерекшеліктеріне, деректердің сенімділігі мен толықтығына, шешім қабылдау деңгейіне де байланысты.

Қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеушілер Қазақстанның жоғары оқу орындарының көрсетілетін қызметтердің сапасын жүзеге асыруының негізгі мәселелері бойынша 12 сұрақтан тұратын сараптамалық сауалнама бланкісін жасады.

Іріктеудің географиялық нысандары ретінде Қазақстанның 4 жетекші ЖОО-ның сарапшылары мен өкілдері таңдалды, олар: Абай

атындағы ҚазҰПУ -10 сарапшы. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ - 10 сарапшы. Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ - 10 сарапшы. М. Өуезов атындағы ОҚМУ - 10 сарапшы.

Біз отандық және Еуропалық аккредиттеу жүйесіне негізделген білім сапасын бағалаудың ұлттық моделін және өлшемдер мен әдіснамаларды институционалдандыру үдерістерімен жалпы сараптамалық қоғамдастық қанағаттанатыны туралы гипотеза ұсындық.

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың жалпы саны - 40 адам, бұл зерттеудің осы түрінің репрезентативті таңдауына сәйкес келеді.


1-кесте. Сауалнама сарапшыларының әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары

№	Сауалнама сарапшыларының мәртебесі	Абай атындағы ҚазҰПУ		С. Аманжолов атындағы ШҚМУ		Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ		М. Өуезов атындағы ОҚМУ		Барлығы	
		Са-ны	%	Са-ны	%	Са-ны	%	Са-ны	%	Са-ны	%
1.	ЖОО басқарушылық-әкімшіліктік персоналы	3	30,0	3	30,0	3	30,0	3	30,0	12	30,0
2.	Мемлекеттік қызметкерлер, Акиматтар жетекшілері	2	20,0	2	20,0	2	20,0	2	20,0	8	20,0
3.	ЖОО ОПҚ	2	20,0	2	20,0	2	20,0	2	20,0	8	20,0
4.	ЖОО бақылау кеңестері құрамындағы бизнесмендер	1	10,0	1	10,0	1	10,0	1	10,0	4	10,0
5.	ЖОО бақылау кеңестері құрамындағы мекемелер, ұйымдар жетекшілігі	2	20,0	2	20,0	2	20,0	2	20,0	8	20,0
		10	100,0	10	100,0	10	100,0	10	100,0	40	100,0

Қазақстан Республикасының 4 жоғары оқу орындарының сарапшыларынан сауалнама алынып, нәтижелері анықталды. «Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіптік және білім беру бағдарламаларының сапасын жалпы қалай бағалайсыз?» сұрағы бойынша сарапшылар пікір алмасты, сауалнамаға респонденттердің 50,0%-ы білім беру бағдарламаларының сапасын жоғары деңгейде бағалайды, ал қалған 50,0%-ы сауалнама сарапшылары сапаның орташа деңгейінің болуын атап өтті. Респонденттер білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының қазіргі заманғы үрдістерін ескеретін неғұрлым «икемді» және мазмұнды болуы керек деп болжайды.

«Сіздің ойыңызша, ЖОО-лар білім беру бағдарламаларының сапасы туралы сенімді ақпарат бередә ме?» деген сұраққа сауалнама сарапшыларының басым көпшілігі (82,5%) оң жауап берді. Сауалнамаға


жауап берушілердің тек 17,5% - ы ғана жоғары оқу орындарының ақпараты негізінен сенімді деп жауап берді. ЖОО туралы, оның ішінде білім беру бағдарламаларының болуы мен мазмұны туралы ақпараттың негізгі көзі ресми сайттар болып табылады. Сондықтан сайтта Жаңа негізгі білім беру бағдарламалары мен бейіндері туралы ақпаратты орналастыру қазақстандық жоғары оқу орындарының тиімді қызметі үшін өзекті мәселе болып табылады.



1-Диаграмма. Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының сапасы туралы шынайы ақпаратты ұсынуын сараптамалық бағалау

Сауалнама сарапшыларының жартысынан астамы (60,0%) Қазақстанның жоғары оқу орындарының инновациялар мен ғылыми зерттеулерді қолдану деңгейін орташа деп бағалайды. Респонденттердің 40,0% қазақстандық жоғары оқу орындарында инновацияларды іс жүзінде қолдануды жоғары бағалайды. Бұл негізінен жоғары білімді мемлекеттік қаржыландырудың төмен деңгейімен байланысты екеніне қарамастан, соңғы уақытта зерттеу саласындағы қазақстандық ғалымдардың әзірлемелері санының оң динамикасы байқалады.

«Қазақстанның жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру қандай деңгейде іске асырылуда?» мәселесі бойынша сарапшылардың пікірлері бөлінді: егер 47,5% оны орташа деп бағаласа, респонденттердің 37,5% - ы жоғары оқу орындарын коммерцияландыру үдерісі серпінді дамып келеді деп санайды. Сауалнама сарапшыларының 15,0%-ы коммерцияландыру процесі жекелеген жоғары оқу орындарында ғана басталды деді. Бірақ, әзірге ЖОО көпшілігі негізгі көрсеткіштерін, сондай-ақ осы саладағы инвестициядан түскен табысты қалай пайдаланатынын түсінбейді деп санайды.



2-Диаграмма. Қазақстанның жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру деңгейін сараптамалық бағалау

«Сіздің ойыңызша жоғары оқу орындары өз қызметін қаншалықты табысты жоспарлайды?» сұрағы бойынша сарапшылардың пікірі бөлінді: егер сауалнамаға жауап берушілердің жартысына жуығы (47,5%) жұмысты жоспарлаудың жоғары деңгейін көрсетсе, онда 30,0% сарапшылар - орташа деңгейді таңдады. Сарапшылардың 22,5% -ы өңірлік ауқымда көптеген жоғары оқу орындары өз қызметін төмен деңгейде жоспарлап отыр деп санайды.

Сауалнама сарапшыларының жартысынан астамы (55,0%) қазіргі уақытта Қазақстанның жоғары оқу орындары мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету процесін тиімді басқаруды жүзеге асырады деп санайды. Сауалнамаға жауап берушілердің 45,0% - ы бұл процесс әзірше дамып келеді деп санайды, сондықтан барлық ЖОО-лар мамандарды даярлау сапасы мен жұмыс берушілермен бірлесіп жұмысқа орналастыруды жоспарлау саласында стратегиялық менеджментті жүзеге асырмайды.

«Жоғары оқу орындарын аккредиттеудің мәні ұсынылған білім беру бағдарламаларының тізбесіндегі үздіксіз жақсартуларды жүзеге асыру кезінде жоғары оқу орнын қолдауға келісесіз бе?» деген сұраққа сарапшылардың 97%-дан астамы оң жауап берді. Сауалнамаға жауап берушілердің 2,5%-ы тек бір жағынан ғана деп есептейді, себебі олардың пікірінше, ЖОО қызметін ұйымдастырса да, даярлау және аккредиттеу процесінің өзі де үлкен адами және психологиялық еңбек шығындарына алып келеді.

«Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламалары мен шығарылымдарды бекіту, тұрақты тексеру және мониторингілеу механизмдері бар ма?» деген сұрақ қойылды. Сарапшылардың жартысынан көбі (55,0%) жартылай деп есептесе, 45,0% оң жауап берді. Қазақстанның ЖОО-лары негізінен білім беру бағдарламалары мен шығарылымдарды бекіту, ұдайы тексеру және мониторингілеу тетіктеріне ие, алайда бұл процесс барлық жоғары оқу

орындарында әзірленген «қадамдық» іс-қимыл алгоритміне тән емес, әсіресе бұл республиканың өңірлері бойынша айқын көрінеді.

Сауалнама сарапшыларының 72%-дан астамы Қазақстанның жоғары оқу орындарының автономиясын кеңейту білім беру қызметтерінің сапалы жақсаруына сөзсіз әсер етеді дейді. Сауалнамаға респонденттердің 27,5%-ы академиялық және басқарушылық дербестікті кеңейту кезінде барлық ЖОО-лар білім беру қызметтерін сапалы жақсартып алмайды деп санайды, әсіресе бұл перифериялық ЖОО-ларға қатысты.

Жалпы, сараптамалық сауалнама қорытындысы бойынша келесідей өзекті қорытындылар жасалды:

- Білім беру бағдарламаларының сапасы жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық сапасын анықтайды, осыған байланысты сарапшылар білім беру бағдарламаларының сапасын, сыртқы бағалаудың маңыздылығын атап өтті.

- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында сапа мәдениетін дамыту деңгейі өзекті мәселе болып қала береді, өйткені білім беру сапасын дәлелдеу мәдениетін тиімді сапаны басқарумен ұштастыра отырып қарастырсақ, оның әлі де дамымағандығын байқаймыз.

- Сауалнама сарапшылары ЖОО-ның заманауи брендингі барлық жаңа ақпараттық технологиялар мен білім беру қызметтерінің бәсекелестік нарығында жоғары оқу орнын жылжытудың тиімді маркетингтік стратегияларын көрсетуі тиіс деп есептейді.

- ЖОО қызметін басқарудың негізгі педагогикалық принциптеріне сарапшылар білім беру процесінің жалпы мақсаттары мен мазмұнының арақатынасына – педагогикалық үдерістің тиімділігіне әсер ететін негізгі сыртқы және ішкі факторларды жатқызады.

- Сараптамалық қауымдастық және жұмыс берушілер бірлестігі білім беру қызметін бағалаудың барлық критерийлерін ғана емес, сондай-ақ бітірушілердің дайындық сапасына тікелей әсер ететін жағдайлары да қызықтырады, атап айтқанда: оқу нәтижелерін құзыреттілік түрінде іске асыру; бітірушілердің қорытынды құзыреттерінің мәлімделген оқу мақсаттарына сәйкестігі; бітірушілердің сұранысқа ие болуы және соңғы 3 жыл ішінде жұмыс берушілердің олармен қанағаттану дәрежесі; бітірушілердің білім сапасын өз саласында үздік деп танылған басқа жоғары оқу орындары.

- Сарапшылар білім сапасын тексергенде кездейсоқ студенттерді тексеру қажеттігін атап өтті.

- Жоғары оқу орындарын коммерцияландыру өзіндік даму қарқынына ие, дегенмен, сауалнама сарапшыларының пікірінше, коммерцияландыру мәселесі жұмыс берушілермен және жоғары оқу орындарының бақылау кеңестерінің басқа да мүшелердің өзекті мәселесі болып қала береді.

Сонымен, біз сараптамалық талдау контекстінде Қазақстан Республикасының Білім беру қызметтерінің сапасын жетілдірудің негізгі педагогикалық шарттарын анықтадық. Әзірге өзекті міндеттер келесідей:

- жоғары оқу орнының басқару құрылымдарының жаңа бағдарламаларға бейімделуі;
- білім беру қызметтерін жетілдіруде тұтынушылар және ЖОО серіктестерінің өзара байланыстығын нығайту;
- ЖОО қызметін қоғам, білім беру жүйесі және ЖОО-на қызықты болған жағдайда ғана іске асыруға бағыттау.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы нәтижелер мен ұсыныстардың республиканың жоғары оқу орындарында білім беру сапасын басқару жүйесіндегі бағалау қызметін жаңғыртуға ықпал етуінен тұрады. Ұсынылған тұжырымдардан келесідей қорытынды жасауға болады: жоғары оқу орнындағы кәсіптік білім беру процестерін сапа тұрғысынан зерттеу; жоғары оқу орнындағы кәсіптік білім беру процесінің сапасын арттыру бағытында қайта құру; кәсіптік білім беру субъектілерінің бағалау қызметтерін жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Баяндама мемлекет басшысы. «Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруі» атты дамушы нарықтардың Еуразиялық форумында http://www.ақорацорда.цаз/ru/page/pagena-imya-glavy-gosudarstva-nursultana-nazarbaeva-postupilo-pismo-ot-studentov-magistrantov-i-doktor_1348476361, 09.2013.
2. Білім саласындағы ұлттық саясатқа шолу: Қазақстандағы жоғары білім, 2017.
3. Тоимбаева Ж. С. Жалпы сапа менеджменті (TQM) принциптерін енгізу ШҚМТУ үлгісінде ЖОО қызметі. 2010.
4. Dalkey, N. C., & Helmer, O. (1963). An experimental application of the Delphi method to the use of experts. *Басқару Science*, 9 (3), 459-464.

3.22. Тұлғаның қарым-қатынасындағы мәдениетті арттыру жолдары

Гулбарам Олжағалиевна Мугауина

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,
1 курс докторанты (Қазақстан, Астана қ.)

Бүгінгі таңда білім беру мазмұны түбегейлі қайта қаралып, тәрбиелеу ісінде өзгерістер енгізілуде. Мұның өзі қоғамның әлеуметтік дамуына сай бәсекеге қабілетті, мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбие үдерісінің мазмұнын

қайта құрып, жетілдіруді көздейді. Қазіргі заманда жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу басты міндет.

Қандай да өркениетті елдің дамуында білім, ғылым, мәдениет басты орын алады. Сондай-ақ, тұлға мәдениетінің жетілдіруде қарым-қатынас ерекше орынға ие. Тұлға арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы, әдетте, олардың бірін-бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалауына байланысты, яғни тілдесу нәтижесінде бір адам екіншісінің бейнесі жөнінде топшылаған ой-пікірі. Екінші адамның тұлғалық бейнесін және оның сырт пішіні мен психологиясын және әрекет-қылығын байланыстыра, салыстырып тануға болады. Ал, психологиялық бейне әр адамның әр қажетсінуінен, қылық мотивтерінен, мінез-бітістерінен, өмірлік жағдайлардағы көңіл-күй толғаныстары мен әрекеттерінен көрінеді.

Қарым-қатынас - бір адамның басқа адаммен қоғам мүшесі ретінде өзара әрекеттесуінің арнайы формасы. Қарым-қатынас барысында адамдардың әлеуметтік байланысы, бір-біріне деген қарым-қатынасы жүзеге асады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың қажеттілігі мен маңызын жапондықтардың жеке басын тәрбиелеп, жетілдіру әрекетіндегі істерінен айқын аңғартуға болады. Адам өзінің бойындағы қабілеті мен іскерлігін жетілдіруде өзін-өзі сынап көреді екен. Мұндай сынақ барысында адамның денесі мен рухани жағынан дамып-жетілу жолындағы күрделі қиындықтарды жеңуіне тура келеді. Бұл сынақ бойынша, адамға кіммен болса да қарым-қатынас жасауға тыйым салынатын көрінеді. Мұндай жағдайда адамның рухани дамуы тежеліп, жалғыздықтағы тіршіліктің ащы дәмін халден құтылғандай күй кешіп, кез келген адаммен сөйлесіп, тілдескендей, одан орасан зор ляззат алып, жан дүниесі рахаттанғандай болып, бойындағы күш-қуаты артатын көрінеді. Осы орайда адамдардың күнделікті өміріндегі кәсіптік салада өзара тілдесіп, қарым-қатынас жасауының оның рухани өмірі мен тіршілік бейнесінің қалыпты дамуына қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады. Сондықтан әрбір маман мен кәсіпкер, ұстаз мен жетекші, жұмысшы мен бастық, бизнесмен мен конгресс мүшесі, депутат пен сайлаушы - бұлардың бәрі де күнделікті тіршілікте өз қызметі саласында үнемі бірімен-бірі тілдесіп, пікір алысып, халық бұқарасымен қарым-қатынас жасайды. Онсыз кез-келген адам рухани тоқырауға душар болатыны сөзсіз. Адамдар арасындағы қарым-қатынас жасауда аса қажетті шарттың бірі - сөйлеушілердің өз ой-пікірін өзгелерге, тыңдаушылардың қарым-қатынас орнатуда сөйлесуші жақтың ой-пікірін дұрыс ұғынып, оны іс жүзіне асыра білу мәдениеттілігі болады [1].

Қарым-қатынас - тұлға қалыптасуындағы ең маңызды факторларының бірі. Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде қарым-қатынас мәселесі шешендік өнер, эвристика және диалектика саласында зерттелген.

Қазіргі кезде қарым-қатынас мәселесі философия, әлеуметтану, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік психология, жалпы психология, педагогика, педагогикалық психология салаларында зерттелуде.

Шетелдік және отандық психологтер қарым-қатынастың тұлға дамуындағы маңызды орнын (В.Г. Ананьев, А.А. Бодалев, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Б.Ф. Ломова, А.Р. Лурья, А.С. Золотнякова, В.Н. Мясищев, А.В. Петровский, Б.Д. Парыгин, И.С. Кон, Б.Ф. Андреева, В.С. Мухина, Я.Л. Коломинский, М.Н. Щелованов, М.С. Каган, Г.А. Балл, Х.Т. Шерьязданова, А.Р. Ерментаева, С. Елеусізова) және т.б. зерттеген.

Қазақстанда мамандардың мәдениет мәселесін (Б.Р. Айтмамбетова, А.А. Бейсенбаева, Р.К. Төлеубекова, Г.К. Ахметова, Қ.Ж. Каракулов, С.М. Елеусізov, С.И. Қалиева, А.А. Молдажанова, С.М. Кенесбаев, Н.В. Мирза, Б.К. Момынбаев, Б.Ы. Мұқанова, В.К. Шабельник) және білім және мәдениетті негізгі зерттеу мәселесіне философиялық аспектілерін (Н.А. Бердяев, В.С. Библер, А.А. Богданов, С.Н. Булгаков, П.С. Гуревич, М.С. Каган, В.В. Селиванов, А.Я. Флиер, С.Л. Франк, А. Швейцер), адам дамуының әлеуметтік шарттылығы мен оның қабілеттеріндегі идеялары (Г.М. Андреева, А.Ф. Лазурский, В.Н. Мясищев, С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский және тағы басқалар) зерттеген.

Жалпы философияда, әлеуметтануда, педагогика мен психология ғылымдарында мәдени бағыттылықты зерттеумен байланысты, педагогикалық мәдениеттің кейбір жақтары талданған: жеке тұлғаның әдіснамалық, қарым-қатынас мәдениеті, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативті, технологиялық, рухани, дене мәдениеті.

Адамдардың жан-жақты жетілулері адамның шығармашылық белсенділіктері мен мүмкіндіктерін дамыту мәдениеттіліктерін көрсете білудің нәтижесі. Мәдениеттілік, ой-өрістің кеңдігі адамның сөз саптауынан жақсы байқалады. Алдымен «мәдениет» деген түсінікке тоқталатын болсақ, мәдениет - деген ұғымға беті-қолын жуғаннан бастап, адамзат ақыл-ойының қазіргі жеткен ең соңғы биігіне дейінгі барлық ұғым енеді. Мәдениет туралы түсінікке әр ғалым әртүрлі анықтама береді.

Жалпы мәдениеттің өзі екіге бөлінеді: материалдық және рухани. Соның ішінде рухани мәдениетке жататыны:

а) ойлай білу мәдениеті - өмірге талдау жасап қиындықтардан арылу жолын таба білу, ақылға салу, жасампаздыққа жеткізу;

ә) педагогикалық мәдениет - ұзақ жылдар бойына жинақталған ең озық іс-әрекет, білім, үйрену нәтижесі;

б) тіл мәдениеті - коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану;

в) сөйлеу мәдениеті - тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі.

Мәдениет - адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі. Мәдениет адамсыз жаралмайды. Белгілі американдық психолог-гуманисі А. Маслоу «мәдениет біздің психологиялық және биологиялық табиғатымызға өте жақын, сондықтан оқытудың негізі ретінде қарау керек» деп көрсеткен [2].

Ал, А.И. Зимняяның пікірінше: «жалпы мәдениет адамның әлемге, өзіне деген қатынас аймағындағы негізгі бағыттарының тұрақтылығымен, жинақтылығымен және олардың мінез-құлықта көріну сипатымен анықталады. Ол ішкі мәдениетті болжайды (басқаларды сыйлау, жауапкершілік, өзіндік реттелу, т.б.)» [3].

Сондай-ақ, адам қоғамда өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сәйкес өз ойлары мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу арқылы әртүрлі байланысты сезінеді.

Қарым-қатынас психологиясы мынандай құбылыстарды зерттейді: адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі, еліктеу, сендіру және нандыру, ұйымшылдық немесе жанжалдық, біріккен іс-әрекет және тұлғааралық қатынастар. Осы психологиялық құбылыстың әртүрлілігінде, олардың пайда болуының негізгі қайнар көзі болып адамдар арасындағы қарым-қатынас аймағы болады [4].

Педагог әлеуметтенуінің әлеуметтік психологиялық факторлары біріншіден, әлеуметтенудің - мәдени, тарихи, ұлттық ерекшеліктерін қарастыратын әлеуметтік топ болса, екіншіден, белгілі бір деңгейде өмір жолының кезеңдерінде көрінетін жеке тұлғалық топ.

Ғалым Р.К. Төлеубекова «Тұлғаның адамгершілік қағидаларды, олардың көзқарастарын, сенімдерін тұрақтандыруда, олардың адамгершілік сана-сезімін қалыптастыруда білім алатын ортасының өмірі үдерісіндегі әлеуметтік, еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибелерін молайтуға мән берілуі қажет, тұлғаның іс-әрекеттерін түрлендіріп, қарым-қатынас саласын кеңейтіп, тәрбиелік мақсатта әртүрлі жағдаяттарды туғызып, мәдени-этникалық, мәдени-этикалық, адамгершілікті мінез-құлық, қасиет-сапалар, оларды меңгеру өздерінің іштей қажеттіліктеріне айналуы, сондай-ақ тұлға өзін мәдени мұраны, тарихты әдебиетті, тілді, өз елінің, ұлтының құндылықтарын халқына насихаттаушы, өмір ақиқатына жеткізуші болғанын зор мәртебе деп сезінуі өте маңызды» [5] - деп қарастырады.

Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды.

Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың рөлі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір

сүре алады. Сол себепті де тұлғаның қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды. Қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейде дамыған педагог ертеңгі күнгі білікті, іскер маман.

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ.Жарықбаев қарым-қатынас туралы былай деген: «қарым-қатынас - адам іс-әрекетінің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамақ, киім, баспана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болу да аса маңызды». Сондықтан қарым-қатынас тіршіліктің барлық кезеңінде адам үшін маңызды орын алады.

Олай болса, қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз - адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табуға қабілеттілігі.

Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасу деңгейін, оның сапасын өлшеп көрсету өте қиын. Өйткені тек қана іскерлік, қолданбалы, тәжірибелік мәселелердің тиімді шешілгені қарым-қатынастың барлық қатынасқан субъектілері үшін оң, жағдайда жүргенін көрсетуі мүмкін. Сондықтан іс-шаралар нәтижесі гуманистік, адамгершілікті сақтау негізінде, басқаларға психологиялық қысым, зорлық көрсетпей жүргізуге байланысты болғанда ғана қарым-қатынас мәдениеті сақталғаны анық байқалады.

Қарым-қатынас мәдениетін арттырудың негізгі үш түрі қарастыруымызға болады:

- сөз мәдениеті;
- мінез-құлық мәдениеті;
- сыртқы түр мәдениеті.

Бұлардың әрқайсысының мүмкіндіктері жоғары және өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар.

Сөз мәдениеті - бұл тек сөйлеу деңгейінің бірлігін көрсетпейді, ол кітапханашы мамандарының мәдени адамгершілік белгілері. Сөйлеу мәдениеті - жеке тұлғалық қажеттіліктерін көрсетуші әрекеті. Мәдениеттаным бағытында қарым-қатынас мәдениеті бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым десе, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы мен салты деп жіктеледі. Олай болса қарым-қатынас адамзат болмысының өмір сүру шарты деп есептеледі.

Мінез-құлық мәдениеті - тұлғаның өзіндік қоғамдық ортада ұстай білу және әдептілік ережелерін сақтай білу ғана емес. Ол баланы үлкендерді сыйлаудан, жоғары адамгершіліктен, ұжымда өмір сүріп еңбек ете білуінен көрінеді. Кейде ұнамды қылықтар көрер көз үшін ғана жасалады. Сыртқы мәдениеті адамның мінез-құлықпен сыртқы бейнесінен көрінсе, ішкі мәдениеті адамның білімінен, нанымынан, жеке басының мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыра білуінен тұрады. Адамның қоғамда сыйлы болуы және бағалануы ішкі мәдениетіне байланысты. Сондықтан мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу адамның

моральдық бейнесін қалыптастыруымен бірге адамгершілік, азаматтық, ұжымшылдық, достық жолдастық рухында тәрбиелеуге, ұйымдастыруға үйретумен тығыз байланысты. Мәдениетті мінез-құлық ережелерін түсіндіру. Жаман әдеттерді жоюға түсіндіру, талап қою, күн тәртібін орнату сияқты амалдар қолданылуы тиіс.

Сыртқы түр мәдениеті істеген тірлікпен, көрінген тәрбиесінен көрінеді.

Қарым-қатынас барысында адамдардың әлеуметтік байланысы, бір-біріне деген қарым-қатынасы жүзеге асады.

Мәдениет коммуникациялық жүйе, әртүрлі ақпараттармен алмаса отырып, қатынастың барлық түрлерін қамтамасыз етеді.

Тұлға мәдениетінің қалыптасуы мен берілуі, сақталуы адамзат болмысының негізгі шарты, өмірлік әрекетінің мәдени формасы, табиғи, әлеуметтік қоғамды тану құралы, адамның өзін-өзі тануы, қалыптасуы. Қарым-қатынас барысында жеке адам қайталанбайтын шығармашылық тұлға ретінде көрінеді. Адамзат болмысының бөлінбес бөлшегі бола отырып, қарым-қатынас жеке адам дамуының құралы мен басқаруы бола алады.

Қорыта келе, тұлға қарым-қатынасындағы мәдениетті арттырудың мынадай өлшемдерін анықтауға болады:

1. Жеке тұлғаның қоғамдық ортамен байланысы;
2. Әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы;
3. Іс-әрекеттері;
4. Жауапкершілігі;
5. Икемділігі, іскерлігі, дағдылары.

Адамзат баласының алдындағы басты міндет ХХІ ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, бәсекеге қабілетті, білімі жоғары, құқықтық құжаттық мәдениеті, қарым-қатынасы жоғары, жан жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахтаева Н.С., Әбдіғапбарова А.І., Бекбаева З.Н. Әлеуметтік психологиясы: Оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 244 б.
2. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. - 384 б.
3. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. - М.: «Логос М», 2005. - 365 б.
4. Бодалев А.А. Личность и общение. М.: Педагогика, 1983. – 272 б.
5. Төлеубекова Р.К. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуде жаңа әлеуметтік мәдени саланың мәні. - Астана, 2001 - 80 б.

6. Канке А.А., Кошечкина И.П. Профессиональная этика и психология делового общения (учебное пособие для вузов) - М.: Форум, 2011. - 304 б.

7. Калиева Г.И. Формирование культуры будущего специалиста. - Алматы, 2001. - 212 б.

3.23. Психолого-педагогические аспекты развития этно-художественных способностей студентов творческих специальностей ВУЗа

Рсалды Багдатовна Оразалиева

старший преподаватель кафедры «Педагогика, психологии и дизайна». Казахская Инновационная Академия
(г. Семей, Казахстан)

Дана Баянбекқызы Билялова

студентка. Казахская Инновационная Академия
(г. Семей, Казахстан)

Личный пример родителей – важнейшее средство влияния на воспитание ребёнка. Его воспитательное значение основывается на присущей детскому возрасту склонности к подражанию [1]. Воспитательный потенциал многодетной семьи имеет свои положительные и отрицательные характеристики, а процесс социализации детей - свои трудности, проблемы. С одной стороны, здесь, как правило, воспитываются разумные потребности и умение считаться с нуждами других; ни у кого из детей нет привилегированного положения, а значит, нет почвы для формирования эгоизма, асоциальных черт; больше возможностей для общения, заботы о младших, усвоения нравственных и социальных норм и правил общежития; успешнее могут формироваться такие нравственные качества, как чуткость, человечность, ответственность, уважение к людям, а также качества социального порядка - способность к общению, адаптации, толерантность. Дети из таких семей оказываются более подготовленными к супружеской жизни, они легче преодолевают ролевые конфликты, связанные с завышенными требованиями одного из супругов к другому и заниженными требованиями к себе. [1]

Однако процесс воспитания в многодетной семье не менее сложен и противоречив.

Во - первых, в таких семьях взрослые довольно часто утрачивают чувство справедливости в отношении детей, проявляют к ним неодинаковую привязанность и внимание. Обиженный ребенок всегда остро ощущает дефицит тепла и внимания к нему, по - своему реагируя на это: в одних случаях сопутствующим психологическим состоянием для него становится тревожность, чувство ущербности и неуверенность в себе, в других - повышенная агрессивность, неадекватная реакция на жизненные ситуации. Для старших детей в многодетной семье характерна категоричность в суждениях, стремление к лидерству, руководству даже в тех случаях, когда для этого нет оснований. Все это естественно, затрудняет процесс социализации детей.

Во - вторых, в многодетных семьях резко увеличивается физическая и психическая нагрузка на родителей, особенно на мать. Она имеет меньше свободного времени и возможностей для развития детей и общения с ними, для проявления внимания к их интересам. К сожалению, дети из многодетных семей чаще становятся на социально опасный путь поведения, почти в 3,5 раза чаще, чем дети из семей других типов. [2]

Многодетная семья имеет меньше возможностей для удовлетворения потребностей и интересов ребенка, которому и так уделяется значительно меньше времени, чем в однодетной, что, естественно, не может не сказаться на его развитии. В этом контексте уровень материальной обеспеченности многодетной семьи имеет весьма существенное значение. Мониторинг социально - экономического потенциала семей показал, что большинство многодетных семей живет ниже порога бедности.

Плюсы воспитания детей в многодетной семье:

Во-первых, старшие могут помогать родителям: лет с 5-6 ребенок вполне способен занять младшего братика или сестричку 2-4 лет. Многие взрослые устают не столько от взрослых забот, сколько от необходимости играть с детьми, родителям это нередко психологически трудно, но в семье, где один малыш, никуда не денешься - ребенку нужно с кем-то играть. А в многодетной семье дети "замкнуты" друг на друга: старшие играют с младшими, помогают им одеваться, делать уроки, гуляют с ними, освобождая мать от массы забот.

Во-вторых, дети любят подражать. Причем психологически им гораздо легче подражать не взрослым, до которых слишком трудно дотянуться, а ребятам постарше. Поэтому в многодетных семьях младшие быстрее приобретают бытовые навыки, навыки общения, очень многое усваивают, походя, между делом. Многодетная семья - это мини-социум со своими внутренними законами: ребенок в ней оказывается и в роли старшего, и в роли младшего, он должен

налаживать контакты с каждым членом семьи, общаться с детьми как своего, так и противоположного пола, учиться уступать и настаивать на своем, защищать свое мнение, проявлять гибкость. При правильном воспитании дети из многодетных семей обладают более мобильной психикой, устойчивее к стрессам и лучше адаптируются в любом коллективе. А ответственность и самостоятельность - следствие бытовых проблем, с которыми сталкивается любая семья, где больше двух детей.

В-третьих, воспитание у детей чувства ответственности в многодетных семьях происходит совершенно естественно, в силу обстоятельств. Другие же семьи сталкиваются в данном вопросе с очень серьезными трудностями.

В-четвертых, на детей из многодетной семьи падает гораздо большая нагрузка. Но она - и это очень важно - оправдана в их глазах. В семье, где один ребенок, маме все гораздо легче сделать самой, отсюда нередко инфантилизм и неумение ребенка себя обслужить. А в многодетной семье серьезная помощь детей матери необходима, и дети включаются в домашние дела, причем для них это все психологически оправданно и, кроме того, совместные дела сплачивают семью. К тому же навыки, которые ребенок получает, помогая матери по хозяйству, пригодятся ему в дальнейшей жизни.

В-пятых, именно в большой семье есть все необходимые условия для преемственности поколений. У детей постепенно вырабатываются навыки общения с братьями и сестрами, затем у старших появляются свои дети, и маленькие дяди и тети учатся общаться с племянниками, разница в возрасте с которыми может быть не так уж велика. Так дети постепенно, поднимаясь со ступеньки на ступеньку, сами дорастают до роли родителей. Вообще, дети из многодетных семей лучше подготовлены к браку. Они понимают различие мужской и женской психологии, умеют идти на компромисс, очень ответственные, мальчики не чураются "женской" работы по дому, умеют ухаживать за младенцами. В подобных условиях ошибки предыдущего поколения родителей учитываются и поэтому сглаживаются. Такого не происходит в семье с одним ребенком, где родители не имеют возможность учитывать свои ошибки.

В-шестых, в многодетной семье существует эффект маленького коллектива. Если в семье один - два ребенка, то быстро происходит эмоциональное насыщение детей друг другом, родителям приходится что-то изобретать, гасить ссоры и конфликты - и это при усталости и наличии других дел. В многодетной же семье возникает система разновозрастного детского коллектива: в ней существует возрастная иерархия, старшие руководят младшими. Нужно только следить, чтобы старшие не угнетали младших.

Минусы воспитания детей в многодетной семье:

- во-первых, в семье, где всего 1-2 ребенка, родители имеют возможность внимательно относиться к любому детскому проявлению и реагировать на него соответствующе. В многодетной же семье - почти постоянная невозможность выкроить отдельное время для общения с каждым ребенком с глазу на глаз, а детям для нормального развития абсолютно необходимо пристальное внимание родителей;

- во-вторых, количество ответственности и домашних обязанностей, лежащих на ребенке в многодетной семье, может стать поводом для того, чтобы дети впоследствии упрекали родителей в том, что их "лишили детства";

- в-третьих, состояние здоровья детей и уход за ними в таких семьях недостаточны; каждая многодетная семья - это небольшой коллектив, и если, к примеру, заболевает один ребенок, то следом за ним могут заболеть и остальные;

- в-четвертых, даже во многих семьях, где один - два ребенка, у детей складываются конкурентные отношения, они ревнуют родителей друг к другу, что уж говорить тогда о многодетной семье;

- в-пятых, у детей из многодетной семьи часто бывает занижена самооценка, потому что они воспринимают себя как часть большого коллектива и мало задумываются о ценности своего "я"; в подростковом возрасте это может обернуться гиперкомпенсацией: ребенок начнет самоутверждаться всеми возможными и невозможными способами, доказывая свою уникальность и неповторимость;

- в-шестых, даже при наличии очень большой квартиры в больших семьях и детям, и взрослым не хватает уединения, возможности тихо посидеть, остаться наедине со своими делами и мыслями. [3]

Единственные дети в однодетной семье с самого рождения развиваются в особенной атмосфере. Окруженные долгое время лишь взрослыми, они получают более ограниченный личностный опыт по сравнению с детьми, имеющими братьев и сестер.

Главное в развитии единственного ребенка заключается в том, что он длительное время близко общается лишь со взрослыми. Единственный ребенок всегда на глазах у родителей. Они бдительны, замечают, когда ему не удастся, когда ему трудно, и спешат с помощью.

Развиваясь в атмосфере чрезмерной опеки, единственные дети не только теряют уверенность, но и привыкают воспринимать служение, помощь родителей как само собой разумеющееся, требуют ее, когда надо и не надо. Ребенок начинает чувствовать силу в своей слабости, злоупотребляет вниманием и заботой окружающих. Ребенок иногда использует и менее привычные способы манипулирования поведением родителей.

Другая характерная особенность развития единственных детей - они не имеют возможности близко общаться с другими детьми своего возраста (братьями, сестрами), что чаще всего приводит к неверной

самооценке. Единственные дети склонны считать ее уникальными, ценными, ставить себя выше других они попадают в ситуацию сравнения с другими, которая часто раскрывает их завышенное самомнение, они изо всех сил борются за то, чтобы поддержать фиктивный образ себя. Чтобы достичь этого они часто шалят и проказничают.

Отсутствие возможности близко общаться с братьями и сестрами приводит и к тому, что единственным детям труднее общаться со сверстниками.

Во-первых, они не имеют опыта, как приспосабливаться к нуждам других детей, не учитывают их интересов. Единственный ребенок от остальных часто отличается и лексиконом. В его речи много терминов, не понятных ему самому и окружающим детям, взрослых выражений, ему нелегко понимать детские шутки.

Во-вторых, родители единственного ребенка имеют больше возможностей развить его способности, быть внимательными к его внутреннему миру, его переживаниям. Будучи ближе к ребенку, родители больше влияют на развитие его личности, чем в других семьях. [4]

Каждый ребенок в семье развивается в несколько различных условиях. Со временем вы сами меняетесь, поэтому первый, второй и т. д. ребенок, придя в этот мир, встречается с вами, но уже несколько другими. Более того, сама семья, в которую приходят дети, для каждого иная. Первый ребенок встречается только с вами, а второй общается и с вами, и со старшей сестрой или братом; строить свое поведение, ориентируясь не только на вас, но и на личность старшего. Отличается и опыт, приобретаемый в семье. Старший вначале был единственным ребенком, центром жизни семьи, но впоследствии был свергнут с престола приходом малыша. Это не пережили младшие дети, долгое время находившиеся в роли малыша. Средние дети живут в еще более сложном мире семьи: сверху ограничены старшим, снизу - младшим ребенком.

Изучение психологических особенностей многодетных семей позволило сделать следующие выводы.

Многодетной называется семья, воспитывающая трех и более детей, к которым относятся и усыновленные в возрасте не более восемнадцати лет. Многодетные семьи отличаются друг от друга обстоятельствам многодетности: семьи, осознанно принявшие решение иметь много детей, семьи, ставшие многодетными в результате отсутствия планирования семьи, семьи, ставшие многодетными в результате объединения двух неполных семей и семьи, многодетность которых связана с их неблагополучием. Развитие детей в многодетных семьях обусловлено факторами: параметры семьи, социально-бытовые условия, личные особенности родителей и детей. К проблемам многодетных семей относятся материально-

бытовые, связанные с трудоустройством родителей, жилищные. Психологические проблемы связаны с дефицитом родительского внимания к детям, социальный возраст детей, сложный психологический климат, низкий уровень жизни и здоровья.

Родители многодетных семей отличаются стремлением к поддержанию своего родительского статуса, высоким уровнем психологической устойчивости к стрессам, сплоченностью, воспитательными качествами. Специфика жизненных ценностей человека в семье связана с возможностью самоутверждения в отцовстве и материнстве, удовлетворении потребностей в интимных отношениях и стабильности, а также общении и материальной обеспеченности. Для членов многодетной семьи ценности связаны с супружеством, родительскими и родственными связями. [5]

Своеобразное семейное положение складывается у единственных детей, постоянно находящихся под пристальным взглядом и опекой взрослых. Каждое из этих положений вынуждает детей искать свой способ приспособления, свое место под солнцем, что способствует развитию такой личности, которая отличается от личности других детей в той же семье. Родителям очень важно понимать, что необходимо не только любить ребёнка и руководствоваться любовью в своих повседневных заботах по уходу за ним, в своих усилиях по его воспитанию, но необходимо, чтобы ребёнок ощущал, чувствовал, понимал, был уверен, что его любят, был наполнен этим ощущением любви, какие бы сложности, столкновения и конфликты ни возникали в его отношениях с родителями. Только при уверенности ребёнка в родительской любви и возможно правильное формирование психического мира человека, только на основе любви можно воспитать нравственное поведение, только любовь способна научить любви. [6]

Список литературы:

1. Азаров Ю.П. Семейная педагогика. – М.: Просвещение, 2002. – 685 с.
2. Афанасьева Т.М. Семья. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 2007.-285с.
3. Бене Е. Детский тест «Диагностика эмоциональных отношений в семье» // Семейная психология и семейная терапия. – 1999. - № 2. – С. 14 – 41.
4. Гиппенрейтер Ю.Б. Общаться с ребенком. Как? - М.: ЧеРо, 2007. – 240 с.
5. Гордон Т.Р. Повышение родительской эффективности. – Екатеринбург: АРД ЛТД, 2004. – 450 с.
6. Ильин, В.А. Археология детства: Психологические механизмы семейной жизни / В.А. Ильин. – М.: Независимая фирма «Класс», 2002. – 208 с.

3.27. Болашақ педагог-психологтарды даярлауда кәсіби-бағдарлы оқытудың маңызы

Айгуль Аргиновна Ахметова

6D010300-«Педагогика және психология» мамандығының докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана қ., Қазақстан)

Қазіргі таңда жоғары білімнің еуропалық аймағына бірігуді қамтамасыз ету, жоғары білікті ғылыми және ғылыми – педагог кадрларды даярлау басты мәселеге айналып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: "Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу", – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері, мамандыққа қатысты оқыту мәселесіне ерекше мән беру қажеттілігі көрсетілген [1]. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білімді, ғылым мен өндірісті ұштастыра алатын, оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, жаңа ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдана білетін кәсіби мамандар дайындау міндеті тұр.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – қоғамның кезек күттірмейтін өзекті талабы.

Кәсіби іс-әрекетке деген болашақ педагог - психологтардың дайындық мәселесі С.И. Архангельский, Ф.Н. Гоноболин, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, В.А. Сластенин, Н.Д. Хмель, А.И. Щербаков және т.б. ғалымдардың еңбегінде қарастырылған.

Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш.Х. Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т. Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж. Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б. Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), М.В. Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру), С.И. Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген.

М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович "студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру болашақ мамандығына жағымды қарым-қатынас және қызығушылығын туғызу, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін өзінің біліктілігін жетілдіру, материалдық және рухани қажеттілігін

өтеу, таңдаған кәсіби еңбегі бойынша үнемі айналысып отыру", – деп түсіндіреді [2].

Жоғары мектептің қазіргі заманғы дидактикасында жоғары оқу орнында кәсіби-бағдарлы оқыту үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық тәсілдерін төмендегідей бөліп көрсетеді:

- тұлғалық-бағдарлы тәсіл (әр студенттің бірегейлігін тану, болашақ маманның кәсіби-жеке және шығармашылық әлеуетін дамыту және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау);

- әлеуметтік-мәдени тәсіл ("адам мәдениетін" дамыту (М. Библер), болашақ маманның кәсіби мәдениетінің негіздерін қалыптастыру);

- іс-әрекеттік тәсіл (студенттердің әртүрлі іс-әрекетінің түрлерін белсендіру арқылы болашақ маманның кәсіби негіздерін қалыптастыру: оқу-танымдық, өздігінен білім алу, практикалық оқу-кәсіби, оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу; әртүрлі іс-әрекет түрлерін өзін-өзі ұйымдастыру бойынша дағдылар мен білім жүйесін қалыптастыру және дамыту);

- құзыреттілік тәсіл (болашақ маманның ЖОО-да оқу кезінде функционалдық-кәсіби сауаттылықтың оңтайлы деңгейін, еңбек қызметінің мақсатына жету үшін қажетті және жеткілікті базалық кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктердің жиынтығын меңгеруі);

- контекстік тәсіл (нақты кәсіби міндеттерді шешу кезінде еңбек саласында туындайтын нақты байланыстар мен қарым-қатынастардың оқу-танымдық іс-әрекетінің формалары мен әдістерінде қайта құру арқылы болашақ кәсіби қызмет контекстінде ЖОО-ның білім беру үдерісін жүзеге асыру).

Ал орыс ғалымы Б.Р. Мандель педагогтың кәсіби практикалық қызметінің, дайындығының, құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігінің міндетті шарты ретінде оқытуды қазіргі заманға сай ұйымдастырудың төмендегідей тәсілдерін бөліп көрсетеді:

- жеке тұлғаға бағытталған тәсілде студенттердің тұлғалық өсуіне қол жеткізу үшін жұмыс әдістері мен құралдарын таңдауда өзара байланыс, көмек, құрмет және қолдау стратегиясы қолданылады;

- мәндік тәсіл пәнаралық байланыстарды орнатуда маңызды жүйелік білімді қалыптастыру негізінде студенттердің қабілеттерін дамыту бағытында барлық педагогтардың өзара әрекеттесуі барысында көрініс табады;

- операциялық-әрекеттік тәсіл білім беру стандарттарының негізгі ұстанымдарына негізделеді. Студенттердің іс-әрекет жасай білуі білім алу үрдісінде қалыптасады, яғни білім практикалық қолдану барысында меңгеріледі;

- кәсіби – бағдарлы (құзыреттілік) тәсіл студенттердің оқуға деген кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби ұстанымдарын қалыптастырудан көрінеді;

- акмеологиялық тәсіл студенттердің шығармашылық ойлау, өзін-өзі дамыту, жетілдіру, өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылауын қалыптастыру үшін оқытудың жаңа құралдары мен әдістерін әзірлеуден

тұратын инновациялық білім беруді ұйымдастырудағы мәндік тәсілмен тығыз байланысты.

- креативті-дамытушылық тәсіл студенттерде іс-әрекетке шығармашылық көзқарас пен өнімді ойлауды, шығармашылық тұлғаның қасиеттері мен қабілетін, ғылыми-шығармашылық шеберлігі мен дағдыларын қалыптастырады,

- контекстік тәсілде оқылатын пәндердің мазмұны білім беру стандартына сәйкес келеді [3, 532-533].

Аталған тәсілдердің ішінде біздің зерттеуімізге өзек болатын кәсіби – бағдарлы (құзыреттілік) тәсіл. Құзыреттілік болашақ педагог-психологтың кәсіби қабілеттері кәсіби қызметті атқару үдерісінде туындайтын, алуан түрлі өзекті мәселелерді жүйелі шешу арқылы бейінді оқыту үдерісінде қалыптасуды және танылуды білдіреді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Және де тек білім ғана емес, студенттің оқу үдерісінде меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін іс жүзінде дұрыс, орынды, тиімді пайдалануы. Оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді.

Құзыреттілік тәсіл – бұл білім беру нәтижелерін білім беру жүйесінен тыс жерлерде маңызды деп танылатын тәсіл. Болон процесі контекстінде білім беру нәтижесі "түлектің еңбек нарығында кәсіби даярлығымен" көрінуі тиіс, яғни "таңдаған мамандығы бойынша жоғары оқу орындары түлектерінің табысты өсуі мен жұмысқа орналастыру әлеуетін кеңейту үшін білім, білік, құзыреттілік жиынтығын, сондай-ақ жеке қасиеттерін пайдалану, оған түлектердің өздері, қоғам, экономика және жалпы жұмыс берушілер де қызығушылық танытады" – деп түсіндіріледі [4].

Оқытудағы құзыреттілік тәсіл оқытудың кәсіби бағыттылығы принципін ерекше назар аудару қажеттілігін талап етеді, өйткені оның міндеті – оқылатын пәндердің теориялық сипаты арасындағы қарама-қайшылықты шешу мен осы білімді кәсіби қызметте қолдана білу, бұл шын мәнінде, оқытудағы құзыреттілік тәсілді іске асырады.

"Бағыттылық" білім беру деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастырудың барлық түрінде көрінеді. Оқытудың кәсіби бағыттылығы принципін бірінші рет Р.А. Низамов пен А.В. Барабанщиков енгізді. Р.А. Низамов ЖОО-дағы оқу-тәрбие үрдісінің кәсіби бағыттылығын жоғары мектеп дидактикасының ерекше принципі ретінде қарастырды [5].

Оқытудың кәсіби бағыттылығы мәселелері А.А. Вербицкий, А.Я. Кудрявцев, Н.В. Кузьминаның, М.И. Махмутовтың, В.А. Сластениннің және т.б. еңбектерінде зерттелген.

Кәсіби бағыттылық принципін негіздеу қажеттілігі В.И. Загвязинскийдің жұмыстарында берілген [6].

Оқытудың кәсіби бағытына арналған педагогикалық зерттеулерде бұл ұғымды екі қырынан алып қарастырады. Бірінші тәсіл кәсіби бағыттылықты болашақ мамандыққа оң көзқараспен жеке тұлғаның қажеттіліктерін, уәждерін, мүдделері мен бейімділігін бағдарлау ретінде қарастырады.

И.Н. Алешина бұл контексте кәсіби бағыттылықтың келесі белгілерін көрсетеді:

- кәсіби, қоғамдық және танымдық бағыттың өзара байланысы;
- кәсіби бағыттың қызмет мәнімен байланысы;
- қызметке саналы және психологиялық дайындық;
- бейімділік пен қабілет негізінде кәсіпке деген жан-жақты тұрақты қызығушылық [7].

И.Н. Алешина айтқандай, кәсіби бағыттылық білім беру және өзін-өзі жетілдіру барысында студенттің танымдық қызметін ынталандыратын оқудың басты себебі болып табылады.

Кәсіби бағыттың екінші тәсілі жалпы ғылыми, жалпы кәсіптік және арнайы пәндердің пәнаралық байланыстары негізінде білім беру мазмұнын іріктеу және құру мәселелеріне қатысты.

А.Я. Кудрявцев кәсіби бағыттылық принципі өндірістік оқумен байланысты ғана емес, сонымен қатар теориялық оқытуды, жалпы білім беретін және арнайы пәндердің пәнаралық байланысын ұйымдастыруды, жалпы білім беретін пәндерді оқыту үдерісінде кәсіби аспектіні пайдалануды талап ететінін көрсетеді [8].

Педагогикалық әдебиеттерде кәсіби бағыттылық принципі ұғымымен қатар кәсіби-бағдарлы оқыту ұғымы бар. Кәсіби-бағдарлы оқыту деп біз кәсіптік бағыт принципін іске асыруға бағытталған оқытуды түсінеміз. Кәсіби-бағдарлы оқыту үшін кәсіби бағыттылық принципі басым болып табылады, оқытудың қалған барлық принциптері оған бағынады.

Кәсіби білім беруде "кәсіби-бағдарлы технология" термині қолданылады. Бұл технология кәсіби-бағдарлы оқыту үдерісін ұйымдастырудың стратегиясын, тактикасын және техникасын анықтайды. Оқытудың кез келген технологиясының (соның ішінде, кәсіби-бағдарлы оқыту технологиясының) негізінде білімді меңгерудің белгілі бір психологиялық/педагогикалық теориясы (немесе теориялар кешені) жатыр.

Бірқатар зерттеушілер "кәсіби-бағдарлы технологияны" ЖОО студенттерінің болашақ кәсіби қызметі үшін маңызды жеке басының қасиеттерін қалыптастыруға, іргелі, пәнаралық және арнайы білім алуға, оқу орнын бітіргеннен кейін таңдаған мамандық бойынша функционалдық міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін іскерлікті, дағдыларды, құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін технология ретінде қарастырады.

Кәсіби-бағдарлы оқыту технологиясы оқытушының дидактикалық және кәсіби-педагогикалық құралдарын таңдау, жинақтау және

пайдалану тәртібін анықтайтын әдістемелік және ұйымдастыру-әдістемелік нұсқаулардың жиынтығы ретінде қарастырылады [9,33]. Жалпы кәсіби-бағдарлы оқыту технологиясы болашақ маманның кәсіби даярлығына қойылатын мақсаттарға қол жеткізуге кепілдік беруі тиіс.

Қорыта айтқанда, құзыреттілік – білім алушының оқу үдерісінде меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін тәжірибеде тиімді қолдана алуы. Ал кәсіби – бағдарлы оқыту – білім алушының қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін оқыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. – 27 шілде.
2. Дяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психология высшей школы. – Минск: Изд. БГУ, 1981. – 383 с.
3. Мандель Б.Р. Педагогика высшей школы история, проблематика, принципы: учебное пособие для обучающихся в магистратуре. – Москва, Берлин: Директ-Медиа, 2017. – 618 с.
4. The official Bologna Seminar on Employability in the context of the Bologna Process Bled/Slovenia 21-23 October 2004.
5. Низамов Р.А. Дидактические основы активизации учебной деятельности студентов. – Казань : КГУ, 1975. – 302 с.
6. Загвязинский В.И. Теория обучения: современная интерпретация: учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – М.: Академия, 2001. – 192 с.
7. Алешина Т. Н. О разработке дидактических материалов по математике с профессиональной направленностью / Т.Н. Алешина // Математика в школе. – 1990. – № 4. – С. 44.
8. Кудрявцев А. Я. К проблеме принципов обучения / А.Я. Кудрявцев // Советская педагогика. – 1981. № 8. – С. 100–106.
9. Мандель Б.Р. Профессионально-ориентированное обучение: проблематика и технологии: учебное пособие для обучающихся в магистратуре. – Москва, Берлин: Директ-Медиа, 2016. – 341с.

3.28. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың бүгінгі жағдайы

Гүлнұр Темірбай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 1-курс магистранты (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Марзия Пазиловна Асылбекова

педагогика ғылымының кандидаты, доцент.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Тұлғаны эстетикалық тәрбиелеу проблемасы әлемдік педагогикалық ойларда ұзақ тарихы бар. Эстетикалық тәрбие адамзат қоғамы дамығанға дейінгі ерте дәуірдің өзінде педагогтардың, философтардың, ғалымдардың қызығушылығын тудырған. Тарихи дәуірге, ұлт менталитетіне, дәстүрлі дүние танымына, тәрбие идеалына байланысты эстетикалық білім беру мен тәрбиенің мақсаты, нормасы, құралы мен әдістері анықталды. Қазіргі заманғы эстетикалық тәрбие теориясы мен практикасы ауқымды тәжірибеге сүйенеді, «эстетикалық тәрбие» анықтамасының тағдыры адам санасы, «мәдениет» және «өнер» тарихы сияқты тереңде жатыр және көп қырлы деп айтуға болады.

Әлемді эстетикалық түсіну дерек көздерін алғашқы қоғамның өзінде, көне шығыстың археологиялық өркениетінің мәдени мұраларында байқауға болады. Алайда, эстетикалық тәрбие теориясы мен практикасының дамуының негізгі үрдісі антикалық дәуір тұлғалары - Платона мен Аристотелдің философиялық еңбектеріне негізделеді. Солар тұлғаның эстетикалық қалыптасуының негізгі проблемалары мен міндеттерін айқындады, эстетикалық тәрбиенің мақсатын жасай отырып – үйлесімді дамыған тұлға тұтастығын қалыптастырды.

Осы мақсаттар негізінде эстетикалық тәрбие феноменінің алдағы тарихы қалыптасты. Қазіргі заманғы кезеңде бұл ұғым көптеген анықтамалар мен бағаны сипаттайтын күрделі, көпфункционалды білімді білдіреді. Дегенмен, эстетикалық тәрбиенің мақсаты, бір жағынан өскелең ұрпаққа эстетикалық білім, өткен ғасырдағы машықты, дағдыны беру болып қала бермек, ал екінші жағынан – осы негізде тәрбиеленушілердің өзінің эстетикалық дамыған тұлғаны қалыптастыруы.

Ұжымдық эстетикалық тәрбие теориясы шеңберінде (А.В. Луначарский, А.В. Бакушинский, С.Т. Щацкий, В.Н. Шацкая, А.С. Макаренко және басқалары) тұлғаның эстетикалық қалыптасуы мәселесіне арналған өзге ғылыми мектеп қалыптасты. Педагогтардың түсінігінде тұлғаны қалыптастырудың маңызды құралы педагогикалық процестің тұтастығы қамтамасыз етілетін әлеуметтендіру болып табылды. Осы процесте маңызды рөл эстетикалық тәрбиеге берілді. Педагогтардың еңбектерінде эстетикалық тәрбиенің осы бағыттары тұлғаның мәдениетін қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылды, бұл ретте тәрбие қызметінің әртүрлі – адамгершілік, ақыл-ой, еңбек бағыттарын біріктіретін, эстетикалық тәрбиенің интегративті мәні ерекше көрсетілді.

Т.А. Ильинаның «Педагогикасында» эстетикалық тәрбие «өнерде, табиғатта және барлық қоршаған ортада шынайы үйлесімді адамды әдемілік құралымен тәрбиелеу» деп түсініледі [1]. Т.А. Ильина эстетикалық тәрбиенің мәдениет тану функцияларын ерекше атай отырып, ауқымды педагогикалық жопарда осындай тәрбие оқушыларды көп ғасырлық эстетикалық мәдениетке баулу екенін айқындайды.

Соңғы жылдардағы (А.А. Веремьев, В.С. Библер, А.П. Валицкая, В.А. Доманский, С.В. Кульневич) еңбектерінде осы мәдениет тану тәсілі әсіресе көп қырлы болып көрсетілуде. Қазіргі заманғы білімнің мәдениет тану жүйесіндегі эстетикалық тәрбиенің мақсаты оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Эстетикалық тәрбиенің өлшемшарттары педагогтардың пікірі бойынша эстетикалық мәдениетті меңгеруі болып табылады. Мәселен, А.А. Веремьев эстетикалық тәрбиені «тұлғаның эстетикалық мәдениетін жетілдіру ретінде қарастыруға болады» деп пайымдайды [2].

Ұсынылған анықтамаларды ретроспективті талдау қарастырылып отырған әрбір эстетикалық тәрбиені байланыстыратын жалпы ереже деп бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Эстетикалық тәрбие деп:

- тұлғаның жан-жақты дамуының, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіруінің құрамдауыш бөлігі, тәрбиенің әртүрлі: адамгершілік, еңбек, физикалық және т.б. бағытарымен байланысы (А.А. Веремьев, В.П. Острогорский, В.А. Сухомлинский, В.Н. Щацкая, Г.И. Щукина);

- табиғатта және өмірде сұлулықты қабылдай білу және көре білу, бағалай білу мүмкіндігін қалыптастыру (И.Ф. Гончаров, М.С. Каган, Н.И. Киященко);

- жеке өзінің шығармашылық қасиеттерін дамыту (Т.А. Ильина, А.А. Мелик-Пашаев, Б.М. Неменский,).

- тұлғаның эстетикалық мәдениетін қарастырудың негізгі құралдары (Ю.К. Бабанский, М.А. Верб, Г.С. Лабковская, Б.Т. Лихачев, Л.П. Печко) түсініледі.

Тұлғаның эстетикалық тәрбие мен эстетикалық мәдениет анықтамаларының ішінен А.А. Веремьев эстетикалық тәрбие процесінің алдында тұрған мынадай міндеттерді бөліп көрсетеді:

- эстетикалық теорияның және білім алудың, машықтанудың, дағдының, арнайы ұғымдық аппараттарды меңгерудің, білімнің негізінде қортынды жасау және эстетикалық сендіре білудің эстетикалық құндылығымен қарым-қатынас практикасының негізін меңгеру;

- мінез-құлық саласында эмоциялық-сезімталдықты қалыптастыру, өнер шығармаларына және қоршаған ортадағы шынайылыққа эстетикалық ден қоя білу мүмкіндігін дамыту, көргенді және естігенді түсіну және эстетикалық күйзелу;

- эстетикалық талғамды және болжау және эстетикалық жетілу негізінде эстетикалық құндылықты бағалай білу мүмкіндігі ретінде идеалды қалыптастыру;

- эстетикалық қабілетін дамыту: қоғамдық өмірдің барлық саласында үйлесімділікті енгізе білу.

Аталған міндеттер эстетикалық мәдениет компоненттерімен: рецептивті, эмотивті, когнитивті, аксиологиялық және жүйелік-іс-әрекетпен тығыз байланысты. Тиісінше, біз қазіргі заманғы әлеуметтендіру шартында оқушыларды эстетикалық тәрбиелеу эстетикалық мәдениетті іске асырудың маңызды құралы болып табылады деп пайымдаймыз.

Ю.К. Бабанский, Т.А. Ильина, Б.Т. Лихачева, Л.П. Печко, Г.И. Щукина еңбектерінде эстетикалық тәрбие оқу және сыныптан тыс жұмыстарды, мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі білімді, отбасындағы тәрбиені және өзін-өзі тәрбиелеуді қамти отырып, педагогикалық қызметтің заңды, басқару жүйесі ретінде қарастырылатынын атап өту маңызды.

Эстетикалық тәрбиенің қазіргі заманғы жүйесінің елеулі компоненттерінің бірі көркемдік тәрбие, оқушыларға білім беру мен дамыту болып табылады. Осы ұғымдардың негізгі ережелерін қарастырайық.

Көркемдік тәрбие «тұлғаны өнер құралы арқылы эстетикалық дамыту» ретінде айқындалады. Көркемдік тәрбиенің қазіргі заманғы кезеңінде тұлғаның көркемдік мәдениетін қалыптастыру процесі ретінде қарастырылады, оның деңгейі көркемдік білімділігіне, өнер саласындағы қызығушылығының кеңдігіне, оны түсіну тереңдігі мен шығарманың көркемдік жетістігін дұрыс бағлай білуінің дамуы дәрежесіне байланысты. Қазіргі заманғы мектеп тәжірибесінде өнер құрылымын көркемдік тәрбие беру эстетикалық тәрбиемен салыстырғанда кеңінен таралған, себебі көркемдік тәрбие пәні классикалық өнер шығармалары болып табылатын, көркемдік-эстетикалық цикл сабақтарында жүзеге асырылады.

Көркемдік және эстетикалық тәрбие арасында диалектикалық өзара байланыс бар екені көрінеді, бірақ эстетикалық тәрбие көркемдікпен салыстырғанда неғұрлым кең құбылысты білдіреді, себебі ол адамның эстетикалық қатынасын тек өнерге ғана емес, сондай-ақ ол үшін эстетикалық маңызды болатын барлық құбылысқа қатысты қалыптастырады. Эстетикалық күйзеліс объектісі өнер шығармасы, сондай-ақ шын мәніндегі құбылыс, табиғат әлемі, еңбек процесі, адамның өзара қарым-қатынасы мен әрекеттері болуы мүмкін.

Алайда бүгінде эстетикалық тәрбие процесі көптеген қиындықтарға тап болуда. Оның себебі мектептің күнделікті практикалық қызметінде эстетикалық тәрбие саласындағы ғылыми жетістіктердің тым аз енгізілуінде. Н.И. Киященко «эстетикалық тәрбиенің көптеген теоретиктері үшін ең өкініштісі, біздің елімізде өзінің жеке педагогикалық практикасы мен біздің ізбасарларымыздың педагогикалық қызметінен басқа, біздің ғылыми жетістігіміздің эстетикалық-тәрбие практикасына енгізудің ешқандай өзге тәсілінің

бізде жоқтығы» деп атап көрсетеді [3]. Бұл мән-жай бірнеше факторлармен түсіндіріледі:

- өзінің негізгі міндеті ретінде білім, ақпарат беруге айналған орта білім беру мекемелерінің оқу жоспарларының шамадан тым көп болуы;
- кең таралған әдістеменің – базаның: мектепте эстетикалық тәрбие мен білім беру проблемасы бойынша бағдарламаның, оқу-әдістемелік құралының болмауы;
- педагогика кадрларын тиісті деңгейде дайындаудың болмауы;
- мектептің материалдық жарақтануының аздығы;
- мемлекеттік білім беру деңгейіндегі орта білім беру мекемелерінің оқушыларын тұлға ретінде эстетикалық қалыптасуы проблемасына назардың аударылмауы.

Осы саланың зерттеушілері (Н.И. Киященко, В.С. Кузин, Б.М. Неменский) проблеманың көзі мектепте білім берудің барлық жүйесін қайта құру қажеттілігіне келіп саяды деп пайымдайды, ол өсіп келе жатқан адамның алдынан әлемді, оның барлық құндылығы мен үйлесімділігі жағынан ашатын, оның табиғи бейімділігін дамытуға мүмкіндік беретін мәдени-тарихи процесс және «ешуақытта мойымайтын және сұлулыққа ұмтылуды ешқашан тоқтатпайтын өзіндік сапа» ретінде қаралуы тиіс [3].

Қазіргі заманғы мектеп оқушыларының эстетикалық тәрбиесін зерттеушілердің (Л.В. Богомолова, А.И. Буров, М.А. Верб, А.А. Веремьев, Т.П. Голубева, Е.В. Квятковский, А.А. Мелик-Пашаев және басқалары) негізгі тәсілін зерделей келе біз, қазіргі кезде эстетикалық тәрбие процесін ұйымдастырудың төрт жаңа моделін бөліп көрсетуге болады деп пайымдаймыз:

- бірінші модель, эстетикалық тәрбие бөлек жұмыс істейді;
- екінші модель, оқушылардың эстетикалық тәрбиесі дәстүрлі жүйе ретінде жүзеге асырылады;
- үшінші модель балаларға қосымша білім беру мекемелерімен және мәдениет мекемелерімен мектептің тығыз ынтамақтастығы негізінде іске асырылатын, мектептегі эстетикалық тәрбиені жеткілікті деңгейде ұйымдастыру;
- төртінші инновациялық модель, мектептің барлық оқу-тәрбие процесінің эстетикалық бағытынан өзгеше.

Бірінші модель мектептегі оқу-тәрбие процесінің негізгі және қосымша компоненттерінің айырмашылғын сипаттайды. Осы білім беру компоненттері шеңберіндегі мектепте эстетикалық тәрбие не әлсіз дамыған, не мүлдем жұмыс істемейді.

Осы моделдегі мектеп, әдетте, оқушы тұлғасын қалыптастыру проблемасын назар аударусыз қалдырып, оқу-тәрбие процесінің білім парадигмасына бағытталады. Сөзсіз мұндай мектептер олардың білім беру-тәрбие қызметіне тәрбиенің әртүрлі аспектілері, соның ішінде эстетика бойынша бағдарлама енгізуді қажет етеді.

Екінші модель мектепте эстетикалық тәрбие жүйесін ұйымдастырудың дәстүрлі құрылымынан өзгеше. Бұл модель мектеп оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай тұтас жүйесі ретінде әлі жұмыс істемесе де, оқу-тәрбие процесінің негізгі (базалық) және қосымша компоненттері шеңберінде мектепте бар әрбір эстетикалық тәрбие құрылымы ұйымдастырылғанын сипаттайды. Базалық білім беруде эстетикалық цикл пәні жеке бағытталған педагогикалық технологияны қолданса да, дәстүрлі бағдарлама бойынша оқытылады. Солай бола тұрға да, осындай моделдерде эстетикалық тәрбие жөніндегі жұмыстың тамаша формалары (шығармашылық клуб, қауымдастықтар, зертханалар, орталықтар) кездеседі. Әдетте, мұндай мектептер оқушының жеке басының дамуын өз міндеттерінің бірі етіп қояды, сондықтан олар эстетикалық тәрбиені оқушылардың қазіргі заманғы өмір кеңістігінде өз әлемінің көп қырларын және сыртқы әлемнің көптеген қырларын ашуына, осы тұтас әлеммен өзінің біртұтас екенін эмоциялық сезінуіне мүмкіндік беретін, осындай дамудағы педагогикалық құралдардың бірі ретінде пайдаланады.

Үшінші модель жалпы орта білім беру сатысында эстетикалық тәрбиені ұйымдастыруды мектептің балаларға қосымша білім беру мекемесімен немесе мәдениет мекемесімен – Балалар шығармашылық мектебімен, клубтармен, өнер мектебімен, театрмен және т.б. тығыз ынтымақтастық негізінде құрады. Мұндай ынтымақтастық ұдайы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте қосымша білім беру жүйесінде эстетикалық компонент жетекші болады. Факультативтік сабақтар және қосымша білім беру мекемесінің қызметкерлері сыныптан тыс іс-шаралар шеңберінде экскурсия сабағын, театр сабағын, мәдениет сабағын өткізеді, мектеп театрының қойылымдарына режиссиру болады, оқытушылар, балар және олардың ата-аналары үшін өнер бойынша арнайы сабақтар ұйымдастырады. Осылайша эстетикалық бағдарламаны практикада іске асыру кезеңінде қосымша білім беру арнайы мекемесінің рөлі едәуір өседі.

Төртінші инновациялық модель барлық оқу-тәрбие процесіне эстетикалық бағытты сипаттайды. Эстетикалық тәрбие осындай мектептерде балаларға негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау негізіне құрылады және оқу-тәрбие кешені ретінде жұмыс істейді.

Эстетикалық тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі төрт моделін қарастыра отырып, біз эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың жоғары деңгейі:

- эстетикалық мәдениет интегралдық тұлғалық санат ретінде, ал эстетикалық цикл пәндері оқу-тәрбие процесінде жетекші орын алатын;
- оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс әрекеттеріне үлкен назар бөлінетін, эстетикалық тәрбие мектептің оқу-тәрбие процесінің негізгі және қосымша компоненттерінің негізінде құрылатын және оқу-тәрбие кешені ретінде жұмыс істейтін;

- гуманитарлық-эстетикалық цикл пәндерінің тығыз интеграциясына негізделетін, эстетикалық тәрбие процесін ұйымдастыруда кешенді тәсілді пайдаланатын;

- тұлғаны эстетикалық дамыту оның көркемдік және жалпы психологиялық дамуының бірлігі принципіне негізделетін;

- сабақта және сабақтан тыс әрекеттерде жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістері пайдаланылатын, мектеп білім беру мекемелерімен және мәдениет мекемелерімен (мұражай, театр және т.б.) өзара белсенді іс-қимылда болатын білім беру мекемелерінде қамтамасыз етіледі деген қорытындыға келдік.

Эксперимент авторларының пікірінше эстетикалық тәрбие оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың пәрменді құралы болып табылды, барлық оқу орындары үшін екі өзекті міндетті қамтамасыз етті:

- адамның қазіргі заманғы әлеуметтік мәдениет проблемасына қосылуы, бұрынғы мен қазіргі әлемдік және отандық мәдениетке араласуы;

- адамның жалпы адам құндылығы әлеміне енуіне мүмкіндік беретін, тікелей көркемдік іс-әрекет тәжірибесін дұрыс түсіну, қабылдау және өнер шығармасын бағалау.

«Бұл ретте, — автор, жаңа ұйымдастыру жүйесін құрудағы негізгі буын — бұл жалпы білім беру мектебі» деп тағыда айтады [4]. Олардың алдында күрделі міндет тұр — баланы әлемді эстетикалық қабылдауға және олармен өзін байланыста болуға үйрету, балада сұлулыққа қажеттілікті тәрбиелеу және оны көре білуі, тани білуі және құру мүмкіндігі.

Осылайша, эстетикалық тәрбие оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде қарастырылатынын, қазіргі заманғы кезеңде қоғамды дамыту білім беру мекемесі қызметінің басым бағыты болып табылады деп сеніммен бекітуге болады. Н.И. Киященко пайымдағандай ХХІ ғасырдың басында «қазіргі заманда адамды тәрбиелеудің барлық түрлері арасында эстетикалық тәрбие ең көп интеграциялық әлеуетке ие және өзінің құралдары арқылы тәрбиенің барлық түрлерінің міндеттерін шеше алады» деп айтуға болады [3].

Осы факт эстетикалық тәрбие тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде куәландырады, бір жағынан тұлғаның эстетикалық санасын қалыптастыруды, ал екінші жағынан эстетикалық құндылықты құру қажеттілігі мен мүмкіндігін тәрбиелеу, яғни тұлғаның олардың құндылығындағы ішкі және сыртқы әлемді сауатты меңгеруі деп пайымдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ильина, Т.А. Педагогика: курс лекций. - М.: Просвещение, 1984. - 495 с.

2. Веремьев, А.А. Эстетическое и художественное воспитание: сущность и взаимосвязи // Искусство и образование. - 2002. - № 3. - С. 4-10.

3. Киященко, Н.И. Эстетико-воспитательный «портрет» конца XX века // Современные концепции эстетического воспитания. — М.: Ин-т философии РАН, 1998. - 302 с.

4. Блонский, П.П. Избранные педагогические и психологические произведения: в 2-х томах / под ред. А.Н. Петровского. - М., 1979. - Т. 1. - 304 с.

3.29. Тестирование, как одна из часто применяемых форм контроля и проверки знаний

Инна Алексеевна Аксёнова

Преподаватель специальных дисциплин отделения «Технические специальности» ГККП «Актюбинский Высший политехнический колледж» (г. Актобе, Казахстан)

Ирина Ивановна Бедная

Преподаватель специальных дисциплин отделения «Технические специальности» ГККП «Актюбинский Высший политехнический колледж» (г. Актобе, Казахстан)

В настоящее время тестирование стало одной из форм обучения, контроля и проверки знаний студентов. На своих уроках наряду с другими методами, самостоятельными, практическими и контрольными работами, мы используем метод тестирования.

Он позволяет быстро обнаружить пробелы в знаниях студентов. Если после проверки тестовых заданий выявлено, что на одни и те же вопросы дано большое количество не правильных ответов, то это означает:

1) данный раздел темы не был доступно представлен студентам – преподавателю следует вернуться к ранее изученному материалу и объяснить недостающие знания (можно на дополнительных занятиях);

2) данный раздел темы не был понят студентами из-за сложности - преподавателю следует объяснить учебный материал доступней, на примере схемы, задачи или практической ситуации;

3) вопросы и ответы составлены не совсем удачно, без логики – рассмотреть подборку вопросов и ответов, проверить на определенность.

Существует много разновидностей тестов, которые разделяются на группы по нескольким основаниям: по предмету тестирования (тому качеству, которое оценивается с помощью данного теста); по особенностям используемых в тесте задач; по материалу,

предъявляемому испытуемым; по объекту оценивания. По предмету тесты делятся на интеллектуальные, личностные и межличностные.

Интеллектуальные тесты предназначены для оценки уровня развития мышления, интеллекта человека и его отдельных процессов, таких, как восприятие, воображение, память речь.

По особенностям используемых задач выделяются практические, образные и вербальные (словесные) тесты. Вербальные тесты включают в себя задания на оперирование словами. Они предполагают, например, определение понятий, умозаключения, сравнение объёма и содержания различных слов, выполнение различных логических операций с понятиями.

По характеру тестового материала, предъявляемого испытуемым, тесты делятся на бланковые и аппаратурные. Бланковыми называют такие тесты, в которых используется тестовый материал в форме различных бланков: рисунков, схем, таблиц, опросников и тому подобных.

Виды тестов, применяемых при изучении дисциплины, курса:

- Входной тест- выявление уже ранее имеющихся знаний у студентов;

- Обучающий тест – требует знаний и логики для составления схемы, решения задачи, и по результату выбирается правильный ответ;

- Проверочный тест - контроль знаний при изучении темы;

- Промежуточный тест – контроль знаний при изучении раздела;

- Контрольный срез – тестирование по дисциплине.

Студенты с интересом выполняют также не стандартные тесты:

Фундаментальный тест – проверка базовых знаний студентов, например, в изучении механических зубчатых передачах вращательного движения;

Логический тест - выявление у студентов технических способностей, развития самостоятельного и логического мышления, проявления интереса к дисциплине, своей профессии, возможности интересного обсуждения ответов после его выполнения с сокурсниками.

Тесты как одна из форм контроля заслуживают внимательного изучения и применения их на практике по целому ряду положительных характеристик:

- быстрота проверки выполненной работы;
- оценка достаточно большого количества учащихся;
- возможность проверки теоретического материала;
- проверка большого объема материала малыми порциями;
- объективность оценки результатов выполненной работы.

Однако в силу своих недостатков (большая вероятность выбора ответов наугад при неподготовленности студента к уроку, или методом исключения, проверка лишь конечных результатов действий,

затруднение со стороны учителя, а чаще невозможность проследить логику ученика) тесты не могут служить основной формой контроля за качеством успеваемости студентов. Они не в состоянии охватить все стороны учета успеваемости и использовать их можно только наряду с другими формами контроля.

Создание теста начинается с определения и, по возможности, ограничения области знаний, навыков, которые будут испытываться тестом. При этом нужно учитывать соответствие проверяемых знаний, умений и навыков программным требованиям. Тесты не должны быть однообразными, иначе интерес студентов к работе над тестом ослабевает. Рекомендуется при составлении тестовых заданий учитывать следующие положения:

- Вопросы, включенные в тест, должны быть разного уровня сложности. Это позволит сильным учащимся не переоценивать своих возможностей, сталкиваясь всё время с очень легкой работой, а слабым - не разувериться в своих силах.

- Экономность вопросов: при самой краткой формулировке тест должен «вытягивать» из учащихся возможно больший объем знаний.

- Тестовые вопросы должны повторяться. Их формулировки должны дополняться, нужно продумать, сколько «кругов повторения» стоит закладывать в этот тест, то есть, сколько раз различные вопросы будут возвращать ученика к той же теме. Совокупность правильных ответов покажет, что студент в состоянии собирать воедино фрагменты своих знаний по теме и пользоваться ими для решения различных задач.

- Формулировки вопросов тестовых заданий должны, прежде всего: содержать одну законченную мысль; избегать слов, дающих возможность учащимся догадаться о правильном ответе, а также двусмысленных утверждений.

- Вопросы и ответы должны быть разнообразными, чередоваться – должны содержать цифры с размерами, с погрешностями измерений, с количеством, единицы измерений, фамилии ученых, символы, формулы, даты и т.д.

Ответ на поставленный вопрос не должен зависеть от предыдущих ответов. Правильные и неправильные ответы должны быть однозначными по содержанию и общему количеству слов. Место правильного ответа не должно повторяться от вопроса к вопросу. Все ответы по конструкции должны быть преимущественно однородными.

Чтобы цель тестирования была достигнута, необходимо при составлении тестов поставить следующие задачи:

- Создавать каждому студенту ситуацию успеха.
- Вовлекать каждого студента в активную познавательную деятельность.
- Задания должны быть посильными для ребят.

- Предоставить студенту возможность работать на своем уровне сложности.

- Должна быть связь с производственной ситуацией.
- Получение объективной информации по усвоению студентами знаний, умений, навыков, а также выявлению возникших затруднений.
- Каждый студент должен быть аттестован.

Ученые справедливо подчеркивают, что объем тестовой основы должен быть таким, чтобы обучаемые смогли удержать в памяти, вопросы должны содержать изученный лексико-грамматический материал; каждое тестовое задание должно быть решено.

3.30. Практикалық сабақты белсенді өткізу әдістері

Эльмира Изтелеуовна Куккузова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
«Құқықтану» кафедрасының заң магистрі, аға оқытушысы
(Атырау қ. Қазақстан)

Жадыра Жағыпарқызы Жағыпар

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
«Құқықтану» кафедрасының заң магистрі, аға оқытушысы
(Атырау қ. Қазақстан)

1995 жылы маусым айында елімізде жаппай құқықтық білім беруді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылданды. Қаулыда құқықтық оқуды мектептерде бастауыш сыныптардан бастап неғұрлым кең көлемде енгізу қажеттігі атап көрсетілді. Бұдан шығатын тұжырым не? Ол тәуелсіздік тұғырына көтерілген Қазақстанның алдында білім беру саласында жаңа қажеттіліктердің, оқытудың жаңа технологиясын пайдалан отырып білім беру әдістерінің пайда болуы. Ғылым мен техниканың тез даму қарқыны, өндіріске шетелдік және отандық озық, жаңа технологиялар мен әдістердің енуі, қоғамның жаңа экономикалық қатынастарға көшуі республикамыздың білім беру саласында жүргізіп жатқан реформалық өзгерістерді жетілдіруді, білім сапасын арттыруды талап етеді.

Тұңғыш Елбасымыздың халыққа Жолдауында берілген Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген. Осы жолдағы басым бағыттардың бірі сапалы бірегей білім беру жүйесі бар ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс, педагогтан ақпаратты коммуникативті құжіреттілігін арттыруын талап етеді, осы тұжырым бағдарламаны негізге ала отырып, кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыруда педагог құзыреттілігі, студенттен кәсіби құзыретті

маман қалыптастыруды бәсекеге қабылетті, білімді, азаматтар тәрбиелеуді жүктейді.

Осыған орай, біздің – мамандықтар бойынша арнайы пәндер арқылы білім беру мемлекеттік білім стандарттары негізінде құрылған типтік жұмыстар бағдарламалары, оның негізінде дайындалған оқу, жұмыс бағдарламалары, тақырыптық – күнтізбелік жоспарлар, оқу – әдістемелік кешендер, электрондық оқулықтар, жаңа ақпараттық – технологиялар әдістері қолданылып келеді [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үрдіс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол адамға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендірілген, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекет болып табылады. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға адамның білім, білік, дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып жатыр. Жаңа заман кеңістігіндегі білім мен кәсіптік бәсеке алаңының ашықтығы және кіріс-шығыстың жалпыға ортақ талап деңгейінде бақылауға айналуы – жоғары білім беру жүйесінде шұғыл түрде өзгерістер енгізуді талап етеді.

Қазіргі таңда технологияның дамуы, жаһандану бағыты мен бәсеке білім кеңістігіне барған сайын батыл кіріп, оның ықпалы күшейе беретіні күмәнсіз. Олардың арасындағы қарым-қатынас күрделі мәселелерді тудыруы мүмкін. Бірақ, ол құбылыстардың ұлттық мүддеге және халықаралық талаптарға барынша сай келіп, белгіленген шектен аспауы тиіс. Әрине, әр елдің мүддесіне орай көзқарастарда алшақтықтардың болмай қоймайтыны белгілі. Оған бір ғана мысал, білім беру ісін мемлекет қамқорлығына алу керек пе, жоқпа, деген сауалға жауап арқалай. Айталық, Европа елдері мемлекеттік қолдаудың қажеттілігін баса айтып отыр. Бізде ұстаным да сол пікірмен сәйкес келеді. Бір атап өтерлігі, әлемдік білім кеңістігі стратегиясы ретінде онда көтерілген мәселелердің ешқайсысында біздің мемлекеттік мүддемізге қайшы келмейді. Оның үстіне Қазақстандағы білім беру жүйесінің деңгейі әлемдегі дамыған елдердің көрсеткішімен орайлас. Бізде білім берудің іргетасы берік қаланған, оған деген көзқарас та ерекше, әр азамат өзінің және ұрпағының білікті де білімді болуын алдыңғы қатарға қояды. Қазіргі уақытта білім берудің бір ерекшелігі – адамның тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуында болып отыр.

Жоғары білім беру жүйесінің дамуының әлемдік беталыстары білім беру жүйесінде жаңа ортаның-ақпараттық қоғамның пайда болуымен себептеледі [2].

Практикалық сабақты өткізудің белсенді әдістерін ашып қарамас бұрын, ең алдымен дәріс дегеніміз не?, қандай тәсілдері арқылы дәріс оқылады деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Оқыту әдістемесі – оқыту үдерісі барысында оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестік формасын көрсететін әдістер мен тәсілдердің бірлігі. Оқытудың негізгі үш әдісін көрсетуге болады: енжар, белсенді және интербелсенді әдістер.

Енжар әдіс – оқытушы мен білім алушының өзара әрекет формасы. Енжар әдісте оқытушы белсенді ролде болып, студенттер енжар тыңдаушы роліне енеді. Енжар әдісті ұстанғанда оқытушы мен студенттің арасындағы байланыс сұрақ-жауап, өзбетінше жұмыс, тест тапсырмаларын орындату т.б. формалар түрінде өткізіледі.

Белсенді әдіс – сабақ барысында оқытушы мен студенттің белсенді өзара әрекет формасы негізінде анықталып, студент тыңдаушы емес, белсенді қатысушы роліне еніп, оқытушымен бірдей деңгейде сабаққа атсалысады.

Интербелсенді әдістерді қолдану бүгінгі күннің талабы себебі қазіргі қоғам талабына сай, тұлғаның ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесінде, жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаз, шығармашыл тұлғасын қалыптастыру қажет.

Белсенді әдіс пен интербелсенді әдіс арасында айырмашылық бар. Интербелсенді әдіс белсенді әдіске қарағанда ауқымы кеңдеу, бұл әдіс тек қана оқытушы мен студент арасында белсенділікке ғана студент пен студент арасындағы өзара пікірталасқа, ой бөлісуге, өзара бірлесіп негізгі мәселелерді шешуге бағытталған. Интербелсенді әдіске негізделген сабақта студенттерді сабақ мақсатын шешуге бағыт беріп отыру, ал оның белсенді орындаушылары студенттер.

Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында студент білімді өз бетімен, өзіндік жұмыс барысында, оқытушы басшылығымен немесе оқытушының тікелей көмегінсіз қабылдайтынын білеміз [3].

Жоғары оқу орындарында студенттерді кредиттік оқыту жүйесі туралы ережеге сәйкес, қолданылатын дәрістік және практикалық сабақты жүргізудің негізгі ұйымдастыру формаларын қарастырып өтелік.

Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын меңгеру үдерісіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері. Белсенді оқыту әдістерінің жіктелуі:

- жартылай кәсіби іс-әрекетті модельдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар, кәсіптік жағдаятты талдау, тренинг;

- білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық есептер, жағдаяттар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», оқу пікірталасы, «кейс-стади», өзіндік жұмыс.

«Пікірталас әдісі» – оқытудың сөздік әдістерінің ішінде елеулі орын алады. Оның оқыту процесіндегі ең басты қызметі-танымдық

қызығушылықты ынталандыру, оқушыларды қандай да мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғаның және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау. Пікір-сайыс өткізу үшін оқушылардың дайындығы, талданатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы көзқарас болу керек. Білімсіз өткен пікірсайыс жүйесіз мәселеден ауытқып, нәтижесіз өтеді. Оқу пікірсайыстары оқушылардың өз ойларын анық және дәл тұжырымдау іскерлігінің болуын, дәйекті дәлелдерді құрастыра білуін талап етіп, оларды ойлауға, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге, ой жарыстыруға үйретеді. Оқытушы сөз мәнерінің үлгісі болып, оқушылардың ой-пікірлерін тыңдап, оған әдепті түрде түзетулер енгізіп, өз пікірінің ақиқаттығына таласпай, соңғы сөзді айтуға құқығы бар екендігін студенттердің естеріне салуы қажет. Оқу пікірталасы негізгі, ішінара, жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық бағыттағы пәндерінде қолданылады. Жақсы өткізілген пікірсайыс студенттерге білім және тәрбие береді, мәселені терең түсінуге, өз пікірін қорғауға, басқалардың пікірімен санасуға үйретеді. Кітаппен және оқулықтармен жұмыс–оқытудың маңызды әдісі.

«Дөңгелек үстел» - әдісі. Бұл әдісте ынтымақтастықпен жұмыстану және өзара көмекке келу жүзеге асырылады. Әрбір білім алушының интеллектуалдық белсенділікке құқығы бар, семинардың жалпы мақсатына бағытталған, ұжымдық шешім қабылдау және қорытындылар жасауға қатысады.

«Шағын топтар» әдісі – оқу материалының жалпы сұрақтары жекелеген өзіндік сұрақтарға ажыратылатын және білім алушылар топтары арасына бөлініп берілетін, студенттер өздігінен немесе оқытушының көмегімен хабарлама әзірлейтін оқыту тәсілі. Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің шығармашылық қасиеттерімен қоса бастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түседі [2].

Семинар сабақтары студенттердің дербес өздері дайындалатын нысаны болып табылады. Олар студенттердің білімін тереңдетуге мүмкіндік береді. Ізденіс жұмыстарына мүмкіндіктер туғызады. Сот тәжірибесінде және заң оқулықтарында жария етілген нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге итермелейді.

Практикалық сабақ барысында студенттердің Заңды құрметтеуіне шақыруымыз керек. Себебі, кейбір заң актілерінде қателіктер немесе түсініксіз жағдайлар туындауы мүмкін, мұндай жағдайда студенттер талқылап, дұрыс қолдануға үйренуі тиіс. Керісінше, балағаттап «Ақымақтық», «Бұны қай заңгер талқылады екен?» және т.б. сұрақтарды қоймай, дау туғызбауы керек.

Семинар сабағында студенттер дәрісте алған білімдерін толықтырып, ізденуі тиіс, оқытушы үшін семинар сабағы студенттердің

білімін бағалауға мүмкіндік береді. Заң саласындағы оқулықтарды, монографияларды таңдап оқуға әрқайсысының өз еркінде.

Семинар сабағында оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану маңызды болып келеді. Соның бірі ретінде Құқықтану мамандығының студенттеріне «казус» шешу жиі қолданылады. Студенттер бұл тапсырманы орындар алдында дәріс материалына, қажетті заң актілеріне, оқулықтарға және басқа да әдебиеттерге сүйенеді.

Студенттер казустың шынайы өмірден алынғанын білуі тиіс, қандай да бір азаматтық немесе қылмыстық істерден алынған, аздап қана мазмұны өзгертілген күйінде берілуі мүмкін.

Студенттер казустың бірнеше жауаптарын беруі мүмкін. Соның ішінде біреуі міндетті түрде жазбаша берілуі керек.

Жазбаша жауаптары жоқ студенттер, сабақ соңында шешуге берілген барлық казустар бойынша өз жауаптарын ауызша айтып беруі тиіс.

Семинар сабағы барысында казусты шешкен кезде, ең алдымен істің қысқаша фабуласын айтып беруі тиіс. Егер жауап беру барысында оқиғаға қатысты тұлғаның аты-жөнін ұмытып қалған болса, дәптеріне қарауға рұқсат беріледі.

Істің толық мән-жайын айтып берген студент материалды толық игергенін дәлелдейді.

Құқықтану мамандығына оқуға түскен студент мамандығына сай сөзге шешен, ораторлық өнері дамыған, заң нормаларын дұрыс қолдана білетін болуы тиіс. Бұл қасиеттердің барлығын оқу жылдары кезеңдерінде игеретіні сөзсіз. Ол үшін келесі тәсілді жиі қолдануға енгізуіміз қажет.

Ол – шағын топтарға бөлініп, нақты бір проблемалық сұрақтарды талқылау. Бұл жерде барлық студент бірге қатысады, барлығы өз ойын ортаға салады. Әр топтың басшысы тағайындалады. Әрқайсының рөлдері анықталып, баяндап бастайтыны, сұрақ қоятын – оппонент, қорғаушы секілді сабаққа дайындалады. Әр топтағы студент кем дегенде бір тапсырманы орындауы тиіс. Өз еріктерімен жауап беретін студенттердің көмегімен үндемей отырған студенттердің ойын, жауаптарын тыңдап бағалау, сұрақты талқылау барысында міндетті түрде оқытушы басқарып отыруы тиіс. Студенттер талап ететініміз – жан-жақты жауап беру, нақты нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасау, дәлелденген жауапты беруі, ҚР Парламенті қабылдаған заң актілерін дұрыс қолдануы. Әр студенттің қолында міндетті түрде ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Азаматтық кодексі болуы тиіс. Әр баптың мазмұнын жатқа білу міндетті емес, бірақ қай тарауда қай баптың атауы қандай екенін білуі қажет. Себебі, тарау мен бап атауын білсе, тез іздеп, қарауға мүмкіндігі болады. Бұл жерде студенттің есте сақтау қабілеттілігі маңызды роль ойнайды.

Сабақтың соңында казус бойынша, шағын топтарға бөлініп талқылау әдістері бойынша оқытушы жалпы қорытындысын жасайды.

Практикалық сабақ бұл студенттердің дәріс сабағынан алған білімдерін бекіту, пысықтау, жынақтау мақсатында өткізілетін сабақтың бір түрі. Оқыту әдістемесі – оқыту үдерісі барысында оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестік формасын көрсететін әдістер мен тәсілдердің бірлігі.

Қорытындалайтын болсақ, ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Оқыту процесі – екі жақты процесс болып келеді. Сондықтан оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекеті, оқытушы тарапынан оқушы іс-әрекетіне басшылық етуді, жоспарлауды, ұйымдастыруды, басқаруды талап ететінін ұмытпауымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Газизова Н.С. Құқық негіздерін оқыту әдістемесі. – Семей, 2011.
2. С. Нұрғалиева, Р. Молдабаева ЖОО оқу үрдісінде оқытудың белсенді әдістерін қолдану. – Қарағанды, 2015.
3. Санбаева Е.К. Кәсіптік білім беруде құзыретті маман даярлаудың инновациялық жолдары. – Атырау, 2013.

3.31. К проблеме оценки уровня адаптации первоклассника к обучению в школе

Наталья Михайловна Федченко

Старший преподаватель кафедры «Педагогика, психология и филология» Жезказганского университета имени О.А. Байконурова
(Казахстан, г. Жезказган)

В последнее время, в связи с культурными, социальными и экономическими преобразованиями, ужесточением требований, предъявляемых к индивиду, сменой ценностей, динамичным и напряженным укладом современного общества, как в нашей стране, так и за рубежом наблюдается усиленный интерес к проблеме адаптации.

В Послании Президента РК - Лидера Нации Н. Назарбаева народу Казахстана "Стратегия "Казахстан - 2050": Новый политический курс состоявшегося государства" говорится: "Необходимо ... уделять большое внимание функциональной грамотности наших детей, в целом всего подрастающего поколения. Это важно, чтобы наши дети были адаптированы к современной жизни" [1, с. 5].

Одним из эффективных направлений решения данной проблемы выступает социально - психологическая адаптация детей младшего

школьного возраста. Поскольку этот возраст является одним из начальных этапов развития личности, именно здесь формируются основные психологические характеристики человека, устойчивые паттерны поведения, которые определяют социальные установки, жизненные приоритеты и личностную стратегию дальнейшего обучения школьника.

Первый класс — это важный этап взросления и один из наиболее существенных критических периодов в жизни ребенка. И от того, как ребенок преодолеет этот этап, найдет ли вовремя поддержку, чтобы не "споткнуться", зависят дальнейшие успехи, равно как и неудачи. "Именно в первые месяцы пребывания детей в школе складываются новые формы отношений ребенка с миром с самим собой, устойчивые способы взаимодействия со сверстниками, взрослыми, так же определяются направления личностной самореализации... В период адаптации к образовательному учреждению закладывается социальный и интеллектуальный фундамент дальнейшего развития и обучения ребенка" [2, с. 3-4].

Адаптация - естественное состояние человека, проявляющееся в приспособлении (привыкании) к новым условиям жизни, новой деятельности, новым социальным контактам, новым социальным ролям. Значение этого периода вхождения в непривычную для детей жизненную ситуацию проявляется в том, что от благополучности его протекания зависит не только успешность овладения учебной деятельностью, но и комфортность пребывания в школе, здоровье ребенка, его отношение к школе и учению, а в дальнейшем и к жизни в целом.

Первокласснику не всегда удастся быстро привыкнуть к новому образу жизни: режиму, необходимости спокойно сидеть на уроках и т.д. Поступление в школу для многих детей - эмоционально-стрессовая ситуация, требующая от ребенка мобилизации всех ресурсов. И потому актуальным по сей день остается вопрос вхождения первоклассника в школьный социум, вопрос быстрой и успешной адаптации к школьной среде.

Проблема социально-психологической адаптации младших школьников рассматривалась Л.С. Выготским, А.В. Петровским, Д.Н. Узнадзе, И.В. Дубровиной, В.С. Мухиной, Г.Г. Кравцовым, Е.Е. Кравцовой, Р.В. Овчаровой, Н.И. Гуткиной, М.А. Амонашвили и др., анализ работ которых позволяет сделать вывод о том, что ребенок, не сразу становится школьником, а требуется определенный этап адаптации, в ходе которого его прежний опыт взаимоотношения с окружающими, все привычные факторы и стереотипы его поведения преобразуются в соответствии с новыми требованиями и условиями [3-11].

Ребенок, который вписывается в школьную систему требований, норм и социальных отношений, чаще всего и считается

адаптированным. Такого определения адаптации придерживаются в своих исследованиях И.В. Дубровина, Р.В. Овчарова, Н.И. Гуткина [6, 9, 10].

Основными критериями адаптированного первоклассника являются положительное отношение к школе, умение входить в контакт со взрослыми и сверстниками и поддерживать его, адекватное восприятие школьных требований, лёгкое усвоение учебного материала, проявление самостоятельности и творческого начала при выполнении учебных и иных поручений.

Анализ работ отечественных психологов Б.Г. Ананьева, Л.С. Выготского, А.Л. Ухтомского, Д.Н. Узнадзе и др. показал, что в теоретическом осмыслении процесса адаптации выделяют четыре ее вида: физиологическая (взаимодействие различных систем организма), биологическая (изменение в обмене веществ и функциях органов соответственно жизненному значению воздействий), психологическая (приспособление человека к условиям, задачам на уровне психических процессов, свойств, состояний), социально-психологическая (приспособление к взаимоотношениям в новом коллективе). Эти виды адаптации взаимодействуют и могут проявляться одновременно.

Из исследований Я.Л. Коломинского, В.С. Мухиной, Г.Г. Кравцова, Е.Е. Кравцовой, М.А. Амонашвили. можно выделить три уровня адаптации первоклассников к школе: высокий, средний и низкий. Каждому уровню соответствует определенная группа детей.

В группе с высоким уровнем адаптации - дети адаптируются в течение первых двух месяцев обучения. Эти дети относительно быстро вливаются в коллектив, приобретают новых друзей, полностью осваиваются и с новым статусом ученика, и с новыми требованиями, и с новым режимом. Вторая группа детей имеет более длительный период адаптации. Как правило, эти дети испытывают трудности в усвоении учебной программы, и лишь к концу первого полугодия реакции этих детей становятся адекватными требованиям школы, учителя. Третья группа - дети, у которых социально-психологическая адаптация связана со значительными трудностями. У них отмечаются негативные формы поведения, резкое проявление отрицательных эмоций, они с большим трудом усваивают учебные программы.

Я.Л. Коломинский и Е.А. Панько выделяют следующие критерии уровня адаптации у шестилетних учащихся: успешность обучения: успеваемость, овладение навыками, умениями и знаниями по основным предметам, отношение к труду; положение в структуре межличностных отношений: статус, эмоциональное самочувствие, общительность; общественная активность: участие в общественно-полезной деятельности, самостоятельность, инициативность [12, с. 76].

Э.М. Александровская и С.М. Тромбах предлагают в качестве критериев адаптации эффективность учебной деятельности, усвоение

школьных норм поведения, успешность социальных контактов, эмоциональное благополучие [13, с. 43].

На основе изучения научных источников [3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10] и др. можно проанализировать основные изменения, происходящие на этом возрастном этапе, обосновать необходимость обеспечения успешной адаптации младшего школьника в новой образовательной среде. Положительный опыт адаптации помогает младшему школьнику адаптироваться за пределами начальной школы, в открытом быстроизменяющемся социуме, и создает благоприятные предпосылки для дальнейшего развития личности.

Трудности, возникающие у младших школьников в процессе адаптации, могут привести к самой неблагоприятной ее форме - дезадаптации. Дезадаптация - это отрицательный результат адаптации, выражающийся в недостаточной активности ребенка, в отсутствии способности к адекватной ориентировке в ситуации, в неумении спланировать собственное поведение, а также в его конфликтном отношении к этой ситуации и своей деятельности, т.е. конфликтной внутренней позицией.

Актуальность исследования определяется тем, что в настоящее время подобные затруднения, по данным разных авторов, испытывают от 15 до 40% учащихся начальных классов общеобразовательной школы, причем отмечается тенденция к дальнейшему росту их количества [13].

С целью оптимизации условий протекания адаптационного периода у первоклассников, для более быстрого и безболезненного привыкания ребенка к школьной жизни, учителю необходимо создать благоприятную атмосферу, соответствующие условия для адаптации ребенка к обучению в школе.

Учитель должен достаточно четко представлять себе цели и возможности психолого-педагогического анализа адаптационного периода каждого ребенка, владеть навыками его осуществления.

Проблема оценки уровня адаптации ребенка к школе, предупреждения возможного неблагополучия в психическом и личностном развитии первоклассников неизбежно ставит перед педагогом задачу выбора соответствующих диагностических средств. Наиболее адекватный метод изучения адаптации детей к школе - направленное наблюдение.

С целью получения информации об уровне адаптации учащихся первых классов, а так же для смягчения и ускорения процесса адаптации первоклассников к начальной школе в сентябре и октябре 2012 г. было проведено диагностическое обследование уровней адаптации по показателям отношения первоклассника к начальной школе с помощью наблюдения по Александровской Э.М. По результатам наблюдения на каждого ребенка была составлена карта – профиль адаптации младшего школьника.

В обследовании принимали участие 74 ребенка первых классов школ № 4 и № 13 города Жезказгана.

В таблице наблюдения, в соответствии с которой проводилось диагностическое обследование, представлено 9 показателей адаптации первоклассников к школе и уровни их проявления: 1) настроение ребенка (7 уровней проявления); 2) контакты со сверстниками (6 уровней); 3) познавательная активность (5 уровней); 4) дисциплина (6 уровней); 5) реакции агрессии, гнева (6 уровней); 6) страх (5 уровней); 7) двигательная активность на перемене (4 уровня); 8) общее самочувствие (5 уровней); 9) успеваемость (4 уровня). Все показатели тесно взаимосвязаны, недостатки формирования любого из них сказываются на успешности обучения, самочувствии и состоянии здоровья первоклассника, его работоспособности, умении взаимодействовать с педагогом, одноклассниками и подчиняться школьным правилам. Выбирался наиболее характерный для ребенка уровень проявления в каждом из 9 вышеописанных показателей адаптации.

Наблюдения за детьми 1-х классов в течение двух первых месяцев обучения в школе (сентябрь, октябрь), показали, что приспособление к школе протекает у каждого ребенка по-разному и отличается по скорости и устойчивости.

В результате были выявлены 3 группы детей: дети с высоким (благоприятным), средним (условно благоприятным) и низким (неблагоприятным) уровнями адаптации.

Дети с высоким уровнем адаптации составили 46% от общего числа продиагностированных первоклассников. Настроение у данной категории детей стабильное, эмоционально уравновешенное. Контакты со сверстниками характеризуются легким и уверенным вхождением в коллектив, активным поиском и установлением контактов с одноклассниками. На уроках дети с высоким уровнем адаптации проявляют активность и интерес, тщательно и усердно выполняют требования учителя, усидчивы и старательны. Дети этой группы гнев проявляют редко, только тогда, когда возникает необходимость, агрессия в их поведении отсутствует. Состояния страха и тревожности отсутствуют, эпизодически могут проявляться робость, застенчивость и стеснительность. Первоклассники с высоким уровнем адаптации на переменах проявляют подвижность и активность. Общее самочувствие детей характеризуется тем, что жалоб они не предъявляют и чувствуют себя бодрыми, чувство усталости у них возникает только после уроков. Успеваемость первоклассников данной категории - хорошая.

Таким образом, первоклассники с высоким уровнем адаптации положительно относятся к школе, предъявляемые требования воспринимают адекватно; учебный материал усваивают легко; глубоко и полно овладевают программным материалом, прилежны, внимательно слушают указания и объяснения учителя; общественные

поручения выполняет охотно и добросовестно; занимают в классе благоприятное статусное положение, доброжелательны. Хорошее настроение, спокойное эмоциональное состояние отмечалось у них на протяжении всего периода наблюдения.

Дети со средним (условно благоприятным) уровнем адаптации составили 35% от общего числа продиагностированных. Настроение детей данной категории характеризуется легкой депрессией и периодической вялостью и рассеянностью, из которых ребенок выходит в случае интересных заданий. Инициативы в установлении контактов со сверстниками дети со средним уровнем адаптации не проявляют, но при случае выражают готовность "сотрудничать" со сверстниками, робки и избирательны в общении. Проявляют избирательный интерес к определенным урокам и остаются равнодушными к другим. Пытаются идти в ногу с классом, но это не всегда получается из-за несобранности. Гнев отсутствует в связи со сниженным настроением, ребенок не всегда может постоять за себя. Дети данной группы робки, застенчивы, легко теряются. Двигательная активность на переменах фиксировалась как высокая, так и низкая. Общее самочувствие характеризуется периодическими жалобами на недомогание. Успеваемость у детей второй группы от хорошей до удовлетворительной.

Таким образом, вторую группу детей со средним условно благоприятным уровнем адаптации, отличают два показателя: более длительный период проявления неблагоприятных форм поведения, отсутствие стабилизации, им требуется больше времени на привыкание к новым школьным условиям. Чаще всего у них нарушена учебная активность: она носит кратковременный характер и заменяется игрой. В поведении этих ребят в первые месяцы пребывания в школе преобладают неадекватные поступки: на уроках они рисуют, играют, занимаются посторонними делами. Они не поднимают руку на уроках, часто на обращенный к ним вопрос учителя отвечают тихим голосом, контактируют с одноклассниками эпизодически.

Третья группа детей с низким (неблагоприятным) уровнем адаптации составила 19% учащихся. Настроение некоторых первоклассников этого уровня характеризуется заторможенностью, истерией, плачем, выражением негативного отношения к школе, либо полным нежеланием идти в школу. Дети не поддерживают социальных контактов, некоторые из них замкнуты, недоверчивы, стремятся изолироваться от сверстников. Познавательная активность у этих детей низкая, учатся они без видимого желания, а некоторые дети вообще не проявляют интереса к учебе, тяготеют ею. Дисциплина детей этой категории характеризуется тем, что требования учителя они выполняют неохотно, на уроках часто отвлекаются, часто игнорируют требования учителя. Наблюдаются не всегда мотивированные проявления агрессии в отношении сверстников и даже учителя. Иногда проявляется выраженная тревога и неуверенность. Нарушения

поведения на уроках сопровождаются постоянными замечаниями со стороны учителя, записями в дневник, наказаниями. На переменах бегают, кричат, мешают другим, либо перемены проводят в одиночестве, предпочитая не выходить из класса, а заняться каким-либо делом, сидя за партой. Общее самочувствие отличается жалобами на недомогание, которые приобретают устойчивый характер. У четырех процентов детей этого уровня адаптации зафиксированы невротические расстройства. Успеваемость у этих детей от удовлетворительной до неудовлетворительной.

Таким образом, для третьей группы детей с низким неблагоприятным уровнем адаптации характерно ограничение способности справляться со своими учебными и социальными функциями, в негативных формах поведения, появлении отрицательных эмоций и эмоционального дискомфорта: печали, тревоги, напряженности.

Проведенное диагностическое исследование показало, что период адаптации в школе является очень сложным для первоклассников периодом. Адаптация к школе — это процесс привыкания к новым школьным условиям, который каждый первоклассник переживает и осознает по-своему.

Учителю необходимо знать и учитывать особенности адаптационного периода каждого ребенка, потому что поступление в школу - не только большая радость для детей, но и огромные нагрузки, ведь первоклассник осваивает совершенно новый для него мир. От того, насколько эффективно пройдет процесс адаптации, будут во многом зависеть успехи, эмоциональное состояние ребенка, его дальнейшее отношение к школе. При успешной адаптации учеба воспринимается как увлекательный процесс общения со сверстниками и педагогами. В случае дезадаптации школа превращается для ребенка в безрадостную повинность.

Основная задача взрослых в работе с детьми младшего школьного возраста - создание оптимальных условий для раскрытия и реализации возможностей детей с учетом индивидуальности каждого ребенка, так как именно младший школьный возраст особенно важен при формировании личности, в нем закладывается потенциал ее дальнейшего развития.

Список литературы:

1. Послание Президента РК - Лидера Нации Н. Назарбаева Народу Казахстана "Стратегия "Казахстан - 2050": Новый политический курс состоявшегося государства" «Индустриальная Караганда» от 15 декабря 2012 г. № 159-160, стр. 5.

2. Костяк Т.В. Психологическая адаптация первоклассников. — Москва, Изд. «Академия», 2008 г.

3. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. - СПб.: Питер. 1997.
4. Петровский А.В. Личность в психологии с позиций системного подхода // Вопросы психологии. 1981. № 1. С. 13-17.
5. Узнадзе Д.Н. Общая психология. – Питер, 2004.
6. Дубровина И.В. Школьная психологическая служба: вопросы теории и практики. М., 1991.
7. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. - М.: Издательский центр «Академия». 2000.
8. Кравцов Г.Г., Кравцова Е.Е. Шестилетний ребенок: психологическая готовность к школе. М., 1997.
9. Овчарова Р.В. Практическая психология в начальной школе. М., 2004.
10. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. М.: Академический проект. 2000.
11. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. М., 1995.
12. Коломинский Я.Л., Панько Е.А. Учителю о психологии детей шестилетнего возраста. - М., 1988.
13. Александровская Э.М., Кокуркина Н.И., Куренкова Н.В. Психологическое сопровождение школьников. - М.: Издательский центр «Академия», 2002.
14. Цукерман Г.А., Поливанова К.Н. Введение в школьную жизнь. Программа адаптации детей к школе. - 2-е изд., испр. - М.: Генезис, 2003.

3.32. Экологиялық білім берудің жолдары мен принциптері

Айгуль Имангалиевна Примбетова
PhD докторант, Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университеті
(Қызылорда қ., Қазақстан)

Қоршаған ортаны қорғау мәселесі, биосфера ресурстарын тиімді пайдалану, Егеменді Қазақстан Республикасының мемлекеттік маңызды міндеттерінің бірі. Ғылыми-техникалық прогресс, қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық өзгерістер табиғат тепе-теңдігінің бұзылуына қауіпті жағдайлардың пайда болуына әкеліп соқтыруда.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болуы жас ұрпақтың жан-жақты дамуын, дүниежүзілік алдыңғы қатардағы ақыл-ой мен тәжірибені өскелең өмір талабына сай жеткізу, халқымыздың көп жылдар бойы тұншығып келген тарихын, тілін, мәдениетін, экологиялық жағдайын, тәлім-тәрбиесін жаңартуды талап етеді.

Абай Құнанбаевтың 38-ші қара сөзіндегі табиғат туралы философиялық ой-пікірлері мен табиғат заңдылығын пайымдай алумен бірге, оған байланысты ғылыми көзқарастарын да танытады [1, 98 б.].

«Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың парыз емес пе? Нақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен: ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп жемістерді өндіріп, көзге көрік көңілге рахат гүл бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрды өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендерін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар: етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар: балығын, балықтар иқрасын, хатта ара балын, балаузын, құрт жібегін - һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде, бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі - адам баласына таусылмас азық» [1, 89 б.].

Осы 38-ші қара сөзді қорытындылай келетін болсақ: Ол табиғаттың бар байлығын адам баласына азық болып отырғандығын көрсете келіп, жас өскелең ұрпақты табиғат ананы аялап сүйе білуге шақырады.

Қазақ халқының көрнекті педагогы Ы. Алтынсарин: «Халық мүдделері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша, жақсы педагогика құралдарды да, ең жақсы Үкімет бұйрықтарында, әбден, мұқият түрде жүргізілген инспектор бақылауы да оқытушыларға тең келе алмайды» - деп мұғалімнің баланы оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі жауапкершілік міндетін жоғары бағалаған [2, 25 б.].

Бүгін де бұл міндет төмендеген жоқ, қайта ғылыми-техникалық прогреске сәйкес, білім алушыларға терең білім беру халқымыздың дәстүрі мен әдет-ғұрпына, салтына, санасына, имандылыққа, отансүйгіштікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу қажеттілігі туған заманда, мұғалімдерге күрделі жаңа міндетті жүктейді.

Осы орайда «Отан» деген қасиетті сөз туралы қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов мынандай аталы сөз қалдырған: «Отан – деген ұғым біздер үшін айқын ақиқат. Отан - өзің туған қала, өзің өскен ауыл, өзің оқыған мектеп, қысқасы, өзіңді өмірде азамат етіп қалыптастыруға әсер жасаған орта. Ендеше, солар жайлы білу – ауа мен судай қажетті нәрсе», - деп айтқан [3, 33-68 б.].

Ф.Я. Паменчак және Г.В. Платонов экологиялық қарым-қатынастарды «адам мен табиғат арасында, сонымен қатар, «табиғат-қоғам» жүйесінің оптимальді жағдайын қолдау мақсатында адамдардың, өз арасында» пайда болады деп есептейді. Бұдан шығатын қорытынды - адам биосферасыз өмір сүре алмайды және барлық қарым-қатынастардың жүйесі адам мен табиғат арасындағы зат алмасу процестерін қолдау үшін болады, онда қарым-қатынастардың жиынтығы, экологиялық қатынастар сияқты, бір жағынан, адамды

қоршаған табиғатпен байланыстырса, ал екінші жағынан, адамдардың бірі-бірімен қарым-қатынастарының қажетті буыны болып табылады. Олай болса, экологиялық мәдениет өзінің элементтері (экологиялық сана, экологиялық іс-әрекет) арқылы өзінің негізін құрайтын экологиялық қарым-қатынастың деңгейін көрсетеді.

Б.Г. Иоганзен «Экологиялық білім мен тәрбие» жаңа ұғым екендігін атап көрсете отырып: «Экологиялық білім мен тәрбие әр адам қоғамды сақтау және жақсарту керектігін түсінуін қоршаған ортаның әсемдігін бағалай білетін, азаматтық жауапкершілік сезімін игерген жеке адамдарды қалыптастыруды қарастырады», – дейді [4, 35-37 б.].

Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие көзі. Сондықтан, экологиялық білімді оқыту барысында білім алушыларға берілетін оқу-тәрбие жұмыстарының ең маңызды мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа ала отырып оларды жүйеледік:

- білім алушылардың экологиялық қоршаған орта туралы білімін ұдайы кеңейтіп, олардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру;
- экологиялық шығармашылық белсенділігін дамыту;
- білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту, экологиялық мәселелерді түсіндіру және өз бетінше шешуді дағдыландыру;
- білім алушылардың экологиялық бағыттағы практикалық іс-қабілетін дамыту және оны өміршең етуге баулу;
- білім алушылардың жергілікті жердің экологиялық проблемаларын шешудегі жеке басының жауапкершілігін қалыптастыру.

Ғалым Ж. Шілдебаев экологиялық білімді жүзеге асыруда білім беру аспектілерімен қатар, оның негізгі ұстанымындарын; негізінен, ғылымилық, байланыстылық, тепе-теңдік, қызығушылық, үздіксіздік, жалғастырушылық, интеграциялау, көрнекілік, қабылдаушылық және өлкелік ұстанымдарды сақтау керектігін айтады. [5, 35 б.].

Экологиялық іс-әрекеттің мазмұнына белгілі бір экологиялық зардаптарға әкеліп соғатын субъектінің барлық әрекеттері жатады. Экологиялық іс-әрекетті материалдық және теориялық сферадағы табиғи ортаны танып білумен, меңгерумен, өзгертумен және сақтаумен байланысты адам іс-әрекетінің түрлерін белгілейтін ұғым ретінде сипаттауға болады.

Кез келген әлеуметтік-экономикалық үдерістерді басқаруда және жоспарлауда бірінші кезектегі шараларды анықтау аса маңызды элемент болып саналады. Экологиялық шараларды бірінші кезекте анықтау алдын-ала зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты, ал бұған жататындар:

- қаладағы қалыптасқан экологиялық жағдайларға мұқият талдау жасап, бүкіл ластану көздерін тіркеу;
- тұрақты ластайтын аймақты анықтау (күндізгі және түнгі халық тығыздығы, ерекше көңіл бөлетін объектілердің, мәселен балалар және

емдеу мекемелері, демалыс алаңы, тарихи-мәдени ескерткіштер және ерекше қамқорлыққа алынатын басқа да объектілердің болуы);

Мұндай талдау жұмыстарын қаланы экологиялық карталау барысында жүргізген жөн.

Салалық деңгейде экологиялық шараларды бірінші кезекте анықтаудың басты негізі қоқыстың шектеулі төгілу нормативі болып саналады. Қазіргі кезде бұл жүйе әр түрлі өндіріс үшін жасалады. Қоқыстың әр түрлі шектеулі жүйесі әліде жетілдіру сатысында. Мәселен, әрбір кәсіпорынның қоқысты шектеулі төгуі әрбір сала бойынша қарастырылады, әрі соған сәйкес сол кәсіпорынның дамуы мен материалдық мүмкіндігіне сипаттама беріледі. Сонымен қоса, қалаларды ластау көздерінің көптеп шоғырлануы, олардың біркелкі орналаспауы қоршаған ортаға әртүрлі компоненттердің жинақталуына әкеп соғады. Сондықтан қоқыстың шектеулі төгілуін тек сала бойынша ғана емес, территория бойынша да іздестіру қажет.

Белгілі бір экологиялық проблемаларды шешу үшін бірқатар жиынтық шараларды ойластыруға тура келеді. Ол үшін мынандай принциптерді орындау қажет:

- экологиялық шараларды жоспарлаған кезде ең жаңа технологиялық шешімдерді пайдалану және техникалық тұрғыда артта қалған жүйені түгелдей алып тастау;

- проблеманың бірнеше балама шешімдерін ойластырып, кейіннен оларға техникалық-экономикалық экспертиза жүргізу;

- жекелеген шаралардың уақытша бірізділігін және құрылымдық өзара байланысын бұлжытпай орындау, осыған сәйкес әрбір жекелеген шаралар уақыты және ара қашықтығы жөнінен бір-біріне тығыз байланысты болуы тиіс.

Экологиялық шараларды жүргізудің тиімділігін бағалаудың бірінші кезеңінде территорияның әлеуметтік-экономикалық карталау әдістемесін пайдаланған тиімді. Мұның өзі территорияны ластану тығыздығына қарай жіктеуге мүмкіндік береді. Өмір сүріп отырған экологиялық жағдайды талдау және соның нәтижесінде әкімшілік аудандарды ауа бассейнінің ластану деңгейі мен сипатына қарай жіктеуді ірі блоктар бойынша жүргізген жөн. Бұған жататындар:

- тұрақты ластану көздері;
- транспорттар.

Экологиялық жағдайды қалыптастыруда ерекше маңызды факторлардың бірі – автотранспорттар. Сондықтан табиғат қорғау шараларын жүргізген кезде автотранспорттардың ықпалын мұқият зерттеудің зор маңызы бар.

Экологиялық шараларды бірінші кезекте анықтау әдістемесінің аудандарды ауа бассейнінің ластану деңгейіне қарай бөлуге мүмкіндік береді. Атмосфераны қорғау шараларын бірінші кезекте жүзеге асыруға болады, ал бұған жататындар:

- атмосфераға таралатын улы заттар деңгейі;

- потенциалды ластану тығыздығы;
- рекреациялық аймақтарға, тарихи-архитектуралық ескерткіштерге, басқа да материалдық объектілер күйіне ықпалы;
- қойылған мақсатты жүзеге асырудың техникалық-экономикалық және ұйымдық мүмкіндіктері. Осы мәселелерді шешу барысында қаламыздағы қазіргі экологиялық проблемалардың нақты мысалдарын қарастыру, өте тиімді.

Бүгінгі таңда жаппай экологиялық білім мен тәрбие беру мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Экономикалық және экологиялық білім мен тәрбие беруді негіздейтін құжаттар мен заңдар қабылданып жатыр. Экологиялық жағдайлардың бәріне талдау жасау, оның зардабынан сақтану, шаралар қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін, көпшіліктің білімі мен тәрбиесін, мәдениетін көтеру керек. Ол үшін Елбасының қолдау көрсетіп отырған экономикалық, экологиялық саясатын іске асыру, көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беруді жүйелі түрде жүргізу қажеттігі туады. Осы орайда, экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымы мен табиғаттың қоғамның үйлестігі негізінде жүзеге асатын білім беру жүйесі мен оқыту үрдісінің ең тиімді жолдарын өміршең ету.

Қорыта келе, қоршаған орта мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақты тәрбиелеу ерекше орын алады. Елімізде ерекше экологиялық апатты жағдайлар өріс алуынан туындап отырған проблемаларды шешу, табиғатты тиімді пайдалану үшін, адам әрекетінен пайда болған экологиялық, дағдарыстың өзгерістерін мейлінше тежеу, оны қорғау тәсілдерін үйретудің мәселелерін экологиялық білім беру арқылы ғана іске асыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. - Алматы, 1954. – 2 т. Б. 330.
2. Садықов Ә. «Ы. Алтынсариннің педагогикалық пікірлері мен ағартушылық қызметі». Алматы, 1950 ж.
3. М. Әуезов, 20 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. 1985 ж. Т-20. 336 б.
4. Иоганзен Б.Г. К постановке экологического обучения и воспитания в средней школе. - М. 1979. 149 с.
5. Шілдебаев Ж.Б. Экологиялық білім берудің негізгі педагогикалық принциптері. Үздіксіз білім беру: қазіргі жағдайы, мәселелері және болашағы. Сборник РИК, Алматы., 2000 № 3. – Б. 67-70.

3.33. Биология сабағында оқушылардың жеке-топтық танымдық қызметін ұйымдастыру

Алмагуль Жеткербаевна Берденкулова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Биология, география және химия» кафедрасының аға оқытушысы,
биология ғылымдарының кандидаты (Қызылорда қ. Қазақстан)

Ақерке Оразайханқызы Балтабайева

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Биология, география және химия» кафедрасының магистранты
(Қызылорда қ. Қазақстан)

Биология пәні мұғалімдері арасында оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастырудың жеке-топтық формасы кең таралуда. Бұл құбылыс кездейсоқ емес және оқушыларды сабақта жас өспірімдер жасындағы "жетекші іс-әрекет" сипатына сәйкес келетін іскерлік қарым-қатынасқа қосу балалардың жоғары танымдық белсенділігін қамтамасыз ететіндігімен түсіндіріледі.

Психологтардың әлеуметтік зерттеулері көрсеткендей, "Жасөспірімдер жасындағы жетекші қызмет-жасөспірімдердің ұжымдық қызметтің мазмұны бойынша өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ететін оқу қызметі болып табылады, бұл ретте оның барлық қатысушылары осы ұжым жүзеге асыратын қызметтің мақсатын бағалауға және қоюға құқылы және қабілетті" [1].

Оқушылар тобының жұмысы табысты болуы үшін әр оқушы өзіндік танымдық іс-әрекетінің қарапайым дағдыларын игеруі қажет. Бұл жағдайда оқулықпен жұмыс істеу, нұсқаулықтар бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізу, алынған нәтижелерді бақылау, тіркеу және олардың негізінде қорытынды жасау іскерліктері ерекше маңызға ие. Сондықтан, мұғалім топтық жұмысты ұйымдастыру алдында жеке оқушылардың да, жалпы сыныптың да танымдық дербестік деңгейін нақты көрсетуі, ал топтармен жұмыстың бастапқы кезеңдерінде өзіндік іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуі маңызды. Осы мақсатпен мұғалім оқушылардың жұмысты орындау кезіндегі іс-әрекетінің дәйектілігін ашатын, жеке топтарға қосымша кеңес беру, тақырыпты оқу кезінде оқушылардың білімі мен іскерлігін жүйелендіру мен түзетуді жиі жүзеге асыратын егжей-тегжейлі нұсқаулықпен таныстырады [2].

Ұжымдық жұмыстың табысты болуы топтардың құрамдарындағы оқушылардың іскерлігімен айқындалады.

Жұмыс тәжірибесі жұмыстың бастапқы кезеңдерінде пән бойынша білім деңгейі әртүрлі оқушыларды біріктіретін гетерогенді топтар неғұрлым тиімді екенін көрсетті. Мұндай топтарда Әлеуметтік және шығармашылық қарым-қатынаста тұлға қарқынды дамиды. Топта тез арада балалардың жұмысын ұйымдастыратын өз лидері пайда болады

(оларға міндетті түрде ең жақсы оқушы болмауы мүмкін). "Әлсіз" оқушылар, әдетте, белсенділік танытады, нәтижесінде оларда өз бетінше білім алу қабілеті қалыптасады. Мұндай топтарда ұжымшылдық сезімі, өзіне және жолдастарына жауапкершілік пен талап ету, өзара көмек және басқаларды әкелмеуге ұмтылу айқын көрінеді. Топтық іс-әрекет әдістемесі пысықталуына қарай және топ мүшелерінде өз бетінше жұмыс істеу және бағдарламалық материалды жақсы меңгере біледі.

Гетерогенді топтың құрамына кіретін оқушылар басымдық рөл атқаруын тоқтатады және олардың жұмысқа деген қызығушылығы төмендейді. Сондықтан осы кезеңде оқушылардың биологияға деген қарым-қатынасын есепке алу негізінде топтарды қалыптастыруға көшкен жөн. Бұл жағдайда бірінші топқа биологияны терең зерттеуге ұмтылған оқушыларды біріктіруге болады. Екінші топқа биологияға қызығушылық танытқан оқушылар іріктеліп жинаймыз. Мұндай балалар пәнді қызығушылықпен оқып, оны Бағдарлама шеңберінде жақсы меңгереді, бірақ бұл қызығушылық олар үшін басым емес, олар өз білімдерін тереңдететін қосымша әдебиеттерді сирек қолданады. Қалған топтар биологияға ерекше қызығушылық танытпайтын және бағдарламада көзделгеннен көп көлемде білім алуға ұмтылмайтын оқушыларды біріктіреді. Мұндай топтарды қалыптастыру кезінде еріктілік принципін сақтау қажет және оқушыларға бір топтан екіншісіне ауысу мүмкіндігін беру маңызды кезең болып табылады. Білім деңгейі бірдей оқушыларды біріктіретін барлық топтар үшін бағдарламалық материалды меңгеру міндетті болып табылады, ал қосымша материалды қандай көлемде зерделенуді әрбір топтың мүшелері дербес шешеді. Әрине, балалардың осындай қызметін ұйымдастырғанда мұғалімнің рөлі артады. Ол әр деңгейдегі топтар үшін арнайы сұрақтар мен тапсырмалар әзірлеп, оларды қосымша әдебиеттермен қамтамасыз етуі тиіс [3, 4].

Топтың саны да, ондағы топтастырылған оқушылардың саны да маңызды. Топтағы оқушылардың саны 3-тен 6-7 адамға дейін болуы мүмкін. Жұмыс істеу үшін ең қолайлы жағдайлар, әдетте, 4-6 адамнан тұратын топтарда болады.

Танымдық іс-әрекетті жеке-топтық ұйымдастыру бойынша оқушыларды оқылатын материалды қабылдау және ұғынуға дайындау маңызды. Оқушылар белгілі бір материалды өз бетінше оқу нәтижесінде қандай білім мен іскерлікті алу қажеттігін нақты меңгеруі тиіс. Олар өз қызметінің перспективасын бірнеше сабақтарға Алға ұсынуға тиіс. Сондықтан бұл жағдайда оқу үдерісінің бірлігі сабақ емес, тұтас оқу тақырыбы болып табылады. Оны зерттеу кезінде әдетте бірнеше кезеңге бөлінеді.

1-кезең - нұсқаулық, кіріспе әңгіме немесе дәріс, оның барысында мұғалім тақырыптың аса маңызды идеяларын, ережелері мен ұғымдарын ашып көрсетеді, пәнаралық және ішкі байланыстарға,

сондай-ақ дүниетанымдық мәселелерге назар аударады; материалды зерттеу барысында оқушылардың шешетін танымдық және проблемалық міндеттерді қалыптастырады.

2-ші кезең - оқушылардың өзіндік жұмысы, оның нәтижелерін әр топ ішінде талқылау. Әдетте, жұмыс мұғалім әзірлеген нұсқаулық бойынша жүргізіледі. Нұсқаулықты жасау кезінде сынып оқушыларының ерекшеліктерін және топ құрамын, оқылатын материалдың ерекшелігін, оқытудың әртүрлі құралдарының болуын ескерілуі тиіс. Оқулықпен ғана емес, сонымен қатар табиғи объектілермен жұмысты, бақылау жүргізуді, тәжірибе қою мен көрсетуді, кинофильмдерді қарауды және оқытудың басқа да дидактикалық құралдарын пайдалануды көздеу маңызды. Өз бетінше жұмыс жүргізу кезінде мұғалім мен жекелеген үздік оқушылар кеңесшілер ретінде әрекет ете алады.

3-кезең - білімді жүйелеу және түзету. Мұғалім оқушылардың өз бетінше оқыған материалын қалай меңгергенін тексереді. Қажет болған жағдайда ол оқушыларды түзетеді, толықтырулар мен нақтылаулар енгізеді, игерілген білімнің түсінігін және оларды практикада қолдану қабілетін анықтайды.

4-қорытынды кезең оқушылардың білімін қорытындылау мен бағалауды қамтиды. Тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың білімін қорытындылау мен бағалауды 4-6 сабақ арқылы жүргізу орынды. Егер тақырыптың материалын зерттеуге біраз уақыт қарастырылса, онда оны екі немесе бірнеше астына бөлу орынды. Әрбір кіші мәтінді зерделегеннен кейін бақылау-жалпылама сабақ, ал қорытынды-семинар немесе конференция өткізіледі.

Биология сабақтарында оқу қызметін ұйымдастырудың маңызды мәселелерінің бірі білім алушылардың білімін, іскерліктері мен дағдыларын тексеру және бағалау жүйесін құру болып табылады. Өйткені, тексеру барысында оқушылардың жетістіктері мен олардың оқу дайындығындағы олқылықтар анықталады, оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдері мен біліктері бекітіледі, нақтыланады және жүйеленеді, ал алынған ақпарат негізінде жаңа материалды зерттеу үдерісі түзетіледі. Биология сабағында әр түрлі бағдарламалы тапсырмаларды қолданамыз, олар тек қана сауалнама жүргізуге және бүкіл сынып оқушыларының аз уақыт ішінде білімін анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың жұмыстарын тез тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді.

Сабақта тұқымдасқа тән белгілерін оқимын, ал оқушылар өз жауаптарын кестеде белгілейді. Диктант басталмас бұрын оқушыларға кесте жазылған парақшалар таратылады. Олар жұмысты қол қойып, диктант барысында кестедегі белгілі бір тор көздерге жұлдызшаларды қою керек. Кестені білім алушылардың өздері де жасай алады, бірақ бұл жағдайда олар оның нақты мөлшерін көрсетуі қажет.

Дәстүрлі оқыту әдістемесінде бұл сұрақтарды мұғалім оқушыларға әңгіме барысында, материалды бекіту немесе білімді бақылау кезінде

қояды. Кестелер, әдетте мұғалімнің әңгімесі бойынша немесе үй тапсырмасын орындау кезінде толтырылады. Бұл жағдайда олар оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуге қаншалықты дайын болуына, қандай оқу құралдары бар болуына, топтарда жұмыс істеу әдістемесінің қаншалықты пысықталғанына байланысты мұғалім ұсынылған тапсырмаларды қиындатуы немесе керісінше жеңілдетуі мүмкін. Нұсқаулық толық немесе аз болуы мүмкін.

Нұсқаулықтағы алғашқы күндері оқушылар танысуы тиіс параграфтардың, беттердің, иллюстрациялардың нөмірлерін көрсету қажет. Бұл олардың кітаппен жұмыс істей білуін қалыптастыруға көмектеседі, бұл өз білімін жетілдіру үшін өте маңызды. Бұдан әрі нұсқаулықта тек жалпы жұмыс жоспары, сондай-ақ оқушылардың жауаптарын, тапсырмаларын және танымдық тапсырмаларын табуы тиіс аса маңызды сұрақтар беріледі. Оқушыларға оқулықтан басқа тапсырмаларды орындау барысында қандай әдебиетті пайдалануға және материалды қандай көлемде үйренуге болады. " Жабық тұқым өсімдіктері бөлімі" тақырыбын зерттеуге 2 сағат оқу уақыты бөлінеді. Жұмыс келесідей ұйымдастырылды.

Бірінші сабақ қысқаша кіріспе дәрістен басталады. Оқушылар топтар бойынша отырғызылады және нұсқаулықпен танысады. Мұғалім олардың назарын аса маңызды мәселелерге аударады, жоспарда қарастырылған әр түрлі жұмыс түрлерін орындау бойынша ұсыныстар береді. Жабық тұқымды өсімдіктер өкілдерінің қысқаша сипаттамасынан кейін оқушылар өз бетінше жұмысқа кіріседі. Мұғалім көрсететін фильм фрагменттерін көру, оқулық мәтінін, микропрепараттарды, иллюстрацияларды зерттеу негізінде оқушылар нұсқаулықпен қарастырылған тапсырмаларды орындайды. Егер оларда қандай да бір қиындықтар туындаса, онда олар мұғалімге кеңес алу үшін жүгіне алады.

Тапсырмаларды орындауға барлық оқушылар қатысуы тиіс. Сондай - ақ, олар үшін алдыңғы орындағаннан кейін ғана келесі сұраққа немесе тапсырмаға көшу-ереже болуы маңызды.

Оқушылардың жеке-топтық қызметі негізінде оқу материалдарын оқу арнайы үй тапсырмаларын қарастырмайды. Барлық материал, әдетте, сабақта жасалуы керек. Бірақ егер топ сабақта жеткіліксіз жұмыс істесе, онда оқушыларға сабақтардың жалпы ырғағын бұзбау үшін үйде еңбек етуге тура келеді.

Екінші сабақтың басында білім алушылар оқылатын тақырыптың барлық сұрақтарын қарайды, ал қалған 30 минут ішінде мұғалім оқушылардың білімін түзету мен жүйелендіруді жүзеге асырады. Әңгіме барысында мұғалім тақырыптың аса маңызды және күрделі сұрақтарын қалай меңгергенін анықтайды. Қажет болған жағдайда ол оқушылардың жауаптарын нақтылайды және түзетеді, қосымша мәліметтерді хабарлайды, түрлі танымдық тапсырмаларды ұсынады. Ең белсенді

оқушыларға осы сабақта жұмыс үшін баға қойылады. Оқушылардың дәптерлерде өзіндік жұмысы бағаланады. Мұғалім өзі шеше алады, дәптерлерді барлық сыныптан, әр түрлі топтардан немесе бір немесе бірнеше топтардан алады. Әрбір топ белгілі бір жабықтұқымдыларға жататын түрі бойынша хабар береді. Топтың барлық мүшелері міндетті түрде жауап беруі тиіс: топтың бір оқушысын бастайды, екіншісін жалғастырады, содан кейін үшінші, олар кестелер мен басқа да көрнекі құралдарды пайдалануы тиіс. Мұғалім мен басқа топтардың қатысушылары хабарламаны мұқият тыңдайды және қажет болса, оны толықтырады және нақтылайды. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай әдіс әсіресе 6-7 сыныптарда тиімді, өйткені балаларды, әсіресе әлсіз балаларды толық және логикалық дұрыс құрылған жауаптар беруге үйретеді.

Сабақ соңында мұғалім оқушылармен бірге әр топтың және жекелеген оқушылардың жұмысын талқылап, бағалайды. Осылайша оқушы Осы сабақта екі баға ала алады: біреуі - топтағы ұжымдық жұмыс үшін және екіншісі – жеке жұмыс үшін. Егер ол жеке жұмысы үшін өз бағасына қанағаттанбаса, оны түзете алады, сабақтан кейін мұғалімге сынақ тапсырады.

Қорытынды жасай отырып, жұмысты жеке - топтық ұйымдастыру кезінде оқушылардың өзіндік қызметі танымдық процесте жетекші болып табылатынын атап өту керек. Оқушылардың өзіндік жұмысы оқытудың әртүрлі әдістерімен: дәрістермен, семинарлық сабақтармен, бақылаумен, эксперименттермен, практикалық және зертханалық сабақтармен үйлесуі тиіс. Мысалы, жоғары сыныптарда қорытынды сабақтарда ірі тақырыптарды зерделегеннен кейін топтар арасында сынақтар, конференциялар, биологиялық дуэльдер өткізіледі.

Жеке-топтық жұмыс кезінде мұғалімдер мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ білім алушылар арасында басқаша қалыптасады. Балалардың іс-әрекеті аз регламенттеледі, олар үлкен еркіндік алады. Мұғалім кеңесші, көмекші болып табылады және тек соңғы кезеңде бақылаушы рөлін атқарады.

Білім алушылардың бағдарламалық материалды берік игеруі, олардың дамуы мен тәрбиесіне оң әсер тек мұғалім мен оқушылардың қызметінде жеке-топтық жұмысты ұйымдастыру эпизодтық құбылыс емес, жүйе болған жағдайда ғана қол жеткізіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Методика преподавания в высшей школе: учебно-практ. пособие / В.И. Блинов; В.Г. Виненко, И.С. Сергеев – 2014.
2. Инновационные педагогические технологии. Активное обучение / Панфилова, А.П. – 2011.
3. Педагогикалық менеджмент: оқулық / Панышина Т.В. – 2012.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С. Полат – 2009.

3.34. Инновациялық технологияны қолдану арқылы студенттердің белсенділігін арттыру

Ғани Исаұлы Исаев

техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қ., Қазақстан)

Салтанат Ержанқызы Сәулет

6M011300-Биология мамандығының 1-курс магистранты,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қ., Қазақстан)

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б. Мақсаты-мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, бабалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл жаңа технологиялар-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни оның нәтижесінің жоғарғы деңгейде болуын қадағалау жаңашыл педагогтардың қолында болды. Олар педагогикаға «жаңа технология» терминін енгізді. Бұл жаңашыл педагогтардың мақсаты-оқушылардың алатын білімдерін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болу. Осыған орай қазірде педагогикалық технологиялар көптеп саналады. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы» [1].

Сын тұрғысынан ойлау – оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды. Мектеп жасындағы балалардың ойлауын зерттеу

нәтижелері олардың меңгерген теориялық жалпылауларының маңызды рөлін көрсетті. Дамыта оқыту технологиясының негізін қалаған ғалым В.В. Давыдов былай деп жазады: «В настоящее время можно считать установленным, что при определенном содержании и методах обучения уже у младших школьников обнаруживаются такие познавательные возможности, которые позволяют детям успешно усваивать математические и лингвистические знания теоретического характера. Это в свою очередь закладывает у них фундамент теоретического мышления, теоретического отношения к действительности». Ал теориялық ойлау ақыл-ой әрекетінің өз еркімен өзін реттеуіне жағдай жасайды. Атақты ғалым Л.С. Выготский: өзінің психологиялық үрдістерін түсіну және игеру «ғылыми ұғымдардың есігі арқылы келеді» деген еді. Ойлау үрдістерін өз бетімен ұйымдастыру ең алдымен бірлескен оқу әрекетінде пайда болады. Оқушы әрекеттің мақсаттары, құралдары мен шарттарының арасындағы қатынасты біртіндеп түсіне бастайды. Қазіргі кезде балада ойлаудың ерекшеліктерін жоғары қарқынмен мақсатты қалыптастыру мүмкін екені дәлелденіп отыр.

Технологияны жетік меңгеру үшін бірнеше тәсілдер қолданылады. Оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін осы стратегияларды оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған жөн.

Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады [2].

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз — философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткіздім 1,2 суретте көрсетілген.



1-сурет



2-сурет

Қазіргі оқыту үрдісінде бір мәселені талқылау, оған өз көзқарасын білдіру, әріптес ойымен пікір алмасу секілді жұмыс түрлеріне көп көңіл бөлінеді. Дегенмен, кей жағдайда оқытушы оқушыға сұрақтар беріп оның сөйлеуіне, мәселеге пікірін білдіруге түрткі болдым дегенімен, оқушы мүмкіндігін шектегенін байқамай қалады. Көп жағдайда оқытушы оқушы ойын басқарады, яғни бағыт бер немесе жеткешілік етуден гөрі ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл психологтар көрсеткендей, оқушылардың өз бетінше ойлау мүмкіндіктерін шектейді. Мысалы, дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін оқытушы өзі дайындап, жоспарды еріп, оқушыдан сөйлеу барысында тек оған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік бермейді. Студент мәселені түсінбей, маңызды, өзіне қажетті ақпаратты ала алмай, мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келе алмай, өзінше ой қорытып, тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетін ие бола алмайды. Мәселені ашуда жаңа ой, құнды пікір білдіру маңызды. Және ол міндетті түрде қорытындыланып, көрініске ие болуы оқытудың тиімділігін арттырады [3].

Психологтер еңбектеріне сүйеніп әдіскер ғалымдар тұлғаның ойлау қабілетін арттырып, өз бетінше пікір білдіру, шығармашылық тұрғыдан әрекет ету, оқуға мотивациясын арттыру мәселесіне байланысты түрлі тиімді тәсілдерді қарастыруда. Американдық ғалымдар Р. Сперри мен Р. Орнстайн жетпісінші жылдары адам миының бөлшектерінің әр түрлі жұмыс істейтінін көрсетті. Егер олар бірігіп қызмет атқарса, онда тұлғаға үлкен шығармашылық мүмкіндікке жол ашылады. Адам миы оң жақ және сол жақ бөліктен тұрады. Сол жақ бөлік: алынған ақпараттарды кезекпен өңдейді, оны бөліп талдайды; ұғымдар мен ережелерді ойластырады; соңғы нәтижесі әрекет болып табылады. Ал оң жақ бөлік: барлық ақпаратты бір мезгілде өңдейді; жүйелейді; бейнені елестетеді; соңғы нәтижесін сәйкестендіру, ұқсастықты анықтау болып табылады. Аталған ми бөлшектерінің толық жұмыс істеуіне, тұлғаның сыни ойлау іскерліктерінің қалыптасуына тиімді тәсіл ретінде бізге ғалымдар «Ассоциациямен» жұмыс, «Mind Map» тәсілін ұсынады. Бұл тәсілдер оқушының берілген мәселе бойынша ой қорытып, тұжырымдап, оны көрініс түрінде беруге мүмкіндік береді. Әрине, мұғалімнің ендігі

шығармашылық әрекеті – осы мәселелерді жинақтап, жасалған жұмыс барысында оқушылар тарапынан жасалған шығармашылық жұмысты тілдік қарым – қатынас деңгейіне жеткізу [32. 47-б.]. «Mind Map» тәсіліне қысқаша тоқтала кетер болсам, аталған тәсілді шетелдік ғалым Т. Бузан ұсынады.

Сонымен, сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы мынада:

- мотивацияның артуы;
- дербес іс-әрекеттің артуы;
- ойлаудың белсенді болуы;
- оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім прагматикасы қалыптасады.

Профессор, Америка әдебиетінің мұғалімі Дэвид Клаустердің айтуынша сын тұрғысынан ойлауға мынадай анықтамалар береді:

1. Сыни тұрғыдан ойлау – өзіндік, жеке ойлау. Ойлау өзіндік сипатта ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлау болады. Өз бетінше жұмыс істеп, ең қиын деген мәселелерді өздері шеше алуы үшін оқушыларға мүмкіндік берілу керек.

2. Ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы емес, жіберілетін пункті болып табылады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен тұжырымдар секілді ақпараттарды өңдеу жатады.

3. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Нағыз таным үрдісі өзінің кез келген кезеңінде мәселені шешу мен өзінің жеке қызығушылығымен қажеттілігін пайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген талпынысы мен сипатталады.

4. Сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай түседі.

5. Сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда ғана өткірлене түседі.

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі «Сын

тұрғысынан ойлау технологиясы». Бұл технология Кеңес өкіметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы» RWCT Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір — түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, Эльконин-Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктірілген іспетті [4].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Темпл. Жобаның негізгі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Мақсаты – барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сүйрету. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынасқа деген де көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды [5].

Қорыта келгенде, «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» метакогнитивті технология тәсілдері аясында жұмыс істеу барысында оқушылар өзіндік әрекеттің түрлі тәсілдерін меңгереді. Өртүрлі ақпаратпен жұмыс нәтижесінде өзіндік ойын білдіруге дағдыланады.

Ең бастысы өздігінен оқуға, үздіксіз білімін көтеруге дағды қалыптасады. Сонымен, сын тұрғысынан ойлау технологияларды қолдану арқылы тұтастай білім беру үдерісінің тиімділігі артады, оқу дағдысы құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Оңтүстік Қазақстан. - 2012, желтоқсан – 15. - № 198-199. – Б. 8.
2. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Алматы, 2004. - Б. 11.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты // Білім әлемінде. - 2007. - № 3. - С. 4-7.
4. Кенджаева Б. Жоғары оқу орнында студенттердің құзырлығын қалыптастыру мәселелері // Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2009. - № 2 (67). – Б. 265-270.
5. Хомский Н. Язык и мышление. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1972. – 122 с.

3.35. Принципы и содержание оценивания учебных достижений детей с особыми образовательными потребностями

Сауле Еркиновна Агыбаева

Докторант 1 курса специальности «Дефектология»

Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(г. Алматы, Казахстан)

Гульжан Сериковна Оразаева

К.п.н., доцент, Казахский женский педагогический университет
(г. Алматы, Казахстан)

Реализация инклюзивного образования в Республике Казахстан требует обратить пристальное внимание педагогов на индивидуальные особенности и возможности каждого обучающегося класса, индивидуализировать образовательный процесс, обеспечить продуктивное взаимодействие между учащимися в рамках образовательного процесса, осознанно подойти к процессу оценивания учебных достижений обучающихся с особыми образовательными потребностями.

Оценивание в целях обучения – это процесс поиска и интерпретации достоверных данных, которые ученики и их учителя используют для того, чтобы решить, где обучающиеся находятся в процессе своего обучения, куда им необходимо двигаться дальше и как сделать это наилучшим образом [1].

Оценивание в целях обучения обладает следующими характеристиками [1]: встроено в процесс преподавания и учения, является их существенной частью; предполагает обсуждение и согласование учебных целей учителями и учениками; нацелено на то, чтобы помочь ученикам осознать цели обучения, которые они должны достичь; вовлекает учеников в самооценивание или оценивание друг

друга; обеспечивает обратную связь, которая помогает ученикам осознать, какие следующие шаги в учении им предстоит сделать; укрепляет уверенность в том, что каждый ученик может добиться улучшений; вовлекает и учителя, и учеников в процесс рассмотрения и рефлексии данных оценивания.

Изучение оценочной деятельности педагогов в организациях образования показало, что суммативное и формативное оценивание, СОР (суммативное оценивание за раздел) и СОЧ (суммативное оценивание за четверть) деятельности обучающихся с особыми образовательными потребностями вызывает ряд вопросов. Срезы проводятся по итогам каждого раздела и каждой четверти. Итого около 3-4 раз за четверть школьники сдают СОРы и СОЧи в виде вопросов, тестов, контрольных и так далее. Итоговая оценка за четверть и год выводится по специальной формуле.

Оценки педагогов выполняют в основном констатирующую и информирующую функции: ориентируют школьников в состоянии их академических знаний, сигнализируют об успехе или неуспехе в учебной ситуации. Оценочные суждения носят в большинстве случаев недифференцированный характер, опираются на бедный диапазон базовых критериев оценки (обычно один – «уровень сформированности знаний и умений»); используют бедный диапазон оценочных показателей по каждому базовому критерию; ориентированы на социально-нормативные эталоны.

Деятельность по оцениванию обучающихся с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования является недостаточно эффективной, т.к. она не оказывает существенного влияния на учебный процесс и его результаты; не направлена на создание специальных условий, стимулирующих использование компенсаторных знаний и умений; не стимулирует процессы социального взаимодействия на уроке, особенно актуальные в условиях инклюзивности образования (позитивный эмоциональный фон в классе, акцентирование сильных сторон психофизического развития всех детей, создание ситуации успеха для каждого обучающегося).

В 2015 году Национальной академией образования им. Ы. Алтынсарина разработаны методологические и учебно-методические основы внедрения системы критериального оценивания учебных достижений детей с ограниченными возможностями.

Однако, проблема оценочной деятельности остается одной из актуальнейших в системе инклюзивного образования. Какие оценочные технологии востребованы сегодня? Возможно ли их использование в условиях инклюзивного обучения? На каких принципах строить систему оценки учащихся с особыми образовательными потребностями? Как обучить самих учащихся приемам контрольно-оценочной деятельности? На эти вопросы пытаются ответить педагоги всех

ступеней образования. В процессе активного поиска и апробации новых оценочных технологий, переосмысления существующей системы оценки достижений учащихся находятся и педагоги нашего образовательного учреждения.

Разработка методов и форм оценки результатов обучения конкретного ребенка в инклюзивном классе является одним из ключевых вопросов в области реализации адаптированной учебной программы. Наиболее важные показатели эффективности работы преподавателей и специалистов психолого-педагогической поддержки отражаются в положительной динамике развития ребенка. Оценка содержания «движения» ребенка в определенный период времени непосредственно связано с задачами, которые установлены учителем, родителями и специалистами по поддержке в разработке индивидуальной образовательной программы. Чтобы избежать трудностей при оценке результатов обучения при инклюзивном образовании, деятельность учителя должна основываться на следующих принципах:

1. Оценивание представляет собой непрерывный процесс, естественно, интегрированный в образовательную практику. В зависимости от этапа обучения допускается диагностическое и срезовое использование оценки. Также итоговая оценка может быть установлена как общий результат накопленных оценок за период обучения.

2. Оценка может быть только критериальной. Основными критериями оценки являются планируемые результаты обучения (в случае разработки индивидуальной образовательной программы (ИОП) – задача разработки программного материала на индивидуальные способности на уровне ребенка). В то же время правила и критерии оценки быть известны заранее учителю.

Иногда необходимо разделить общие критерии оценки работы на более мелкие, местные. В каждом случае, учитель говорит ребенку, по каким критериям будут оцениваться работы, а также информирует об этих критериях наставника и родителей. Ведущий критерий влияет на форму выполнения конкретной задачи ребенком.

3. Оцениванию с помощью отметки может подвергаться только деятельность учащегося и результаты этой деятельности, но никак не личные качества ребенка. Оценке поддается только то, чему учат.

4. Система оценки должна быть построена таким образом, чтобы учащиеся были включены в деятельность по контролю и оценке, приобретая навыки и привычки к самооценке и взаимооценке.

Критериальное оценивание рассматривается как процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, заранее известными всем участникам образовательного процесса критериями, соответствующими целям и

содержанию образования, способствующими формированию ключевых компетентностей учащихся [2].

Основными направлениями обновления системы оценки отечественные исследователи и педагоги-новаторы обозначают постепенную передачу контрольно-оценочных механизмов от учителя к обучающимся, переход от контроля констатирующего к контролю диагностирующему, процессуальному, обеспечение эффективной обратной связи, позволяющей осуществлять управление качеством образования на основании полученной информации об усвоении обучающимися планируемых результатов. На сегодняшний день уже существует разработанный и апробированный опыт оценочных технологий, в России. Анализ опыта оценивания учебных достижений обучающихся с особыми образовательными потребностями с позиции соответствия требованиям инклюзивного образования позволяет сделать вывод, что проблему оценивания учебных достижений учащихся с ограниченными возможностями здоровья с сохранным интеллектом можно решать путем формирования критериальной оценки [3].

«Учет особых образовательных потребностей ребенка с ОВЗ предполагает использование специальной и подробной шкалы оценок. Подобные шкалы необходимы для выявления даже минимальных шагов в продвижении обучающегося в достижении ориентиров, заданных ФГОС, и максимально точной оценки соотношения между ожидаемым и полученным результатом», - отмечают Журавлева Ж. И., Кожекина Т.В., преподаватели Института специальной педагогики МГПУ [4].

Таким образом, современному учителю для объективной оценки как предметных, метапредметных, так и личностных результатов освоения образовательной программы требуется разработка содержания, гибкости шкал оценивания, использование средств измерительной и накопительной оценки. Положения специальной педагогики о необходимости выделения дополнительных критериев оценки учебно-познавательной деятельности детей с особенностями психофизического развития сформулировали Н.А. Белякова, Н.М. Назарова, Е.Г. Речицкая [5] и др.; научно-методические идеи о реализации специфических требований к оцениванию в классах интегрированного обучения и воспитания описали А.М. Змушко, С.Ф. Левяш, Т.В. Лисовская, Т.Л. Лещинская, В.И. Олешкевич [6].

Имеющиеся учебно-методические материалы рассматривают организацию оценивания детей с особенностями психофизического развития в образовательном процессе, но при этом не обеспечивают решение ряда актуальных для практики инклюзивного образования проблем, то есть не позволяют реализовать индивидуально-дифференцированный подход к оцениванию учебно-познавательной деятельности, недостаточно методическое обеспечение процесса

оценивания достижений обучающихся с ООП, требуется уточнение критериев и показателей оценки, оценочных средств, позволяющих акцентировать сильные стороны.

Таким образом, на сегодняшний день требуется дальнейшее глубокое изучение и осуществление работы по определению содержания системы оценивания учебных достижений обучающихся с особыми образовательными потребностями с целью стимулирования учебной мотивации и как результат, социализации ребенка в общество.

Список литературы:

1. Типология и характеристика программ оценки учебных достижений школьников / Болотов В.А., Вальдман И.А // Интернет-журнал «Проблемы современного образования», 2013, № 5.

2. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 80 с.

3. Красноборова, А. А. Технология критериального оценивания в логике компетентностного и личностно ориентированного подходов. [Текст] / А.А. Красноборова // Начальная школа плюс До и После. – 2010. № 1. – С. 76 – 78.

4. Деятельность педагога, учителя-предметника, классного руководителя при включении обучающихся с ограниченными возможностями здоровья и детей-инвалидов в образовательное пространство: методические материалы для педагогов, учителей-предметников, классных руководителей образовательных организаций (серия: «Инклюзивное образование детей-инвалидов, детей с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательных организациях») / О. Г. Приходько и др.. – М.: ГБОУ ВПО МГПУ, 2014. – 227 с.

5. Тупоногов, Б.К., Белякова, Н.А. оценка знаний, умений и навыков слепых и слабовидящих школьников / Б.К. Тупоногов, Н.А. Белякова // Дефектология. – 2009. - № 6. – С. 37-41.

6. Олешкевич, В.И. Интегрированное обучение: факторы успешности / В.И. Олешкевич // Дефектология. — 2006. - № 5. - С. 21-26.

3.36. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметке бейімдеудің психологиялық ерекшеліктері

Қарлығаш Үсенқызы Шайжанова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті,
психология ғылымдарының кандидаты
(г. Алматы, Қазақстан)

Назира Касеновна Издамасова

6M090500-әлеуметтік жұмыс мамандығының, 1-ші курс магистранты
(г. Алматы, Қазақстан)

Резюме

В статье рассматриваются психологические особенности социальной адаптации личности с ограниченными возможностями в системе специального образования.

Кейінгі онжылдықта бүкіл әлемде, сонымен қатар өз елімізде де мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға көмек көрсету жүйесінің құрылымында да өзгертуге деген ұмтылыстар байқалып отыр. Мұндай ілгерілеу үрдістері бұрын мүгедектер деп аталған балаларды қоғамға және білім ортасына біріктіру қажеттілігімен сипатталады. Тәжірибе жүзінде көмек көрсетудің әдісі қолданылып, күндізгі бөлімнің орталығы ұйымдастырылады. Біздің мемлекетіміздің көрсеткіші болып табылатын тұрғындардың ішіндегі ең бір әлсіз бөлігі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметке бейімдеу мәселесі болып отыр. Атап айтқанда олар: зияты терең зақымдалған, күрделі кемістігі бар, тірек қимыл қозғалыс аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген т.б. тұлғаларды қолдап, көмек көрсетуге бағытталуда. Соның негізінде оңалту орталықтарында, білім беру жүйелерінде әлеуметтік бейімдеудің дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруға арналған арнайы түзете-оқыту бағдарламалары жасалуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлүміз керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілу қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», - деп атап өткен. [1].

ҚР «Білім беру туралы» Заңына сәйкес, түрлі білім беру мекемелеріндегі оқыту мен тәрбиелеу ісін сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру – қазіргі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Алайда, мұндай категория балаларды әлеуметке бейімдеудің жетістігі арнайы мекемелерде ұйымдастырылған қоршаған ортада өз бетінше өмір сүруіне және еңбек етуіне бағытталған арнайы түзете оқыту мен тәрбиелеудің сапалығына байланысты.

Бейімделу теориясы ресейлік психологтардың ғылыми еңбектерінде адамның бейімделу процесі сана-сезімнің бақылауымен жүзеге асады. Сонымен бірге, әр адамның өзінің дара психологиялық ерекшеліктері (жүйке жүйесінің типтері, өмірлік тәжірибелері және т.б.), тұлғалық икемделу механизмі және өзіндік бейімделу типі бар. Белгілі педагогикалық психологиялық әдебиеттерде адамның бейімделуі

туралы көптеген негізгі әдістерді ұсынған. Г.М. Андреева бойынша, «бейімделу индивидтің жаңа жағдайға бейімделуі, ыңғайлануы және оларға көндігуі». [2].

А.Д. Глоточкин «бейімделу» және «икемделу» түсініктерін саралап жіктейді. Сонымен, «бейімделу» жаңа жағдайлармен, демек, сыртқы ортаның жаңа талаптарына сәйкес ішкі ортаның және мінез-құлықтың өзгеруі ретінде қарастырылады. Ал «икемделу» сыртқы жағдайлардың өзгеру процесінде өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында адам өзінің ішкі мүмкіндіктерін іске асыруы. Ол қоршаған ортаның, сонымен қатар, тұлғаның мүмкіндіктеріне, ерекшеліктеріне байланысты. Психикалық бейімделу түсінігі іс-әрекетте тұтастай өзін-өзі басқару жүйесі ретінде («оперативті тыныштық» деңгейінде) қарастырады. Бірақ осылай қарастыру әлі де болса жеткіліксіз. Бұған қажеттілік ұғымын қосу қажет. Тиімді бейімделу процесінің маңызды критерийлері қажеттілікті қанағаттандыру болып саналады. Психикалық бейімделуді тұлғаның қоршаған ортасына оңтайлы қарым-қатынас орнатуы, адами сапаларының іске асырылып және сонымен бірге алға қойған мақсатына байланысты өзінің қажеттіліктерін іске асыруда мінез-құлқы ортаның талаптарына іс-әрекетінің сәйкес келуі деп анықтауға болады. [3].

Әлеуметтік педагог мамандары жоғарыда аталған дамуында әр түрлі ерекшеліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық тұрғыдан арнайы көмек көрсетеді. Осыған байланысты арнайы ұйымдарда мүмкіншілігі шектеулі тұлғалармен қажетті әлеуметтік бейімдеу, педагогикалық түзету, сауықтыру, оңалту бағдарламалары әзірленіп, тәжірибе жүзінде жұмыс жасалуда.

Дегенмен, арнайы көмек көрсету бағытында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудың тәжірибесі қазіргі таңда жеткіліксіз. Әсіресе, ақыл-ойы терең зақымдалған балалармен жұмыс жасау жүйесі жалпы республика көлемінде әлсіз. Оған арнайы мекемелер мен кәсіби-мамандардың жетіспеушілігі бірден бір себеп болып отыр. Сондықтан да, ақыл-ойы терең зақымдалған, тірек қимыл қозғалыс аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін педагогикалық жұмыс, мақсатты түрде, ғылыми-теориялық зерттеулерге бағыттталып, арнайы әдістемелік көмекті қажет етеді.

Әлеуметтану ғылымымен арнайы педагогика мен психологияның байланысы ежелден келе жатқан дәстүр, оның себебі, бұл үш ғылымның толғандыратын ортақ мәселелері: білімді жоспарлау, халықтың әртүрлі топтары мен әлеуметтік қатарының негізгі даму бағыттарын айқындау, әлеуметтік ортадағы тұлғаның қоғамдық кемелденуі мен тәрбие заңдылықтарын ашу, жеке тұлғалық дара ерекшелігін ескеру болып табылады. А.Р. Маллердің пікірі бойынша, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру өте күрделі мәселе. Мұндай балалардың психикалық күй-жағдайы тұрақсыз болып келеді.

Ол қоғамдық қатынасындағы ерекшеліктерімен айқындалады. мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделу механизмдері әр түрлі болып келеді. мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, оларды арнайы оқыту жүйесіндегі көмекші мектепте жүзеге асырылатындығы белгілі. Ал, мұндай категория балалардың мүмкіндіктеріне сүйене отырып, ересек болғанда қажетті өз-өзіне қызмет ету, өнеркәсіптегі қарапайым еңбек дағдыларын және қоршаған ортада бағдарлануын дамыту ең маңызды мәселе болып саналады [4].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеудің қарапайым дағдыларына үйрету жағдайы ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңында айтылған. Сонымен қатар тұрмыстық бағдарлануын, қоғамда қабылданған құндылықтар мен тәртіп ережелерін игеруін қалыптастыру олармен жүргізілетін түзету жұмысының ең негізгі міндетіне кіреді [5]. Әлеуметтік бейімдеу мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзетушілік-тәрбиелік жұмыстың жалпы жүйесінде басты орын алады. Олар үшін әлеуметтік бейімдеу қоғамда өзін-өзі ұстауына, қарым-қатынас жасауына, қарапайым еңбек дағдыларын меңгеруіне әсерін тигізеді. Әлеуметтік бейімдеу барысында мүмкіндігі шектеулі балалардың еңбексүйгіштік, жауапкершілік, ұжымшылдық, өзара көмек сынды тұлғалық сапалары қалыптасады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімдеу дағдыларын қалыптастыру мәселелері жалпы білім беру пәндерін меңгеру барысында алған біліммен тығыз байланысты. Меңгерген білімдері әлеуметтік тәжірибесіне әсер етіп, олардың қоғамға бейімделу процесін жеңілдетеді. Балалар өз өтініштері мен тілектерін жеткізе білуі, жолдастарына өзінің және ересектің сұранысы бойынша сөйлей ала білуі, сұрақ қойып, оған жауап беруі керек.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеудің екі түрі бар екендігін атап өтуге болады. Оның *алғашқысы* баланың қоғамға бейімделуіне және қоғамның оларды қабылдауына бағытталған. Осы бағытты жүзеге асыру жолдары енді қолға алынып келе жатыр. Ал *екінші* түрі зияты зақымдалған баланың біртұтас қоғамға еніп, қоршаған ортаның жағдайларына бейімделуіне бағытталған. Жоғарыда аталған бағыттардың тиімділігі мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсету жүйесінің түрлерімен анықталады, сондықтан да, оның көптеген аспектілері өңделген. Арнайы әдебиеттерде осы мәселе бойынша қолданбалы аспектілерге көп көңіл бөлінгенін байқаймыз.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметке қайта бейімделуіне деген жаңа көзқарастың негізі – ол адам қоғамға пайда әкеле ме, әкелмей ме, соған қарамастан әрқайсысының құқығын қорғап, бас бостандығының кепілдігін бере отырып, тәуелсіздіктің жоғарғы деңгейіне жеткізу болып табылады.

Тәуелсіз өмір сүру материалдық жағдайға ғана байланысты емес, сондай-ақ, белгілі іс-әрекет жасағанда, адамдармен қарым-қатынаста, күнделікті өмір жағдайында біреуге тәуелді болмауын, яғни жалпы кең мағынадағы түсінікті білдіреді. Сондықтан, қоғамдық пайдалы еңбек пен адамдардың әлеуметтік құндылығы – қазіргі әлеуметтік оңалтудың басты мақсаты болып қана қоймай, ең негізгісі ретінде рухани-этикалық және әлеуметтік-экономикалық болуды талап етеді. Осыған сәйкес, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін әлемдегі қалыпты адамдар бейімделген заңға емес, өздерінің жеке бас жағдайларына сай заңдарға ғана бағына алатындай, тепе-теңдік мүмкіндігі туады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік мәдениетке енгізу және бейімдеудің қазіргі процесі тәуелсіз, еркін өмір сүру идеясының негізін қалаушы ретінде көрінеді. Әлеуметтік педагог баламен түзету жұмысын неғұрлым ерте жастан бастаса, оның әлеуметтенуінің негізін қалыптастырады. Педагог инклюзивті білім беру жүйесін, яғни, біріктіруді қамтамасыз ету үшін өзгеше (жыныс, жас, әлеуметтік жағдайы) және типологиялық ерекшеліктерін (нақты бір кемістігі бар тұлғаларға тән, ортақ) және психологиялық-педагогикалық амал-тәсілдер арқылы әрбір баланың әлеуметтену мәселелерін шешу жолдарын ескеруі тиіс.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қоғамға қосу мен бейімдеу үшін тәуелсіз өмір сүру идеясының негізі екенін растайды. Арнайы педагогика мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік-мәдени мәселелерін біріктіруді әр топқа сәйкес зерттей отырып, өмір сүрудің базалық компоненттерін анықтайды, олар: тіршілік ету мен өзіне-өзі қызмет көрсету қабілеттері, әлеуметтену, қарым-қатынас саласы.

Мүмкіндігі шектеулі балалар әлеуметтік қатынастарды меңгеру мен әлеуметтенуде көптеген қиындықтарға ұшырайды, өйткені ақпаратқа жету жолдары түрлі себептерге тәуелді шектелген.

Әлеуметтанушылар мен психологтардың зерттеулерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың дене кемістігі немесе психикалық дамуындағы кемістіктің қалыптасуына әсерін тигізетін негізгі көрсеткіші және әлеуметтенудің жағымсыз сипатын білдіреді. Мүмкіндігі шектеулі балалар қалыпты балалар сияқты тек еңбек етуге ғана емес, сонымен қатар күш денсаулығын қайта оңалтуға құқылы және өз демалысын өнімді, нәтижелі ұйымдастыра білуі тиіс.

А.А. Байтұрсынованың айтуынша, біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересек тұлғаларды Еңбек және Әлеуметтік қорғау Министрлігі қарамағындағы арнайы интернат-үйлерінде өмір сүреді. «Ақыл-ойы имбецил немесе нақұрыстық деңгейіндегі, дебилдік деңгейіндегі тірек қимыл-қозғалыс аппаратындағы ауытқушылықтармен күрделенген жағдайдағы балалар» атты ережелер бойынша мекемелерге жіберіледі. Зияты терең зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ең алғаш бағдарламалары 60-70 жылдары

өзірленген, олардың мазмұны психикалық процестерді жан-жақты дамыту, кемістіктерді түзету, сөйлеу тілін дамыту, қарапайым өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру. Бұл жүйедегі қазіргі жетістіктердің бірі – ерте жастан көмек көрсету бағдарламаларын өзірлеу.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мекемелерде кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі. Жақсы нәтижелермен балалардың мүмкіндіктеріне сенім тудырады. Ал арнайы интернат үйлерінде аталмыш балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру және қарапайым білім, икемділік пен дағдыларға үйрету тәжірибесі жоба ретінде жүзеге асырылуда [6].

Сонымен қатар, соңғы жылдары арнайы білім беру жүйесіндегі жетістіктердің бірі мүмкіндігі шектеулі балаларға оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде арнайы көмек көрсету жағдайлары мен жалпы мектептердің ішінен арнайы сыныптар ашылып біріктіріп оқыту жүйесі қарастырылған.

Қорыта келе, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметке бейімдеу тәсілдерін әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық бағытта дұрыс ұйымдастырса, онда олар қоғамда, әлеуметтік ортада өзін-өзі ұстауына, қарым-қатынас жасауына, қарапайым еңбек дағдыларын меңгеруіне және жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік болатыны нақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - № 5, 33-35 б.
2. Андреева Г.М. Социальная психология. М., 1998.
3. Глоточкин А.Д. О личностной социально-психологической адаптации человека // В кн. "Актуальные психолого-педагогические проблемы обучения и воспитания в школе и вузе", Тверь, ТвГУ, 1994.
4. Маллер А.Р. Социальное воспитание и обучение детей с отклонениями в развитии. - М., 2000.
5. ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы, 1-қаңтар 2003 ж. Астана.
6. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы. - Алматы, - 2008.

3.37. Современные тенденции и проблемы профессиональной подготовки будущих социальных педагогов

Баян Рустембековна Кульбекова

кандидат педагогических наук. Египетский Университет исламский культуры Нур-Мубарак (г. Алматы, Казахстан)

Багдат Хорезимовна Жубанова

кандидат педагогических наук. Казахский национальный аграрный университет (г. Алматы, Казахстан)

Казахстанская система образования в новых экономических и социокультурных условиях претерпевает кардинальные преобразования, направленные на повышение качества образования, решение стратегических задач в области образования. В условиях социального обновления общества результаты образования определяются не только тем, что обеспечивают усвоение и воспроизводство человеком культурных ценностей и социального опыта, но обеспечивают готовность членов общества к сознательной активности и самостоятельной успешной деятельности, т.е. позволяют решить задачи успешной социализации личности. Все необходимые условия, способствующие усвоению социальных ролей и регуляции процесса социализации личности, функционально содержит в себе образовательные учреждения. Реализация идей социализации требует полноценного использования в социально-педагогической деятельности учебного и внеучебного времени педагогического процесса, а также тесного сотрудничества с семьей, организациями дополнительного образования. В последние годы наблюдается расширение сети государственных образовательных и воспитательных учреждений и усиление их роли в решении жизненных проблем ребенка. Происходит усиление социальной, социально-психологической и социально-педагогической функций учреждений. Многие специалисты учреждений наряду со своим функциональным выступают в роли социальных педагогов. Специальность «социальная педагогика», первоначально возникает в виде практического опыта, в виде отдельных научных идей и учебных дисциплин. При этом неизбежным является состояние предмета, что создает определенные трудности для становления и подготовки кадров. Сегодня становление специальности «социальный педагог», в основном, зависит от того, как складывается опыт социально-педагогической работы в каждом конкретном образовательном учреждении. Наиболее острой и важной проблемой современного периода развития Казахстана является профессиональная подготовка социальных педагогов, задача которой заключается в обеспечении будущих специалистов достаточном уровнем квалификации, что и позволит им в дальнейшем эффективно трудиться. Это проблема связана с тем, что специальность «социальная педагогика» формируется учебно-методический и опытно-экспериментальный материалы накоплены в недостаточном объеме. От качества подготовки кадров во многом зависит дальнейшая судьба профессии, а значит, и решение проблем воспитания, выживания, развития детей и социальной защиты каждого человека. Нами выделены следующие проблемы профессиональной подготовки

социальных педагогов: ограничение социальной сферы реализации социальной педагогики, проблема подготовки специалистов в разнопрофильных учебных заведениях, ограниченное число специализаций социальных педагогов, непрочная связь научных исследований и практической деятельности социальных педагогов, информационная проблема, недостаток социально-педагогической литературы практической направленности, проблема допрофессиональной подготовки социальных педагогов, необходимость приобретения дополнительной квалификации научно-педагогическими работниками в социальной сфере. Во-первых, в Государственных образовательных стандартах наблюдается стремление ограничить потенциал социальной педагогики с институциональной и объектной стороны. Процесс внедрения и распространения социально-педагогической деятельности в разные секторы социальной сферы и другие сферы жизнедеятельности общества останавливается. Многие специалисты уже отмечают падение престижа социальной педагогики и профессии социального педагога. Разработка проблем исходит не из результатов анализа противоречий жизни, исследования трудностей взаимодействия человека и его социальной среды, а следует пунктам указанного документа. В последнее время возникает потребность в социальных педагогах в школах, в медицинских учреждениях, в воинских частях. Потому что и детям, и взрослым находящимся долгое время в таких учреждениях нужна социальная, психологическая, педагогическая помощь и поддержка. Нужен специалист, который смог бы правильно и грамотно оказать эти виды помощи. Социальный педагог может способствовать включению этих людей в различные виды активной общественно-ценной деятельности, в организацию досуга, выработке социальных навыков. Процесс социализации, процесс воспитания и процесс обучения протекают на протяжении всей жизни. Значит целесообразно готовить социальных педагогов для работы с разными возрастными группами населения. Во-вторых, необходима подготовка социальных педагогов в высших учебных заведениях разного профиля. Выпускники должны получить фундаментальную социально-гуманитарную, общепрофессиональную и социальную подготовку. Содержание социально-гуманитарной и естественнонаучной подготовки должны быть адаптировано к целям, задачам и специфике теории и практики социальной педагогики. Остро стоит вопрос специальных социальных педагогов, которые должны готовиться как специалисты узкого профиля. Данный вопрос очень актуален вследствие чрезвычайной многоплановости профессиональной деятельности социальных педагогов, разнородности и специфичности контингентов граждан, разнообразности учреждений, где предстоит работать выпускникам вузов. Выбор специализаций должен определяться потребностями регионального рынка труда, интересами

будущих специалистов, возможностями учебного заведения. На современном этапе развития социальной педагогики в большинстве случаев наблюдается отрыв и этой проблемы зависит развитие педагогической науки, между теорией и обоснованной. От решения этой проблемы зависит развитие педагогической науки, качество педагогических инноваций, эффективность образовательного и воспитательного процессов. Создать информационно-справочную систему по социальной педагогике. Ценность информационных работ заключается и в том, что они обобщающими разработками, анализом тенденций и направлений исследований выполняют профилактическую функцию, указывая исследователям возможные пути и направления исследований. Учебники и учебные пособия по социальной педагогике имеют практическую направленность. Но на сегодняшний момент немногие учебники могут дать конкретный ответ на интересующий вопрос в области практики. При подготовке будущих специалистов на занятиях, лекциях, семинарах использовать различные формы и виды обучения практической деятельности социальных педагогов. Практическая деятельность выпускников должна быть и повторением, продолжением того, что изучалось на занятиях в вузе и иметь самостоятельное значение. В процессе социально- педагогического образования значимым является организация научно-исследовательской деятельности и проведение опытно-экспериментальной работы. По социально-педагогическим исследованием на базе НИЦ сотрудниками кафедры осуществлялось руководство научно-исследовательскими работами магистрантов и студентов. Не все преподаватели могут использовать практические упражнения, способствующие выработке умений и навыков у студентов, на своих занятиях в силу имеющегося социального опыта, опыта деятельности в системе социальной работы и социальной педагогики. Каждый преподаватель имеет определенный социальный опыт, объем которого различен. Поэтому своими знаниями и умениями, обогащать свой опыт через участие в мотивации к профессиональному самоопределению учащихся и предусмотреть прохождение учреждений для детей. В завершении отметим, что существует проблема с кадрами научно-социальная педагогика носит комплексный характер. Сегодня общепрофессиональные и специальные дисциплины в большинстве преподают социологи, педагоги, психологи, историки: анализ, систематизация, классификация и описание в различных формах и сохранение социально-педагогического знания, которое накоплено за последние годы развития социальной педагогики повышение в деятельности специалистов; активизация системы учебных заведений по подготовке социальных педагогов в Казахстане. Подготовка социальных педагогов строится исходя из сегодняшнего понимания проблем социума, в то время как нынешним студентам предстоит работать в условиях завтрашнего дня. Кроме того, данное

противоречие должно разрешаться путем объединения усилий различных специалистов в области прогнозирования, для чего требуется профессиональный подход к решению задач настоящего и будущего. Таким образом, цель профессиональной подготовки специалиста социальной сферы включает в себя формирование соответствующих умений и навыков, личностных качеств необходимых для компетентного взаимодействия с клиентом.

Литература:

1. Липский И.А. Социальная педагогика. Методологический анализ: Учебное пособие. М.: ТЦ Сфера, 2004.
2. Социальная педагогика: Курс лекций / Под ред. М.А. Галагузовой М.: Владос, 2003.
3. Мардахаев Л.В. Методика и технологии работы социального педагога. - М., 2002.

3.38. Инклюзивті білім беру мәселелері

Айгүл Бекежанқызы Садуахасова

магистр, «Педагогикалық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы. Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті (Ақтау қ., Қазақстан)

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандар үшін көптеген бағдарламалар жасақталып, жұмыстар жүріп жатыр. Елбасымыз да өзінің соңғы Жолдауында осы мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты орынды мәселелер көтеріп, оларды жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлу керектігін қадап тапсырған болатын. Ең бастысы мүгедек балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасалуы қажет.

Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту [1]. Әрбір адамның маңызды құқықтары мен еркіндіктері жүйесіндегі негіз қалаушы фактор болып білім алу құқығы табылады. Қазақстан Республикасында, барлық дамыған мемлекеттерде сияқты, аталған құқыққа, әлеуметтік немесе материалдық деңгейге, жынысы мен діни көзқарастарға, денсаулық қалпына және т.б. ерекшеліктерге қарамастан, барша адамдар ие. Біздің мемлекетімізде бірде бір бала дамуындағы интеллектуалдық немесе физикалық бұзылыстар себебінен бұл құқықтан айырылмайды. Барлық балалардың білім алуға құқығы біздің мемлекетіміздің басты заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілденген. 1994 жылы біздің мемлекетіміз БҰҰ-ның бала құқықтары жайлы

Конвенциясын ратификациялай отырып, денсаулық және даму бұзылыстары бар балаларды «білім беру саласындағы қызметтерге нәтижелі қол жеткізу», баланы, мүмкіндігінше, әлеуметтік өмірге қосу арқылы жеке тұлға ретінде, мәдени және рухани дамуын қоса алғанда, дамыту міндеттерін алады.

Қазіргі қоғам толыққанды деп есептелмейді, егер қандай да бір адамдар тобына қатысты дискриминациялау бар болса. Мысалы, А.Д. Уорд бойынша, «кез-келген, әділеттілікке және адам құқықтарын сақтауда халықаралық ережелерге ұмтылатын мемлекет, барлық балаларға қажеттіліктері мен қабілеттеріне сай, білім беруде заңдарды басшылыққа алуы керек. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты, мұндай мемлекет оларға жас ерекшеліктеріне сай білім алу мүмкіндігін іске асыру міндетті. Инклюзивті білім беру тұрақты даму, қоғамдағы қалыптылық, күрделеніп келетін қоғамда адамның әлеуметтенуінің негізі болуы тиіс. Адамдардың әлеуметтену мен бейімделу мүмкіндіктері өмірлік жағдайлар мен жеке тұлғалық қасиеттерге тәуелді емес, олар білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Білім беру сөзінің мағынасын кеңінен қарастыратын болсақ – ол адамның пайда болуы, оның өмірінің ерекшеліктері, өмірлік тәжірибені жинақтауы, ал мұның барлығы нақты әлеуметтік–экономикалық жағдайларда индивидуалды–жекетұлғалық капиталдың өсуіне қажет болады [2].

Р.А. Сүлейменова берген анықтама бойынша, «инклюзивті білім беру – балаларды бөліп қарастыру кедергілерін жоюға бағытталған, барлық балаларды жалпыға білім беру процесіне қосу мен оларды әлеуметтік бейімдеуде жасына, жынысына, этникалық, діни қатынасына, даму кемшіліктеріне немесе экономикалық статусына қарамастан, отбасының белсенді қатысуымен, балаға түзету-педагогикалық және нақты әлеуметтік қолдау көрсету арқылы, адекватты білім беру жағдайларын жасауда, балалардың білім алу қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктеріне баланы емес, ортаны бейімдеуге бағытталған мемлекеттің саясаты. Яғни, бұл анықтамада инклюзивті білім беру жүйесі барлық балаларға, олардың физикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік, эмоционалдық, тілдік немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, білім беруді ұйымдастыруда тең мүмкіндіктер жасалуын қамту қарастырылған. Кең мағынада, инклюзивті білім беру дегеніміз – балаларды өздерінен ерекшеленетін құрдастарымен бірге оқыту. Нәтижесінде өсіп келе жатқан адам қоғамның толыққанды мүшесі болып қалыптаса алады.

Р.А. Сүлейменова ұсынған «инклюзивті білім берудің» анықтамасы ҚР-ң дамуында түрлі бұзылыстары бар тұлғаларға білім беру аймағындағы мемлекеттік саясатының негізін құрады. Білім беру саясатының негізгі ережелері бірқатар нормативті-құқықтық құжаттарда қарастырылған: ҚР «Білім беру заңы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау туралы Заңы», 2011-2020 ж.ж. ҚР білімді дамыту Мемлекеттік бағдарламасы

және т.б. Сонымен қатар, «2011-2020 ж.ж. ҚР білімді дамыту Мемлекеттік бағдарламасы» негізінде Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейін даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен үлкендерге бағытталған тиісті деңгейдегі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, мектептік және кәсіби білім беруді қамтамасыз ететін «инклюзивті оқыту жүйесі» құрылады [3].

Мүмкіндігі шектеулі балалар – қалыптасқан тәртіпке сай дәлелденген, туа, тұқымқуалаушылық, жүре немесе замқымдардың нәтижесінде пайда болған аурулардың себебінен өмірлік іс-әрекеттерінде шектеулері бар, физикалық және (немесе) психикалық кемістіктері бар он сегіз жасқа толмаған балалар. Мүмкіндігі шектеулі балалардың топтары:

1. Есту бұзылыстары бар балалар (көреңдер, нашар еститіндер, саңыраулар).
2. Көру бұзылыстары бар балалар (соқырлар, нашар көретіндер, көру мүмкіндігінен кеш айырылғандар).
3. Қимыл-қозғалыс аппаратының функциясында бұзылыстары бар балалар.
4. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар.
5. Ақыл-есі кем балалар.
6. Психикалық дамуы тежелген балалар.
7. Іс-әрекетінде және эмоционалдық-еріктік аймағында бұзылыстары бар балалар.
8. Күрделі бұзылыстары бар балалар, сонымен қатар соқыр-естімейтіндер.

Инклюзивті немесе «біріктіріп қосылған» білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру мектептерінде оқыту процесін сипаттауда қолданылатын термин. Инклюзивті білім беру – адамдардың түрлі қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған жалпыға білім беру процесінің дамуы. Инклюзивті білім беру оқушылардың айырмашылықтарын мойындаудан басталады. Оқытудағы инклюзивті бағытты дамытуда мұндай айырмашылықтар білім беру процесінің негізін құрайды.

Сондықтан, бүгінгі таңда іс-тәжірибе көрсетіп отырғандай, елімізге мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің ұлттық бағдарламасы қажет. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы мекемелерде оқытылатындықтан, олар өзге балалардан бөлектенген. Бұл мекемелерде көбінесе медициналық әдістемелер қолданылады. Қазір оларда бір жағынан кемістік болғанымен, екінші жағынан олардың да дені сау екендігін түсіндіріп, оларды дені сау балалармен қатар, жалпы ортаға бейімдеу қажет. Тек олардың сырқаты мен өзгешеліктерін ескере отырып, жай мектептің оқу бағдарламасына кіріктірген жөн. Ол үшін мемлекеттік деңгейде стратегиялық реформа жүргізу керек. Мемлекеттік деңгейде мектептерге және мектепке дейінгі ұйымдарға

жаңа стандарттар енгізіліп, жүйе өзгертілгеннен соң ғана құрал-жабдықтар, ғимараттар да дайындалады.

Инклюзивті оқыту:

Біріктірілген – оқушы дені сау балалар сыныбында, тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады.

Уақытша – арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі.

Жартылай – жеке балалар күннің 1-ші бөлігін арнайы топтарда, ал 2-ші бөлігін қарапайым топтарда өткізеді.

Толық – дамуында ауытқулары бар балалар бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар да көрсетеді [4].

Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Мүмкіндігі шектеулі балаларда дене кемсітігіне немесе ақыл-ойының баяу дамуына қарамастан, оларда қандай да бір өнерге деген табиғи дарындылық, бейімділік болатыны заңды құбылыс. Сондықтан да инклюзивті оқыту арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға, ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады. Бұндай мүмкіндікке қол жеткізе білсек, бала болашағына жол ашқанымыз деп білемін.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым – қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым – қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы – құрдастырының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асырады.

Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды. Мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек. Бұл тәрбиенің негізгі мақсаты еңбекке үйрету, өмірде өз орнын табуға баулу, өмірге икемді жеке тұлға қалыптастыру. Ең алдымен тәрбие ісіне терең сезім қажет. Тәрбиеге нағыз сенім бар жерде ғана, нағыз талапшылдық еңбек тәртібі

болады. Еңбек, еңбек – бәрін жеңбек. Осы бір мақалдың ішіне барлығы сиып тұрғандай. Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар дегенде көз алдымызға еңбекке жарамсыз, ата-ана қамқорлығында отырған балалар елестейді. Еңбек баланың өмірлік қажеттілігі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың өзіндік еңбек дағдылары бірден қалыптасып кетпейді. Мұндай балалар ата ана мен арнайы мамандардың көмектерін қажет етеді. Осыған байланысты педагогтар да балаға арналған жеке даму бағдарламасы бойынша жұмыс жасайды. Ата-ана мен педагогтар бірігіп жұмыс жасаса мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балаларды еңбекке баулу мәселесі өз шешімін табады.

Инклюзивті білім берудің тереңдігі, жылдамдығы және материалдық тұрғыдан аса үлкен салымдарды қажет етпейтіндігі, оның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәселелерді нәтижелі шешуге әсер ететін аймақтардың бірі болуын анықтайды. Әлемде өзінің экономикалық және мәдени прогресімен инклюзивті білім беруге міндетті емес бір де бір мемлекет жоқ. Инклюзивті білім беру әр балаға оның мектепте оқу көрсеткіштеріне сәйкес немесе сәйкес еместігіне қарамастан, білім алуға құқық береді. Балалар ұжымда өзара байланысқа түсіп, қарым-қатынас ережелерін меңгереді, педагогпен бірге шығармашылық тұрғыдан білім алу мәселелерін шешуге үйренеді. Сенімділікпен айтуға болатыны, инклюзивті білім беру барлық балалардың жекетұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтеді, адамгершілік, толеранттылық, көмекке келу қасиеттерін қалыптастыруға, дамытуға жағдай жасайды.

Сонымен, біздің қоғамымызға инклюзивті білім беру жүйесі арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға, ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады. Бұндай мүмкіндікке қол жеткізе білсек, бала болашағына жол ашқанымыз деп білеміз. Демек, мүмкіндігі шектелген балалар, денсаулығына байланысты тұрақты немесе уақытша білім беру ұйымдарына баруға мүмкіндігі жоқтар, үйден жеке бағдарлама немесе толық жалпы білім беру бойынша білім алуына қажетті жағдай жасауға міндетті. Орнын келтіретін қозғалыс және басқа реті бұзылған (мысалы, есту, көру қабілеті бұзылған), арнайы техникалық жабдықтың пайда болуына байланысты олардың сәтті әлеуметтік интеграция, мүгедектерге сапалы білім алуына мүмкін болады. Үйден оқыту - бұл білім беру формасы, яғни бала үй жағдайында алатын, ал оқыту үрдісі жекеше оқыту жоспары бойынша іске асады. Бұл медициналық көрсеткіштері бойынша білім беру ұйымдарында тікелей оқи алмайтын балаларға ұсынады [5].

Электрондық білім беру ресурстары, мамандандырылған компьютерлік құрал - жабдықтарды білім беру үрдісінде қолданатын интерактивтік элементтерді қолдану, көрнекілік құралдарды арттыру есебінде дидактикалық мүмкіншілікті кеңейтуіне оқу материалдық жолымен мүгедек балалардың жақсы қабылдауына бағытталған.

Қорыта айтқанда, инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразаева Г.С., Фурсова Л.М., Анализ результатов мониторинга психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями в развитии в общеобразовательных организациях республики. 2012 г., С. 2-7
2. Инклюзивное образование. Выпуск №1 / Фадина А.К., Семаго Н.Я., Алехина С.В. - М.: Центр «Школьная книга», 2010. - С.132
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР президентінің 2010ж. 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығы - Астана. 2010 ж.
4. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы ҚР заңы-11 шілде 2002 г. № 343-П.
5. Шумиловская Ю.В. Подготовка будущего учителя к работе с учащимися в условиях инклюзивного образования. – Автореф к.п.н. Шуя, 2011, 25 с.

3.39. Еліміздің болашағы жастардың білімі мен тәрбиесінде

Айгүл Бекежанқызы Садуахасова

магистр, «Педагогикалық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы. Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті (Ақтау қ., Қазақстан)

Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Балалар мен жастар тәрбиесінің болашағы – оларды адамгершілік – рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру керек.

Бүгінгі ХХІ ғасырда егеменді Қазақстанда өмір сүріп жатқан жас ұрпақтың бойындағы ерлік пен елдік қасиеттің рухани негізгі туып-өскен жері мен елінің салт-дәстүрінен, ұлттық мәдени мұраларынан, ел мен

жер байлығын қорғап қалған Күлтегін, Тоныкөк, Қобыланды, Ер көкше, Ер Қосай, Едіге, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сұраншы, Саурық, Жанқожа батырлардың ерлік істерінен бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан мұрағаттар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді. Білім алушыларға білім беру, оқу тәрбиелеу үрдісінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеуді қазақ халқының біртуар данышпандары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев сынды ғұламалардың еңбектері мен өмір жолынан тарқатуға болады.

Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүйге баулып келеді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрлі ұлттық тәрбиенің өзегі, діңгегі деседі болады. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол»- дей келіп, адамның ұлы болу үшін кісіге «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абайда айтқан болатын. «Жеке тұлғаның қалыптасуы үздіксіз күрделі үрдісі әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән сапасы, еркі өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере келіп, балалар мен жастардың білімге, ғылымға ықыласын арттыру олардың ақыл-ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып оны қоғам талабына сай асыруға көмектеседі делінген. Қазіргі кезеңде ең басты талап-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру ісі маңызды болып отыр. Сондықтан рухани байлықтың қайнар көзі, алтын арнасы ұлттық байлықпен ұштастыру, оның озық үлгілерімен байланыстыру жас ұрпақты жан-жақты дамыту жеке тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады [1].

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына, Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі-тиісті білім мен білік алған еліміздің кез-келген азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» -деп атап көрсеткен болатын. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының мақсатында көрсетілгендей, әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдылықтарды белгілеу болып табылады. Осы бағытта білім алушылардың оқу әрекетін қайта құрудағы мақсатымыз олардың үлгерім деңгейін көтеру ғана емес, интеллектуалдық күшін, шығармашылық және ақыл-ой әрекетіне айналуына назар аударуды, оның ішінде қиялды қозғауға көңіл бөлген.

Өйткені шығармашылық жұмыстардың барлығына дерлік қайта жасау қиялы жатады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында 8-бап білім беру жүйесінің бас міндеттерінің бірі-жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту болып табылады. Осыдан білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысы бір жүйеге түскен [2]. «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдарға сүйеніп құрылған.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу. Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге енуге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады.

Тәрбие жұмысы – ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгіліктілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды. Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы – әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол, сөзсіз, «ұрпақ қамы» деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру – сонау түркі заманынан бермен қарай желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі.

Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі

жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру болып табылады. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады.

Еліміздің болашағы болатын ұлтжанды дара тұлғаны даярлаудағы негізгі бағыттарға тоқталсақ:

1. *Білім-ілім* – бұл жағдайда оқу үдерісі мектептің тәрбие жүйесінің ажырамас бір бөлігі саласы ретінде жалпы мақсаттардан бастау алады.

2. *Елім-жерім* – табиғат аясы Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасындағы «Жер қойнауының байлығы барынша келер ұрпақтың игілігіне» деген сөзі осы күнгі экологиялық мәселені естен шығаруға болмайтындығын меңзеп тұрғандай.

3. *Өркениет* – қарым-қатынас, құқықтық тәрбие беру, қызықты кездесулер, оқушылардың өзін-өзі басқаруы, бағдарлы лагерь.

4. *Өнер* – жеке тұлғаның өнерді, табиғатты, адамгершілік қасиетті сыйлап өсуіне жағдай жасау.

5. *Салауатты өмір салты* – әр түрлі секциялар арқылы жүзеге асады.

6. *Тағылым* – педагогикалық кеңес, теориялық практикум, семинар-конференциялар ұштастыруға бағыт береді.

7. *Мұражай* – мұражай жұмысы жастардың бойына туған жер, атамекен, ел тарихы т.б. туралы мағлұмат беруді мақсат тұтқан.

8. *Отбасы* – ең үлкен мықты тәрбие ошағы, себебі келесі әулеттің барыстары сонда тәрбиеленеді.

9. *Халықтық педагогика* – әр халықтың ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі, рухани өмір сияқты халықтық педагогиканың тәрбиелеу тәжірибесі мол.

10. *Тарихтану* – ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі [3].

Белгілі қоғам қайраткері Амангелді Айталының: «Өз ұлтына, тіліне, мәдениетіне салқындық білдіру ақ сүтін берген анасының омырауын тістеумен бірдей» - деген ойының жаны бар. Қоғам қайраткері Ә. Кекілбайұлының осы тектес пікірімен сабақтасады: «Есесі кетіп келген тілімізді мұратына жеткізу үшін, бәрінен бұрын, қай-қайсымыздың да қолымыздан келуге тиісті дұрыс ана, дұрыс ата, дұрыс ұстаз, дұрыс азамат бола білуге көбірек көңіл бөлгеніміз дұрыс сияқты». Бұл, әрине, тегіннен тегін болмаса керек. Ана тіліміздің тағдыр-

талайында аналардың атқарар рөлі айрықша екендігі аян. Әуелгі «әлдиді» айтатын да, бесік жыры арқылы ұлттық тілдің уызын сіңіретін де - ана. Халқымыздың батыры Бауыржан Момышұлы «Ана тілін білмеген-ана сүтін татпаған» деп бекер айтпаған. Осыған байланысты «Ана бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» - деген қанатты сөздер де бар.

Егемен елдің ертеңі-бүгінгі ұрпақ десек, қай жағынан алып қарасаң да лайықты, өз ісіне жан-тәнімен берілген ұстаздардың барынша көп болғанын қалайсың. Бұл-өмір талабы. Өйткені біз ұрпақтың санасына жаңа ғылыми жаңалықтарды құюымыз қажет. Қазіргі заманғы білім беруге қойылатын талап оның санасын арттыру. Орта білім жүйесінің дамуын, оның әр сатысында жүйелі қадағалауды жүргізуді қажет деп санаймын. Біз әрбір пәннің мазмұнын және оның сапалы игерілуін жүйелі талдаудан өткізуіміз керек. Егер тұлға өз ана тілінде оқып, ана тілінде білім алған болса, міндетті түрде елінің, халқының тарихына үңіледі, әдебиетін іздейді. Өнерін меңгеруге тырысады. Халықтың өзіне тән өркениеті болғандығын, мәдениеті, қайталанбас өнері барлығын, ешкімге ұқсамайтын болмысы бар дегенді тұлғаның санасына құя беру керек. Сонда ғана ұлттық рух пайда болады. Ұлттық рух пайда болмай, тұлғада ұлтына деген ерекше сезім де болуы мүмкін емес, яғни бұл қажеттілікті бала мектеп қабырғасында жүріп үйренеді [4].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңының 8-бабында білім беру жүйесінің басым міндеттері-азаматтық пен елжандылыққа, Өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» -деп айтылған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Жолдауында: «Оқушыларды Қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу керек. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, төкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» -делінген. Елдің елдігін, оның тарихын, әдебиетін оқу-тәрбие үрдісіне ұштастырып отыру ұстаздың міндеті. Халықтың рухани мәдени дәрежесін көтеру, ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу мақсатында еңбек ету әр ұстаздың міндеті. Қоғамдық қатынастар мен экономикалық саладағы өзгерістер тәуелсіз елдің білімді ұрпағын тәрбиелеуді қажет етеді. Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде заманның көшінен қалып қоймай, уақыт талабына сай тәрбиелеу ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Жеткіншек ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді ұштастырып, қоғамның алдыңғы жүгін алып жүруге лайық, ұлттың тарихы мен мәдениетін, рухани кемелденген отансүйгіш патриот жастарды тәрбиелеуде үздіксіз жұмыс атқарылып келеді [5].

Жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік, патриоттық тәрбие жастайынан бойына сіңуі керек. Бойындағы күш-қуаты мен

білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсауы қажет. Патриоттық сезімнің қайнар көзі Отан, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Болашақ ұрпақтың саяси білімділігінің негізін қалыптастыруды тәрбиеленушілердің ортасына тікелей байланысты. «Бала тәрбиесі мемлекеттің маңызды міндеті» - деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған болар. Тәрбие адам қоғамы мен тығыз байланыста пайда болатын адамдардың қоғамдық саналы әрекеті. Бүкіл қоғамдағы материалдық және бірлескен саналы еңбек әрекеті арқылы жүзеге асады.

Сондай-ақ Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің Жолдауы мен сөздерінде егемен еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлін баса айтып келеді. Адам баласын еңбекке үйрету, өмірге бейімдей тәрбиелеу, оның еңбегін нәтижелі жемісті ету адамзат тарихы қоғамымен бірге жасасып келе жатқан тәрбиенің негізгі түйіні десек те қателеспейміз. Бәсекеге қабілетті және құдіретті, білімді, жан-жақты болу үшін алдымен оның тілін дамыту керек. Тіл дамыту жұмысы күрделі де шығармашылық үрдіс. Тілдің жақсы дамуының құралы тілдік қор болып табылады. Өз ұлтының сипатын тани білуге үйрету, баланың жандүниесін тәрбиелеу. Қуана білу, қуанышқа ортақтаса білу – қайырымдылық белгісі. Реніш немесе жылау, оның себебін түсіне білу – сабырлылық белгісі, яғни ойлана білу. Балалардың ішкі жан дүниесінің рухани баюын қамтамасыз етіп тәрбиелеу. Жаман, жиіркеніштен өзін тежей білу баланың ой түйсігінің жақсы жақтарын дамытып, жақсылыққа ынталандырады. Ұлттық тәжірибелер мен тағылымдардан туған бай қазына, өшпес өнеге, тәрбие өрнектері, ұлттық салт-дәстүрлер, рәсімдер, үлгі өнегелер халықтың құнды мұрасы – тәлім тәрбиенің баға жетпес қайнар көзі.

Қорыта келе, оқу мен тәрбие егіз, «Ел болам десең бесігіңді түзе» - дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың, жастарымыздың бойына ұлтжандылық, азаматтық, жоғарғы ізгілік пен адамгершілік сезімдерді жан-жақты жеткізгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі асқақтай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. 2008 жыл.
2. XXI ғасырда интеллектуалды ұлтжанды тұлға даярлау проблемасы: қазіргі жайы мен болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. 2010 жыл, 22-23 сәуір, Тараз қаласы. 23-24 бб.
3. Айталы А. Ұлттық жаңарудың алғы шарттары. Тіл және қоғам-Астана, 2004, № 3, 31 бет.

4. Кекілбайұлы Ә. Ұлттық руханиятымыздың өзегі-тіл. Тіл және қоғам- Астана, 2004 жыл, № 3. 15-18 бб.
5. Қазақстан мектебі. 2004 жыл, № 8.
6. Қазақстан мұғалімі. 2008 жыл, № 5.
7. Мектептегі сыныптық жұмыстар. 2008 жыл, № 2.

3.40. Профессиональная компетентность как условие становления молодых педагогов ДОУ

Гульмира Утемисовна Демешева

старший преподаватель, магистр. Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова (Атырау, Казахстан)

Аннотация

В настоящей работе рассматривается проблема профессионального становления педагогов дошкольного образования с новых методологических позиций, обусловленные модернизацией казахстанского дошкольного образования. В работе дается определение профессиональной компетенций, раскрываются методологические подходы формирования профессиональной компетенций педагога дошкольного учреждения.

Ключевые слова: компетентность; профессиональная компетентность; педагогическая компетентность; профессиональные представления; теоретическая компетентность; практическая компетентность; личностная компетентность; педагогические умения.

Актуальность исследования обусловлена тем, что в условиях смены образовательной парадигмы дошкольного образования в нашей стране особое внимание уделяется профессиональным качествам педагогов дошкольного образования. Этому свидетельствуют и обновленный Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения, ряд программных документов [1, 2, 3], где особо указывается на дальнейшую модернизацию дошкольного образования в стране.

В этой связи особое значение придаётся состоянию профессиональной подготовки молодых кадров для ДОУ, уровню компетентности педагогов дошкольных организаций, повышению их квалификации, стремлению к самообразованию, самосовершенствованию. Акценты в казахстанском дошкольном образовании смещаются в сторону модели 4К: развития креативности, критического мышления, коммуникабельности и умения работать в команде. Следовательно, рядом с дошкольниками должны находиться высокопрофессиональные педагоги.

Вместе с тем, в республике наметилась огромная потребность в высококвалифицированных кадрах для сферы дошкольного образования, так как образовательный результат определяется не

только суммой усвоенных знаний и умений, но и готовностью выпускника к успешному решению типовых профессиональных задач в зависимости от уровня образования.

Анализ методологических возможностей существующих на сегодняшний день в педагогической науке подходов в целом и подходов, используемых в процессе формирования компетенций педагогов, в частности, показало, что теоретико-методологическую основу формирования профессиональной компетенций педагога дошкольного учреждения составляет компетентностный подход. В контексте нашего исследования профессиональная компетентность является необходимой составляющей, главной характеристикой и показателем профессионализма педагога, включающая профессиональные и личностные качества педагога, отражающие уровень знаний, умений, опыт, необходимые для решения профессиональных задач, выполнения профессиональных педагогических функций в соответствии с принятыми в социуме в настоящий момент нормами и стандартами.

Исследования показывают, что понятие компетентности тесно связано с дефиницией «компетенция». При этом нужно отметить, что в различных толковых словарях понятие «компетенция», несмотря на некоторые различия в интерпретации, включает два основных общих объяснения: 1) круг вопросов; 2) знания и опыт в определённой области.

Кроме этого, исследователи выделяют и другие характеристики рассматриваемого понятия. Так, под компетенцией понимается способность применять знания, умения и личностные качества для успешной деятельности в определённой области: знание и понимание (теоретическое знание академической области, способность знать и понимать); знание как действовать (практическое и оперативное применение знаний к конкретным ситуациям); знание как быть (ценности как неотъемлемая часть способа восприятия жизни в социальном контексте) и др. [4].

Для многих исследователей компетентность специалиста проявляется, прежде всего, в эффективном выполнении функциональных обязанностей. Но компетентность понимают и таким образом: мера понимания окружающего мира и адекватность взаимодействия с ним (Н.В. Яковлева); совокупность знаний, умений и навыков, позволяющих успешно выполнять деятельность, определённый уровень сформированности общественно-практического опыта субъекта (Ю.Н. Емельянов); уровень обучения социальным и индивидуальным формам активности, которая позволяет индивиду в рамках своих способностей и статуса успешно функционировать в обществе (Л.П. Урванцев); совокупность профессиональных свойств, т. е. способностей реализовать должностные требования на определённом уровне (Л.И. Анцыферова);

интегральная характеристика, определяющая способность или умение решать профессиональные проблемы и типичные профессиональные задачи, возникающие в реальных ситуациях профессионально-педагогической деятельности, с использованием знаний, профессионального и жизненного опыта, ценностей и склонностей (А.Г. Гогоберидзе, В.А. Деркунская) и др.

Профессиональная компетентность педагога сочетает в себе ключевые, базовые и специальные компетентности.

Ключевые компетентности необходимы для любой профессиональной деятельности, они связаны с успехом личности в быстро изменяющемся мире. Они проявляются, прежде всего, в способности решать профессиональные задачи на основе использования:

- информации;
- коммуникации;
- социально-правовых основ поведения личности в гражданском обществе.

Базовые компетентности отражают специфику определённой профессиональной деятельности. Для профессиональной педагогической деятельности базовыми становятся компетентности, необходимые для «построения» профессиональной деятельности в контексте требований к системе образования на определённом этапе развития общества.

Специальные компетентности отражают специфику конкретной предметной или надпредметной сферы профессиональной деятельности. Специальные компетентности можно рассматривать как реализацию ключевых и базовых компетентностей в области учебного предмета, конкретной области профессиональной деятельности.

Очевидно, что все три вида компетентностей взаимосвязаны и развиваются, а определённом смысле, одновременно, «параллельно», что и формирует индивидуальный стиль педагогической деятельности, создаёт целостный образ специалиста и в итоге обеспечивает становление профессиональной компетентности как определенной целостности, как интегративной личностной характеристики педагога [5].

Исходя из вышесказанных определений, можно представить сущностное содержание понятия «профессиональная компетентность», которое в акмеологии рассматривается как главный когнитивный компонент подсистем профессионализма личности и деятельности, сфера профессионального ведения, круг решаемых вопросов, постоянно расширяющаяся система знаний, позволяющие выполнять профессиональную деятельность с высокой продуктивностью. Структура и содержание профессиональной компетентности во многом определяется спецификой

профессиональной деятельности, её принадлежности к определённым видам [6].

Анализ сущности понятия «профессиональная компетентность» даёт возможность представить его как интеграцию знаний, опыта и профессионально значимых личностных качеств, которые отражают способность педагога (воспитателя) эффективно выполнять профессиональную деятельность и достигать целей, связанных с развитием личности в системе дошкольного образования. А это возможно в том случае, когда субъект профессиональной деятельности достигает определённой стадии профессионализма. Профессионализм в психологии и акмеологии понимается как высокая подготовленность к выполнению задач профессиональной деятельности, как качественная характеристика субъекта труда, отражающая высокую профессиональную квалификацию и компетентность, разнообразие эффективных профессиональных навыков и умений, в том числе основанных на творческих решениях, владение современными алгоритмами и способами решения профессиональных задач, что позволяет осуществлять деятельность с высокой и стабильной продуктивностью [7].

Как показывают исследования, компетенции – это ожидаемые и измеряемые достижения личности, которые определяют, что будет способна личность по завершению процесса обучения; обобщённая характеристика, определяющая готовность специалиста использовать весь свой потенциал (знания, умения, опыт и личностные качества) для успешной деятельности в определённой профессиональной области [8].

В своей работе мы придерживаемся мнения исследователей Бондаренко А., Позняк Л., Шкатула В., что подготовка кадров в области дошкольного воспитания приобретает особую значимость, что объясняется особыми требованиями, которые предъявляются педагогу дошкольных образовательных учреждений в условиях модернизации образования. В системе дошкольного образования вопрос о профессиональной компетентности является одним из самых трудоемких и неразработанных, что объясняется:

- во-первых, тем, что в истории развития дошкольного образования на различных исторических этапах преобладали различные и зачастую обратные методологические подходы и концепции развития детей дошкольного возраста, а значит и к профессиональной компетентности педагогов;

- во-вторых, представлением педагогических работников о том, что развитие дошкольников должно строиться на основе предметно-информационной модели обучения в однотипных образовательных учреждениях.

Нормативные требования к профессиональной деятельности находят отражение в квалификационной характеристике педагога. В

структуру характеристики входят педагогические знания, умения и навыки, необходимые для того, чтобы успешно организовать образовательную деятельность педагога. Бесспорно, что в динамично развивающемся обществе невозможно раз и навсегда достичь определенного уровня развития квалификации. Отсюда вытекает необходимость повышения квалификации педагогов дошкольного образования как формы ценностно-смыслового, содержательного и технологического обогащения системы профессиональной деятельности [9].

Необходимо указать, что в структуре профессиональной компетентности взаимодействуют такие компоненты, как морально-нравственный, познавательно-творческий, коммуникативный. Содержанием морально-нравственного компонента является опора на такие категории как моральное сознание (моральный принцип, моральная норма, этическая категория, моральное убеждение, нравственная цель, моральный выбор и т. д.); нравственные отношения (нравственное взаимодействие, нравственный конфликт, моральный авторитет, моральная репутация и др.); моральная практика (реализация на практике тех или иных нравственных качеств). Познавательно-творческий компонент профессиональной компетентности характеризуется использованием нестандартных, оригинальных, оптимальных, рациональных приемов, средств и их сочетание; направленностью, нацеленностью, сосредоточением субъекта профессиональной деятельности на поиск нового способа, приема решения возникающих творческих специальных задач и их реализацию. Коммуникативный компонент профессиональной компетентности выступает в владении специалистом способами вербального и невербального обмена информацией; способности проводить диагностирование личностных свойств и качеств собеседника; вырабатывать стратегию, технику и тактику взаимодействия с людьми; организовывать совместную деятельность людей для достижения определенных социально-значимых целей; идентифицировать себя с собеседником, понимать, как он сам воспринимается партнером по общению и эмпатийно относиться к нему. Обращаясь к базовой компетентности учителя, следует отметить, что она заключается в умении создать, организовать такую образовательную, развивающую среду, в которой становится возможным достижение образовательных результатов ребенка, сформулированных как ключевые компетенции. Все остальные более частные компетенции вытекают из общей и являются ее составными частями [10].

С целью установления наличия связи между профессиональной компетентностью педагогов и особенностями их профессиональных представлений было проведено соответствующее исследование. Определение степени профессиональная компетентность

представляло собой определённую сложность в связи с этической стороной сбора информации. Тем не менее, информация о профессиональной компетентности была получена в результате обобщения и анализа следующих данных: отзывы студентов и руководителей соответствующих подразделений, степень активности в реализации различных аспектов педагогической деятельности, а также применение модифицированного варианта методики В.И. Зверевой и П.И. Третьякова "Диагностика профессиональной компетентности учителя", включающей в себя развёрнутые представления о роли и месте использования педагогических знаний, ориентировку в разнообразии и целевой направленности различных методов и приемов обучения, знакомство с педагогическими технологиями, приёмами и методами самообразования.

В результате данного интегрированного подхода все педагоги были распределены на три группы: с высокой, средней и низкой степенью профессиональной компетентности. Было установлено, что высокий уровень профессиональной компетентности коррелирует со стажем педагогической деятельности, а именно к данной группе принадлежат специалисты, работающие в сфере образования в течение 10-15 лет. Однако подобные данные не являлись непосредственной целью исследования.

Что же касается исследования профессиональных представлений - они были выявлены при помощи методики Е.И. Рогова "Представления об объекте деятельности", в которой испытуемыми оценивался объект своей деятельности и своя работа при помощи 16-ти прилагательных по семибалльной шкале семантического дифференциала. В результате качественного анализа, количественной и статистической обработки было установлено, что для преподавателей с высокой профессиональной компетентностью характерны в целом более высокие баллы, чем в группах со средней и низкой компетентностью по всем факторам данной методики. Значимость различий была установлена по факторам: оценка образа и чёткость образа между группами преподавателей с высокой и низкой профессиональной компетентностью. Это свидетельствует о том, что для преподавателей с высокой профессиональной компетентностью характерно восприятие объекта деятельности, как вызывающего уважение, как носителя позитивных, социально желательных характеристик; в их сознании объект представлен точно, контрастно, адекватно, ярко. В то время как преподаватели с низкой профессиональной компетентностью демонстрировали критическое отношение к объекту, отвержение, неудовлетворенность его поведением, уровнем достижений, особенностями личности, для них отмечен недостаточный уровень принятия объекта.

Более того, в развёрнутых ответах испытуемых относительно профессионализма и качеств профессионала, предусмотренных

опросником Е.И. Рогова, высококомпетентные преподаватели демонстрировали более чёткие описания, использовали точные характеристики, красочные эпитеты, их ответы были более объёмными и свидетельствовали о стремлении выразить своё собственное формируемое мнение, при анализе ответов низкокомпетентных преподавателей была зафиксирована тенденция "отписываться" заученными, шаблонными фразами или вообще пропускать пункты анкеты, подразумевающие развёрнутый ответ.

В результате можно сделать вывод о том, что существует связь между степенью профессиональной компетентности преподавателей и их профессиональными представлениями, вместе с тем представляется логичным наметить дальнейшее изучение данной проблемной области с тем, чтобы установить причинно-следственные отношения в исследуемой диаде: профессиональные представления - профессиональная компетентность [11].

Таким образом, результаты исследования показали, что на сегодняшний день возникла потребность в проведении открытого обсуждения о качестве содержания казахстанского дошкольного воспитания и обучения, которая обусловлена рядом противоречий, вызванных как ходом развития дошкольного образования, так и процессами, связанные с условиями формирования профессиональной компетентности педагогов дошкольного образования. Вышеизложенные позиции исследователей являются приоритетными при обеспечении качества дошкольного образования в Казахстане. Модернизация казахстанского образования невозможна без участия компетентного педагога-дошкольника, обеспечивающего организацию успешного развития ребенка в условиях дошкольной индустрии.

Список литературы:

1. ПП РК № 292 «О внесении изменений и дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан № 1080 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования» от 23.08.2012 г.» от 13.05.2016.
2. Приказ и.о. МОН РК № 499 «Об утверждении Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения» от 12.08.2016 г.
3. Приказ МОН РК № 391 «О внесении изменений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 20.12.2012 г. № 557 «Об утверждении типовых учебных планов дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан» от 22.06.2016 г.
4. Антипина, Л.Б. Компетентностный подход в реализации образовательного процесса [Текст] / Л.Б. Антипина // Методист. – 2010. - № 5. – С. 39-44.

5. Гогоберидзе, А.Г., Деркунская, В.А. Теория и методика музыкального воспитания детей дошкольного возраста [Текст]: учеб. пособие для студентов высших учебных заведений / А.Г. Гогоберидзе, В.А. Деркунская. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 320 с.
6. Деркач, А.А. Акмеология. [Текст] / А.А. Деркач. – М.: РАГС, 2003. – 252 с.
7. Деркач, А.А. Акмеологический словарь [Текст] / Под ред. А.А. Деркач. – М., 2005. – 161 с
8. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентного подхода в образовании [Текст] / И.А. Зимняя. – М., 2004.
9. Бондаренко А., Позняк Л., Шкатула В. / Журнал Заведующий ДОУ. – М., 2009. – 144 с.
10. Корешкова М. Н., Рыжевская М. А. Профессиональная компетентность педагога дошкольного образования // Молодой ученый. — 2016. — № 24. — С. 464-466. — URL <https://moluch.ru/archive/128/35508/> (дата обращения: 13.04.2019).
11. Наumenко М.В. Исследование профессиональных представлений педагогов с различным уровнем профессиональной компетентности. Интернет-журнал «Науковедение» Выпуск 6, ноябрь – декабрь 2013. URL <http://publ.naukovedenie.ru> (дата обращения: 13.04.2019).

3.41. Пәнаралық байланыстың мәні, пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тәсілдері

Гульжан Ануаровна Сугуржанова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
1-курс докторанты (Алматы қ., Қазақстан)

Жайнагүль Каныевна Сыдықова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Ғылыми ұғымдарды қалыптастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың басты мақсаты оқушыларды жан-жақты дамыту, оларға ғылыми көзқарас қалыптастыру және бір пәннен алған білімін екінші пәнді игеруде қолдана білуге дағдыландыру.

Е. Аққошқаров өзінің «Физикалық ұғымдарды қалыптастырудың және терминдерді меңгерту тәсілдері» атты еңбегінде: “Әрбір оқу пәні бір-бірімен жүйелі түрде байланысқан және бірін-бірі толықтырып, дамытып отыратын ұғымдардан құралады. Өйткені, жеке оқу пәні шеңберінде тұйықталған, дараланған байланыс жүйелері толық білім алуға, дұрыс көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Оқушылардың ой-өрісін дамыту үшін пән ішіндегі байланысты

пәнаралық байланыс дәрежесіне көтерудің маңызы зор”-деп көрсеткен [1].

Олай болса, пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқушылардың білімін жетілдіруге, бір пәннен алған білімін екінші пәнді оқып үйрену барысында пайдалана білу дағдысын арттыруда маңызы зор.

Пәнаралық байланыстар оқушылардың табиғат құбылыстары жайындағы түсініктерін қалыптастыруға септігін тигізеді, оқушылардың алған білімдерін әртүрлі оқу пәндерін оқып үйрену кезінде пайдалануға көмектеседі.

Соңғы жылдары физиканың, астрономияның, математиканың, химияның, биологияның және т.б. жаратылыстану пәндерінің өзара байланысы осы пәндерді дәрістеуді қайта қарауды, білім беруді кең тұрғыдан қамтуды, олардың терең байланысын оқыту процесінде тиімді пайдалануды көздеуде.

Пәнаралық байланысты әдіскер-ғалымдар екі түрге жіктейді:

1. Уақыттық белгісі бойынша.
2. Мазмұндық белгісі бойынша.

Уақыттық белгісі бойынша пәнаралық байланыстарды болып өткен, ілеспелі және келешекте болатын байланыстарға бөледі.

Мазмұндық байланыстарды-факті жүзіндегі, ұғымдық және теориялық деп ажыратады.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруда төмендегі негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

- бір пәнді оқып үйрену оқушылардың басқа пәндерді үйренуге дайындалуына жәрдемдесетіндей болуын есепке алып, әртүрлі пәндерді оқып үйренуді уақыт жағынан үйлестіріп отыру;

- оқушылардың ғылыми ұғымдарын дамытудағы және олардың бойында жинақталған іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырудағы сабақтастық;

- білімді меңгертуге және жалпы іскерліктер мен дағдыларға ие болуға қойылатын талаптар бірлігі;

- бір пәнді оқып үйренгенде оқушылардың басқа оқу пәндерін оқып үйрену процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кеңінен пайдалану;

- шектес пәндер сабақтарында бір ғана мәселелерді оқып үйренудегі қайталаушылықты жою;

- әртүрлі ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерінің ортақтығын көрсету және олардың ерекшелігін ашу;

- әртүрлі пәндер (физика, химия, биология, география және т.б.) сабақтарында оқып үйренілетін құбылыстардың өзара байланысын ашу, материялық дүниенің бірлігін көрсету.

Оқушыларға ғылым негіздерін игерту процесінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру тәсілдері алуан түрлі. Физиканы оқып үйренудің алғашқы кезеңінде төмендегі тәсілдерді ұсынуға болады:

1) жаңа оқу материалын меңгертуде оқушылардың басқа пәндер сабақтарында алған білімін пайдалану, мұнда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың үш кезеңі қарастырылады:

- жаңа ұғымды қабылдауға оқушыларды дайындауда пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

- жаңа ұғымды меңгерту процесінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

- жаңа оқу материалын бекітуде және есептер шығаруда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;

2) білімдерін кешенді түрде қолдануды талап ететін эксперименттік жұмыстарды орындау;

3) пәнаралық сипаттағы экскурсиялар өткізу, мысалы, физика және биология бойынша табиғатқа топ серуен жасау;

4) қорытындылау сипатындағы қайталау сабағын өткізу, мұнда әр түрлі пәндерді оқып үйрену кезінде алған білім біртұтас етіп біріктіріледі, мысалы, физиканы, химияны және биологияны оқып үйрену процесінде энергия туралы алған білімін қорытындылау, соның нәтижесінде оқушылар энергияның сақталу және айналу заңын толық әрі терең түсінеді.

2. Автобус жүргізушілерінің жұмыс орындарында физикалық факторлардың, атап айтқанда, шу мен дірілдің деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар жүргізу: қалыпты түрде шу мен діріл деңгейінің себептерін анықтау және жою; өндіруші талаптарына қатаң сәйкес шу мен діріл тудыратын барлық компоненттер мен жинақтардың қанағаттанарлық мазмұнын қамтамасыз ету; кабинаны кабинадан оқшаулау және оның ең тығыздау; кабиналардың беткі қабаты

(қабырғалар, еден) және шуды сіңіретін және дірілді сіңіретін материалдар үшін басқару тұтқалары; техникалық күйі инженерлік және техникалық шаралар арқылы шу мен діріл деңгейлерін қалыпқа келтіретін шиналарды шығаруды тоқтатады. Дегенмен, заманауи автобустардағы физикалық факторлардың деңгейіне сәйкес келу талаптары өндірілген көлік құралдарын жобалау мен апробациялау кезеңінде қарастырған жөн.

3. Ыстық климатта қалааралық жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын заманауи автобустарда ауаны кондиционерлеу жүйесі жоқ, ал «желдету жүйесі» «Драйверлердің еңбек гигиенасы бойынша санитарлық ережелер» анықталғанына қарамастан, жүргізушілердің жұмыс орнында микроклиматтың оңтайлы параметрлерін қамтамасыз етпейді. Қазіргі заманғы автобустардың санитарлық-тұрмыстық қондырғылармен жабдықталуы кабинетте оңтайлы немесе қолайлы микроклимат параметрлерін сақтауды жобалау сатысында қарастырған жөн. Жабдықтар микроклимат параметрлерін автобустың кабинасында қозғалтқыштың қозғалтқышы бар қозғалтқыштың қозғалысы басталғаннан кейін 30 минуттан кешіктірмей орнатуға тиіс. Сыртқы ауаның жоғары температурасының әсерін азайту үшін, күн сәулесінен қорғайтын мөлдір үлдірлерді, тоналды шыны бар болуды қамтамасыз ету, ашық түсті бояғыштармен сыртқы және ішкі беттерді суреттеу керек.

4. Автобустардың автобустарының ауаның ластануын жол бойындағы аймақтан ауамен шығаратын химиялық заттармен ластауды болдырмау үшін, кабиналардың барынша тығыздалуын қамтамасыз ету, ауаны тазарту сүзгілерін сыртқы ауа қабылдағыштарына орнату, отын жүйесін реттеуге арналған көлік құралдарының техникалық жағдайын уақтылы бақылауды ұйымдастыру және жүргізу көлікті газдандыру, көлікті пайдалану кезінде оңтайлы қозғалтқыштың жұмыс жағдайын қамтамасыз ету. Бұдан басқа, ауаның ылғалдылығы мен шаңдану деңгейін төмендету - ылғалды кабиналар мен автобустардың шкафтарын бір ауысымда 2-3 рет өткізуді қамтамасыз ету.

5. Антропометрлік деректерге және амортизаторларға сәйкес жақсы жағдайда жүргізуші орындықтарын реттеу жүйесін жүргізу. Орынның қақпағы булар мен ауа өткізгіш материалдардан жасалуы тиіс.

6. Невро-эмоционалдық стрессті және шаршауды азайтуға бағытталған шараларды енгізу: психологиялық жеңілдету бөлмелерін қалпына келтіру; еңбек ұжымында қолайлы психологиялық климатты құру, жүргізушілердің жолаушылармен байланысын шектеу мақсатында салондардан жүргізуші кабиналарын оқшаулау.

7. Жұмыстың және демалудың ұтымды режимдерін ұйымдастыру. Автомобиль көлігі кәсіпорындарын басқару - жұмыс ауысымының ұзақтығы 8 сағаттан аспайтын жүргізушілердің жұмыс кестесін үйлестіру. Демалысқа арналған реттелетін үзілістерді белгілеу (біріншіден - желіде жұмыс бастағаннан кейін 2-3 сағаттан кешіктірмей, кем дегенде 10 минуттан кем емес әрбір 2 сағатта), түскі үзіліс 45-60

минуттан кем болмауы керек. Бекітілген жұмыс кестесіне қатаң сәйкестікті бақылауды қамтамасыз ету.

8. Медициналық-рекреациялық іс-шаралар кешенін жүргізу - физикалық жаттығуларға арналған бөлмелерді жабдықтау, жекелеген органдар мен жүйелердің шаршауына жол бермеуге, қозғалыс тапшылығын толтыруға бағытталған физикалық жаттығулар кешендерін дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К.К. Тогузбаева, А.К. Сайлыбекова и др. Проблемы гигиены труда и состояния здоровья водителей городского автотранспорта// Здоровье и болезнь. - 2007. - [№ 4. - С. 157-159.]

2. К.К. Тогузбаева, А.К. Сайлыбекова и др. – Гигиеническая оценка влияния некоторых производственных факторов на состояние работоспособности водителей автотранспорта. – Алматы: Римини, 2010 г.

3. Карабалин С.К. Актуальные проблемы медицины труда (профессиональной патологии): Профессиональные болезни, вызываемые воздействием промышленных аэрозолей / С.К. Карабалин. - 2-е изд. - Алматы: АҚНҰР, 2015. – [188 с].

4. Мамчик Н.П. и соавт. Комплексная гигиеническая оценка условий труда водителей // Медицина труда и промышленная экология. - 2002. - [№ 7. С. 16-18].

5. С.К. Карабалин, К.К. Тогузбаева, А.К. Сайлыбекова и др. – Қалалық автокөлік жүргізушілерінің еңбек жағдайындағы кейбір өндірістік факторларды гигиеналық бағалау. – Караганда: 2010. – [Б. 232-234.]

6. Шевкун И.Г., Гигиеническая оценка условий труда водителей пассажирского автотранспорта и меры профилактики. – 2009.

7. Карабалин С.К. Актуальные проблемы медицины труда (профессиональной патологии): Общие вопросы / С.К. Карабалин. - 2-е изд. - Алматы: ИП "Изд-во Ақнұр", 2015. – [428 с.]

8. К.К. Тогузбаева, А.К. Сайлыбекова и др. – Гигиеническая оценка влияния некоторых производственных факторов на состояние работоспособности водителей автотранспорта. – Алматы: Римини, 2010. – [Б. 430-432.]

9. Карабалин С.К. Медицина труда (профессиональная патология): в 2 ч. 2 часть / С.К. Карабалин. - Алматы: Ақнұр, 2016. – [580 с.]

10. Косарев В.В. Профессиональные болезни: учебник. - М.: Гэотар-Медиа, 2010. - [368 с.]

11. Сраубаев Е. Н. Еңбек физиологиясы және зерттеу әдістері. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: Эверо, 2016. - [156 бет.]

12. Гигиена труда: учебник / ред.: Н. Ф. Измеров, В. Ф. Кириллов. - М.: Гэотар Медицина, 2008.

SECTION V / СЕКЦИЯ V

HUMANITIES / ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

5.1. The Formation of Professional Skills of Students Through the National Decorative-Applied Art

Nabat Zhunisova

International humanitarian-technical university
(Shymkent, Kazakhstan)

Abstract

The paper discusses the problems of national education through applied arts. This issue is of national importance and is reflected in the Address of President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev as well as in the Education Act.

Key words and phrases: character and temperament of the nation; customs; national applied arts; Presidential Address; traditions.

Формирование профессионального мастерства школьников через национальное декоративно-прикладное искусство

Набат Жунисова

International humanitarian-technical university
Shymkent (Kazakhstan)

Аннотация

Рассматриваются проблемы воспитания с помощью национального прикладного искусства. Национальное воспитание, как важная проблема в жизни общества, отражалась в трудах виднейших просветителей: Аристотеля, Платона, Леонардо, Альберто, Вольтера, Дидро, Руссо, Канта, Гегеля, Дюре. Эта проблема государственной важности нашла отражение и в Посланиях Президента Казахстана Н.А. Назарбаева, в Законе об образовании.

В национальном воспитании нашли отражение обычаи, традиции, политическое положение, деятельность, характер и темперамент нации, что способствует воспитанию гражданственности, патриотизма, эстетического вкуса у подрастающего поколения.

Ключевые слова и фразы: национальное прикладное искусство; Послание Президента; обычаи; традиции; характер и темперамент нации.

The national education reflects the customs, traditions, political status, activities, character and temperament of the nation that promotes citizenship education, patriotism, the aesthetic taste of the younger generation.

The development of national arts promotes the formation of an individual and improves the national education. In this regard, the development of national education, the inclusion of the national arts in the general education program is mandatory. Nursultan Nazarbayev in his work "Future of Kazakhstan in the ideological unity" stresses that cultural

traditions are a source of social renewal. The development of culture, national art in Kazakhstan is supported in all possible ways. Today the country is oriented at the development of national values [1].

Insufficient education of the youth is the consequence of the loss of national education. The main drawback in training and upbringing of the youth in the lessons of technology in schools is insufficient study of national crafts, incivility of its natural features.

Today, the main goal is humanization of education and the development of personality on the national basis. In schools, these are closely held with training and educational department. Educational literature and studies focus on the role of art for the growth and development of students at every level; theoretical and practical experience has been analyzed. It has been concluded, that national crafts contribute to the formation of aesthetic needs and serve as the basis of methodology, which opens the way to artistic education.

The role of arts for aesthetic and spiritual development was discussed in the works of great thinkers of the past, including Aristotle, Plato, great figures of Renaissance such as Leonardo, Alberto, Dure, etc., aesthetic works of French Enlightenment thinkers including Voltaire, Diderot, Rousseau, and their followers, as Kant and Hegel. According to Al-Farabi, mastering the theory of an art is the ability to assimilate the problems of art.

Education of future generations is the matter of social significance. Raising healthy and intelligent people has become a primary goal in many countries. Traditional Kazakh culture plays an important role the aesthetic education of the nation. One of the main tools of aesthetic education is promoting national applied arts.

National applied art is an artistic form, which was formed and passed by our ancestors; it reflects the national consciousness, spirit and nature. The development of personality is influenced by a variety of factors. In our view, national applied arts being a part of national education present opportunities for such development.

The nature of applied arts and its impact on human life and society has been investigated by the Russian scientists, including I. Boguslovskaya, V.B. Voronov, M.A. Nekrasova, T.M. Razina, S.M. Temerins and others [5, p. 17].

National arts reflect the life of people, their political views, spirit and character. Therefore, the national arts contribute to the growth of national wealth.

It should be noted that Kazakh educators focus on pedagogical reasoning and conclusions on the importance of educating generations on the cultural heritage and arts of the nation. Although there are few special works on Kazakh Applied Art, they study the issue from a philosophical point of view. For example, the aesthetic look of Sh. Valikhanov is closely linked to the socio-political and philosophical views. In his studies, he places great value on life and living, national customs and traditions of the Kazakhs and the people of Central Asia. He seeks to reveal the aesthetic tastes of the

people through the people's knowledge of literature and beauty. He argues that the basis of education is the interest of the youth in the national art and the traditions [6].

Today, schools of applied arts are opened in the country. These schools teach wood crafts, the art of making pots of baked clay, sewing national clothes, embroidery, tailoring clothes, knitting scarves, felting and sewing felt carpets. All these stimulate children's interest in national arts. Art and knowledge, humanity and morality are promoted in Great Abay's works.

In the book "Pedagogy" M. Zhumabayev studies the problem of physical and spiritual education. The author describes the types and methods of bringing up children in Kazakh schools, and provides explanations for teachers, educators and parents about the importance of spiritual education for children. In his book he describes the nature of the soul, character formation and raises the sense of beauty (aesthetics), and child development. Local human feelings play a big role in the development of the sense of beauty in people. Beautiful colors, beautiful views, beautiful objects of nature deepen the sense of beauty in people. To develop the sense of beauty in a child one should teach them to draw. Drawing enhances visual perception and develops the sense of beauty [6].

Following the conclusions of M. Zhumabayev, today the main problem is the development of aesthetic taste in children based on the fine arts and national crafts. A special place is occupied by the national production of ornamental items.

National traditions unite people and contain the results of the national art. Moreover, due to the development of national character and social change some national traditions are lost and forgotten by the day. Due to professional artists, traditions are updated every time. As M. Auezov stresses that art teaches us humanism, changing our inner world and affects our soul. The purpose of art is not to imitate nature but reveal all its secrets [7].

A lot of information about the Kazakh works of art can be obtained from the works of Kazakh researchers as well foreign scientists, who wrote books about the art of the Kazakhs and their lives, the importance of national artistic education. All of the above proves that the major tool of national education is national arts and crafts.

References:

1. Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан болашағы қоғамының идеялық бірлігінде / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы, 1993. – 10 б.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» / Казахстанская правда, 1999. – 11 июня.
3. Концепция развития среднего образования Республики Казахстан. – Алматы: Казахстан, 2004.
4. Ал-Фараби. Философские трактаты. – Алматы, 1973. – 318 с.

5. Валиханов, Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов / Ч.Ч. Валиханов // Собр. соч. В 5 т. – Алма-Ата. – 1961. – Т. 1. – С. 112–120.
6. Жумабаев, М. Педагогика / М. Жумабаев. – Алматы: Рауан, 1993. – 180 с.
7. Аuezov, M. Собрание сочинений / М. Аuezov. – Алма-Ата, 1959.

References:

1. Nazarbaev, N.A. Қазақстан bolashafу қоғамынұң idejalyқ birliginde / N.A. Nazarbaev. – Almaty, 1993. – 10 b.
2. Zakon Respubliki Kazahstan «Ob obrazovanii» / Kazahstanskaja pravda, 1999. – 11 ijunja.
3. Konceptija razvitija srednego obrazovanija Respubliki Kazahstan. – Almaty: Kazahstan, 2004.
4. Al-Farabi. Filosofskie traktaty. – Almaty, 1973. – 318 s.
5. Valihanov, Ch.Ch. Sledy shamanstva u kirgizov / Ch.Ch. Valihanov // Sobr. Soch. V 5 t. – Alma-Ata. – 1961. – Т. 1. – S. 112–120.177 178
6. Zhumabaev, M. Pedagogika / M. Zhumabaev. – Almaty: Rauan, 1993. – 180 s.
7. Auezov, M. Sobranie sochinenij / M. Auezov. – Alma-Ata, 1959.

5.2. Латын әліпбиі – рухани тұтастық негізі

Ләззат Қалықұлқызы Турабаева

филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
(Шымкент қ., Қазақстан)

Еліміздің экономикасын дамытатын, мәдениетін көтеретін ХХІ ғасырдың маманы қандай болу керек дегенде, ең алдымен, өз халқының баға жетпес байлығы, төлқұжаты ана тілін жетік білетін, оның сан алуан қырларына бойлай алатын тілдік тұлға болуы міндетті. Өйткені, тілін сүйген, оны қадірлей білген адам өзін де, өзгені де, мәдени құндылықтарын да бағалай алады. Тілдік тұлға тілде бейнеленген ақиқатты қолданып қана қоймайды, тіл арқылы ақиқаттың өзін рационалды, эмоционалды мақсатта бейнелейді. Сондықтан тілдік тұлға – өз санасында ақиқатты бейнелеуші ғана емес, оны санада қайтара жаңғыртушы қасиетке ие белсенді әрекет иесі. Адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайды. Сондай-ақ, тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттемей болмайды. Адам – өз сөзінің иесі, өз сөзінің қожасы болса, тілдің иесі де, қожасы да – халық. Тіл – халықтың мәдениеті мен қуатының көрінісі.

Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылжығымыз келетінін растайды және бұл

осыған дейін Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру туралы идеялармен байланысты болып тұр. Себебі, латын графикасы қазіргі замандағы жаңа технологиялық ортаның, коммуникация, білім мен ғылымның ерекшелігіне айналған. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да, мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Әлемде ақпараттың басым пайызы ағылшын тілінде таратылатынын ескерсек, Қазақстан үшін латынға көшудің пайдасы өте көп болары сөзсіз. Сондай-ақ бұл өзгеріс тіліміздің фонологиялық, лексикологиялық және терминологиялық жағынан дамуына бірден-бір кепіл бола алады.

Жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтыны сөзсіз. Себебі латын қарпі – ғылым мен техниканың, интернет пен IT-технологиялардың тілі. Латын әліпбиі рухани болмысымызды байытып, қоғамдық ой-санамызды жаңғыртады. Латын әліпбиі – түркі әлемімен ықпалдасудың төте жолы.

Қазақ жерінен табылған орта ғасырларға тиесілі «Орхон-Енисей жазулары», Жамбыл облысының Шу өңірінен табылған Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігі» біздің жазу мәдениетіміз ертеден басталғанын көрсетеді. Ал «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы біздің халқымызға да ортақ. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі.

Халқымыз ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады. 900 жыл бойы қазақ жерінде араб әліпбиі қолданылып келді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев әліпбиіміздің жиі ауысқаны туралы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде атап көрсеткендей, 1929 жылғы 29 тамызда КСРО Орталық атқару комитеті мен КСРО Халық комиссарлары кеңесінің президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін енгізу туралы» қаулы қабылдады [7, 7 б.].

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, ол кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Осылайша, қазақ әліпбиін өзгерту тарихи, негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. Иә, шын мәнінде, ұзақ жыл бодандықтың бұғауында, саясаттың салқынында қалған Қазақ елі үшін кириллицадан құтылып, әлемдік өрениетке негізделген латын әліпбиіне көшу ежелгі арман болғаны даусыз. Жалпы, кириллицадан латын алфавитіне көшу – еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері дүркін-дүркін көтеріліп келе жатқан мәселе. Ал ресми түрде ол Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінен басталады. Сол жиында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген ел, соның ішінде посткеңестік кейбір

елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», деген салиқалы ойын білдірген болатын. Бұдан кейін де Елбасы бұл мәселеге бірнеше рет қайта оралды. Кезекті Жолдауында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы ойларын таратып айтты. «Бұл ой еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ біз көп ұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді таныдық, дүниені көрдік. Сондықтан латын қарпіне көшкен жағдайда да кириллица көпке дейін қатар қолданылады, екеуі біразға дейін бірге пайдаланылады деп ойлаймын», дей келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек» деген еді [1, 7 б.].

Латын әліпбиінің қажеттілігіне біздің көзіміз айқын жетіп отыр. Әуелі тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік туады. Қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі.

Биыл латын әліпбиінің жаңа нұсқадағы бірнеше жобасы тілші-ғалымдардың, әдебиетшілердің, жалпы жұртшылықтың талқылауынан өтіп, осы бекітілген нұсқа қабылданып отыр. Бұл әліпбиді жасауда бұрынғы нұсқалар, латын әліпбиіне көшкен туыстас елдердің тәжірибесі ескерілді. Әрине, талас-тартыс та, келіспеушіліктер де аз болмағаны белгілі.

Академик Ә. Қайдар: «Латын әліпбиіне көшу – өмір талабы, болашағы жарқын өркениетті ел болудың алғышарттарының бірі», – деп бағалап, латын әліпбиіне көшудің төмендегідей басымдықтарын көрсетеді: кириллицаның славян жазуы екені белгілі. Дегенмен, оны әлемдегі славян халықтарының бәрі бірдей қолдана бермейді. Бүгінгі күнде Еуропадағы көптеген славян мемлекеттері іс-қағаздарын латын жазуымен жүргізеді. Бүгінгі түркі халықтары қолданып жүрген кирилл жазуында айырмашылықтар өте көп. Себебі, кезінде бұл жазудың біздерге тек қаріптік белгілері, таңбалануы ғана ұсынылды. Ал әр халық өзінің тілдік ерекшеліктеріне сәйкес кейбір әріптердің варианттарын өздері жасап алды. Соның нәтижесінде, дүние жүзінің түркі қауымдастығын былай қойғанда, бұрынғы КСРО-да жасайтын отыз шақты түркі халықтары мен ұлыстарының өзі басын біріктіре алмады» [2, 18 б.].

Тілдің болашағы – елдің болашағы. Жазуымызды латын әліпбиіне көшіру бір күннің ісі емес. А. Алимхан: «Жаңа әліпбидің ең ұтымды тұсы ретінде, қазақ тілінде 28 фонема, оның ішінде 19 дауыссыз, 9 дауысты фонема бар екендігін ескерсек, кириллицаға негізделген әліпбидегі басы артық әріптердің азаюын атар едім. Әріптер саны азайған соң

орфоэпия, емле ережелері де жеңілдей түседі. Бұл жайт қазақ тілін оқып-үйренуді жеңілдеті түседі. Емле ережелерінің жеке сөздің және күрделі сөз сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылатын морфологиялық ұстанымды басшылыққа алуын да құптаймын. Өйткені осы уақытқа дейін бір-біріне сәйкес келмейтін бірнеше орфографиялық сөздіктердің жарыққа шығуы көпшілік елді шатастырып, сауатсыздыққа әкелген болатын. Морфологиялық ұстанымды негізге алған емле арқылы жазу ережесі жүйеге түсіп, қарапайым көпшілікке түсінікті болары анық» дейді [5, 7 б.].

«Реттік сан араб цифрымен берілсе, оның түсірілген -ynshy (-inshi), -nshy (-nshi) қосымшасының орнына дефис қойылады және қосымша үндестік заңына сәйкес жалғанып, дефис арқылы жазылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: 6-ға, 100-ге дейін, 10-15-тен; 2018-жыл, 5-санат, 3-көпесті, 10-қазан, 2-ақпан, 136-бар, 1-ші, 9-пәтер, ХХІ ғасыр, ІІІ том, ІV тарау. Бірақ № шартты белгісімен тіркесетін араб цифрлы сан есімдер дефис арқылы ажыратылмайды: №82 мектеп, директорын №5 бұйрығы, №107 қаулы, №17 кіріс», - деген ереже де бірқатар даулы мәселенің басын ашқан. «Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі» тарауындағы «Ц әрпі с әрпі арқылы жазылады: sirk, sifr, silindr, sirkyl; desimetr, medısına, proporsional, abzas, kvars, konstitýsia, korporasia. Ескерту. Қос ц тұлғасындағы сөздер ts әріп тіркесі арқылы таңбаланады: pítsa, Nítsa», - ережесі де қазақ тілінің айтылу заңдылығына сай жасалған. «Э әрпі бар шеттілдік сөздер е әрпімен жазылады: element, elevator; poetika, егореа», - деген ереже де көпшілік қауым үшін өте ыңғайлы [3, 11 б.].

Жалпы емле жобасын жасаушылар кириллицаға негізделген орфографиялық ережелерді басшылыққа алғаны байқалады. Бұл – үлкен жетістік. Өйткені қазіргі қолданыстағы ережелердің уақыт тезінен өтіп, әбден қалыптасып, екшеліп, жүйеленген ережелер екені белгілі. Бұл жағдайды барымызды пайдалана отырып, алға қарай дамыту деп бағалаймын. Бұған «қосымшалар түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке болып жазылады» немесе бөлек жазылатын сөздердің емлесі, бірге жазылатын сөздердің емлесі сияқты бірқатар ережелерді атап көрсетуге болады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Жүнісбек өз ойын: «Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек деп жүргенім сондықтан. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және емле-ережені бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; емле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері деп жеткізеді [4, 3 б.].

Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз туралы ғалым, Халықаралық түркі академиясының президенті Ш. Ыбыраев былай

дейді: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Түркі академиясын құру туралы идеяны Қазақстан Президенті 2009 жылдың қазан айында айтты. Әзірбайжан елінің Нахчыван қаласында өткен Түркі тілдес мемлекет басшыларының тоғызыншы саммитінде сөйлеген сөзінде Қазақ елінің басшысы түркілердің ортақ тарихын зерттейтін халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтың қажеттігін білдірді. 2010 жылдың 25 мамырында Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында Түркі академиясының ресми тұсауы кесілді. Түркі академиясы ғылыми ізденістерінде түркілердің тарихындағы ортақ құндылықтарды көрсетіп, сол арқылы олардың адамзаттың дамуына қосқан үлкен үлесін айқындайды. Және ең маңыздысы – ғылыми жұмыстар түркілердің бүгінгі мүддесі тұрғысынан жасалады.

Көлемі 724 бет болған «Түркі дүниесі» альманахы қазақ, әзірбайжан, түрік, қырғыз, орыс, ағылшын тілдерінде басылып шықты. «Асыл мұра» деп аталған антологияда түркі ғұламаларының көнеден бүгінге дейінгі асыл ойлары жинақталды. Және бір ерекшелігі – қазіргі түркі тілінде берілген мәтіннің латынша транскрипциясы қоса ұсынылды. Альманах пен Антологияны шығару идеясын да Қазақ елінің Президенті айтқандығын ескергіміз келеді [6, 4 б.].

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері – латын графикасындағы қазақ әліпбиі бойынша дұрыс жазуды көрсететін құқықтық күші бар құжат. Сонымен қатар латыннегізді жаңа әліпби бойынша қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыратын, дұрыс жазу мәдениетін қалыптастыратын басты нормативті қағидалар болып саналады. Осы негізгі ұстанымды басшылыққа ала отырып, университетімізде студенттерге дайындық ретінде биылғы оқу жылында «Латын жазуы негізіндегі қазақ әліпбиі» пәнін енгіздік. Студенттердің қазіргі талпынысы мен жазу, меңгеру дағдылары көңіл қуантады. Әрине, кейде кейбір кирилл әріптерінің таңбалануы мен **sh, ch, s, sh, j, z** әріптерін таңбалауда қателіктер кездесіп жатыр. Бұндай мәселе бойынша бірнеше мысалдарды қайталап жазу арқылы дұрыс жазуға дағдыландыру жұмыстары көп жүргізілуде. Латын әліпбиіне көшу үрдісі бір күндік шаруа емес, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын, зор жауапкершілікті қажет ететін игі іс. Жаңа әліпби ағымдағы жылдың соңына дейін дайындалады.

Қазір республикамыздағы тіл орталықтарының оқытушылары арнайы курстардан өтіп, мамандарды оқытуға дайындық жұмыстарын бастап кетті. Сонымен қатар Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мен Алматыдағы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанынан құрылған арнайы комиссия тобының мүшелері бірнеше топ бойынша жұмыстар жасап отыр. Қазіргі таңға дейін аталған екі орталық қызметкерлері емле ережелеріне сай оқулықтар мен сөздіктер, оқу-әдістемелік құралдардың нұсқаларын баспадан әзірлеп шығарды. Халықтың жаңа әліпбидегі сауаттылығын қамтамасыз ету үшін емле ережелерімен бірге, қазақ тілінің жаңа орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктері дайындалады.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің маңыздылығын ғылыми негіздермен көпшілікке түсіндіру жұмыстары әлі де жүргізіліп келеді. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру – ел үшін ең биік белес. Демек, бұл жаһандану кезеңіндегі ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған ұлттық білім жобасы болмақ. Ең бастысы – ұлттық сананың трансформациялануы, өзгеруі.

Әдебиеттер:

1. Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Егемен.kz.
2. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010.
3. Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана: Елорда. – 2000.
4. Әлімхан Ж. Қазақ жазуы: төл дыбыс – төл әріп. Әдебиет порталы. 29 сәуір, 2019 жыл.
5. Алимхан А. Латын негізді қазақ жазуының орфографиялық мәселелері. 4 ақпан, 2019 ж.
6. Ыбыраев Ш. Латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Қазақстан үні. 2017 ж.
7. Көбеев Е. Латын әліпбиі – өркениет жолы. Егемен Қазақстан. 27 қыркүйек, 2017 ж.

5.3. Алтай тілдерінің жазу жүйелері және қазақ әліпбиін латынға көшіру мәселесі

Нурзия Абдикарим

Филология ғылымының кандидаты,
«Қазақ, орыс және шетел тілдері» кафедрасының доценті.
Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті
(Теміртау қ., Қазақстан)

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде тек қана үнді-еуропа тілдерінің ғана емес, ана тіліміздің табиғи сырларын терең ашып, түсіндіруге тірек болуға септігін тигізетін, белгілі бір дәрежеде тарихи байланыста болған, өзіндік ерекше жазу жүйелері қалыптасқан корей, моңғол, жапон тілдерінің жазу жүйелерінің мәнін саралаудың да пайдасы бар.

Азия мен Шығыс Еуропаның кең байтақ аумағында, Балқаннан Магаданға дейін, Таймырдан Парсыға, Рюкю аралдарына дейін таралған, үнді-еуропа тілдерінен соң екінші бір ауқымды тілдер семьясын құрайтын, алпыстан астам тілді қамтитын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері – микроалтай тілдері және оған қоса корей, жапон тілдері – макроалтай тілдерін үш ғасыр бойы тарихшы, мәдениеттанушы, этнографтар мен археологтар, лингвистер мен филологтар зерттеу нысанына айналдырып келеді. Жалпы алтаистика мәселесі қарама-қайшы көзқарастарға толы болса да, қазіргі кезде ол лингвистика ғылымында өзіндік орны, концепциялары бар жалпы тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасты және генетикалық тұрғыдан тарихи-салыстырмалы және теориялық лингвистика тұрғысынан салғастырмалы-типологиялық, ареалдық-географиялық лингвистика бағыттындағы зерттеулер жүргізіліп келеді.

Кез келген тілдің ғасырлар өткен сайын өзгеріске ұшырайтындығын, лексикалық, морфологиялық құралдары, амал-тәсілдері араласып, бір-біріне сөздері алмасып, белгілі бір дәрежеде өзара ықпалын тигізіп жататындығын мақұлдасақ та, тілдің ғасырлар бойындағы өзгерісіне төтеп бере алатын жеке қасиеті болады. Тілдердің мұндай автономиялық қасиетін сақтап тұратын жүйе – ол тілдердің типтік жүйесі. Тілдің типтік жүйесі түбегейлі өзгеріске түскен уақытта тіл де жойылады. Әлем тілдері морфологиялық типологиясы жағынан фузиялық, агглютинативтік және аморф тілдер деген негізгі топтарға бөлінетіні белгілі. Дүние жүзінде фузиялық тілдерге қарағанда, агглютинативтік тілдер әлдеқайда көп тараған. Мұнда алтай тілдерінің макросемьясы (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей), дравид тілдерінің семьясы, барлық банту, барлық австралия тілдері, үндіс тілдерінің көпшілігі, кейбір фин-угор тілдері, грузин тілі және т.б. тілдер жатады. Агглютинацияға тән форма мен мағынаның айқындығы сөйлеушіні психологиялық нақтылыққа жетелейді: оларды оңай ажыратуға болады, дәлірек айтсақ, сөздік құрамы айқын және жеткілікті дәрежеде рациональды, біршама тұрақты болып келеді. Сондықтан да синтетикалық, полисинтетикалық, аналитикалық тілдердің өзі белгілі бір дәрежеде агглютинацияның логикасы мен қағидаттарын пайдаланады. Мысалы, химия ғылымында галогендердің қышқылын белгілеу үшін қышқыл молекуласындағы оттегі атомының саны сәйкес келуі керек деген заңдылықты орыс тілінде сын есімнің жұрнағы арқылы өрнектеуінде осы жалғамалы тілдің қағидаты басшылыққа алынады: HClO – хлорн-оват-ист-ая, HClO_2 – хлор-ист-ая, HClO_3 – хлорн-оват-ая,

НСІО₄ – хлорн-ая. Эсперанто тілінде сөздердің жасалуы да агглютинацияға негізделгені тегін емес. Себебі жалғамалы тілдердің аффиксациялық формасы бойынша бір мағыналы және стандартты, морфемалық жіктері айқын, сөз формалары грамматикалық, тіпті синтетикалық мәні бар күрделі жүк арқалап тұрса да, өзінің автономдық сипатын жоғалтпайды және тұрақты, басқаша айтқанда белгілердің тірек белгісін жоғалтуға және жаңа мәндерді іздестіруге әкеліп соқтыратын үдерістер тән емес. Сонымен қатар жалғамалы тілдердің тағы бір жүйелі сипаты И.А. Бодуэн де Куртенэ біртекті вокализмдердің үндесімін агглютинативтік сөз формаларының бөлшектері мен тұтастығын қамтамасыз етуге қажетті «цементтеуші құрал» деп таныған [1, б. 75] сингармонизм заңы болып табылады. Жалғамалы тілдердің осы бір ерекше қасиеті туыстас емес деп есептегеннің өзінде, типологиялық тұрғыдан ұқсас моңғол, жапон, кәріс тілдерінің – алтай тілдерінің графикалық таңбалануында қаншалықты ескерілгендігін саралай отырып, ана тіліміздің табиғи сырларына терең үңіліп, қажет болған жағдайда, әсіресе, қазіргі латын жазуына көшу барысында кейбір мәселелердің шешемін табуы үшін тірек ретінде пайдалануға болатындығымен маңызды болмақ.

Қазақ тілінің «...латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады» [2]. Сондықтан жаңа заман сұранысына лайықты әрі төл тіліміздің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, латын қарпінің негізінде әліпби құрастыру бойынша пікір-таластар жүргізу, ғалымдар тарапынан түрлі пікірлер ұсыну орынды болып табылады. Осы салада қызмет етіп жүрген ғалымдардың негізгі мақсаты мынадай болды: «...алдымен қазақ сөзінің үндесім әуезіне лайық әліпби үлгісін дайындап алу ...бөгде тілдің дыбыс-таңбасынан арылған таза, қоспасыз болу керек. Сонда төл әліпби өз таңба құрамы және емле-ережесімен, ал кірме сөздердің жазылуы өз таңба құрамы және емле-ережесімен тізбектеледі. Өйткені олардың үйлесім тауып, бір шаңырақтың астында басы бірігуі ғылыми тұрғыдан да, қолданбалы (практикалық) тұрғыдан да мүмкін емес. Кестеде тек ұлттық әліпби тізімі тұрады, кестенің сыртында кірме дыбыстардың жазылым емле-ережесі мен үлгісі беріледі» [3]. Ендеше сөз болып отырған мәселеге өте ыждаһаттылықпен әрі ұқыптылықпен, ғылыми негізделген сыни-пікірлерді ескере отырып, бекітудің һәм толықтырудың қажеттілігі күн тәртібінен түспесі анық. Әрине, «өзіміздікін өзімдікі» дейтін уақыт жетті. Бізде ұлттық сипаттағы белгілі бір мәселені шешу үшін кеңестік дәуірде қалыптасқан дағды бойынша орыс тілінде қалай болады екен деген санадағы тәуелділіктен арылу жетіспейді. Оның орнына туыстас, төркіндес тілдерде мәселе қалай шешімін тапқандығын қарастырып, соны бағдар етуден ұтарымыз көп болмақ. Өйткені ол біздің мәдениетіміз бен рухани өміріміздің келбетін тамырынан таратып,

талдап, түсінуімізге септігін тигізеді. Сонымен өздерінің ерекше жазу жүйесін қалыптастырған, өзіндің ұлттық бет-бейнесін жоғалтпаған алтай тілдердің графикалық ерекшеліктеріне аздаған талдау жасап көрелік.

Корей жазуы. Корей тілі – фузиялық элементтері бар жалғамалы тіл. Қытай және Европа тілдерінің ықпалына көп түскенімен, типтік ерекшелігін сақтап қалған тілдердің бірі. Дүние жүзінде аталған тілде сөйлейтіндердің саны 50 миллиондай. Дауысты дыбыстардың жүйесі монофтонгтар мен дифтонглардың көптігімен, фонемалық ұзақтығымен және сингармония ізінің сақталуымен ерекшеленеді. Графикалық жүйесі бойынша дүние жүзіндегі ең ғылыми жазу (Хангыл – XV ғ. құрастырылған) деп танылған. Қазіргі корей алфавитінде 40 әріп бар. Оның 14-і дауыссыз, олар өзара әр түрлі комбинация құрап, дауыссыздардың санын арттырады. Ал дауысты дыбысты белгілейтін негізгі екі таңба бар **и** және **ы**; оларға көлденең немесе тік сызық қою арқылы дара 10 дауысты дыбысты белгілейді. Буын құралып жазылады: бастапқысы және соңғысы дауыссыз, ортаңғысы дауысты дыбыс болуы керек. Таңбаларды жазудың ерекшелігі мынадай: 1) ашық буында (дауыссыз дауысты) дауысты дыбыстың сызығы көлденең болса, дауысты дыбыс оның үстіне жазылады; ал егер дауыстының сызығы тігінен болса, дауыссыз сол жағына жазылады; 2) бітеу буын болса, соңғы дауыссыз дауыстының астына жазылады; 3) тұйық буын болса, буын дауыстыдан басталмайды деген ереже бойынша дауысты дыбыстың алдына арнайы белгі қойылады, бірақ ол белгі жазуда ескерілгенімен, оқуда ескерілмейді. Корей тілінің жазуы полифондық сипатта болып келеді. Әріптерінің көпшілігі лигатурада (бір графемамен екі немесе одан көп әріпті бейнелеу) орналасу орнына қарай аллографтары бар. Сонымен қатар киёк (к), тигыт (т), пиып (п), чийт (ч) дыбыстары сөздің басында немесе қатаң дауыссыздар арасында өз қалыптарын сақтаса, дауыстылармен немесе ұяң дауыссыздармен келгенде, т – д, п – б, ч – дж ретінде оқылады.

Көне ұйғыр (классикалық моңғол) жазуы. Бұл – түркі халықтарының тарихында қолданылған жазудың екінші түрі. Графикалық сипаты жағынан бұл жазу көне түркі әліппесіне ұқсас, сонымен төркіндес болған [3, 63]. Араб жазуы ығыстырған бұл жазу қазіргі моңғолдардың классикалық жазуы ретінде қолданыста бар. Шыңғыс ханның тұсында оның жазу-сызу өнерінің уәзірі Тататұңға арамей, одан әрі соғды жазуының негізінде құрастырған. Аталған жазу да өзінің тарихында бірнеше рет реформаланған. Құбылай ханның жарлығымен тибеттік Пагва лам Лодойжалцан 1269 жылы формасы жағынан тибет жазуына ұқсас, бейнелеп жазуы бойынша ұйғыр жазуына ұқсас 44 әрпі бар «Төртбұрыш жазу» құрастырады. Ол 1368 жылдары Юань империясы ыдырағанға дейін қолданылды. Ойрат ламасы Зая Бандид Намхайжамц 1648 жылы моңғол жазуын орфоэпиялық нормаға сәйкестендіріп және тибет, санскрит тілдерінің

сөздерін жазуға оңтайландырып, «тод бичиг» құрастырып, оны 1924 жылға дейін Ресей қалмақтары қолданып келді. 1686 жылы Гомбодоржийн Занабазар монгол, тибет, санскрит сөздерін жазуға арналған үнді графикасының ерекшелігін басшылыққа алған 90 әрпі бар «Соёмбо жазуын» (Соёмбо деген сөз санскрит тілінде өзі пайда болған қасиетті әріп деген мағынаны білдіреді; бұл жазудың алғашқы «бирга» таңбасы қазірге дейін Моңғол Елінің мемлекеттік туында тәуелсіздіктің белгісі ретінде бейнеленіп келеді) құрастырды. 200 жылдай халхалардың діни мекемелерінде архитектуралық безендіруші элемент ретінде қолданылып келді. Сонымен қатар Занабазар «көлденең төртбұрыш жазу» құрастырғанымен, ол қолданыс таппады. 1905 жылы буриад ламасы Агваандорж жоғарғы екі алфавит негізінде «вагиндра» атты жазу құрастырды. Мұнда классикалық жазудағы әріптердің сөздің басы, ортасы, соңындағы таңбалары алынып тасталды және бұл жазудың бірнеше жылдық (1905-1910 ж.) ғана ғұмыры болды. Моңғол Елінің тарихында латын жазуы да 1941 жылы ақпанның 1-нен ресми жазу деп танылғанымен, екі айдан соң шешім күшін жояды. 1946 жылдан бастап кириллица мемлекеттік жазу ретінде орыс алфавитіне **ө** және **ү** дыбыстарын қосып қабылданды және қазіргі кезге дейін қолданылып келеді. Моңғол кириллицасының қазақ алфавитімен салыстырғанда, үндестік заңының жазуда ескерілуімен ерекшеленеді. Мысалы, сөздің басқы буындарында а немесе е (э) жазылса, соңғы буындарда да сол дыбыс жазылғанымен, оны оқуда ескермейді: *халбага* (қасық) деп жазып *халбығ* деп оқиды; *эртхэн* деп жазылса, *ертіһін* деп оқылады т.б. Моңғол Елінің ... жылғы 12 ақпандағы Ұлы Құрылтайының шешімімен қабылданған «Моңғол тілі туралы» заңда барлық мемлекеттік шенеуніктерге моңғолдың классикалық жазуын үйреніп, қолдануға міндеттелді; ал қарапайым халық мүмкіндігінше кириллица және ескі жазуын қолдануға болады.

Ал енді түркі халықтарының да қолданысында болған классикалық ұйғырлық моңғол жазуы жоғарыдан төмен қарай, үндестік заңын (лингвальдық және лабиальдық сингармонизм заңын) сақтай отырып, бір дыбыс үш түрлі позициясымен жазылады және онда 32 әріп бар, оның 25-і дауыссыз (5-і шет тіл дыбыстарын белгілеуге арналған), 7-еуі дауысты дыбысты белгілейді. 20 дауыссыз дыбысты *дэвсгэрлэх* және үл *дэвсгэрлэх* (төсеніш болатын және төсеніш болмайтын) деген екі топқа бөледі және төсеніш болатын дыбыстың, яғни тұйық буын жасайтындарың (сөздің соңына жазылатындарының) – 12, олар әрі қарай қатаң төсеніш, жұмсақ төсеніш деген екі топқа бөлінеді де [4, б. 14-15], осыған сәйкес прогрессивтік ассимляция заңы жүзеге асырылады. Мысалы, *ном-ду*, *ном-дур*, *ном-даган*; *хүмүн-дур*, *эгэчи-дур*, *эгэчи-дэгэн*; *улус-тур*, *улус-ту* және т.б.

Жапон жазуы. Жапон тілінің генетикалық төркіні әлі күнге дейін белгісіз, лексикасынан австронезийск тілдерінің субстраттық, ал алтай тілдерінің суперстраттық белгілерін байқауға болатындығы

анықталғанымен, сөздік қорының 40%-ы қытай тілінің кірме сөздері болып табылады. Қазіргі жапон тілінің лексикасы канго (қытай тілінен енген сөздер), ваго (ерте дәуірдегі жапон сөздері) және гайрайго (басқа да тілдерден енген сөздер) деген үш үлкен топқа бөлінеді және бұлардың ішіндегі салмақты үлесті канго иемденеді [5, б. 93]. Осыған қарамастан грамматикалық мағыналары көбінесе синтетикалық жолмен берілетін агглютинативтік сипатын сақтап қалған. Қазіргі жапон тілінің идеография мен буындық фонографияны үйлестірген бірегей жазуы бар. Жапон графикасының тарихына көз жүгіртсек, VII ғасырдан бастап қытай иероглифтері жапон тілінің форматы негізінде, яғни жапон тілінің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері ескеріліп, іріктелген қытай иероглифтері – манъёгана қолданылды. Қытай, жапон тілдерінің құрылысы сәйкес келмегендіктен, жазуға да өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап, «Кана» («уақытша атау») жазуына, хирагана (жазықтық қана), катакана (қабырғалық қана) деген қосымша түрлері енгізілді. VIII–IX ғасырларда жапонның буындық (силлабикалық) жазуы қалыптасты.

Қазіргі кезде Жапонияда жазудың төрт түрі қолданылады: *кандзи* (қытай тілінен алынған иероглифтер) және *катакана*, *хирагана* деген буындық жазуы. Катаканамен қытай және корей тілдерінен басқа тілдерден енген сөздерді, ал хираганамен иероглифтік таңбасы қалыптаспаған жапон тілінің өз сөздерін, сонымен бірге көмекші сөз таптарын, есімдіктер мен суффикстерін жазады. Сонымен қатар жапон сөздерін латын қарпімен жазатын *ромадзи* деген жазу түрі де қолданылады. Жапон тілінде бір ғана дауысты дыбыс буын құрай алады немесе ашық буынды болып келеді, тек қана *н* дыбысы ғана бітеу немесе тұйық буын түзе алады. Жапон тілінен алтай тобына жатқызылып жүрген басқа да тілдердегідей, үндесік заңын іздестіруге болмағанымен, оның графикалық дәстүрінен тілдің өзіндік ерекшеліктерін танытатын мәселелердің шешімін табуына үлгі болатын жағдайларды көруге болады. Мысалы, жапон тілінің тек өз сөздерін ғана жазатын *хирагана* арқылы тіл үйренушінің санасына өзіндікі және өзгенікі деген ұғым мықтап қалыптасады; сонымен қатар «л» дыбысы жапон тілінде жоқ болғандықтан, оны «р» дыбысына алмастырып жазып, айта береді; бұл да тілдің өзіндік болмысын сақтауға септігін тигізеді.

Кеңестік дәуірден бастап дәстүрлі фонологиялық теория негізінде (І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев) зерттеліп келген ана тіліміздің дыбыстық жүйесін соңғы кездері А. Жүнісбеков, Ж. Абуов сынды ғалымдар сингармониялық теория бағытының принциптері бойынша зерттей бастады. Дәстүрлі теорияны ұстанатын ғалымдар фонема - тілдегі шағын, сөз мағынасын ажырататын функциональды бірлік деп есептесе, сингармонизм теориясы бойынша фонема мен екпін есепке алынбайды. Теориялық тілтаным (фонетика) мен қолданбалы лингвистика (оның ішінде әдістеме де бар) үшін әліпби дыбыстардың санымен шектелу жеткіліксіз болып отыр. Себебі дыбыстардың әліпби

тізбегі тілдегі ақиқат дыбыстардың бір тобын ғана қамтиды. Мысалы, қазақ тілінде **Т, С** (әліпби атауы – *ты, сы*) дауыссыз дыбыстары бар. Ал осы дыбыстар тек *тыс* сөзінің құрамында ғана кездеседі де, дәл сол **Ты, Сы** айтылым үлгілері *тіс, тұс, түс* сөздерінің құрамында кездеспейді. Өйткені, **Ті, Тұ, Тү, Сі, Сұ, Сү** дыбыстарының жасалымы да (артикуляциясы), естілімі де (перцепциясы) басқа екені эксперимент арқылы анықталып отыр. Ендеше, теориялық фонетика дыбыс түрленімінің мүмкін болған үлгілерін түгел анықтауға тиіс, онсыз ғылыми нәтиже толық болмайды. Қазақ (түркі) тілінде буыннан кіші морфема болуы мүмкін емес, ендеше қазақ грамматикаларында ескеріліп жүрген дауыссыз морфемалар жалған нәтиже болып табылады [6, б. 17]. Осы тұрғыдан келгенде, жоғарыда сөз болған корей, моңғол және жапон тілдерінің жазуында буынның графикада көрініс табу сипатына назар аудару да артық етпейді. Өйткені дыбыстардың буынға кірігу тәсілі барлық тілдерге ортақ болмайды, сонымен қатар жалғамалы тілдердің қопармалы тілдерге қарағанда морфемаларының шегі (буындық шегі – Н.А.) айқын, бір аффикс бір ғана мағынаны білдіріп, бір ғана мәнге ие болатындығымен ерекшеленетіндігін де ескерген жөн.

Осы мақаланы жазу барысында біздің назарымызға іліккен дыбыстардың бірі – **қ/к** және **ғ/г** дыбыстары. Көне түркі жазуында **қ** мен **ғ** жуан дауыстылармен, ал **к** мен **г** жіңішке дауысты сөздерде, бірнеше таңбалық нұсқада жазылған [7, б. 33-37]. Қазіргі қазақ тілінің төл сөздерінде олардың осы сипаты толықтай сараланып, бұларды бір дыбыстың екі түрлі нұсқасы ретінде қабылдауға болатын дәрежеге жеткен. Ал кириллицада оларға екі-екіден төрт таңба белгіленген, ұсынылып отырған латын әліпбиінде де осы үрдіс сақталыпты. Бірақ *қасық, қатық, қалта, қора, құрастыру* т.б.; *кесік, кетік, келте, көре, күрестіру* т.б. сөздерден байқайтынымыздай, латын әліпбиінде осы екі дыбыс лигатурамен (корей тілінде де бар), белгіленсе ұтымды болар еді. Мысалы, *kasik* – *kesik*, *kalta* – *kelte*, *kurastiru* – *kurestiru* тәрізді жазылады да, оқуда «**к**» жуан сөздерде **қ**, ал жіңішке сөздерде **к** ретінде оқылады деген түсініктеме беріліп, қалыптастырылуы керек. **Г** мен **ғ** жайында да осыны айтуға болады. Айталық, *gulder* немесе *gundar* деген сөздерді сол тілдің жазу-сызуын меңгерген адамға **г** әлде **ғ** деп оқыла ма деген мәселе қиындық тудырмаса керек. Кириллицаға негізделген қазіргі моңғол алфавитінде *ха, хэ* дауыссыздарын **ха**, ал *га, гэ* дауыссыздарын **га** деп қабылдап, бұл төрт дыбыс **х** және **г** деген екі әріппен ғана беріледі. Егер жуан дауыстылармен келсе **q**, жіңішке дауыстылармен **k** ретінде дабысталады; **г** әрпі де жіңішке сөзде **g**, жуан сөздерде **ḡ** ретінде дабысталады. Мысалы, *харанхуй* (қараңғы) [qar'ngui], *хэрэгтэй* (керекті) [keregtei], *дагавар* (жұрнақ) [daḡ'var], *дэрвэгэр* (желпілдек) [derv'iger] деп оқылады. Латын әліпбиін құрастыру барысында тіліміздің осындай табиғи заңдылықтарына зер салып, аңғару арқылы ұлтымыздың рухани дүниесінің кілті болып табылатын тілінің құпия әрі басқа тілде сөйлеушілердің үйренуі үшін белгілі бір

дәрежеде қиындық келтіретін кодын жасау артық болмайды. Ал көңілшектікпен басқа тілді тұтынушылардың ыңғайына қарай, тілдің қасиетіне бойламай әліпби түзетін болсақ, онда ұлттық код туралы сөз қозғаудың өзі орынсыз. Жоғарыда айтқанымыздай, корей тілінің «ең ғылыми жазу» деген атауға ие болғандығымен, жапон жазуының «өзімдікі, өзгенікі» дегенді ұғындыруымен, классикалық моңғол жазуының үндестік заңын өте қатаң сақтай отырып құрастырылғандығымен өміршең әрі классикалық сипатқа ие болған, сондықтан да олардың графикалық жүйесіне назар аударып, зерделеу керек.

Жалпы кез келген халықтың ғасырлар қойнауынан бері қолданып келе жатқан жазуларында ерекше бір тылсым күштің жататындығын жоққа шығара алмаймыз. Проф. Ж.А. Жақыповтың пікірінше, «Түркі жазуына тарихи ескерткіш, графика деп қарау аз, оны ұлттың тектік қоры ұялаған ноо-, семиосфера деп қараған жөн; бұл деген сөз – оны бисфералық экологиядан оқшауламау деген сөз ... Оның үстіне кирилл де, латын да, А. Байтұрсынұлы дәлелдегендей, табиғи қарекетке (сағат тілінің бағытына) қарсы, бұған қоса ол жазулардың Жердің де солдан оңға айналатынына, қанның айналымына қарсы жүретінін еске алыңыз. Бұл жағынан араб текті жазу ұтымды, алайда онда да біздің тектік кодымыз жоқ» [8]. Ендеше ұлттың рухын оятып, ұлттық кодымызды жаңғыртып қана қоймай, оны болашақ ұрпаққа жеткізуімен құнды болатын реформа ретінде жүзеге асырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мечковская Н.В. Общее языкознание: структурная и социальная типология языков. – М.: Флинт; Наука, 2001.
2. https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293.
3. <http://e-history.kz/kz/contents/view/6807> // Латын әліпбиіне көшу мәселесі. Қазақстан тарихы порталы, 13.11.2017.
4. Монгол бичиг (сурах бичиг). Зохиогч./ Чой. Лувсанжав, Ж. Лувсандорж. – Улаанбаатар, 1987.
5. Алпатов В.М., Аркадьев П.М., Подлесская В.И. Теоретическая грамматика японского языка (Книга 1). – М.: Наталис, 2008.
6. Жүнісбек А. Қазақ фонетикасы, Алматы, 2009.
7. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Зерттеунама. – Алматы: Ана тілі, 1995.
8. <http://repository.enu.kz:8080/bitstream/handle/123456789/3183/pass.pdf> // Жақыпов Ж.А. Пассионарлық және ұлттың тілдік рухы.

5.4. К определению термина «лингвистический ландшафт» (аналитический обзор)

Гульмира Баянжановна Мадиева

доктор филологических наук, профессор
Казахский национальный университет им. аль-Фараби
(Алматы, Казахстан)

Аксауле Зауытбековна Кайбулдаева

докторант PhD. Казахский национальный университет им. аль-Фараби
(Алматы, Казахстан)

Социальные, культурные и политические изменения, происходящие в стране, всегда дают возможность исследовать языковые явления. В настоящее время проблематике лингвистического описания ономастического пространства города уделяется большое внимание. В этой связи, в современных лингвистических исследованиях как междисциплинарный используется термин — *лингвистический ландшафт*.

Термин *ландшафт* в качестве структурного компонента используется в терминосочетаниях в разных значениях: *лингволандшафт*, *культурный ландшафт*, *языковой ландшафт*, *лингвистический ландшафт*, *речевой ландшафт*, *этноязыковой ландшафт* и т.д.

Прозвища, относящиеся к людям, по определению Н.В. Подольской, - «это вид антропонима, т.е. дополнительные имена, данные человеку окружающими людьми в соответствии с его характерными чертами, сопутствующими его жизни обстоятельствами [5]. Автор выделяет групповые (или коллективные), школьные, возвеличивающие, уничижительные, насмешливые и другие прозвища.

Групповые (или коллективные) даются этнической группе людей. Например, «Джон Буль» - собирательное прозвище англичан (по персонажу произведения английского публициста начала 18 в. Дж. Арбетнота «The History of John Bull»). Jock, Jocks – прозвище шотландцев, особенно солдат-шотландцев, Sandy – также прозвище шотландцев (уменьшительное от Alexander), Taffy – прозвище жителей Уэльса, Mick, Paddy – прозвище ирландцев (уменьшительное от Michael и Patrick), распространенных в Ирландии имен. Yankee – собирательное прозвище жителей США. Первоначально употреблялось по отношению к населению Новой Англии (New England).

Очень широко распространены прозвища в среде школьников. Нередко прозвище, полученные в детстве, сопутствует человеку на протяжении всей его жизни. Так, известны школьные прозвища английской писательницы Д. Сейерс (D. Sayers) – Swanny “лебединая шея”, писателя Ч. Кингсли (Ch. Kingsley) – Cave “пещера” (прозванного так за большой рот). Большинство школьных прозвищ явно скрыто насмешливы. Толстого школьника могут прозвать Baloon, Falstaff (по имени персонажа У. Шекспира, сэра Дж. Фальстафа), Fat Belly, Fatty, Tubby, Tubs, Tank и т.п. Худые мальчики могут получить традиционные прозвища Broomstick, Matchstick, Matchy, Needles, Spindy, Lanky, Lanky-Panky.

Самым распространенным прозвищем школьников высокого роста считается Lofty. За ним следует Long John Silver (по имени персонажа известного романа Р.Л. Стивенсона “Остров сокровищ”).

Использование прозвищ, в которых их создатели пытались отразить определенные черты характера человека, его заслуги, достоинств или недостатки, имеют многовековую историю в английском языке. Достаточно будет упомянуть здесь некоторые возвеличивающие или уничижительные прозвища английских королей: Alfred the Great, Edward the Confessor, Richard the Lion Heart, Farmer George (прозвище короля Георга III). использование прозвищ различных политических деятелей – широко распространенный экспрессивный прием в английской и американской печати, особенно так называемой массовой прессе. Тяга к ярким, выразительным прозвищам вызвана желанием газеты приблизиться к «человеку с улицы», заговорить его языком, а с другой стороны, обусловлена стремлением газеты скомпрометировать или, наоборот, поддерживать идею или человека, не прибегая к логическим доводам. Так. Дэнис Хили (Denis Heakey), министр финансов в правительстве Г. Вильсона, был известен в английской прессе как Dismal Denis “Мрачный Дэнис”(прозрачный намек на катастрофическое финансовое положение Великобритании), Маргарет Тетчер (Margaret Thatcher), премьер-министр консервативного правительства Великобританин, была известна как Peggy Thatcher, Iron Lady (of British Politics), бывший премьер-министр консервативной партии Эдвард Хит (Edward Heath) был известен под многими прозвищами: True-Blue Ted, Skipper Captain (намек на увлечение Э. Хита яхтами) и т.д.

Особый разряд собственных имен составляют псевдонимы. Псевдоним – это «вымышленное имя, существующее в общественной жизни человека наряду с настоящим именем или вместо него» [5]. Основную массу псевдонимов составляют вымышленные имена писателей, артистов, политических деятелей. Причины, по которым эти люди были вынуждены скрывать свои настоящие имена, были весьма разнообразными. Здесь и боязнь преследования, и желания отвести от себя огонь критики, и попытки сделать свои имена более благозвучными, «артистичными». Прибегая к так называемым псевдонимам-характеристикам, их авторы иногда стремились подчеркнуть какую-то особенность своего характера, свою профессию, место жительства и т.п.

Примеров использования псевдонимов множество. Одной из причин появления псевдонима являлось кажущаяся обыденность или же недостаточная благозвучность имени и фамилии. Например:

Настоящее имя и фамилия	Псевдоним
Donald Smith	Robert Armstrong
Norma Baker	Marilyn Monroe
Doris Collier	Josephine Bell
Peggy Middleton	Yvonne de Carlo

Иногда появление псевдонима обусловлено тем, что настоящее имя может вызвать смех или насмешку своими ассоциациями:

Настоящее имя и фамилия	Псевдоним
John Suckling ("сосунок")	John Wickham
William Parrot ("попугай")	Talbot O'Farrell
Louise Jelly ("желе")	Louise Kirkland

Чересчур длинная фамилия часто вынуждает ее обладателя выбирать себе более лаконичный псевдоним. Например, Michael Dumble-Dmuth – Michael Crawford; Albert Cromwell-Knox - Teddy Knox; Corneliys McGillicuddy – Connie Mack и т.д.

Едва ли можно рассказать в небольшой статье о всех загадках и тайнах английских имен. В настоящей статье мы рассмотрели некоторые вопросы только антропонимов. Каждый день жизнь вносит в язык массу новых имен, появляются тысячи названий новых книг, произведений искусства, товаров, новых химических элементов и т.п. География и история английских имен обширны.

Имена собственные составляют значительную часть лексики такого высокоразвитого языка, каким является английский язык, и заслуживает того, чтобы их тщательно изучали.

Список использованной литературы:

1. Зайцева К.Б. Английская антропонимика и ее стилистические использования. Автореф. канд. дис., Одесса, 1979.
2. Зальберг Ю.Г. Имена действия в парадигме предложения в современном английском языке. Автореф. канд. дис. – Иркутск, 2000.
3. Кравченко Е.В. Деонимизация иноязычных имен собственных в английском языке (на материале антропонимов и топонимов) Дисс канд. филол. наук: Владивосток, 2004.
4. Лингвистический энциклопедический словарь. М., «Советская энциклопедия», 1990. 688 с.
5. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. М., 1978.
6. Рыбакин А.И. Словарь английских личных имен. - М., 2000.
7. Суперанская А.В., Суслова А.В. Современные русские фамилии. М., 1981.
8. Щетинин Л.М. Слова. Имена. Вещи. Ростов-на-Дону, РГУ, 1966.
9. Hanks, Patrick. Dictionary of American Family Names. Oxford University Press, 2003.
10. Smith-Bannister. Surnames and Naming Patterns in England. Oxford, 1992.
11. Hughes J. The origin of our Names. N.Y., 1959.

5.11. Ағылшын және қазақ гидронимдеріне тән ортақ семантикалық модельдер

Гулжаз Елубаевна Жаманова

педагогика ғылымдарының магистрі.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
(Қазақстан, Қызылорда)

Географиялық атауларға (топонимдерге) жіті бақылау жасау, оларды тіл фактілері тұрғысында қарастыру жеке атаулардың тілдік танымдағы ролін арттыра түседі. Антропонимдер мен топонимдердің басым бөлігі өз кезегінде айқындайтын құрылымға ие. Уақыт өте келе топонимдену немесе антропонимдену нәтижесінде бұл құрылым онимдердің екі, үш, кейде бұдан да көп компонентті моделдеріне айналып жатады.

Мақалада ағылшын және қазақ гидронимдерін салғастыра отырып бірнеше қызықты жәйттерге кез келдік, екі тілде де адам есіміне қатысты, объектінің сын - сипатына немесе басқа объектіге қатысында ұқсастық көп, өзгешелігі де бар. Мен бұл мақалада гидронимдерді бірнеше топқа бөліп қарастырмақпын. Жоғарыда айтылып өткендей біз адам есіміне байланысты гидронимдерді бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

Алғашқы топқа семантикасында гидрообъектінің белгілі бір немесе бірнеше субъектіге қатысына сілтеме бар атаулар жатады. Бұл атаулар антропонимдерге негізделіп жасалған топонимдер. Әдетте, адам есімінің қатысы арқылы жасалған атаулар ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де көбірек кездеседі. Төменде антропонимдерге қатысты гидронимдер қарастырылады. Ағылшын тілінде объектіні алғаш ашқан адам есіміне қатысты гидронимдер жиі кездеседі.

Грихальва – Гватемала мен Мексикада орналасқан, Кашпе бұғазына барып құятын өзен. (Мексикан бұғазының оңтүстігіндегі акватория) өзенді тұңғыш болып ашқан испан конкистадоры Хуала де Грихальва болатын. Сондықтан өзенге соның аты берілді. Ол 1518 ж сәуір айында Куба аралынан шығып, Юкатан түбегінің шығыс жағалауын аралап, Терминос лагунасына жеткен екен. Бұл жерден жағалаумен жүре отырып батысқа жылжиды. Бірнеше тәуліктен соң "Табаско" өзеніне де жетіпті. Көп ұзамай бұл өзенге Хуала де Грихальваның есімі берілген. Экспедиция барысында испандықтардың жоғары мәдениетінің ордасы болып табылатын Мексиканы ашып, онымен қоса Терминос лагунасынан Пануко сағасына дейін шамамен 1000 метр болатын Мексика бұғазының сол жағалауын зерттеген. [1, 3 б.]

Маккензи – Солтүстік Америкадағы үлкендігі жағынан 2-ші орында тұрған өзен. (Миссисипиден кейін). Судың шоғырлану ауданы бойынша Маккензи өзені Янцзы өзенімен бір деңгейде тұр деп айтуға болады

және Койга өзенін кішкене басып озады. Ол өз бастауын Атабаск деп аталатын Скалистые тауынан алады, сөйтіп Ұлы дала арқылы Атабаск үлкен теңізіне дейін ағып жатыр. Ал бұл өзеннен ол Неволь Ничи деген атпен ағып шығады. Пис-Ривер тармағынан қосымша күш алып, солтүстікке қарай бет алады, сөйтіп үлкен Невольчий теңізіне барып құяды.

Александр Маккензи (1764-1820) Льюис аралының Сторнуэя жерінде туып өскен. Ол тері саудагері және Солтүстік батыс монреал компаниясының серіктесі болған. Ол өзінің атақты саяхатын 1789 ж 3 маусымда Атабаск өзенінің сағасындағы Чайпebas айлағынан бастады. «Біз сапарға таңертеңгі сағат 9.00-де қайың ағашынан жасалған Коноэмен шықтық. Экипаж 4 адамнан құралды. Оның екеуінің жанында әйелдері бар болатын және бір неміс азаматы. Бізбен бірге «ағылшын көсемі» деген атағы бар үндіс азаматы бар еді. Оның екі әйелі және тағы екі жас үндіс азаматы тағы бір шағын каноэда болды», - деп Маккензи өз күнделігінде жазған. Саяхаттың алғашқы күнінде олар 36 миль жер жүріп өтті. Бұл жүріп өткен аралық оларды Пис-Ривердің Невольчийге құятын жеріне алып келді. 9-маусымда Маккензи үлкен Невольчийге жетті, ал 29 маусымда теңіздің батысынан ағып шығып, батысқа ағып жатқан күшті ағынға тап болды. Саяхатшылар Тынық мұхитына апаратын Солтүстік – батыс өткелді ашқанына үміттенген, алайда 10 шілдеде Маккензи олай емес екендігін түсінді. Ағын көңілді қалдырған өзен болып шықты, себебі, экспедиция 67° - 47' енділікке жеткенде, солтүстікке бет алған болып шықты. «Бұл ағын Гиперборий теңізіне барып құятыны анықталды. Біз бұл жылы Атабаскке келе алмасақта олардың қайда апаратынын анықтайтындығына нық сенімдімін», - деп жазды Маккензи. 13-шілдеде Дельта аралдарының бірінде қырат үстінде тұрып ол батысқа ашық жатқан теңіз жолағын көрді. Бофорд теңізінің Маккензи бұғазы осылайша Канаданың ең үлкен өзенінің ашылуы өз мәресіне жетті. 1793 ж Маккензи Канаданың Тынық мұхиты жағалауына құрғақ жермен жеткен. 1799 ж Ұлы Британияға оралды. Онда ол 1801 ж өзінің саяхаттары жайлы кітап басып шығарды. Кітап үлкен жетістікке жетті. 1802 ж Маккензиге үлкен ақсүйек шені беріліп, Король тұқымының герцогы қолдаушы болды. Ал Корольдің жеке суретшісі оның портретін салды. [1, 7 б.]

Фрейзер – Канададағы өзен. Алғаш рет бұл жерге Александр Маккензи 1793 жылы саяхат жасаған. Алайда он бес жыл өткен соң шотланд саяхатшысы Саймон Фрейзер өз командасымен саяхат жасап қатты толқынның салдарынан каноэ батып кетуге дейін барған. Есте қаларлық оқиғадан кейін өзен осылай аталып кеткен. Осы саяхатта болған Ргазер Шуг бұл өзенді ең тар және жабайы өзен, оның сұлулығын түсіңізде ғана көресіз дейді. Оның себебі қауіптілігіне байланысты аталған болар.

Нельсон - Солтүстік Америкадағы өзен аты. Уэлс саяхатшысы Томас Баттон 1612 жылы кемемен саяхат жасап осы жерде қыстаған

деседі. Кемені жасаған ұста Роберт Нельсонның құрметіне қатысты өзенге атау берілген.

Рио - Кохрейн - Чили әскери теңіз флотны көп еңбегі сіңген Лорд Томас Кохрейннің есімімен аталып кеткен.

Рио - Валдивия - Испан конкистадоры Педро-де Валдивияға қатысты қойылған.

Колумбия - өзенге ең алғаш саяхат жасағанда зерттеуші капитан Роберт Грейдің кемесінің атауы Columbia Rediviva.

Станислаус - Estanislao есіміне қатысты аталып кеткен.

Гудсон - 1609 жылы Нидерландыға желкенді қайықпен саяхат жасаған зерттеуші Генри Гудсон есіміне байланысты аталған.

Делвваре – алғашқы ағылшынның Верджиниядағы отарлаушы губернаторы Барон Делаваре есімімен аталған.

Сан Лорес – атақты әулие есіміне берілген. Алғашында француздар Kaniatorowanenneh деп атаған, аудармасы "үлкен су жолы". Солтүстік Американың оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа жалғасып жатқан үлкен өзен. [2, 23 б.]

Жоғарыда байқағанымыздай ағылшын гидронимдерінің басым көпшілігі алғаш саяхат жасап зерттеген ғалымдардың есімдерімен аталып кеткен, мұны семантикалық универсалдылық деп санаймыз.

Адам есіміне қатысты қазақ гидронимдеріне келетін болсақ объектіні алғаш ашқан емес жалпы адам есіміне қатысты аталып кеткен. Т. Жанұзақов жеке есімнің географиялық атауларға ауысуын, керісінше, географиялық атаулардың жалқы есімге ауысуын және жеке есімнің ру атына немесе ру атының жеке есімге айналуын қазақ атауларындағы жиі кездесетін құбылыс деп көрсетеді. [3, 211 б.]

Қазақ гидронимдеріне құрамында кездесетін антропонимдер семантикасы әр алуан:

Жұманбай - Қарқаралы, Егіндібұлақ өңірлеріндегі бұлақ. Жұма - араб тілінен аударғанда екі түрлі мағына береді. 1. Құдайға құлшылық ететін күн аты/аптаның бесінші күні. 2. Апта, әдетте аптаның бесінші күні туылған балаға осындай ат беретін болған.

Қажыбұлақ (кейде Мәжібұлақ) - Жамбыл елді мекені территориясындағы бұлақ. Атаудың алғашқы "қажы" компоненті араб тілінде "Құдай жолына берілген, оны уағыздаушы мағынасында қолданылады. Осы ғасырға дейін Меккеге құлшылық етіп барған мұсылмандарға қажы атағы беріліп, ол сөз сол адамның есіміне қосылып айтылатын болған.

Баймырза - Бұқар жырау ауданындағы өзен. Атау тіліміздегі бай және араб тіліндегі мир-амир - "билеуші", "әмірші" + иран. за, зада, задане - "туу", "туылу" сөздерінің бірігуі арқылы жасалған, білдіретін мағынасы "мырза, бай, билеуші адам". Кейбір атаулар көне еврей тілінен ауысып, фонетикалық өзгеріске түскен, адаптацияланған атаулар. Ондай атаулар тілімізге араб тілі арқылы келген.

Ыбырай - бұлақ, көне еврей сөзі, Абрам - "халықтар әкесі" деген мағынаны білдіреді.

Рысбай - Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Рысбай бұлағы бар. Рысбай атауы көне түркі тілдерінде, Орхон - Енисей жазбаларында Ырыс сөзінен жасалған. Бұл сөз орыз, ораз, рыз формаларында да қолданылып, "бақыт" деген мағына береді. Ырыз сөзі мен бай терминінің бірігуімен Ырысбай деген кісі есімі жасалып, одан бұлақ атына ауысқан.

Қазақ топонимиясы құрамында кездесетін антропонимдер семантикасы әр алуан: **Сарман, Көкбай, Естай, Жангелді**, т.б. антропонимдер. Олар Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында көл, томар, сор терминдерімен қатар келеді: мәселен, **Сарманкөлі** - Қостанай, Ақмола облыстарында, **Жангелдісор, Жангелді** өзені атауларында Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында, **Көкбайсор** - Ақмола облысында. Сол себепті бұл жағдайда семантикалық типология әдісін қолдану қиындығы туады. Мынандай антропогидронимдер кездеседі: **Қалибек** көлі, **Оразсор** көлі (Ақмола обл.), **Олжабай** көлі, **Естай** көлі (Солт.-Қаз. обл.), **Есентемір** көлі (Қост. обл.) т.б. Жиналған топонимдер негізінен түркі (қазақ), араб тектес ұлт өкілдері есімдерінен және кейбір атаулар болмаса, (**Зәуре** көлі, **Танымбике** көлі - Қост.обл.) басым көпшілігі ер адамдар есімдерінен құралған. Мысалы, **Асансор** көлі, **Оспантомар** көлі, **Есен** көлі (Қост.обл.), **Дәулет** көлі, **Дарқан** бұлағы, **Алтайсор** көлі (Ақм. обл.). [4, 114 б.]

Қазақтың жеке есімдері мен географиялық атауларын талдай келе олардың жасалу негізінде белгілі-бір заңдылық жататынын аңғаруға болады. Мысалы, жеке есімдердің пайда болу негізінде жататын 9 себеп - салдарды бөліп көрсетуге болады. Бұлар ономастикалық зерттеулерде қазақ атауларының семантикалық классификациясында негізге алынған:

- жақсы, бақытты өмір сүруден туындаған ниет (Мухаммед, Омар, Ғали, т.б.);
- ұзақ өмір тілеу ниетімен (Шұлғау, Ұлтарак, т.б.);
- сәбидің өскенде хан (бай) секілді болуына бағытталған ниет (Баймырза, Айдархан, Өмірбай, Сәлімбай, т.б.);
- сәбидің мінез-құлықты болуына бағытталған ниет (Жібек, Мырза, т.б.);
- адамға белгілі-бір табиғат құбылыстарына байланысты берілген есім (Айтуар, Күнтуар, Жұлдызай, т.б.);
- адамға сол ауылда, не үйде болған қуанышты оқиғаға орай берілген есім (Тілеуберді, Аманкелді, т.б.);
- адамға оның дүниеге келу жағдайымен байланысты қойылған есім (Сұрабалды, Тілебалды, Құдайберді, т.б.);
- сәбиге оны ата-анасының сүйікті жеріне байланысты берілген есім (Алтай, Орал, Шымкентбай, Қаратау, Ақжайық, т.б.);

- Қазан төңкерісінен бергі кезде қойылған есімдер. Оның астарында сәбидің ақылды, парасатты болып өсуіне деген ниет жатады. Кейде интернациональдық мазмұнға ие есімдер де кездесіп отырады. (Роза, Марат, Тельман, т.б.).

Сонымен, халықтың тұрмыс-тіршілігі, рухани байлығы, мәдени мұрасы, тіпті белгілі бір кезеңдегі саяси ұстанымы да көрініс тапқан адам аттарының қатысымен жасалған антропонимдерге қандай да тарихи оқиғаның, құбылыстың, жағдайдың болмыс-бейнесі аңғарылып тұрады.

Есімдердің жасалу, пайда болу тарихында төтенше орын алатын маңызды мәселенің бірі – тарихи-мәдени жағдайлар. Халық тарихындағы бұл елеулі оқиғалар, біріншіден, атап айтқанда, түрлі қоғамдық құрылыстағы әр түрлі діни ағымға (анимизм, шаманизм, исламизм) байланысты болса, екіншіден, көрші елдермен жасаған алуан түрлі мәдени қарым-қатынас, достық байланыстармен ұштасып жатады. Әдетте бұл тарихи-мәдени байланыстардың тіліміздегі есімдер құрамының молая түсуіне, лексика-мағыналық және функциялық мәнінің жетілуіне зор ықпал жасағаны аян. Оның тарихи тамырларының өміріміздің барлық саласынан орын алғаны, оның ішінде жалқы есім сөздердің және кісі аттарының жаңа форма, жаңа мазмұн алуына ықпал еткені баршамызға белгілі. Қазақ есімдерінің баюы, құрамының молая түсуінің бір кезеңі - шығыс халықтарының мәдениетімен тығыз байланыстылығында. Ең алдымен араб, иран мәдениеті мен тілінің әсерлері өткен ғасырларда күшті болды. Бұл елдерден тілімізге енген есімдер туралы айтқанда үлкен екі себепті ескермей болмайды. Оның бірі жалпы мұсылман қауымына ортақ ислам дінінің күшті әсері болса, екіншіден халықтық мәні бар сан қилы қиссалар мен жырлар, саудасаттық, қарым-қатынас жолдарының күшеюі еді. Сөйтіп шығыс халықтары мен түркі халықтары арасындағы қарым-қатынас кеңінен етек алды. Осындай басты себептердің нәтижесінде халық арасындағы есімдердің өзі тегі жағынан екі түрлі болып отырды. Оның бір тобы – діни есімдер, яғни дін иелерінің, пайғамбар, әулие, сопы, қажылар есімдері болса, екіншісі құраннан қойылған діни мағыналы есім сөздер болды. Ал үшінші топтағылары - қарапайым тұрмыстық, халық арасында жиі қолданылатын күнделікті сөздерден жасалған есімдер. Жалқы есімдердің тарихын, тілдік құбылыстарын жіті байқап, оның көнелері мен жаңаларын салыстыра зерттеу тарихи лексикология үшін өте құнды болмақ.

Қорыта келе айтарымыз, зерттеу объектісіндегі антропонимдерді ой елегінен өткізе отырып, елді мекен, өзен-көл атауларына кісі есімдерінің беріліп отыруы ежелден келе жатқан үрдіс болып табылады. Адамның ата-тегінің ғана емес, аттарының шыққан төркінін қайдан іздестіруге болады, қоғам мен тіл дамуының қай сатысында, қашан қалай пайда болған, бұл жағын дәп басып айту мүмкін емес. Бір жәйт айқын: жергілікті халықтың шексіз құрметіне бөленген, сол жердің

көркейіп-гүлденуі жолында аянбай қызмет етіп, үлкен еңбек сіңірген, туған елін шексіз сүйген ерекше жандардың артында өшпес із қалдыруы, әрдайым өз халқының есінде жүруі табиғи заңдылық деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://www.usatoponymy/fif.htm>.
2. <http://www.placenames/fif.htm>.
3. Жанузаков Т. Очерки казахской ономастики. – Алматы: Дәуір, 1982. – 326 с.
4. Қазақстанның жер-су аттары. Қаз ССР ҒА, Тіл білімі институты. – Алматы: 1989. – 254 б.

5.12. Ұлттық ділімнің негізгі сипаты

Гульсара Орашевна Мукангалиова

педагогика ғылымдарының магистрі, «Әлеуметтік пәндер және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы.

«Қаржы академиясы» АҚ (Астана қ., Қазақстан)

Раушан Шамжановна Молдагалиева

педагогика ғылымдарының магистрі, «Филологиялық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы. «Астана медициналық университеті» (Астана қ., Қазақстан)

Әрбір халықтың өзіндік ділімі бар, сондықтан этностың өзіндік бет бейнесі, ерекшелігі халықтың тарихында айқындалмағаны мүмкін емес. Лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистикада ділім ұғымы этностың сана сезімінде қалыптасқан әлемнің бейнесі ретінде қарастырылады. Қазақ халқының ділімінің де өзгешелігі бар. Осыған сәйкес біз өз мақаламызда «ділімнің» негізгі сипатын айқындайтын факторлар, ұлттық сана, ұлттық ойлау, ұлттық психология, мәдениет, ұлттық рух ұғымдарын қарастырмақпыз. Ал ділім ұғымын адамдардың нақты ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен бөліп қарауға болмайды. Ділім дегеніміз халықтардың тұрмыс жағдайы, қалыптасқан мінез - құлқы, әдет - ғұрпы, ұлттық ойлау жүйесі, салт –дәстүрі, санасына, этностық рухани келбетіне сай сомдалған ұстанымдар, қағидалар, үлгілер.

Біздің ойымызша, осы анықтамада ділім ұғымын нақты дәл көрсетілген, сондықтан да анықтаманы негізге алып, ділімнің көріністеріне ұлттық сана, ұлттық ойлау жүйесін, наным-сенімдерді, көзқарасты жатқызуға болады. Егер де менталитет ұлттық психологияның, ұлттық дәстүрлердің көріністері болса, онда әр ұлттың менталитеті де әртүрлі болып, бір-біріне сәйкес келе бермейді.

Әр халықтың менталитетінің ерекшелігі бар, себебі әр халықтың менталитеті түрлі табиғи-жағрафиялық ортада қалыптасады. Қоршаған ортаны халықтар біркелкі түрде қабылдай алмайды. Ділім қоршаған ортаның жағдайына қарай, этностардың табиғатына сай, күнделікті тұрмыста орындайтын іс-әрекеттің бағытына орай ерекше түрде қалыптасады. Мысалы, қазақ менталитеті европалықтар ділімінің шеңберіне сыймайды.

Қазақ қандай кең болса, оның менталитеті де мол, рухани жағынан өте бай. Қазақ халқы ділімінің де өзгешелігі бар. Менталитет ең бастапқы түрде туған жағрафиялық ортаға, материалдық негізге, әлеуметтік саяси жағдайларға байланысты. Д. Кішібаевтың көрсетуінше, қазақ менталитетінің кейбір ерекшеліктері бар: «Ол ерекшеліктерге: біріншіден, ұдайы мал бағып, соның соңында ұдайы көшіп қонып жүреді. Ол үшін кең дала, жазық жайлаулардың, тіпті шөлді жерлердің қажеттілігі еді. Екіншіден, көшпелі халықтың бүкіл өмір сүру тәсілі, әдет - ғұрпының сол көшпелі тұрмысқа, тұрғын үйі, киген киімі, ішкен тамағы – бәрі сол жағдайға орай сәйкестендірілген. Үшіншіден, көшпенділердің бір жерге шоғырланбай мал бағу жағдайына сәйкес ауыл - ауыл болып, бірінен-бірі алшақ тұруы» [1, 6]

Көріп отырсақ, қазақ менталитетінің қалыптасуына оның кең даласы, көшпелі тұрмыс салты, мал бағу іс-әрекеті үлкен әсер еткен. Ал орыс, грек ділімі мүлдем басқа географиялық ортада қалыптасқан. Теңіз жағасында тұруы, отырықшылдық жағдайда бидай, жеміс-жидек, көкөніспен шұғылдануы – осының бәрі де гректердің мінез-құлқын, өмір сүру тәртібіне. отырықшылдық өміріне сәйкестендірген.

Ділімнің қалыптасуына ең бастапқы ықпал еткен күнделікті тұрмыстық іс-әрекет. Егер де қазақтардың өмір сүру тәсілі – мал бағу болса, орыс, гректердің негізгі іс-әрекеті жерді өңдеу, шаруашылықпен шұғылдану, дақылды өндіру. Сонымен қоса, гректер мал, қой бағып, теңіз арқылы басқа да іс-әрекетпен: балық аулау, губкаларды жинаумен айналысқан. Олар жер өңдейтін диқаншылық шаруашылықтан басым болды. Сондықтан олардың салт-дәстүрі де, мінез - құлықтары да осы негізгі екі бағытта (теңіз ісі, ауыл шаруашылығы) кәсіптерге орай қалыптасқан. Орыс халқының негізгі іс –әрекеті өңдеу шаруашылығы, балық аулау кәсібі, теңізбен байланысты іс -әрекет. Орыс менталитеті осы шаруашылықтардың бағыттарына қарай қалыптасқан.

Қазақ халқының негізгі іс-әрекеті мал бағу болғандықтан, оның ділімі, ұлттық рухы, ұлттық санасының белгілері осы бағытта қалыптасқан.

Ал ұлттық сана дегеніміз белгілі бір ұлттың өкілі сезініп, ұлттық орта территориясына құштарлықты көрсете біліп, өзінің этносының құндылықтарын мадақтау, соларға бейімділігін арттыру. Ұлттық сана сезімнің болуы, белгілі бір этностың көрсеткіші тәрізді. В.И. Козлов: «Ұлттық, яғни этникалық сана - сезім этнос белгілерінің бірі болып саналады», - деген [2, 109].

Жекетұлғаның өзіндік санасы белгілі бір ұлттың өкілі ретінде ғана көрініс берумен шектелмей, адамның өзінің іс-әрекетінде пайда болған сезімді, әртүрлі мінез - құлықтың пайда болуының себебін, бағаларын ұғым ретінде өз құрылымына қосады. Қоғамдық ұлттық сана этностың, ұлттық қауымның объективті түрде сомдалған тұлғаларында айқындалады. Айқындайтын тұлғалар: тіл, этникалық нормалар, құндылықтар, ритуалдар, халық мәдениетінің шығармалары.

Ал ұлттық тіл этностық қауымдастықтың жай ғана қатынас құралы емес, оның ар-намысын, қайталанбас ерекше, асыл қасиеттерін көрсететін фактор.

Тілдік сана ұлттық сананың тілдік тұлғасы. Тілдік сана арқылы ғаламның тілдік суреті бейнеленеді. Сол арқылы бір этнос басқа этностан ерекшеленеді.

Тілдік сана деген не? Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев сананың тілдік табиғаты туралы пікірді жақтайды. Сананың тілдік тұлғасы туралы А.Н. Леонтьев келесі ойды білдіреді: «Санаға ие болу - тілді меңгеру. Тілді меңгеру – сөздердің мағыналарын білу деген. Сөздік мағына – сана - сезімнің бірлігі. Осындай түсінік бойынша, сана сезімнің табиғатын белгілілік деп қарастыруға болады» [3].

А.Н. Леонтьев жоғарыда аталған ғалымдардың ойларын дамыта отыра, тілді қауышу мен топшылау процесінің жиынтығы деп қарайды. Ғалымның пайымдауынша, егерде тіл заттық немесе вербалды тұлғала сомдалған мағыналардың жиынтығы болса, ұлттық сана тіл арқылы вербалды түрде сомдалынып, ғаламның бейнесін суреттейді. Гумбольдтің еңбектерінде тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы келесі тұжырымдар арқылы көрсетілген: 1) материалдық және рухани әдебиет тілде көрінеді; 2) кез келген мәдениеттің ұлттық сипаты болады, оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; 3) ұлттық рух –жалғастырушы аралық» [4].

В. Гумбольдтің осындай тұжырымдамасы шет елдердің және қазақстандық тіл білімінде жалғасын тапқан (Ш. Балли, Ө. Қайдар, Е. Жанпейсов, Р. Сыздық, Қ. Хұсайын, А. Ислам, Ж.А. Манкеева т.б.). Ж.А. Манкеева тіл мен мәдениеттің байланысын келесі пікір арқылы білдіреді: «Тіл – мәдениет тірегі, өйткені мәдениеттің құрастырушы бөлігі және тіл мәдениетті танудағы негізгі құрал, себебі ол арқылы біз мәдениетті меңгереміз. Тіл мәдениеттің жалпы сипатын танытады, негізгі ақпаратты жинайды, сақтайды және жеткізеді. Осыған сай тіл әрбір этникалық қоғамдастықта бір жағынан этностың мәдени өзгешелігінің факторы ретінде көрінсе, екінші жағынан, тіл шеңберінде мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз етеді, демек, тіл мәдениетте өсіп, өнеді, дамиды және соны бейнелейді» [5].

Тілдік санадан когнитивтік сананы айыра білу керек. Когнитивтік сана заттарды тану процесінде орын алатын құбылыс. Ол заттар туралы ұғымды қалыптастырып, сол заттарды осы ұғым бойынша бір-бірінен ажыратуға көмектеседі, сол заттармен не істеу керек, қалай қолдану керек деген сұрақтарға жауап беріп, баға береді.

Когнитивтік сана сезіммен тілдік сана сезім көп жағдайда түйісе бермейді, өйткені ұлттық сана сезімнің кейбір тұрғылары тіл арқылы көріне қоймайды. Когнитивтік сана сезімнің ұлттық сана сезіммен тығыз байланыста болатын когнитивтік негізі бір. Әрбір мәдениетті қауымның когнитивтік сана сезімінің іргетасы болатын әртүрлі когнитивтік негізі бар.

Этностардың ақыл-ой өрісінің деңгейі бір болғанымен, ойлау амалдары әртүрлі болуы мүмкін, мысалы, конкретті - сезімдік немесе абстрактілі ой тәсілдерінің жүзеге асырылуы жекетұлғаның әлеуметтік, өмірлік тәжірибесі қорының жеткілігі немесе жеткіліксіздігіне байланысты. Ойлау жүйесінің өзгешелігі жеке тұлғаның сана сезімінде болатын ғылыми немесе тұрмыс тіршілік ұғымдарының жиынтығына байланысты.

Ойлау жүйесі адам баласына ортақ болғанымен, әр халықтың ойлау ерекшелігі болады. Сол ойлау өзгешеліктері когнитивтік механизмдердің негізінде жүзеге асады. Когнитивтік механизмдер дегеніміз әр халықтың ғаламдағы заттар туралы түсінік беретін фреймдер. Барлық халықтың ойлау жүйесі бір болғанымен, әр этностың ойлаған зат туралы түсінігі әртүрлі болады. Барлық адамға бірдей ортақ нышан берілген, артта қалған тайпалардың және қазіргі өнеркәсіпті елдердің оқуға, ғаламды тануға іс-әрекеттерінің мүмкіншілігі бірдей, бірақ ойлану жүйесінің өзгешелігі бар. Мұндай ерекшеліктердің бәрі сол адамның өмір сүрген ортасымен тығыз байланысты болып келеді. Ұлттық ойлау жүйесінің ерекшелігі мынада: 1) объективті әлем туралы әр халықтың түсінігі бір болғандықтан (логикалық ой - жүйенің негізінде) заттарда бәріне де ортақ әмбебаптық белгілер жіктелінеді. Сол негізгі белгілер арқылы зат туралы қажетті түсінік қалыптасады. Бірақ бұл затта қосымша белгілерді жіктеуге болады. Олардың негізінде зат туралы факультативті ұғым пайда болады. Факультативті ұғымдар сөз мағынасының, ұлттық құрамдас бөлшектерінің іргетасы. Әр сөздің ассоциативті кеңістігінде үш түрлі белгілер айқындалады: 1) қажетті белгілер; 2) затқа сипаттама беретін; 3) факультативтік, идиоэтникалық белгілер. Қажетті белгілер арқылы ұғымды белгілі класс-тобына сәйкестендіреді: сипаттама беретін белгілер аталған классқа тән қасиеттерді көрсетеді, ал факультативті белгілер әр этностың затқа деген ерекше көзқарасынан, танымал қабілеттілігінен туындаған қасиеттерді бейнелейді.

Ұлттық ойлау ерекшеліктері тілдегі концептілер арқылы көрініс береді. Ұлттық өзгешеліктер когнитивтік қабылдау тетіктерімен байланысты болып табылады. Ал когнитивтік тетіктерді қалыптастыру үдерісінде халықтың өмір сүру тәсілі, негізгі шаруашылығы маңызды рөлді атқарады. Көшпелі қазақ қоғамының өндірісі – мал бағу, төл өсіру, сол арқылы өмір сүру. Осындай көшпелі елдің өндіріс тәсілі отырықшы, егін шаруашылығымен шұғылданатын немесе өндіріспен айналысатын елдерден айрықша. Ал оның өз ұлттық рухтың – ұлттық болмыстың

ұйытқысы – ділімнің тілдегі көрінісінен айқындалады. Г. Шпент менталитет мәселесін байыпты зерделеп, «ұлттың», «рухтың» халықтың сын сипатын мен идеясын мінездейтін «образ» арқылы айғақталатынын айтады. Ғалымның пайымдауынша, ұлттық рух халықтың тілі мен тарихынан, дәстүрі мен дүниетанымынан, діні мен ділінен, салты мен санасынан орын табады. Ол – тарихи категория, мезгіл мен мекеннің ауысуына қарай түрленіп отырады, бірақ қаншама өзгеріске ұшыраса да өзінің негізгі өзегін – энергетикалық мәйегін жоғалтпауға тырысады. Сондықтан белгілі бір дәрежеде ұлттық рух дегеніміз – ұлттық энергия [6].

Осындай ұлттық энергия ділімнің өзгешелігін бейнелейді.

Пайдаланған әдебиет тізімі:

1. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
2. Козлов В.И. Самосознание этническое // Народы России. - М., 1994. - С. 442-461.
3. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. М., 1969. - 165 с.
4. Гумбольд В. Язык и философия культуры. Перевод с немецкого. – М: Прогресс, 1985. – 450 с.
5. Манкеева Ж.А. Тілдік этномәдени мұраның қызметі // Тілтаным, 2006. № 4. 17-22 бб.
6. Шпет Г.В. Введение в этническую психологию. – М., 1988. – 282 с.

5.13. Самостоятельная работа обучающихся как эффективное средство формирования метакомпетенций будущих педагогов-психологов

Баян Зарлыковна Туребаева

кандидат педагогических наук, ст. преподаватель кафедры
«Педагогика и психология». «Баишев Университет»
(г. Актобе, Казахстан)

Алтынгүль Сарсеновна Мустояпова

кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Педагогика и
психология». «Баишев Университет» (г. Актобе, Казахстан)

Айгуль Максатовна Токжанова

кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Педагогика и
психология». «Баишев Университет» (г. Актобе, Казахстан)

В Республике Казахстан в сфере современного профессионального образования делается акцент на студенто-центрированное обучение, направленное на подготовку специалистов новой формации с современным мышлением, ориентированных на

инновационную деятельность, непрерывное самообразование и на общечеловеческие ценности. Ключевой идеей студенто-центрированного обучения является признание того, что все вузы, преподаватели и студенты уникальны. Все они работают в очень разнообразных контекстах и имеют дело с различными дисциплинами. В этой связи внедрение нового профессионального стандарта «Педагог» в 2017 г. [1] также предполагает актуализацию вопросов формирования у обучающихся специальности бакалавриата «Педагогика и психология» таких компетенций, которые необходимы не только для будущей педагогической деятельности, но и компетенции, ориентированные на воспитание у них профессионального саморазвития. Для этого необходимо формирование у обучающихся компетенций как «базового качества индивидуума, имеющее причинное отношение к эффективному и/или наилучшему на основе критериев исполнению в работе или в других ситуациях» [2, с. 9].

В данном аспекте процесс становления обучающегося как субъекта профессиональной деятельности тесно связан с компетентностным подходом и междисциплинарностью, которая является его основой. В настоящее время в научной литературе существует множество определений понятия «компетентность». В своей работе мы используем определение компетенции в трактовке Европейского фонда образования, в котором компетенции определяются с нескольких позиций: во-первых, как личностные качества и опыт, которыми обладает человек, включающие образование, знания, подготовку, и другие характеристики, необходимые для эффективного выполнения своей деятельности; во-вторых, как совокупность требований, определяющих способность выполнять конкретные обязанности на определенной должности (решение задач, осуществление производственных действий, устранение проблемных ситуаций и т.д.); в-третьих, как способность регулировать свою деятельность, осуществлять самооценку результатов своего труда [3, с. 69].

Анализируя модульную образовательную программу бакалавриата по специальности «Педагогика и психология» Актюбинского университета им. С. Баишева, мы пришли к заключению, что модель выпускника базируется на идее компетентностного подхода и предполагает получение результата в виде системного качества выпускника - компетентности, выраженной сложной структурой общих и профессиональных компетенций, представленной в модели выпускника. В этой связи более важными становится не конкретные знания и умения, которые довольно быстро устаревают, а некоторые «мета-умения» и «метакомпетенции», умения самостоятельно добывать новую информацию, постоянно осваивать новые виды деятельности, т.е. способности к самообразованию и саморазвитию.

Анализ научной литературы в рассматриваемом аспекте показал, что термин «метакомпетенция» имеет широкое значение и содержит в себе несколько ключевых моментов, а также то, что в данный момент тема метакомпетенций достаточно актуальна. Рассмотрим содержание термина метакомпетенции в работах российских и зарубежных ученых.

Во время научной конференции, посвященной исследованиям в области обучения и преподавания, основной темой было обсуждение концепта *metlearning* (метаобразование, метаобучение или мета-предметный подход в обучении) (г. Падова, Италия, 2003 г), сформулированный в работе Джона Бигза «*The role of metlearning in stady processes*» (Роль мета-предметного подхода в образовании) и обозначенный как «*being aware of and taking control of one's own learning*» (точное понимание и управление процессом получения своего образования). Надо отметить, что данную работу отмечают большинство исследователей, которые интересуются концептом метаобразования.

Французские исследователи Ф. Деламер и Д. Винтерон в своей работе «Что такое компетенция» отмечают, что метакомпетенции служат для облегчения приобретения других компетенций, то есть они представлены в виде некоего надструктурного входа, облегчающего их приобретение и освоение [4, с. 31].

Известный исследователь А.В. Хуторской обозначает суть метапредметного образования как самореализацию обучающегося, которая проявляется в качестве «генерации, продуцирования им образовательных результатов, имеющих ценность не только для самого ученика, но и для окружающего его социума, мира, человечества» [5, с. 26].

С точки зрения Резчиковой Е.В. метакомпетенции – это группа универсальных компетенций, обеспечивающих эффективную реализацию всех профессиональных компетенций. Резчикова также дополняет, что метакомпетенции являются надсистемными, надпредметными и могут быть позиционированы как компетенции высшего (творческого, креативного) уровня [6].

Многие исследователи проявление метакомпетенций связывают с самоконтролем когнитивной активности, саморегуляцией и самоорганизацией личности (Карпов А.В., Скитяева И.М., 2005; Величковский Б.М., 2006; Звонников В.И, Челышкова М.Б., 2009; Чернокова Т.Е., 2014; Burgoyne J., 1988; Brawn R.B., Mc.Cartney S., 1994; Briscoe J.P., Hall D.T., 1999; Weinert F.E. 2001; Bergmann G. et. Al., 2006; Erpenbeck J., 2006 и др). Указанные авторы выделяют такую особенность метакомпетенции, как ее двунаправленность, с одной стороны, это способности и умения регулировать внутренние мыслительные процессы, с другой стороны, способности регулировать внешние процессы, связанные с управлением знаниями в ходе выполнения профессиональной деятельности.

Исследователь Орбодоева Л.М. считает, что основу метакомпетенций составляют представления о способностях личности к быстрой адаптации, приспособления к новым условиям, готовность к непрерывному обучению/образованию, готовность к переносу имеющихся знаний, умений, способностей на новые объекты деятельности [7, с. 149].

В своей работе мы вслед за Орбодоевой Л.М. под метакомпетенцией понимаем способность и готовность управлять своими компетенциями в ходе выполнения профессиональной деятельности. Управление включает в себя способности осознать, оценивать, применять и расширять свои знания, умения, формировать в себе новые компетенции, что соотносится с положениями Дублинских дескрипторов, согласованными с Европейской рамкой квалификаций и Национальной рамкой квалификаций [7, с. 150].

Как отмечалось выше в современных условиях в учебном процессе важны «мета-умения», умения самостоятельно добывать новую для себя информацию, осваивать новые виды деятельности, т.е. способности к саморазвитию и самообразованию. В этой связи самостоятельная работа обучающегося выступает в качестве эффективного средства формирования метакомпетенций студентов.

Выпускник Баишев университета специальности бакалавриата «Педагогика и психология» должен обладать «способностью самостоятельно приобретать (в том числе с помощью информационных технологий) и использовать в практической деятельности новые знания и умения, включая новые области знаний, непосредственно не связанных со сферой деятельности, а также использовать современные научные знания, передовые технологии в сфере образования и владеть навыками самостоятельного поиска истины, способностью к критическому восприятию противоречивых идей». Таким образом, мы видим, что реализация процесса формирования метакомпетенций обеспечивается квалификационными требованиями, которые разработаны в модульной образовательной программе для данной специальности. В этой связи самостоятельная работа студента выходит на первый план и становится ведущим фактором учебно-познавательного процесса в вузе. Практика работы с обучающимися данного направления подготовки показала, что большинство студентов (особенно первого курса) слабо владеют навыками самостоятельной работы. У значительной части студентов почти не сформированы навыки самообразования и саморазвития. Особенную трудность у обучающихся вызывают задания творческого характера. Большинство студентов не умеют презентовать свою компетентность, способность критически мыслить и самостоятельно принимать решения. Поэтому одной из целей профессиональной подготовки специалиста является необходимость формирования внутренней потребности к самообучению, которая становится и

требованием времени, и условием реализации личностного потенциала. Рассматривая организацию самостоятельной работы студентов с точки зрения формирования метакомпетенций, мы считаем, что, в первую очередь, необходимо обеспечить мотивации отношения обучающихся к самостоятельной работе через развитие их внутренней, внешней и процессуальной мотивации. Надо отметить, что самостоятельная работа обладает огромным потенциалом в плане формирования метакомпетенций будущих педагогов-психологов, так как в процессе самостоятельной работы происходит и усвоение учебного материала, и расширение, и углубление этих знаний, и развитие умения работать с различными видами информации, и развитие аналитических способностей. Для эффективной организации самостоятельной работы в рамках метакомпетентного образования необходимо применение современных инновационных технологий, таких, как проектное обучение, проблемное обучение, тренинговые технологии, ролевые игры и др.

К сожалению, большинство студентов убеждены в том, что знания они должны получать от преподавателя в готовом виде на лекциях, семинарских и практических занятиях, они не полностью осознают, что знания есть продукт человеческого сознания, и они должны приобретаться не только в процессе обучения, но и в процессе учения, самостоятельной и исследовательской деятельности. Только тогда они приобретают личностный смысл и становятся достоянием студента.

В этой связи, главное в организации самостоятельной работы студентов – это обеспечение мотивации осознанного отношения обучающихся к самостоятельной работе посредством развития их внутренней, внешней и процессуальной мотивации. Также создание педагогических условий высокой активности, самостоятельности и ответственности обучающихся в аудитории и вне ее в ходе всех видов учебной деятельности. Эффективность выполнения студентами заданий по СРС напрямую зависит от профессионализма преподавателя, который должен работать не со студентом «вообще», а с конкретной личностью, с ее психологическими особенностями, индивидуальными способностями и наклонностями. Поэтому, чтобы повысить активность работы студентов необходимо использовать новые формы СРС, которые как раз и формируют метакомпетенции обучающихся. В данном контексте преподаватели кафедры «Педагогика и психология» Баишев Университета в образовательном процессе используют тренинговые технологии, технологию проектного обучения и так называемую технологию «портфолио студента». Хорошие результаты дают применение тренинговых технологий и деловых игр, которые тематически могут быть связаны с проблемами будущей профессиональной деятельности или они могут быть прикладного характера, включать задачи ситуационного моделирования актуальных педагогических проблем. Надо отметить,

что в настоящее время многими преподавателями широко применяется метод проектов, который интегрирует в себе проблемный подход, групповые, рефлексивные, исследовательские, презентативные методы.

Мы рассматриваем проектную деятельность обучающихся как одно из эффективных средств формирования их метакомпетенций, так как именно проектная деятельность предполагает высокую степень самостоятельности в поиске нужной информации, ориентацию на практический результат, поиск наиболее эффективных путей решения проблем, оформление и представление результатов в ходе публичной защиты, то есть она способствует выработке у обучающихся способностей к «генерации, продуцирования им образовательных результатов, имеющих ценность не только для самого ученика, но и для окружающего его социума, мира, человечества». Для формирования проектной культуры обучающихся специальности «Педагогика и психология» в университете созданы хорошие условия. Так, обучающимся обеспечен выход в интернет и доступ к библиотечным ресурсам КАБИС, научным ресурсам РМЭБ; kazneb.kz - казахской национальной электронной библиотеки; единой электронной библиотеке к международным полнотекстовым ресурсам www.scitncedirect.com РГЦПИ «Закон» и др.

Одним из успешных реализованных проектов обучающимися является проект на тему «Адаптация первокурсников: проблемы и тенденции», целью которого стало обеспечение академической адаптации обучающихся в университетское сообщество. В рамках реализации данного проекта студентами 3-го курса специальности «Педагогика и психология» были проведены социально-психологические тренинги на темы «Адекватная оценка: позитивное отношение к себе и к людям», «Тренинг уверенности в себе», «Психология общения» со студентами 1-го курсов всех специальностей.

В настоящее время участие студентов в проектной деятельности рассматривается и в плоскости решения реальных социально-экономических, общественных и других сфер развития общества. Студенты, в образовательном пространстве вуза находятся в условиях состязательности, творчества и проблемной ситуации, которые способствуют выработке у них нестандартного мышления, ответственного отношения к своей будущей профессиональной деятельности. Овладение технологией проектной деятельности в конечном счете приводит и к изменению позиции студента: он осуществляет поиск и сбор информации для своего проекта, учится осуществлять реальное взаимодействие с различными общественными, государственными органами и образовательными учреждениями. Надо отметить, что проектная деятельность как одна из эффективных форм СРС способствует формированию у обучающихся

и других компетенций, таких как коммуникативная, социальная, информационная и т.п. В ходе выполнения проекта студенты учатся работать в команде, выдвигать новые гипотезы и идеи, делать аргументированные выводы, критически мыслить, показывают готовность к социальному взаимодействию. Так, например, студенты специальности «Педагогика и психология» подготовили проект, направленный на выявление индивидуально-психологических особенностей детей-сирот в условиях детского дома.

Итак, формирование метакомпетенций обучающихся – важный процесс, способствующий профессионально-личностному становлению будущего педагога-психолога. Оценить компетенции – невозможно, но возможна оценка результатов обучения, которые характеризуют данные компетенции, представленные в образовательной программе специальности «Педагогика и психология».

Таким образом, выпускник Баишев университета специальности бакалавриата «Педагогика и психология» должен обладать «способностью самостоятельно приобретать (в том числе с помощью информационных технологий) и использовать в практической деятельности новые знания и умения, включая новые области знаний, непосредственно не связанных со сферой деятельности, то есть владеть мета-умениями.

Использованная литература:

1. Профессиональный стандарт «Педагог»/ Приложение к приказу Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017 года.
2. Лайл М. Спенсер-мл. и Сайн М. Спенсер. Компетенции на работе. Пер. с англ. М: НРРО, 2005. - 384 с.
3. Глоссарий терминов рынка труда, разработки стандартов, образовательных программ и учебных планов. — Турин: European Training Foundation, 1997. — 160 с.
4. Le-Deist, F. D., & Winterton, J. (2005). What is competence? Human Resource Development International, 5 (1), 27-46.
5. Хуторской А.В. Метапредметное содержание и результаты образования: как реализовать федеральные государственные образовательные стандарты (ФГОС) // Интернет-журнал «Эйдос». - 2012. - № 1. - URL: <http://www.eidos.ru/journal/2012/0229-10.htm>.
6. Резчикова Е.В. Дидактические основы формирования метакомпетенций // Материалы IV конференции «ТРИЗ. Практика применения методических инструментов». – [Электронный ресурс] URL: <http://www.metodolog.ru/node/1618>. Дата обращения: 04.04.2019.
7. Ордобоева Л. М. Метакомпетенция как компонент содержания профессиональной иноязычной подготовки студентов в языковом вузе // Вестник Московского государственного лингвистического университета. - 2014. - № 14 (700). - С. 144-153.

5.14. Дискурс және тілдік тұлға

Гаухар Тилеукабуловна Ерсултанова

3 курс «Лингвистика» докторанты.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
(Алматы, Қазақстан)

Abstract

The article deals with the concept of linguistic personality which is the most discussed and researched themes nowadays in not only linguistics but also in other fields of science which is relevant in linguistics today. The article discusses several approaches of defining linguistic personality, typology of language persona, categories and levels of linguistic persona. Nowadays there are new sciences like psycholinguistics, cognitive linguistics, para-linguistics and new concepts in linguistics due to anthropocentric view, we don't just research language for itself, we connect it to different branches of science. Since we study the language with the connection, there are some advantages to study the language of text and discourse. The importance of such research we can define the linguistic personality of an author. Such research is tightly connected with the concept 'linguistic personality', moreover the mentioned concept is related to the theory 'linguistic picture of the world'. The article deals with the structural importance of linguistic personality.

Аннотация

Тіл табиғатын зерттеудің кешенді сипатының тиімділігі мәтін және дискурс тілін зерттеуде көрінеді. Мәтін мен дискурс лингвистиканың негізгі нысаны. Ал мәтін авторының тілдік тұлғасын анықтауға септігін тигізетін тіл мен таным сабақтастығы тіл иесіне қатысты біртұтастықта алынған зерттеу. Бұл зерттеу "тілдік тұлға" мәселесімен тығыз байланысты, ал тілдік тұлға өз кезегінде "әлемнің тілдік бейнесі" теориясымен сабақтасады. Бұл мақалада дискурс пен тілдік тұлға ұғымдары қарастырылады.

Аннотация

В статье рассматривается понятия «языковая личность», а также категория, типология языковой личности, и уровни языковой личности. В последнее время понятия «языковая личность» одна из самых обсуждаемых понятии не только лингвистики, но и других сфер науки. Статья посвящена одному из центральных терминов антропоцентрической лингвистики. Автор рассматривает трактовку данного термина в работах основателей теории языковой личности, анализирует различные варианты его понимания в трудах их последователей.

Қазіргі кезде тілдік тұлға және дискурс терминдері тіл білімінде кездескенмен оны толық зерттеу жұмыстарында әлі де жан жақты талдау жұмыстарында қарастыруды қажет ететін аспектілер бар. Бұл терминдер тіл білімінде ХХ ғасырдың 60 – 70жж. Көлемінде тілдің антропоэзектілік парадигмасы тұрғысынан қарастырла бастады. Дискурс терминіне қатысты әртүрлі пікірталастар орын алуда. Көптеген ғалымдар дискурсты « мәтін» және ауызша-жазбаша дискурс «диалог» немесе «монолог» терминдерімен ұштастыра отырып, дискурсты

«коммуникативтік жағдаят» ретінде қарастырады. Осы бағыта Э. Бенвенист, И.А. Бодуэн де Куртенэ, Ф. де Соссюр, Н.Д. Арутюнова, Т. ван Дейк, Н. Хомский, Ю.С. Степанов, В.И. Карасик, А.Е. Кибрик, В.Е. Чернявская, В.В. Красных т.б. әйгілі ғалымдардың зерттеу жұмыстарын атауға болады. Қазіргі қазақ тіл білімінде дискурсты талдау И.Ш. Нұргожина, Г.Г. Бүркітбаева, К.Қ. Садирова т.б. зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде зерттеу табуда. Біздің жұмысымызда дискурсты тілдік тұлға тұрғысынан талдау теориясы ретінде ұсынамыз.

Сондай-ақ, тіл білімінде «дискурс» терминіне қатысты *диалог, ауызша сөйлеу (речь), монолог, сөйленім, айтылым (высказывание), сөйлек актісі, сөйлек әрекеті, жазбаша монолог және диалог түріндегі мәтін, коммуникативтік жағдаяттар* сияқты ұқсас терминдерге байланысты қарама-қайшылықтар мен ұқсастықтар әртүрлі бағытта қолданыс тапқан. Олардың мағыналары әр алуан болып келеді. Әртүрлі ғалымдардың анықтамалары *дискурс* терминінің нақты анықтамасына тоғыса алмауы да мәселе туындатады.

«Дискурс» терминінің негізгі этимологиясы латын тіліндегі *discursus* сөзінен алынған «саналы ой (разумное размышление)» деген мағынаны білдірсе [1, 63], кейде бұл термин «*ғылыми талқылау*» мағынасын білдіреді. Келесі еңбекте *дискурс* латынның «*discurro-қаңғыру*», «*discurrere*» – талқылау, келісімге келу мағыналарын да береді [2, 40]. Отандық ғалымдарымыздың берген анықтамасына сүйенсек: «Дискурс (ағылшын тілінде *discourse* – *нақты мәтін*, француз тілінде *discours* – *сөйлеу, сөз сөйлеу*) – 1. ол табысты *коммуникация* үшін әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлар ескеріле отырып, айтылудың және мақсаттың толыққандылығы арқылы қарастырылады; *дауыс ырғағына, интонацияға* және т.б. белгілерге сәйкес мәтін материалдарын ұйымдастыру. 2. *Сыни дискурстық талдауда* дискурс – әлемде тілді қабылдаудың, оны түсінудің және тілдің әлемде тіршілік етуінің бір тәсілі. Дискурстың тілдің тіршілік етуіне ғана емес, сонымен қатар тілдің танылуына, *идеологияға* да қатысы бар. Мысалы, білім мекемелерінде дискурс – мінез-құлықтың және сөйлеудің жаппай мойындалған, маңызды нормалары» [3, 91].

Сонымен, «дискурсты» – әлеуметтік, экстралингвистикалық, парадигматикалық, лингвомәдени, психологиялық факторларға байланыста өрбіген оқиғаны баяндайтын мәтін ретінде танимыз. «Дискурс» шынайы өмірдің тілі және «дискурс» термині «мәтін» терминімен салыстырғанда, ерте қалыптасқан және бүгінгі өмірмен байланысы жоқ мәтіндерде қолданылмайды» [4, 76].

«Дискурс» терминін зерттеген Э. Бенвенист: «С предложением мы покидаем область языка как системы знаков и вступаем в другой мир языка как средства общения, выражением который является речь (le discours)», – деп анықтама берген болса [5, 139], Т. ван Дейк «дискурс» терминіне «өзектендіріліп айтылған мәтін» ретінде кешенді коммуникативтік жағдаят ретінде дыбысталған мәтіннің абстракті

грамматикалық құрылымы, яғни коммуникативтік қатысымның өнімді жазбаша және ауызша формадағы нәтижесі ретінде қарастырады [6].

Осы ретте, қатысымдық жағдаят формасындағы «дискурс» – тілдіу тұлғаның сөйлеу әрекетінің жүзеге асуы мен оны тыңдаушысының ақпаратты түсініп қабылдауын сипаттайды. Басқа сөзбен айтқанда, «дискурс» дегеніміз *продуктивті* коммуникация қалыптастыру мақсатына орай сөйлеушінің психологиялық, әлеуметтік, лингвомәдени факторларды ескере отырып сөз саптауы немесе мәнері [2, 34-35].

Жалпы, *мәтін* мен дискурс терминдерінің белгілері әлі де нақты сараланып болған жоқ. Сондықтан оларға түрліше анықтамалар беріліп жүр.

Мәтін мен *дискурс* ұғымдарының айырмашылығы олардың қолданысында. «Дискурс» деп ойды жеткізу мақсатында түйінделген тұжырымды атасақ, «*мәтін*» – лингвистикалық категорияға жатады деген де пікірлер бар. Олардың айтуынша, *дискурс* пен *мәтін* таралуына байланысты өзара сабақтасқан. *Дискурс* мәтін ішінде көрінеді, алайда бір мәтіннің қарама-қайшы формасы мен аяқталған дискурстар кездесуі мүмкін болуын ескеру қажет. Осы мәселеге байланысты лингвистикада дискурс ұғымын айқындаудың әртүрлі жолдары бар: бірінші – дискурс тілдік құбылыс; екінші – сөйлеу құбылысы; үшінші – қатысымның ауызша және жазбаша түрлерін қамтитын тілдік және сөйлеу құбылысы. Дискурс термині, негізінде, экстралингвистикалық факторларды (сөйлеушінің аялық білімі, ойы, арнайы мақсаты) ескере отырып, тілдік әрекеттерді талдау нәтижелерінің лингвистикалық әдебиеттерде қолданылуында зерделенеді. Ал мәтін – дискурстың бір деңгейі, дискурс бірлігі, бір тақырып төңірегінде топтастырылған мәтіндер дискурсты құрайды [7, 69].

«*Мәтін*» мен «*дискурс*» ұғымдарының айырмашылығын қарастыруда тағы бір термин тілдік тұлға термині. Бұл терминді алғаш рет қолданысқа енгізген В.В. Виноградов оның екі қырынан (бірінші – автор тұлғасы, екіншісі – кейіпкер тұлғасы) зерделеуді ұсынады [8, 362]. Жалпы, «*тілдік тұлға*» ұғымы ішкі ойын сөз арқылы сыртқа шығаруға, мәтін түзуге және сөзді, мәтінді жазбаша не ауызша қабылдауға қабілетті, сол арқылы болмыстың терең белгілі бір тұлғаның нақты бейнесін бере алатын, өмірлік ұстанымы бар, арнайы бір мақсатқа қол жеткізуді көздейтін тұлға. Тілдің тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін және құрылымдық – функционалдық сипаты бар. Оның тілді жете түсіну үшін тілдің тілдік жүйе шеңберінен шығып, оны адамның барлық адами қасиеттерімен (адамның түсінік – танымы, шындық болмысты ұғынуы, есте сақтау қабілеті, пайымдау, ой қорытындылау, түйсіну, сезіну т.б.) тығыз байланыста қарастыру қажеттілігі қазіргі кезде зерттеу жұмыстарының арқауы болып келеді. Тілдік тұлғаның сөздік қорынан, сөз саптауындағы сөйлеу мәнерінен оның әлеуметтік ортасын, аялық

білімін, жас шамасын, жынысын, мінез-құлқын, ниет-пиғылын ажыратуға болады.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде тілтанымда «тілдік тұлғаны» [5, 4], яғни тұлға факторын тану мақсаты антропоэзектілік парадигма тұрғысынан бірінші орынға қойылып отыр.

Тілдік тұлға тек тілдің ғана субъектісі емес, адресант және адресат ретінде сөздің де субъектісі болып табылады. Ю.Н/ Караулов әр мәтіннің артында тіл жүйесін меңгерген *тілдік тұлға* тұр десе [9, 27], К.Ф. Седов әр *тілдік тұлға* арқылы қаншама мәтін (дискурс) туындауы мүмкін дейді [10, 6]. Демек, дискурс тілдік тұлғалардың (адресант пен адресат) қатысуымен тығыз байланыста қарастырылады да, ондағы тілдік тұлғалар дискурстың субъектісіне айналады.

Көптеген ғалымдар тілдік тұлғаның үш түрін қарастырады:

а) лингвокогнитивтік (коммуникация тұрғысынан тілдік тұлғаның тілдік қоры оның танымымен бірге қарастырылады);

ә) вербалды-семантикалық (тілдік тұлғаның тіл қолдану ерекшеліктері);

б) прагматикалық (уәжділік) деңгейі коммуникативтік жағдаятта тілдік тұлғаны тілдік және иллокутивтік күштер тұрғысынан зерделеу. Бұл дегеніміз, тілдік тұлғаны субъект (адресант), объект (адресат) сипатында қарастыру. Олардың өзара тілдік қатысымының ұйымдастырылуы мен қабылдануы арқылы көрінеді.

Тілдік тұлғаның мағыналық мәнін айқындауда бірнеше компонент нақтыланған, олар:

- құндылық, дүниетанымдық, тәрбиелік маңызы бар компонент;
- тілге деген қызығушылықтың артуынан туындаған мәдениетті игеру, оның мәдениеттанушылық компоненті;
- жеке тұлға ретінде өзіндік жеке қасиеттерімен ерекшеленетін компонент [9, 119].

Ал М.Л. Макаров лингвистикада «дискурс талдау» терминінің негізгі үш түрлі қолдану аясын анықтады:

1) тілдік қатысымды интегралдық зерттеуде (қатысымдық-жағдаят, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дискурс түрлері, функциясы) дискурс талдауды (кең мағынасында) қолдану;

2) дискурс талдауды (тар мағынасында) Бирмингемдік зерттеу тобының (М. Култхард, М. Монтгомери, Дж. Синклер) дәстүрлі дискурс талдау тәжірибесіне сүйеніп қолдану;

3) мәтін лингвистикасында грамматикалық тұрғыдан дискурс талдауды (Р. Лонгейк, Т. Гивон) саралай келе [11, 99], дискурс талдаудың бірнеше түрлерін айқындайды: когнитивті талдау; сыни талдау; контент талдау; интеракциялық талдау; дискурстық талдау; риторикалық талдау [11, 62].

Жалпы дискурс термині кең ауқымды талдау мен құрамдас компоненттерін сипаттауды талап етеді. Мәтіннің ұйымдастырылуы мен жеткізілуі тілдік тұлғаның жоғарыда аталған тілдік қабілеттеріне, ойлау,

сөзді қолдануына байланысты. Дискурстың сегменттерге (дискурс – монолог - диалог – репликалар) топтасуына сөйлекшінің тілдік тұлғасының ерекшелігіне қарай орайласады. Тілдік тұлға бірізділігінің лингвистикалық ерекшеліктері дискурс арқылы айқындалады. Бұл мәтін теориясындағы күрделі синтаксистік құрылымымен сәйкес келеді.

Қорыта келгенде, «дискурс» деп белгілі бір ақпарат желісіне қарай тақырыптарға топтастырылған сол тақырыптың жалпы дискурс (мәтін) мазмұнымен байланысын қамтамасыз етеді. Осылайша, айтылымдардан (сөйленістерден – репликалардан) тұратын дискурс сегменттері дискурс мазмұнына қатысты белгілі бір рөл атқарады. Осындай талдаудың нәтижесінде дискурстық байланысты күрделі құрылымдық талдауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гончарова Е.А. Научная коммуникация - дискурс – интердискурсивность // Текст и дискурс. Проблемы экономического дискурса. – С-Пб: Изд-во СПб гос. унив. экономики и финансов, 2001. – С. 59-68.

2. Попов А.Ю. Основные отличия текста от дискурса // Текст и дискурс. Проблемы экономического дискурса. – СПб.: Изд-во СПб гос. унив. экономики и финансов, 2001. - С. 38 - 45.

3. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана.: Арман - ПВ, 2008. – 392 б.

4. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы, «Сөздік - Словарь», 1998. – 304 б.

5. Бенвенист Э. Общая лингвистика. М.: Прогресс, 1974. – 444 с.

6. Т.А. ван Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. – М., Б.: БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ, 1989. – 300 с.

7. Караулов Ю.Н., Петров В.В. От грамматики текста к когнитивной теории дискурса // Дейк Т.А. ван. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – С. 5 – 11.

8. Жумагулова Б.С. Прагматика русского полемического дискурса. Дисс...докт. филол. наук. Алматы, 2010. – 333 с.

9. Виноградов В.В. О языке художественной прозы – М.: Наука, 1980. – 366 с.

10. Караулов Ю.Н. Типы коммуникативного поведения носителя языка в ситуации лингвистического эксперимента // Этнокультурная специфика языкового сознания. / Ин – т яз. РАН. – М., 1996. – С. 67 – 97.

11. Седов К.Ф. Дискурс и личность // Эволюция коммуникативной компетенции. Москва, Лабиринт, 2004. – 320 с.

12. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003 – 280 с.

5.15. Публицистикалық дискурстың ерекшеліктері

Гаухар Тилеукабуловна Ерсултанова

3 курс «Лингвистика» докторанты.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
(Алматы, Қазақстан)

Публицистикалық стиль қоғамдық қарым-қатынастың кең саласына қызмет ететін функционалдық стильдер қатарына жатады. Публицистикалық стиль маңызды қоғамдық-саяси процестерді, оперативті деректерді идеялық-саяси жағынан сараптап, эмоционалды-бағалауыштық мәнде бейнелейтін көпшілікке арналған саяси мәтіндерден тұрады. Публицистикалық стиль саяси ақпаратқа ие газет, қоғамдық-саяси журналдар, баяндамалар және т.с.с. тіліндегі үндеулер арқылы қалыптасады.

Публицистиканың аса маңызды қызметінің бірі – хабарлау. Публицистика қазіргі қоғам өмірінің маңызды мәселелеріне арналған шығарма сияқты. Ол саяси және идеологиялық қызмет атқарады, қоғамдық тәртіпке үгітші, насихатшы, ұйымдастырушы ретінде және ақпараттарды жеткізіп отыратын құрал ретінде қызмет етеді. Публицистикалық мәтіндердегі ақпарат фактілерді ғана білдіріп қоймады, сонымен қатар одан авторлардың пікірі, көңіл күйі де байқалады. Бұл – публицистикалық стильдің ғылыми стильден ерекшелігі. Публицистикалық шығармаларда автор белгілі бір құбылысты толықтай жан-жақты суреттеуге талпынады, қоғам мүшелерін қызықтыратын құбылыстарды жазуға тырысады. Газет қоғамдық қызығушылық туғызарлық нәрселерді басты назарға алып, барынша кең ауқымда бейнелейді. Тілші миллиондаған пікірлестердің сөзін, позициясын сөйлейді. Публицистикалық стильдің іске асырылып жатқан қызметі публицистиканың идеологиялық бағытына байланысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарының вербалды әрекетін ақпараттық іс-әрекет деп қана қарастырмай, Кубрякова мен Цуриковтың пікірі бойынша, ең алдымен, «БАҚ – бұл ерекше жолмен өңделген ақпаратты арнайы - көпшілікке-адресатқа түсіндіру және тарату мақсатын көздейтін құрал. Осы тұрғыдан қарастырғанда БАҚ дискурсы белгілі бір білім құрылымдары мен әлемді бағалау тәсілін көрсетеді, адресатты шынайы өмірде белгілі бір түсінікке және ең бастысы, алдағы уақытта мінез-құлықты қалыптастыруға бағыттайды.

А. Олянич бұқаралық ақпарат дискурсы субъектінің немесе индивидтің ерекше түрде ұйымдастырылған сөйлеу ағынының таныстыру құрылымына негізделетінін атап көрсетеді, оның мақсаты ұтымды әсер қалдыру (әсер етушілердің мінез-құлықтарының әсер ету үшін өзгеруі). Зерттеушінің пікірі бойынша, мұндай құрылымның қалыптасу процесі адамға тән физиологиялық жағынан шартты және танымдық тұрғыдан қоршаған әлем туралы ақпаратқа қажеттілікке

тікелей тәуелді және осы әлемде болжанатын өзгерістердің өзгеру динамикасына негізделген, яғни ол үшін осының бәрі маңызды.

БАҚ дискурсы аясында немесе А. Кибриктің анықтауы бойынша, оны «медиа дискурс» деп түсіндіреді, оның бір түрі ретінде публицистиканы атап көрсетеді.

Публицистикалық дискурсқа қоғамдық және саяси қайраткерлердің газет пен журналдардағы сөздері, интернеттегі мақалалары мен жарияланымдары кіреді, сонымен қатар радио және телеарналардағы саясат, барлық салалар бойынша, қоғамдық өмірде болып жатқан оқиғалар туралы, атап айтқанда білім, экономика, мәдениет сияқты салалардағы ақпараттарды жатқызуға болады.

Э.Г. Ризельдің ойы бойынша, публицистика стилі насихаттау мен үгіттеу стиліне жатады. Оның айтуынша, өз міндетін ойдағыдай жүзеге асыру үшін публицистік стиль сендіру жағынан іскерлік/ ресми және эмоционалдық пәрменге ие болуы керек. Сондықтан оның тілдік кейпінің/ образының біріне шындықтың, терминдердің, жаңа «тірек сөздердің» өзекті белгілері арқылы берілетін нақты материалдарды жатқызуға болады.

Зерттеушінің айтуынша, адресатқа эмоционалды әсер етудің құралы - бұл лексика, эмоционалды сипаттағы фразеология, көптеген троптар мен салыстыру, сатира, ирония, перифраз / бүкпелеу сияқты тәсілдер, сонымен қатар сөздердің эмоционалды тәртібі. Э.Г. Ризель баспа тілі жансыз/ әсерсіз болмауы керек дейді.

В.Г. Костамаров «Газет бетіндегі орыс тілі» (1971) атты маңызды/ терең шығармасында публицистикалық дискурста екі бастаманың кездесетінін айтып кетеді, оның бірі – интеллектуалды, екіншісі- эмоционалды, қазіргі публицистикалық стиль ерекшелігін зерттеуге арналған жұмыстар осыны негізге алады.

Оның пікірінше, газет бетіндегі коммуникация процесінің мәні алуан түрлі сегменттердің кезектесіп тұруынан құралады, олар өз ара «стандартты-экспрессивті қарама-қайшылықта» болады. Олай болмаған жағдайда байланыс күрт төмендеп, газет тілі өз міндеттерін орындай алмайды».

В.Г. Костамаров газет коммуникациясын жалпы коммуникациямен салыстырады, «тілдегі образдылық пен стандарттың ара қатысы тілдесудің интеллектуалды және эмоционалды жағымен байланысып, әрдайым күрделі қатынаста жүреді». Коммуникативтік актілер, әдетте, мінез-құлық немесе эмоционалды ахуал жайында хабар беретін болып немесе сананың жағдайы мен маңызы жайында баяндайтын болып бөлінеді. Коммуникацияның ерекше тәсілдері адамның рухани өмірінің барлық саласына қатысты: эмоционалды және ақыл-ой және зияткерлік өрісі, бұл екі сала бір-бірінен абсолютті түрде бөлінбейді, олар рухани өмірдің әртүрлі салаларын білдіреді, сонымен қатар түрлі коммуникацияны білдіреді.

В.Г. Костамаров Н.М. Амосовтың болжамдарына сүйене отырып, адамның миындағы ақпаратты өңдеу екі бағдарламаның өзара әрекеттестігі арқасында жүзеге асырылады деп атап көрсетеді, олар-зияткерлік және эмоция. Сонымен қатар, «екпіннің жылжуы» түрлі адамдарда да байқалады, бұл нормадан ауытқу болып саналмайды.

Бір мезгілде интеллектуалдық және эмоционалдық негіздердің қатар болуы, басқа да функционалдық стильдерге тән көрсеткіш болып саналады, мысалы, ғылыми, көркем және ресми стильдерге де, дегенмен, В.Г. Костамаровтың пікірі бойынша, газет коммуникациясы эмоционалды қалыпты зияткерлік сенімді бір жақты және синтездік жылжу түрінде береді. Ғалым газет тілінің сапасына стандарт теріс ықпал етеді деген кейбір тілшілердің пікірлерін ескермейтін сияқты, себебі ол публицистикалық стильдің ерекшелігі стандарт пен экспрессияның алмасып келіп отыруында дейді. Бұл жағдайда, бірізді стандарттар болмаған жағдайда, адам миы берілген уақыт ішінде өзі тудырған дүниесінің қандай да бір үлесін де меңгере алмас еді дейді. Өмірдің қиындауы, технологиялық прогреске қатысты өмір қарқынының артуы адам миының ақпарат легіне қорғаныстық реакциясын сақтау, оның шарты - жүйеге келтіру, қорытындылау, және ұйымдастыру».

Көптеген зерттеушілер модальділікті публицистік дискурстың басты сипаты деп санайды – «(автордың айтқан сөзінің мазмұнына көзқарасы)», ол сезімталдық, бейнелілік, субъективтілік және объективтілік деңгейіне байланысты және т.б. ... сөйлеудің жалпы нышаны, оның бастысы-сапасы, жазбаша сөйлеудің өзіндік интонациясы».

Т.Г. Добросклонская модальдікті ақпараттық-аналитикалық мәтіндердің маңызды ерекшеліктерінің бірі ретінде анықтайды, оның қатарына публицистік мәтіндер кіреді. Ол бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндерде кездесетін модальділіктің ерекше түрін бөліп көрсетеді, ол - идеологиялық модальділік, атап айтқанда, жалпы тілдік әмбебап модальділік категориясы «Модальділік категориясы шындыққа (объективті әдіспен) деген көзқарас пен сөйлеушінің айтылған хабарға (субъективті әдіс) деген түрлі көзқарасы».

Субъективті модальділік бағалау ұғымымен тығыз байланысты: «субъективті модальділіктің мағыналылық негізін кең мағынада алынған бағалау ұғымы құрайды, оған тек логикалық (интеллектуалдық, тиімді) саралау ғана емес, сондай-ақ эмоциялық (иррационалдық) реакцияның көптеген түрі жатады». Идеологиялық модальділік категориясының көмегімен көптеген бағалау талаптары ішінен белгілі бір саяси көзқарастар мен идеологиялық құндылықтар негізінде қажеттілерін бөліп қарастыруға болады.

М.Г. Клушиннің публицистикалық стилі аясында Г.Г. Костамаровтың пікіріне сүйене отырып, Г.Я. Солганик пен басқа ғалымдар екі ішкі стильді / подстиль бөліп қарастырады: ақпараттық

стиль, оған ақпараттық жанр сәйкес келеді және аналитикалық, көркем-публицистикалық және жарнамалық жанрлардағы мақалалар.

Зерттеушілердің пікірінше, публицистік ішкі стиль / подстиль «саяси-идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қарым-қатынастар» болып табылады. Зерттеуші кез келген тарихи кезеңде БАҚ –қа тән бес ортақ белгілерді ұсынады:

1. Сөздік

2. «Өзінікі / бөгденікі» деген оппозицияға негізделген құндылық шкаласы

3. Белгілі бір көзқарастан тұратын шынайы өмірдегі оң және теріс егжей-тегжей фактілерді және құбылыстарды іріктеу мен жіктеуде қолданылатын «бағалаудың» ерекше лингвистикалық құралдары

4. БАҚ-та тираждалатын идеолемалар;

5. Автордың кейпі.

Н.И. Клушина сонымен қатар бұл белгілерге қосымша тілдік ойындардың, дәйексөз және мысқылдың рөлін атап көрсетеді.

Публицистік дискурстың ерекшелігіне қатысты кейбір шетелдік зерттеушілердің ұстанымдарын атап өткіміз келеді. Мәселен, неміс зерттеушісі Г. Люгердің «Die Pressesprache» атты танымал еңбегі баспасөздегі мәтіндердің жанрлық типологиясына арналған, онда баспасөздің негізгі дифференциалды ерекшелігіне оның функционалдығы жатқызылады. Г. Люгер шын мәнінде, баспасөз мәтінін белгілі бір мақсатпен берілген шартты тілдік әрекет деп немесе әлеуметтік тілдік мінез-құлық ережелері мен қағидаларына сәйкес мәлімдеме деп санайды. Оның пікірінше, публицистік дискурстың мәтіндері эмоциялық және жалынды сөздерден тұратын коммерциялық тұрғыдан тиімді әрі сендіретін болуы керек». Басқа шетелдік Пюрер деген зерттеуші баспасөз тілінің ерекшеліктері туралы айта келіп, тілдің ашықтығына баса назар аударады және «ең алдымен, ол жалған және жасанды болмауы керек» деп айтады. Неміс зерттеушісі В. Фляйшердің Люрерден айырмашылығы, баспасөз мәтініндегі, әсіресе, публицистикалық мәтіндегі негізгісі, автордың көзқарасы, ол адресат үшін айқын белгіленген болуы керек» деген пікірінде, яғни Фляйшер үшін баға беру публицистік мәтіндерді басқа мәтіндерден ажыратудың басты факторы болып табылады.

М. Гоффманн деген басқа бір неміс зерттеушісі баспасөз және публицистік функционалдық стильдің қолданылу саласын тек жоғары сапалы баспасөзге қатысты журналистік мәтіндермен шектейді.

Неміс ғалымы Зигфрид Йегер баспасөздегі дискурстың белгілі бір тарихи кезеңнің публицистикалық дискурсы ретінде қолданылуын жоққа шығармайды, оған қоғамда қалыптасқан белгілі бір саяси бағытқа негізделген әлеуметтік-тарихи жағдаймен байланысты саяси мәтіндері жатады.

Париждегі бұқаралық коммуникацияларды зерттеу орталығын құрған француз әлеуметтанушысы Эдгар Морип стандартты

баспасөзде тілді дұрыс пайдаланудың негізгі прагматикалық шарты ретінде белгілейді. Сонымен бірге, Э. Морип және оның пікірін қолдаушылардың айтуынша, газеттің тез әрі сауатты жазылуына, тез және оңай оқылып, ұрандар мен жарнама түрінде мақсаттарға жол ашуына да көпшілік / аудитория себепті.

Дегенмен, осы француз зерттеушілері газет тілін стандарттаудан туындайтын теріс салдарларды байқайды, өйткені газетте жаппай сипатқа ие болуға ұмтылудан тақырыптың және субъектінің өзіндік ерекшелігі жойылады. Шығармашылық процесс автоматтандырылған, оңтайландырылған және бүкіл үдеріс газет процесінің барлық түрінде жазылған: «формула форманы ауыстырады».

Көптеген зерттеушілер ақпаратты қолдану бос уақытты өткізудің маңызды бір бөлігіне айналғанын атап көрсетеді, оның бәрі көпшілікті дүрліктіру мақсатында, бұрмалаушылыққа төзімділіктен, хабарланған фактілердің шынайы мәнін асыра пайдаланудан, «қызу» тақырыптарға деген қызығушылықтың артуынан туындайды. Я. Бодрияр баспасөз тіліндегі стратегиялар туралы жазған кезде: «шынайы болсын, бір мезгілде аяқталған жалған оқиға болсын, шынайы қайғылы оқиға болсын, вирустың уыттылығының дәлелі іспетті немесе жүз пайыз алдайтын бүгінгі күні ең жақсы стратегия - тұрақсыздық және алдау, бұл көпшілік арасында шексіз қызығушылық тудырады және осылайша оқырмандар арасында үлкен сұранысқа ие болады» деген ойды білдірді.

Баспасөз дискурсы саласы бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерін ескере отырып, келесідей қорытындылар жасалуы мүмкін:

1. Тиісті дискурсқа сай публицистикалық мәтіндерге газеттер мен журналдардағы саяси, экономикалық және мәдени бағыттағы мақалалар кіреді.

2. Мұндай мәтіндер бейнелеп сөйлеу мен стандартқа қатысты ерекшеліктерге ие болады, оған модальділікті (идеологиялық), автор кейпін, авторға тән сөздік қорын, тираждалатын БАҚ, «өзінікі / бөгденікі» оппозициясына жүгінетін құндылықтар шкаласын енгізуге болады.

Газет бұқара мен түрлі оқырманға қызмет ететін болғандықтан, олардың әрқайсысын мазмұнды түрде де, стилистикалық жағынан да қанағаттандыруы тиіс. Қалың оқырман газеттен безендірудің үнемі сан алуан түрде болуын, стилистикалық, жанрлық тәсілдердің ұмыт қалмауын талап етеді. Газет – насихат құралы, ол үкімет орындарының қабылданған шешімдері туралы азаматтарды мүмкіндігінше толыққанды хабарландырып отыруы тиіс. Газет жариялылықты негізге ала отырып, сөз бостандығына жол ашады әрі ол түрлі әлеуметтік топтардың, ірі және ұсақ қоғамдық топтардың көзқарастарын білдіріп, адамдарға мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына және олардың өз өміріне қаншалықты ықпал етіп отырғаны жөнінде өзіндік пікірі мен бағасын беруге мүмкіндік береді.

Газеттің қоғамдық қызметі:

- қоғамдық өмірдің маңызды оқиғалары жөнінде хабарлау;
- қоғамға аса қажетті білімдерді қалыптастыру, тарату, көпшілікті хабардар етіп, қоғамның белсенді топтарының қатысуына жол ашу;
- болып жатқан оқиғаларға саяси және адамгершілік тұрғыда баға беру;
- саясаттың маңызды мәселелері бойынша қоғамдық пікір қалыптастыру.

Осыған байланысты профессор Қ.Есенова: «Газет мәтіні – семантикалық құрылысы жағынан, функциясы тұрғысынан, мәтінді қабылдап-түсіну жағынан ерекшеленетін публицистикалық стильдің бір түрі. Ол бұқаралық аудиторияға ақпарат таратып, жеткізудің ерекше құралы ретінде танылып, автордың саяси-прагматикалық позициясын көрсетеді», – деп жазады [3, 10].

Газет – саясат пен қоғамның саяси институттары арасындағы жанды практиканы біріктіретін құрал. Газеттер *қызметіне қарай*: жалпы саясаттық, салалық, ойын-сауықтық, жарнамалық; *таралу аумағына қарай*: федералды, аймақтық, жергілікті; *шығатын уақытына қарай*: таңертеңгі, кешкі; *жүйелілігіне қарай*: күнделікті, апталық болып бөлінеді.

Қазіргі публицистиканың жанрлық репертуары көркем әдебиет тілінен қалыспайтындай көп түрлі. Оған репортаж да, мақала да, хронологиялық ақпарат та, интервью де, есеп те, очерк те, фельетон да, рецензия да және т.с.с. жатады.

Газет тілінің экспрессиясы түрлі формаларда, дайын қалпында контекстен тыс тілдік бейнелеу құралдары арқылы беріледі. Ұстамды дәлелдеу формасы мәнерлі, яғни экспрессивті болса ғана оқырманына өз деңгейінде ықпал ете алады. Бұл тікелей коммуникация талаптарынан туындайды. Контекстен оқырманға ықпал ете аларлық тілдік құралдарды таңдау жазып отырған адамның шеберлігіне байланысты болады. Ғалым Р. Әмір газет бетіндегі ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшелік ретінде 3 нәрсені атап өтеді: 1) образдылығы, эмоциялылығы; 2) конструкцияны жеңіл, ықшам болып құрауға талап қылуы; 3) ауызекі сөйлеу тілі тіркестердің, сөйлемдердің ылғи бір тұрпатта шаблонмен құрылуына қарсы. Ол параллель, синоним амалдары мол қатыстырады [3, 123].

Публицистикалық мәтін әдетте автордың дербес тұлғасын айқын бейнелейді. Ол ашық және эмоционалды бояуы бар фактіге байланысты автордың қатысын білдіреді. Газет тілі иландыруды оқушыға немесе тыңдаушыға эмоциялық жолмен ықпал ету арқылы жүзеге асырады, сол себепті автор хабарлап отырған ақпаратқа деген өз көзқарасын білдіріп отырады. Сонымен қатар автор өзінің көзқарасын ғана емес, белгілі бір әлеуметтік топтың (мысалы, партияның) пікірін де білдіре алады. Стандарттылық публицистикалық стильді ғылыми және іскери тілге жақындатады. Публицистикалық стиль үшін *өлшеусіз өсу*,

уақытша көтермелеу, арнайы келу, аса кең өріс сияқты тіркестер стандартты қолданыс болып табылады. Экспрессивтілікке ұмтылу сөйлеу формасының көркем стиль мен сөйлеу тіліне тән қарапайым да бейнелі болуына негізделеді. Ықпал етуші қызметіне сәйкес публицистика баға бере отырып, қайта жасайды. Осы мақсатта ауыспалы мағынадағы арнайы лексика: *қылмыс инкубаторы, милитаризм конвейері, техникалық прогресс жолы*, спорттық лексика: *раунд, тур, сайлауалды марафон*, әдеби жанрлардың атаулары, театр лексикасы: *халық драмасы, қанды трагедия, саяси фарс, демократияның пародиясы* және т.с.с. қолданылады. Газет өз фразеологиясын туғызады. Тұрақты тіркестер газеттік стандарттар мен бұлжымайтын тіркестердің арсеналы болып табылады. Мысалы: *ұрпақтар жалғастығы, ғасырлар қойнауы, жасампаз партия* және т.б. Бұл жалпытілдік фразеологизмдер болуы мүмкін, бірақ жаңа мазмұнмен толықтырылған және газетте жоғары сапаға ие болған. Оларды өз ішінен жағымды және жағымсыз деп жіктеуге болады. Публицистикалық стильдің экспрессивтілікпен байланысты стильдік белгісі – стандарттың болуы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гончарова Е.А. Научная коммуникация - дискурс – интердискурсивность // Текст и дискурс. Проблемы экономического дискурса. – СПб.: Изд-во СПб. гос. унив. экономики и финансов, 2001. – С. 59-68.
2. Попов А.Ю. Основные отличия текста от дискурса // Текст и дискурс. Проблемы экономического дискурса. – СПб.: Изд-во СПб гос. унив. экономики и финансов, 2001. - С. 38 - 45.
3. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана.: Арман - ПВ, 2008. – 392 б.
4. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы, «Сөздік - Словарь», 1998. – 304 б.
5. Бенвенист Э. Общая лингвистика. М.: Прогресс, 1974. - 444с.
8. Т.А. ван Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Б.: БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ, 1989. – 300 с.
6. Караулов Ю.Н., Петров В.В. От грамматики текста к когнитивной теории дискурса // Дейк Т.А. ван. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – С. 5 – 11.
7. Жумагулова Б.С. Прагматика русского полемического дискурса. Дисс ... докт. филол. наук. Алматы, 2010. – 333 с.
8. Виноградов В.В. О языке художественной прозы – М.: Наука, 1980. – 366 с.
9. Караулов Ю.Н. Типы коммуникативного поведения носителя языка в ситуации лингвистического эксперимента // Этнокультурная

специфика языкового сознания. / Ин – т яз. РАН. – М., 1996. – С. 67 – 97.

10. Седов К.Ф. Дискурс и личность // Эволюция коммуникативной компетенции. Москва, Лабиринт, 2004. – 320 с.

11. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003– 280 с.

5.16. Ғаламтор - азаматтардың сөз бостандығы мен ақпараттарды алу және тарату құқықты қорғау

Галия Амангельдиновна Жумабаева

докторант АО «Қазақ - Орыс Халықаралық» университеті
(Ақтөбе қ., Қазақстан)

Қазіргі таңдағы қоғамның дамуында көптеген дамыған елдердің мемлекеттердің өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына көңіл бөлген. Осыған орай, сөз бостандығы - мемлекеттің ажырамас бөлігі. Сөз бостандығынсыз азаматтық қоғамды, демократиялық басқаруды, құқықты мемлекетті көз алдымызға елестету мүмкін емес. Азаматтардың Конституция арқылы кепіл болған саяси құқығының бірі - сөз бостандығы. Сөз бостандығын демократиялық құндылықтарды іске асырушы деумізге де болады. Құқықтық мемлекет құру барысында бірінші кезекте жеке тұлалардың мүдделері сақталады және жүзеге асырылады, осыған сай Конституциямен қамтамасыз етілген және кепілдірілген, ажырамайтын элементі ретінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын айтпауға болмайды. Адам баласы өз пікірін білдіруге, баспасөзде болсын ашық жариялауға немесе пікір білдіруден бас тартуына да сөз бостандығы мүмкіндік беретіндігімен ерекшеленіп тұрады. Дегенмен, төрткүл дүниенің түп-түбінен түрлі жаңалықтар тарата алатын Ғаламтордың мүмкіндігі күн санап артып келеді. Қоғамдық санаға, қоғамдық пікірге әсер ететін бұрынғы БАҚ-тың орнын ғаламтор арқылы таралатын әлеуметтік желі басты, айта кетерлігі, соңғы жылдары ұлттық қауіпсіздік, тұрақтылық пен тыныштық тұрғысында қазақстандық сайттардағы пікір жазатын азаматтардың жауапкершілігін арттыру мәселесі де жиі сөз болуда. Себебі ондай ақпарат сайтқа жарияланғаннан кейін оқырманның назарынан тыс қалмай, қоғамдық пікірге әсер етіп отырады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, кез келген интернет-ресурс бұқаралық ақпарат құралына жатады. Ал оған жарияланған ақпарат сол БАҚ-тың өнімі болып саналады. Сол себепті интернет-ресурстың тұтынушылары жазған пікірлер де, әлеуметтік желілер де қоғамдық сананы қалыптастыратын құралдарға кіреді. «Қазақстанда әркім өз пікірін ашық білдіруге құқылы. Алайда, мұндай құқық нақты бір адамға тиесілі. Демек, оның аты-жөні болуы керек. Ал ондай пікірлер интернет-ресурста жарияланып,

ғаламтор пайдаланушылары өз ойларын ашық білдірсе, мұндай әрекеттер интернет-ресурсты пайдалану туралы келісімде көрсетілуі шарт. Аталған құжаттар нақты заң нормаларына негізделген жөн. Мәселен, Азаматтық кодекстің 15-бабы, 1-2 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматы өз құқықтары мен міндеттемелерін жеке атымен іске асыра алады. Бұдан бөлек, 7-ші тармақ бойынша өзге біреудің атымен құқықтар мен міндеттемелерді орындауға болмайды [7]. Алайда жалған атқа рұқсат бар. Осыған байланысты сайт пайдаланушыларының өз ақпаратын жеке атымен, я болмаса, жалған атпен жариялау мәселесін нақты ережемен реттеуге қатысты ұсыныстар бар», - деп түсіндіреді тұжырымдаманы әзірлеуші тарап. Осы құжаттың аясында кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, интернет-ресурсы мен оны пайдаланушы азамат арасындағы қарым-қатынасты нақты бір келісімнің негізінде жүргізу көзделген. Ол үшін «электрондық үкіметтің» сандық қолтаңбалары пайдаланылуы әбден мүмкін. Ондайда кез келген Қазақстан азаматы алдымен өзінің электронды сандық қолтаңбасы арқылы тіркеледі. Содан барып сайтқа жеке пікірін жаза алады. Осылайша, Ақпарат және коммуникация министрлігі сайттарда «бүркемеленіп», елді дүрліктіретін түрлі алып-қашпа қауесет тарататын, біреудің ар-намысын қорлайтын, ұлтаралық араздықты қоздыратын анонимді пікір жазушылардың санын барынша азайтуды көздейтін тәрізді. 2014 жылы жаңа қылмыстық кодекс қабылданды. Бұл кодекс 2015 жылдың 1 қаңтарынан заңды күшіне енді. Осы кодексте көрсетілген көптеген жаңа тұжырымдамаларды білу әрбір азаматтың міндетті. Қылмыстық құқық саласы ретінде адамды, оның құқықтары мен бостандықтары, қоғам мен мемлекетті қылмыстық қолсұғушылықпен қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейді [6]. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша, әлеуметтік желіде тіл тигізу ҚР ҚК-нің 131-бабының 1-тарауы бойынша жазаланады. Тіл тигізу, соның ішінде Ғаламтор арқылы да қылмыстық жазаға әкеледі. "Тіл тигізу" бабы сотта дербес қаралады. Дегенмен өзіне тіл тигізген адамға арыз беру үшін ол туралы мәлімет беріп, оның қайда тұрып жатқанын білу керек. Алайда Ғаламтор арқылы былапыт сөз жазатындар шынайы аты-жөнін көрсетіп тіркелмейді. Олар әлеуметтік желіде жалған аттар пайдаланады. Ал ондай адамдарды сотқа бере алмайсың. "Vk.com және facebook.com мұндай аккаунттар туралы ақпаратты (электронды пошта, ұялы телефон нөмірі, желі қолданушысының орналасқан жерін анықтауға болатын IP-мекен жай) тек полицияға береді. Ішкі істер органдары қазіргі таңда жалған ат аяйдалантын желі қолданушыларын анықтай алатындай техникалық мүмкіндікке ие екенін айтты. Мұндай құқық бұзушылық үшін 200 АЕК түрінде айыппұл, не осы көлемде түзету жұмыстары, не 180 сағат қоғамдық жұмыс түрінде жазалар қарастырылған. Қазіргі кезде ішкі істер органдары жалған аккаунт

арқылы тіркелген желі қолданушыларын анықтауға болатындай техникалық мүмкіндіктерге ие. Бірқатар жағдайда халықаралық келісім негізінде шетелдік құқыққорғау органдарына сұраныс жолданады. Сонымен бірге, Қылмыстық процесстік кодекстің 32-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық ҚР ҚК-нің 131-бабымен сотта қаралатын дербес сипаттағы істер қатарына кіреді. Ішкі істер органдарына мұндай арыздар түскен жағдайда Қылмыстық процесстік кодекстің 179-бабының 2-тарауы бойынша іс сотқа жолданады [6]. Дәлелдерді жинау, зерттеу және өзге де процесстік іс-әрекеттер тікелей сотқа қарасты деп. Сонымен, азаматтың өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысуының конституциялық құқығы Қазақстан Республикасы ҚК 154-бабымен қорғалады. Бұл қылмыс азаматтардың өзіне тікелей қатысты ақпаратты алу құқығын қамтамасыз етудегі қоғамдық қатынасқа қиянат жасайды. Осы қылмыстың заты: жәбірленушіге беруден бас тартылған ақпарат болып табылады. Ақпарат ретінде жәбірленушінің құқығы мен мүддесін қозғайтын заңмен белгіленген тәртіп бойынша жиналған құжаттар мен материалдарды түсінуге болады.

Қылмыстың объективтік жағы мынадай іс-әрекеттердің, ең болмағанда, біреуін жасауды негіздейді:

- а) ақпаратты беруден заңсыз бас тарту;
- б) азаматқа толық емес ақпарат беру;
- в) азаматқа көпе-көрінеу жалған ақпарат беру, сондай-ақ азаматтың құқығы мен заңды мүдделеріне зиян келтіру түріндегі зардаптың түсуі.

Іс-әрекет пен түскен зардаптың арасындағы себептік байланысты анықтау қажет етіледі.

Ақпаратты беруден заңсыз бас тарту әрекет (арызға бастарту туралы бұрыштама соғу) немесе әрекетсіздік (ақпаратты беруде өзінің міндеттерін орындамау) арқылы жазбаша немесе ауызша нысанында көрінуі мүмкін.

Ақпаратты толық емес беру азаматтың құжаттар мен материалдардың жартысымен ғана танысуын білдіреді.

Көпе-көрінеу жалған ақпарат беру азаматқа шындықпен сәйкес келмейтін мәліметті хабарлауды білдіреді.

Қылмыс құрамы - материалды. Қылмыс, азаматтың құқығы мен заңды мүдделеріне зиян келтірген сәттен бастап аяқталған деп саналады.

Субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады. кінәлі, өзінің азаматтық құқықтары мен бостандығын тікелей қозғайтын белгіленген тәртіппен жиналған құжаттар мен материалдарды беруден заңсыз бас тартатынын не оған толық емес немесе көне-көрінеу жалған ақпарат беретінін, өзінің әрекеттерімен азаматтардың құқықтарымен заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкіндігін алдын ала біледі және оны келтіруді тілейді немесе саналы түрде жібереді не бұған немқұрайды

қарайды. Бұл жағдайда себебі мені мақсаты сан алуан болуы мүмкін жек көру, кек алу, қызғану, көре алмау және т. б.

Қылмыстың субъектісі - азаматқа берілуге міндетті ақпаратты иеленуші лауазымды тұлға ғана бола алады.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы заңында көзделген жағдайлары қоспағанда, ақпараттарды іздестіру, алу және тарату шектелуге жатпайды. Жоғарыда талқылап кеткен мәселелерімізге тұжырымдай келсек, жалпы ақпарат алу мен тарату проблемасы кәзіргі таңда заң саласында тек Конституциялық құқықтың ғана зерттеу нышаны емес екендігін байқадық. Шындығына келсек өзіміз талқылып кеткеніміздей ақпаратты қорғау ең негізгі әрі тікелей зертеу саласы болып есептелетін Азаматтық құқық пен Қылмыстық құқықтың қызметі десекте қателеспейміз, себебі ақпаратты қорғау кең ауқымды құбылыс, ал мұның өзі ата заңымыз Конституциядан өрісін табады. Демек, ақпаратты қорғауды жүзеге асыру жалғыз Конституциямен ғана шектеліп қоймай Конституция негізінде құрастырылған заңдармен атап айтқанда ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Қылмыстық кодексі сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілермен қорғалатынын түсінудіміз қажет. Сондықтан деп ойлаймыз ақпаратты қорғау мәселесі өте күрделі процесс. Бұлай айтуымыздың өзі бұл саланы жалғыз заңгерлер ғана емес, қоғамдағы түрлі маман иелері зерттеп келеді. Мәселен, жоғарыда талқылап кеткеніміздей «ақпарат» сөзінің өзі не «мәлімет», не кейде «мағлұмат» түрінде кездеседі. Былайша қарасақ бұндай сөздер әр түрлі мағына беретін секілді көрінеді, оларды орысшаға аударғанның өзінде «ақпарат - информация», «мағлұмат - сведение» - деген мағына білдірсе «мәлімет - сводка» - деген аударманы білдіреді екен. Енді біздің ойымызша, заңгер ретінде бұл сөздер қалай аталмаса да «ақпарат» түрінде қабылдағанымыз жөн сияқты, себебі «ақпарат» терминінің өзі кең және сондықтан бұл ұғымға «мағлұматта», «мәліметте» кіріп кетеді.

Енді өз мәселемізге келер болсақ, ақпаратты қорғау қай жағынан да болмасын Азаматтық құқықтық па, не Қылмыстық құқықтық па Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзды ма жауапкершілікке тартылатыны белгілі. Бұқаралық ақпарат құралдарын Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігін әлсіретуді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық және рулық артықшылықты, қатігездік пен зорлыққа табынуды, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сондайақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары болып табылатын мәліметтерді, заңмен қорғалатын өзге де құпияларды тарату үшін пайдалануға жол берілмейді [2].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституция 30 тамыз 1995 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізу (Қазақстан Республикасының заңы 10 наурыз 2017 жылы № 51-VI ЗРК) // www.zakon.kz. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: ИПС «Әділет» adilet.zan.kz.
2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 159 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 сәуірде № 16792 болып тіркелді. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: ИПС «Әділет» adilet.zan.kz.
3. Министр Қасымов жалған аккаунт арқылы тіл тигізетіндерді қалай жазалауға болатынын: [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: Деректер 10.04.2019 сәйкес келеді.
4. ҚР Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ болатынын : [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: ИПС «Әділет» adilet.zan.kz
5. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-XII Заңы.: [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: ИПС «Әділет» adilet.zan.kz.

5.17. Жазушының көркемдік әлемі және кейіпкер

Kamshat A. Toleubayeva

Candidate of philology sciences, professor.

Philology Faculty, E.A. Buketov Karaganda State University
(Karaganda, Kazakhstan)

Әр шығарманың кейіпкер әлемін, кейіпкер психологиясын ашу үшін қаламгердің зертханасын жетік білген өте маңызды. Шығарманың жазылу барысын, тарихын, еңбек жолындағы кездескен қиындықтар, қандай мақсатпен жазылғандығы, көркем шығарма мен авторы арасындағы байланыс, кейіпкерін жасаудағы негізгі принциптері немесе өзіне ғана тән ерекшелігі т.б. сияқты маңызды мәселелерді біле отырып, қаламгердің зертханасына үңіле отырып, біз кейіпкердің психологиясын толық ашып, оның көркем шығарма идеясын ашудағы қызметін де анығырақ байқаймыз.

Иә, Марк Твеннің де, Эрнест Хемингуэйдің де айтқан сөзі бар: «Жазушы болу үшін бақытсыз балалық керек» - деп. Бұл сөзді кез келген өнер иесі – жазушы, суретші, әнші, актер толық түсінеді. Салынып ізденген адам жазудың әдіс-тәсілдерін, оның ішкі заңдылықтарын, шеберліктің сырын меңгереді. Сөйлемнің бастауыш, баяндауышын орнына қойып, оқиғаның басталуы, дамуы, шарықтау шегі, көркемдік шешімі сияқты тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір деңгейге де көтеріле алады. Бірақ сол көркем әлемнің ішінде бұрын

ешкім сезінбеген адамның сезімі мен жан-дүниесі, құбылысты да құпия жаратылыс жүйкесі шүйкеленбесе, жоғарыдағының барлығы құр қаңқа, яғни фабула ғана болып қалмақ. Жаратылыстың мағынасын бір уыс жусанды суреттеу арқылы да сезіндіруге болады. Ол үшін өзіндік көркем әлемің болуы тиіс. Ал дүниені астастыра көркем қабылдау мен көркем ойлау жүйесі балалық шақтан қалыптасады.

Әдебиет – ар айнасы һәм әдемі әлем, әсемдік пен сұлулықтың символы, шындықтың шырағы, сәулесі. Әдеби туынды табиғатынан қоғам- кезең көріністері ғана емес, өмір – уақыттың шындық пен сырлары, адам әлемінің мың сан иірімдері, ең негізгісі – жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыстың бейнет –зейнеті, осы бағыттағы ізденіс арналары, зерттеу мен зерделеудің сыры мен сымбаты, көркемдік танымның тамыр-тынысы да танылады. Арыдағы – «Авеста» әлемінде, кешегі – Күлтегін, Тоныкөк туралы туындылардың алтын арқауында – дәуір дидарымен бірге өмір шындықтары, болмыс - құбыластарының мың сан арналы ирім –сырлары арқау етілген. Қорқыт мұралары – қоғам-кезеңнің, халық тағдырының көрініс – суреттерін мұң - шерменде, жыр - сырменде, күй - әуенмен де табиғи жеткізеді. Бұл арна – Өл-Фарабиден – Абайға, Әуезов әлеміне еркін еніп, кеше мен бүгін ара қатынасын, дәстүр жалғасын, ондағы ұлттық сипатты кең көлемде көрсетті. Мұның бәрінен: ұлт мұраты, тарих тағылымы, өткен кезең – уақыттың үні мен сыры, жылнама – шежіресі кеңінен көрініс тапты. Бұл көрініс жайыттары руханият әлемінен, әсіресе ақын –жазушылар мұра –мирастарынан, ондағы шығармашылық жұмыс табиғатынан кең орын алды. Жазушы еңбегіндегі бейнет пен зейнет туралы қаламгерлер қауымы әркез ақайтудай-ақайтып, жазудай-ақ жазып келген-ді. Осы орайда, Сақұлақ би айтқан: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі — талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық» екенін ескерсек, әдеби процесс табиғатының, жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыстың маңызы мен мәні еселеп артары анық. Қандай да болмасын ірі дарын иесінің шығармашылық әлемін тануда шығармашылық зертхана мәселесі ерекше орын алды. Сөз өнерінде ерекше орыналатын суреткер туындысың жазылу тарихымен қатар сол жазу үдерісінің шығармашылық шеберлігі. Сыншы мен ақынның өнер табиғатын байыптаудағы эстетикалық таным–білігі үнемі үйлесімде және де пенделік сыйластығы да қашанда жарасым биігінде бола бермейтіні жасырын емес.

Ұлы Абайдың өзі жас ұрпаққа: "Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол" деп өсиет қалдырғаны белгілі. Әрине, бұл жерде өз атына лайық, ізгі, мейірімді, өзгелерді қадірлейтін, өзі үшін де, өзгелер үшін де еңбек ете білетін, өмірден кеткен соң артына жақсы сөзі мен ісін қалдыратын адам туралы әңгіме болып отырғаны анық. Дегенмен бұдан туындап жататын сұрақтар да аз емес. Сонда қалай, кез келген адам бұл дүниеге келгеннен кейін бар өмірін артына жақсы із қалдыруға арнауға міндетті

болғаны ма? Адамдардың бәрі ұлы тұлғалардай еңбек етіп, артына игілікті мұра қалдыра ала ма? Ондайға тырысу қатардағы адамдар үшін қиял, орындалмайтын арман, бос әурешілік емес пе? "Менің өмірлік тұрғым басқа, — дейді біреулер, — өмір адамға екі рет келмейді ғой. Айналадағы жақындарынның пікірінің өзі екіге бөлінген. Біреулері барына қанағат қыла біл, табысына шүкіршілік ет, шыдамды, сабырлы, айналана мейірімді бола біл десе, енді біреулері мынау көк аспан мен жарық күннің астында сайран салып қалу керек. Аузың барда асап қал. Ішіп-же. Киін. Сауық құр. Нәпсіңді қандыр. Ләззат ал". Қайсысы дұрыс? Мұндай сұраққа сылдырата жауап бере салу қиын емес. Адам өмірінің мәніне қатысты мәселе — ол әр адамның өзінің жеке мәселесі. Мұндайда дайын рецепт беруден онды нәтиже шыға қояр ма екен? Дүние жүзінде қанша адам болса, сонша өмірлік ұстаным бар. Ал талқының, пікір алмасудың ешқашан артықшылығы болмайтыны анық болса да одан кейбір жандар оң кеңес ала бермейді. Өткен ғасырларда өмір сүрген ғұламалар бұқаралық санадағы түсініктерге талдау жасай отырып, адамның болмысының абстрактілі және өзгермейтінін негізге ала отырып, адамның өмірінің мәні оның іс-әрекеттерінің негізгі мақсаты мен мұратынан тұрады деген қағидаға ден қойып келгені мәлім. Бұдан дүниені рухани құралдармен өзгерту мүмкіндігі туралы ой туады. Көптеген философтар өмірдің мәнін жеке адамның дүниетанымдық жүйесінің көрсеткіші, моральдық нормаларды бейнелейтін реттеуші ұғым ретінде қабылдайды. Бұл жерде адам өмірінің мәнін белгілі қағидалармен өмір сүретіні де негізсіз емес екендігін айта кету керек. Адам — белсенді әрекет иесі. Тарихтың түрлі кезеңдерінде өзгеріп отыратын адам өмірінің мәнін, құндылығын айқындаушы — сол адамның өзі. Және ол жеке адамнан, қоғамнан тыс ұғым емес, адамның мақсаттары мен қоғамды диалектикалық тұрғыдан біріктіретін ұғым. "Бақыт" түсінігі. Өмірдің мәні туралы айтқанда, біз оралмай кете алмайтын бір ұғым бар. Ол — бақыт туралы ұғым. "Өмірдің мәні оны бақытты етіп өткізуде" деген тұжырымның кез келген адамға түсінікті әрі жылы естілетіні содан болса керек. Әрбір пенде бұл дүниеге келгенде өзіндік орны бар екені аян. Және де адамзат баласының тұлға болып қалыптасуы оның мінез-құлқына байланысты. «Өмірде көп қателікті адам баласы, өз қолынан жасайды дейді, кейбіреулер қатал тағдыр кінәлі дейді! Кейбіреулер сол қателікті мінезінен табады.. Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер» (Ыбырай Алтынсарин). "Әрқандай бейне, мейлі ірі, мейлі кіші болсын, нақты қалыпқа келіп, орнықты шындыққа айнарудан алдын ойда түзілген жаңа байланыстар мен қатынастар негізінде жасалған қиял түрінде іске асады" (Рибо). Алайда, қиял қандай түрде көрініс бермесін, өздік ерекшелігін жоймайды әрі тек өзіне тән ерекше мазмұнға ие. Қиял бейнелерінің естегі суреттемелерден негізгі айырмашылығы - олардың нақты болмысқа байланысты қатынасынан туындайды. Ес бейнелері - өткен тәжірибенің қайта жанғыруы, сондықтан да естің негізгі

қызметі өткен тәжірибе нәтижелерін мүмкіндігінше өзгермеген формада сақтау, ал қиял процесінде қай бейне болмасын, өзгеріске түседі, осынысымен де қиял әрқайдай шығармашылық ұмтылыстың міндетті шартын құрайды. Сонымен бірге, қиял арқасында адам өз ісін бастамай тұрып-ақ, болашақ еңбегінің нәтижесін күні бұрын болжастыра алады. "Еңбек процесінің аяғында алынатын нәтиже осы процесс бастауында адам ойымен идеалды түрде жасалады" (К. Маркс). Қиял жәрдемімен болашақ нәтижені күтудің өзі адам еңбегінің жануарлар тума қылығынан түпкілікті өзгешелігін танытады. Қиялдың алдағы іс-әрекет өнімін болжастыруға мүмкіндік ашуы адамның еңбекке деген құлшынысына, мақсатқа жетудегі ынта-жігеріне қосымша қуат қосады. Әр адамның қиялы әр түрлі болады, бірінің қиялы біріне ұқсамайды. Бір адамдардың қиялы бай, шындықпен орайласып жататын болса, екінші біреулердің қиялы жөнді жетілмеген, пәрменсіз, тар көлемді болады. Шындыққа сай, дәл, дұрыс образдар жасай алатын адамдардың қиялы мазмұнды келеді. Шындыққа сай дұрыс қиялдай білетін адамдарда емірдің түрлі салаларынан алынған білім қоры, тәжірибесі, белгілі көзқарасы, соның негізінде қалыптасқан айқын сенімі болады. Американың аса көрнекті ғалымы Эдисон қиялы аса күшті дамыған адам болған. Бір машинаны үш түрлі жолмен ғана жасап шығаруға болады деген ұйғарымға келіспей, Эдисон машинаны 48 түрлі етіп жасауды ұсынған. Бұған керісінше жаңа, соны нәрселерді іздеу, белгісіз нәрсені ашу, ұмтылу орнына шындықтағы нәрселердің өзінің өңін айналдырып, босқа лағып отыратын адамдар да болады. Осындай адамдардың бейнесін Н.В. Гоголь «Ескілікті помещиктер» дейтін повесінде өте жақсы көрсеткен. «Кейде егер күн ашық болып, бөлмелердің іші жылы болса, Афанасий Иванович көңілденіп, Пульхерия Ивановнаға әзілдеп, онымен басқа бір нәрсе туралы сөйлескенді тәуір көретін. Адамдар бір-бірінен қиялының пәрменділігімен де ажыратылады. Мәселен, біреулер мәселені шешуге кіріскенде соның төңірегіне бар ақыл-ойын жұмылдырады, әр сөзін ой таразысына салып, терең ойға шомады. Ол адамдар мәселенің түп қазығын, тарихын іздестіреді, сол мәселе жөнінде басқалармен кеңеседі, тәжірибе жасайды, материал жинастырады, осындай адам бір шығарма жазатын болса, өз кейіпкерлерімен іштей араласып кете алады, олар қуанса қуанады, қайғырса бірге қайғырады. П.И. Чайковский «қарғаның мәткесін» жазып болып, күнделігіне: «Герман жан тапсырарда солқылдап жылап жібердім деп жазған екен». Осы айтылғанға қарама-қарсы қиялы өте әлсіз адамдар да болады. Қиялы әлсіз адамның көркем әдебиет кітаптарын оқуы да бір түрлі. Ол мұндағы әдеби теңеулерге, суреттемелерге мән бермейді, әдеби суреттемелерді тастап кетіп, кітаптың тек әр жерінен «қызық» іздеп, тұтас оқып шығуға шыдамы жетпейді. Өйткені қиялы шабан адамға көркем суреттемелер әсер етпейді, оны тез жалықтырып жібереді. Қиялдың маңыздылығы оның шындықпен байланыстылығында. Шын мәнісіндегі қиял ғана мазмұнды, пәрменді де болып, адамды іс-әрекетке

жетектейді, оның рухани өсуі үшін ерекше маңызды болады. Табиғат зерттеушісі Бюффонның: «Талант дегеніміз – төзім» дегенін ойға алсақ, жазушы еңбегі мен шығармашылық процестің өзіндік белгілі қасиеттері барын, оның өзі ақын – жазушылар өмірінде әр түрлі із бедері, бастау – арнасы, көркемдік құпиясы, шежіре – сыры болатындығын ақын аңғартады. Ал талантты жазушы Думан Рамазанның талант туралы өз тұжырымы бар: Талант дегенді көзбен көріп, қолмен ұстаған ешкім жоқ! Талант деген не нәрсе өзі?! Оны мен тап басып айтып, дәл түсіндіріп бере алмаймын. Бірақ өзімше шамалайтыным рас. Кез келген адамның бір нәрсеге бейімі, ерекше қабілеті болады. Мүмкін, талант дегеннің өзі сол шығар. Сол бейімді жетілдіре берсе, Құдай берген сол қабілет – қарымын шыңдай түссе, кез келген шығармашылық адамы бір нәтежиеге жетеді ғой деп ойлаймын».

Әдебиет — өнердің, бір түрі, сөз өнері дедік. Ал өнер жайлы сөз қозғай, сол өнерді жасаушы шебер жөнінде үндемей өтуге болмайды. Әрине, бұл — тым күрделі мәселе. Мұны жай-жақты сөз ету творчествоның психологиясын байыптау болып табылады. Демек, әдебиеттің, теориясы мен шығармашылықтың психологиясын шатастырмау керек.

Дегенмен суреткер кім, оның қоғамдық тұрпаты, тұлғасы қандай? Талант табиғаты деген не? Мұны жауапсыз қалдыру жәнсіз. Талант атаулы қашаннан халық құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген. Айталық, қазақ халқы атам заманнан бері қарай ел ішінде ақыны мен әншісін айрықша қадірлеген. Өнер иесін қасиет тұтып, киелі санаған жұрттар да бар. Айта берсек, сонау көне дүниенің аңғырт ұрымы суреткер талантын кейбір таңдаулыларға тартқан құдайдың сыйы деп білген. «Құдай сыйы» хақындағы ұғым бағзы заман ғана емес, кейінгі дәуірлерде де көп айтылған: біреулер идеалистік астармен көрер көзге өтірік айтса, біреулер әшейін айшықты сөз ретінде лепіріп айтқан. Әйтпесе, талант тасасында тұрған мұншалық құпия сыр да, сипат та жоқ екені ешқандай дәлел қажет етпейді. Сөйте тұра, суреткер болу үшін адамға тума қабілет, табиғи дарын қажет екенін кім-кім де мойындауға тиіс. Өңгіме сол қабілет пен дарынның қалай тәрбиеленуінде, қалыптасуында және дамуында жатар болар.

«.....шабыт дегеніміздің өзі – түсініксіз тылсым ұғымның бірі. Оны «бар» деп те, «жоқ» деп те үзілді-кесілді кесіп айтуға келмейді. Абай да оны «оянып ой өлкесі», «жарасып өңкей келісім» деп дәріптеп, «ақылдың гүлденуіне» теңеген. Егерде тұла бойың иіп, «ой сәулесі ашылып», көңілдің «көк ала бұлты сәгілмесе», ойдың жинақталуы да, дамуы да, қорытылуы да мүмкін емес. Сондықтан «шабытсыз» жазылған шығарма – көңілсіз махаббаттан туған бала сияқты. Бейне бір әкеліктен бас тарта алмағанымен де ет жүрегіңді елжіретпейтін, көңілің түспеген нәресте іспетті өгейсіп тұрады. Шабытсыз туған шығармаға автордың өзі де ісіне бермейді. Ал «шабытты» күтіп отыра берсе, төрт кітаптан тұратын Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі», Ромен

Ролланның «Жан Кристофы», Томас Маннның «Буденброкки», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» аяқталмай қалар еді. Демек, «шабыт» дегеніңіз «кінәмшіл келіншек» сияқты шығармашылық иесінің сенімсіздеу серігі. Ал әдемі келіншектің бапшыл келетіні белгілі. Сондықтан да, «Бап шаба ма, бақ шаба ма» деген сұраққа өнер иелерінің өздері де әр қилы жауап береді. Оның үстіне «шабыт» деген сиқырлы сылқым келіншектің құшағына бір ілінсеңіз, елітіп, адастырып әкететіні тағы бар. Мысалы... Шиллер шабытты «Неожиданности души» – «көңілдің күтпеген сыйы» деп бағалапты.» [1. 5]. Әдеби – шығармашылық еңбектің түпкі мақсат – мұраты да осыған табан тірері анық. Біздіңше, бұл бағыт – арна жазушы еңбегінің қыр – сырын ашып, шығармашылық жұмыстың мән – маңызын айқындауды мұрат етсе: Талант табиғаты, Қолтаңба мәнері, Шабыт шалқары, ең негізгісі – ақын – қаламгердің бейнеті мен зейнеті жаңа қырынан, соны сипатымен қалың көптің рухани талап – тілектеріне жауап берері хақ. Шығармашылық зертхана шабыт ұғымына қатысты пайымымызды кеңейте түседі. Шабыт туралы әркім әртүрлі әңгіме айтады. Шабыт деген не өзі? Мәселен, М. Мағауин: «Менің ойымша, мына ақындар кешіре жатар, шабыт дейтін жоқ нәрсе. Шабыт деген жоқ... Шабыт деген, егер бар болатын болса, ол шағын ғана ұшқын болуы керек», – дейді [2. 102]. Айталық, « Бальзак пен Достоевский түнде жазса, Пушкин мен Паустовский – күз айларын, Шиллер көктемді ұнатады екен. Сол секілді К. Паустовский тек көлемі үлкен параққа жазып, таза киініп, жинақы отырған. Вольтер жамбастап, я болмаса креслода шіреніп отырған жазған». Шабыт құшағында отырғанда үйін біреу астаң-кестеңін шығара төңкеріп, тонап, көшіріп әкетсе де, байқамай, жайбарақат отыра беруі мүмкін. Бұл олардың кінәсі емес. Шабыт үстінде үй түгілі өздерінің бар-жоғын ұмытып, өзге әлемге шарқ ұрады. Адамның шығармашылық іс-әрекетінің аса табысты болуына себепші рухи көтеріңкілік пен ерекше күш-қуат туындайтын кезеңдер болады. Бұл жағдайдағы адамды жаңа идеяларға жетектеп, оларды іске асыруға ынталандыратын психологиялық қалып - шабыт деп аталады. Шабыт шығармашыл тұлғаның жоғары белсенділігінен, оның іс-әрекетінің жемістілігінен, жасампаздық ептілігінен, жаңалық ойлап табу қызметіне толық берілуінен көрінеді. Шабыт пен еңбек - екеуі егіз, бір-бірінсіз асамайды. Осыдан, шабыт - қажырлы еңбек пен орасан бай білім қоры негізінде туындайтын мүмкіндік. "Шабыт - еріншектерден қашатын, шақырғанға баратын қонақ" (П.И. Чайковский). Сана айқындығы, ой мен бейнелер кернеуі; ес, зейін өткірлігі, мақсатқа бағыттайтын арнасына симаған ерік күші - шабыттандудың алғы шарттары. Әдебиеттің құдірет күші – адам жанының тереңіне еніп, сезім пернелерін шертуінде, адамға рухани азық болуында. Ежелден «асыл сөздің» қасиетіне жетіп, оны бағалай білген халқымыздың әдеби дамуы тұтас әдеби кезеңдер мен құбылыстарды қамтиды. Ауыз әдебиетінен бастау алып, ғасырлар бедерінде үнемі дамып, жаңарып, өсіп отырған әдебиетіміздің өзіндік ұзақ тарихы бар. Осы тарихи кезең әдебиет

әлеміне құнды көркем туындыларды әкелді. Әдеби дәстүр әдеби процесс өзегінде жалғасын тауып, дамып, үнемі жаңарып, жаңғырып отырды. «Көркем творчество үнемі қозғалыс, даму үстіндегі күрделі әрі жанды процесс. Бұл процесте әр шынайы жаңашылдық өзінің сонылық қасиетін берік сақтай отырып, кейінгі дамуға да үлкен ықпалын тигізеді. Бұл ретте белгілі творчестволық озық жетістіктердің жаңашылдық өмірі мен дәстүрлік қызметі қатар басталады деуге болады. Нағыз дәстүрлік сипат алған көркемдік құбылыс әдеби дамуда бүтіндей жаңа серпіліс, жаңа белес дайындайды» [3, 5 б]. «Мәтібі: қиялдан туған көркем шындықтың шылауын кәдімгі етекбасты өмірдің батпағына батырып алып, содан кейін тіршіліктің шылапшынына шылап, кірін езіп-тазарту, яғни, «өтірік шындықты» өмірлік шындықтың өзіндей шынайы көрсету. Сыншылар «жасанды кейіпкер», «жасанды оқиға», «оқиға сендірмейді», «өмірге жанасымы аз» деп сын таққанда, олар бүкіл шығарманың «жасанды шындықтан» тұратынын білмейді емес, біледі. Бірақ, көркемдік шындықтың, яғни, жасанды шындықтың бойынан өмірлік шындық үйлесімін тауып тұр ма, жоқ па, соны айтады. Өтірік екенін біліп тұрып – сенгің келетін, шындық екенін біліп тұрып – сенгің келмейтін шындық болады. Көркем шығарма да сондай әсер тудырады. Мысалы, В.Ключевский: «Разница между Толстым и Мопассаном: второй потерял ум, не подозревая его в себе: первый вечно искал своего ума и не мог найти его» – «Толстой мен Мопассанның арасындағы айырмашылық мынау: екіншісі (Мопассан) – өзінің ақылының бар екеніне еш күмәнданбастан есінен адасты, ал біріншісі (Толстой) үнемі өзінің миындағы ақылын іздумен өтті, бірақ таба алмады» – дегенде екі деғдардың жеке басын айтып отырған жоқ, олардың шығармаларының табиғатын айтып отыр. Толстойдың барлық кейіпкерлері (Анна, Нина, Наташа, Безухов, Болконский, Қажымұрат) үнемі ақыл мен ожданнның азабын тартып, әлдебір мәңгілік мағынаны іздеумен жанталасып жүреді. Ал Мопассанның кейіпкерлері еш алаңсыз шешім қабылдап, іс-қимылға араласа береді. Мысалы, тұңғыш әңгімесінің кейіпкері Томпыш «қажет» деп санағандықтан да көп қиналмастан неміс офицерінің көңілін табады. Қайсысының таңдауы дұрыс? Екеуінің де. Өйткені екеуінің суреттеп отырған өмір шындығы сондай мінезді қажет етті. Екеуінен де бұрын туған Гете мен Шиллердің кейінгі қаламдастарына: ««Представляй себе их такими, какими они должны быть, если ты желаешь на них влиять, но представляй себе их такими, какие они есть, если тебе придется действовать за них» – «Егер сен оларға (кейіпкерлерге) ықпалыңды жүргізгің келсе, онда олар қандай болуды қаласа, сен де өзінді солардың бірімін деп есепте, ал егерде олар үшін сенің әрекеттенуіңе (шешім қабылдауыңа) тура келсе, онда сен өзің олардың қалай істегенін қаласаң, тура сондай етіп суретте» – деп кеңес беріп кетуі де сондықтан. Сонда «Евгений Онегин» мен «Соғыс және бейбітшіліктің» жазылуына себепкер «кім», немесе «не» болды өзі? Өмірден махаббат қызығын дәметкен, тазалығын бойында сақтаған

бейкүнә сұлулар ма, жоқ, олардың тағдырын көрген бетте шешіп қойған суреткерлер ме? Абайдың да сол сұлудың біріне сүйінгені сондай, ол да күйіп-жанып, Тәтіштің тағдырына араша іздеп, қыз мұңын жеткізіп қана қоймай, Пушкиннің шешімімен келіспей, Онегин екеуін үйлендіріп тынуға бекініп, романды өзінше аяқтауға ұмтылыпты. «Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы ем» – деген ән шығарып, бүкіл сақараны күңіrentті. Сонда Абайдың ән шығаруына кім, не себепкер болды? Бұл аздай, Мұхтар Әуезов өзінің роман-эпопеясының бір тарауын «Татьянаның қырдағы әніне» арнады. Қысқы би кешіне келген, ауызынан емшек сүті кеппеген уыздай қыздың әлегінен бүкіл әлемнің жүрегі жараланды. Ол үшін жазғыруға бола ма? Жазғыруға да, жазалауға да болады екен. Наташаның Пьер Безуховқа күйеуге тигенінен, ақыры оның да «кәдімгі қатын» («обыкновенная баба») болып шыққандығына «көңілі қалған» Толстой «әйелдерді» жазаламақ болады (жүйкесіне өзінің әйелі Софьяның да қыжыры тисе керек). Содан тура жаңағыдай бір би кешінде «сылаң қағып сылқылдап, бұраң қағып былқылдап» жүрген, махаббаттың тоятын ашық тілеген келіншекті көріп, әйел махаббатының тұрақсыздығын әшкерелеу үшін «Сылаң сылқым» атты роман жазуға кірісіп те кетеді. Күзгі бақта серуендеп жүргенде иесіз саяжайдағы ағаш шапқан балтаның дауысын естігенде ойына «Бақытты жанұялардың тағдыры бір-біріне ұқсас, ал әр бақытсыз жанұяның бақытсыз тағдыры бір-біріне еш ұқсамайды» – деген сөйлем оралып, асыға романды бастап кеткен. Алайда көркем шындықтың ырқы еркіне бағынбай, Аннаны әшкерелеудің орнына, ақтап шыққан. Бұл реттен алғанда, «Анна Каренинадағы» Анна мен «Абай жолындағы» Айгерім тағдырлас кейіпкерлер. Мұхтар Әуезовтің әуелде бейнелегісі келген Айгерімнің кескіні – кейінгі Айгерімнің бейнесі емес еді. Сонда, «кілтипан», «ілік», «түрткі», яғни, көркем ойдың құпиясын ашатын кілттің кімде болғаны?» [1]. Көлемді көркем туындыларда бірнеше адамның бейнесі мүсінделеді. Мәселен, Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігі» шығармасында бірнеше кейіпкер бар. Бұл шығармадан қайсысы басты кейіпкер екендігін айту қиын. Әдебиет пен көркем өнерде кейіпкердің тұлғасын, мінезін суреттеу өзгешелігі қолданылатын әдіске сәйкес болады. Мәселен, реалистік (оның ішінде сыншыл реализм) әдебиеттегі кейіпкерлерді бейнелеу әдісі мен романтизм әдісі қолданылған шығармадағы кейіпкерлерді суреттеу екі түрлі сипатта. Бүгінгі әдебиет пен көркем өнерде кейіпкерлердің тұлғасын, мінез-әрекетін мейлінше шынайы суреттеуге бейім. Персонсофераның ең бір ұтымды тұсы – адам мінезін, тұлға, бейнесін өзгеріс, даму үстінде алып, өмірлік күрес-тартыспен ұштастырып көрсету. Персоносфера – белгілі бір заманда, қоғамдық ортада қалыптасқан тұлға. Сонымен қатар, жалпы адамзатқа тән сипат-қасиеттер де айқын танылатын, типтік персонсофера дәрежесіне көтерілген әдеби бейнелер баршылық. Персонсофералық дәрежеге көтерілген бейнелер гуманизм мен әділетсіздік, махаббат, зұлымдық,

қызғаныш секілді жағымды және жағымсыз мінез, іс-әрекеттер арасындағы қайшылықты, тартысты көрсетеді. Қаншама уақыт өтсе де, ғасырдан ғасыр ауысып, заман өзгерсе де, бұл персонификациялар өз мәнін жоғалтпайды. Кейіпкердің өмір болмысы, адам тағдыры, дүние, жаратушы туралы белгілі бір шешімнің, нақтылы түйіннің аясына сыймайтынын байқаймыз. Көркем шығармаға көп үнділік, яғни, полифониялық қасиет дарытатын сан алуан толғаныстарынан жеке адамның ой-санасы, ішкі сезімі бүкіл әлеммен, бүгінгі ғана емес, өткен өмірмен де, болашақпен де жалғасып жатқанын аңғарамыз. Кейіпкерді персонификациялау – заман талабы. Қазақ әдебиетінде сом да алып образға қарап, сол кезеңнің бейнесін көреміз. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Зере, Ұлжан бейнелері – нағыз персонификация. Ұлжанды айтқанда, көз алдымызға отбасының жүрек жауһарларын сақтайтын Темірқазығы мүбәрак әйел келеді. Аналық сүйіспеншілігімен қатар, тілегін де, үмітін де ақтаған Абайдай перзентіне шарапаты өз алдына жеке әңгіме. Құнанбай Меккеге қажылыққа аттанып бара жатқанда, зайыбына талай зәбір көрсеткеніне қапаланып, ғафу өтінеді. Сондағы жауаптасуда Ұлжанның «жаратылыстың арғы жағынан» біткен мейірімділігі мен кешірімділігін ұлы жазушы М. Әуезов асқан шеберлікпен жеткізеді. «Жастықта адамға төсек те, үй де, тіпті дүние де тар екен. Ал, егде тартып, зауал шағыңа бейімделген сайын кеңейе береді екен... Ұзақ дәурен кешіп келіп бүгін ырзалық айтып аттансаң болады. Мен сенімен енді көп кінәласам ба, мырза!» - деген сөздері арқылы Мұхтар Әуезов Ұлжандай кейіпкерінің мұсылмандық ақ жүрегін ардақ тұтып суреттеген. Ал, Зере – аналық, әжелік мейірбандыққа қосымша, әлеуметтік сана, ел татулығын ойлайтын қоғамдық зерде өрнектелген кейіпкер тұлғасы. Шығармада бұл бейне Құнанбай тұлғасында жинақталған қаталдық, кешірімсіздік секілді мінездерге қарсылық пікірде ашылады. Абайға әкесіндей мінезді бере көрме деп, Алладан сұранған ақ тілеші бейне ретінде жарқын көрініс береді. Әрбір қаламгер көпшіліктің эстетикалық мұратын әсемдік тәжін әйел қауымынан іздейтіні табиғи нәрсе [4]. «Алысқа құлаш сермемей-ақ, тура отыз жеті жыл бұрын қатараға түсіп, жадымыздан мүлдем шығып кеткен, дәл қазір тасқа басылып отырған осы «Бейнет сусыны» қалай жазылды дейсіз бе? Тосыннан. Екі кештің арасында өткен күндер еске оралып, Алматыдағы үйде қалған ескі «Күнделіктерді» ақтарыстырып отырдық. Кенет сарғыш қатираны ашып қалғанымызда: «Кез-келген қартайған адам – король Лир. В. Шкловский» – деген сөзге көз қиығымыз қадалды. Іштей: «Иә, Құнанбай да король Лир. Абайға қарап – сүйініп, Өмірге қарап – күйініп өмір сүрді», – деген ой шалт ете қалуы мұң екен, ұмытылған ескі ойдың пердесі ашылып, бір ойды бір ой қуып алды да кетті. Суреткер психологиясы туралы «түртінділерді» түре оқып отырып: «Бұл да бір Абай айтқандай «бейнет сусыны» екен» – дегенімізше болмады, бір қарасақ жазбаның аты қойылып, «Бейнет сусынының» «Шабыт» атты алғашқы тарауын көшіріп отыр екенбіз.

Содан, міне, әлі бас көтере алмай отырмыз. Кездейсоқтық па? Солай да, олай емес те. Кездейсоқ басталуы кездейсоқ басталғанымен, отыз жеті жыл бойы іштей дайындалып, анда-санда шығармашылық психологиясы, жазушылық психологиясы, жазушы шеберханасы деген тақырыпта арнайы дәріс оқып қойып жүрдік. Енді, ескі күнделіктен басқа қағазға қарамай, «не жазып кетсе – жайы сол» – деп сүркектетіп отырмыз.» [1].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т. Жұртбай. Бейнет сусыны. – Алматы: Қазақпарат, 2016.
2. «Жұлдыз» журналы. 1997 № 12 - 176 б.
3. Дәдебаев Ж. Қазіргі кезеңдегі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Әуезов дәстүрі. – Алматы: Қазақ Мемлекеттік университеті, 1981. – 47 б.
4. Толеубаева К.А. Мұхтар Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясындағы драматизм. - ПМУ: Хабаршысы, Филология сериясы, 2017. - № 4. - Б. 297-307.

5.18. Тема Родины и детства в творчестве Н.А. Некрасова

Ольга Александровна Анищенко

доктор филологических наук, профессор. Кокшетауский
государственный университет им. Ш. Уалиханова
(г. Кокшетау, Казахстан)

Нурлугуль Галыевна Омарова

преподаватель. Кокшетауский государственный университет
им. Ш. Уалиханова (г. Кокшетау, Казахстан)

Виктория Владимировна Шмельцер

преподаватель. Кокшетауский государственный университет
им. Ш. Уалиханова (г. Кокшетау, Казахстан)

Любовь к родине, высокое чувство гражданственности – таковы особенности лирики Некрасова. Образ родины для Некрасова связан с судьбой народа. Николай Алексеевич в своем творчестве, воспевающем народ, призывает к борьбе за его освобождение, протестует и сочувствует всем угнетенным.

Вспоминает ли Некрасов свои детские впечатления («На Волге»), размышляет ли над судьбой крестьянского мальчика («Школьник») – везде мы видим образ России, ее прошлое, настоящее и будущее.

С темой России и русского народа в творчестве Некрасова в неразрывном единстве существует тема детства. Некрасов верит, что именно крестьянским детям, которые тянутся к свету и знаниям, под силу изменить существующие порядки. С ними он связывает надежду на грядущее обновление своей Родины. Образ крестьянского мальчика

в стихотворении «Школьник» в лохмотьях, с «едва прикрытой грудью», но с книжкой в котомке, вызывают у поэта слова, проникнутые горячим патриотическим чувством: *«Не бездарна та природа, / Не погиб еще тот край, / Что выводит из народа / Столько славных, то и знай, / Столько добрых, благородных. / Сильных любящей душой»* [1, с. 236].

У Некрасова к детям совершенно особенное отношение. Им посвящены произведения «На Волге», «Школьник», «Крестьянские дети», «Генерал Топтыгин», «Дядюшка Яков», «Дедушка Мазай и зайцы» и др. Очень трогательно, с теплотой создает поэт образы детей в поэме «Крестьянские дети» – во многом автобиографическом произведении. Свое детство Николай Некрасов провел в Ярославской губернии, в родовом имении. Он любил проводить время с крестьянскими детьми. Позже поэт вспоминал, что его друзья относились к нему не как к молодому барину, а как к обычному мальчишке, с которым можно ходить в лес за грибами, плавать в реке и устраивать кулачные бои. Именно в этот период своей жизни будущий поэт был по-настоящему свободным: *«Мне лепетал любимый лес: / Верь, нет милей родных небес! / Нигде не дышится вольней / Родных лугов, родных полей»* [2, с. 328].

Мир, изображенный Некрасовым в стихотворении «Крестьянские дети», полон света, тепла и доброты. Автору хорошо знакома крестьянская жизнь, детские характеры. В традициях реализма им показаны быт народа, сила его духа.

Тема просвещения, приобщения к знаниям, возможности учиться показана автором в стихотворении «Школьник». Стихотворение «Школьник» – лирическое произведение. Перед нами своеобразный внутренний монолог, передающий размышления автора о судьбе встреченного на дороге крестьянского мальчика. Автор – лирический герой, который верит в пробуждение духовной активности русского народа, в развитие просвещения.

В центре произведения – встреченный лирическим героем босой деревенский мальчик, который пешком идет в город, чтобы сесть за парту. Н.А. Некрасов рассказывает о трудностях, с которыми встречались крестьянские дети на своей дороге к знаниям. Чтобы добраться до школы, необходимо было преодолеть большое расстояние. Родители отдавали «последний грош», чтобы отправить ребёнка на учёбу. Ученику, стремящемуся к знаниям, надо было найти в себе силу воли, чтобы не стыдиться «босых ног», «грязного тела», «едва прикрытой груди» среди «холодных и напыщенных собой». Преодоление препятствий помогает понять целеустремлённость мальчика. В своих напутствиях автор выражает надежду на светлое будущее юного героя.

Интересна история создания стихотворения «Школьник». Летом 1856 г. Некрасов жил на берегу Финского залива в Ораниенбауме, в 40 километрах от Санкт-Петербурга. Эта морская пристань и город

вокруг нее связаны с именем великого русского ученого и поэта М.В. Ломоносова. Проводя лето в местах, которые хранят память о великом соотечественнике, он создал это произведение.

Тема выходца из народа закономерно связывается с именем М. В. Ломоносова: *«Скоро сам узнаешь в школе, / Как архангельский мужик / По своей и Божьей воле / Стал разумен и велик»* [1, с. 235].

Некрасову был близок образ Ломоносова. Становление личности этого выдающегося человека всегда волновало Некрасова. Жизнь Ломоносова, великого «архангельского мужика», который, желая учиться, пришёл пешком в Москву из далёкой северной деревни, вдохновляла Некрасова, давала надежду на то, что бедность и крестьянское происхождение не являются препятствием на пути к образованию, саморазвитию, самосовершенствованию.

Для многих детей в дореволюционной России мечта об учебе была несбыточной. Бедные люди, дети крестьян далеко не всегда имели возможность учиться в школе. Проблематика стихотворения Некрасова «Школьник» – это и сопереживание, и страдание сердца поэта от безысходной жизни в деревнях, и одновременно гимн сильному, целеустремленному народу.

Некрасова никогда не покидала вера в талантливость русского народа. Он был убежден, что необходимо просветить народ, приобщить его к знаниям, и сам немало этому содействовал. В 1861 году поэт на свои средства открыл в Грешневе школу «для обучения крестьянских детей грамоте», необходимой, по его словам, «каждому крестьянину как для домашнего обихода, так и для лучшего уразумения добрых христианских понятий и обязанностей...» [3, с. 338]. Все расходы на содержание школы Некрасов взял на себя.

Некрасов призывал представителей молодого поколения к просвещению ради светлого будущего и великих открытий на благо Родины.

Особое место в ряду стихотворений Некрасова, посвященных детям, занимает произведение «Крестьянские дети», которое было написано летом в Грешневе в 1861 году. Это был год отмены крепостного права: крепостные крестьяне, зависимые от помещиков, получили личную свободу и гражданские права. Возможно, неслучайно, что Некрасов пишет в «год надежд» о детях – будущем России. По жанру это небольшая лиро-эпическая поэма, в которой отражаются чувства автора и его воспоминания о своем детстве, проведенном среди деревенских ребятишек, в грибных набегах, играх и прогулках, а также в разговорах с людьми «рабочего звания», проходившими по большой дороге вблизи его дома [3, с. 17].

Стихотворение проникнуто неподдельной любовью и нежностью к детям. *«Я замер: коснулось души умиление...»* [5, с. 13], – говорит охотник, увидев детские глаза в щелях сарая, но дети у Некрасова

изображены не только в забавах и играх, но и в заботах, в повседневных делах. Показаны свободная, беззаботная жизнь детей и тяжёлый крестьянский труд – классическая картина жизни и быта деревенской детворы, которая поражает своей правдивостью.

Поэт слышит разговор детей, заинтересованно обсуждающих его, а также его собаку и ружьё. Этот эпизод, разумеется, не выдуман. А.А. Буткевич вспоминала, что Некрасов «...редкий раз не привозил из своего странствия какого-либо запаса для своих произведений. Так, однажды, при мне он (...) засел на два дня, и явились «Крестьянские дети». В самом деле, разве возможно выдумать форму этой идиллии? Этот сарай с цветами-глазками!» [4].

Некрасов показывает, что его герои растут свобододолюбивыми и независимыми. Они обладают незаурядной смекалкой, наделены житейской мудростью и рассудительны не по годам. «В их жизни так много поэзии слито, как дай бог балованным деткам твоим» [5, с. 15], – отмечает поэт.

На фоне светлых и счастливых картин жизни простого народа, свободного от условностей светского воспитания, поэт открыто признаётся в любви к крестьянским детям. Гимн детству: «Играйте же, дети! Растите на воле! На то вам и красное детство дано...» [5, с. 19] – кульминационные строчки поэмы.

Главная тема произведения – поэзия деревенского детства – прерывается рассказом о Ванюше: «Довольно, Ванюша! Гулял ты немало, / Пора за работу, родной – / Но даже и труд обернётся сначала / К Ванюше нарядной своей стороной» [5, с. 17]. «Нарядную сторону» жизни крестьянских детей, связанную с живописными картинами плодородных зерновых полей, вкусом свежего ароматного хлеба, сенокосом, когда «Ванюша в деревню въезжает царем...», Некрасов противопоставляет «Другой стороне медали». Отсутствие возможности получить образование и тяжёлый труд крестьянских детей с ранних лет вызывают жалость, негодование и сочувствие автора.

Некрасов рассматривал поэтическое творчество как правдивый рассказ о жизни. Он понимал, что пройдет совсем немного времени, и беззаботная вольная жизнь сельских детей закончится, оставив ощущение счастья лишь в воспоминаниях. Характеризуя фрагмент поэмы «Мужичок с ноготок» («Однажды в студеную зимнюю пору...»), К.И. Чуковский писал: «Здесь каждая строчка (буквально каждая!) проникнута той благодушной улыбкой, которая, как бывает только у очень суровых людей, так неотразима и так заразительна, что миллионы читателей – поколение за поколением – сто лет улыбаются снова и снова, встречая этот прелестный рассказ про шестилетнего деревенского труженика» [6].

Образ Власа, «мужичка с ноготок», нарисован автором с добрым, но горьким юмором. Маленький герой, лишённый счастливого беззаботного детства, обречён на нелёгкий труд с юных лет и на всю

жизнь. Поэт с горечью говорит о том, что картина, когда шестилетний ребёнок работает зимой на морозе наравне со взрослым отцом, была настоящей, реальной.

Этот маленький мальчишка не идёт, а *«шествует важно, в спокойствии чинном»* с чувством собственного достоинства, которое придает ему осознание себя серьёзным помощником отца, его надёжной и крепкой опорой.

Других персонажей поэмы Некрасов изображает, показывая только их глаза и передавая детские голоса, а читатель может представить и прочувствовать индивидуальность каждого героя. Дети, внимательно рассматривающие барина, обладают наблюдательностью и внимательностью, находчивостью и рассудительностью, смелостью и решительностью. Одни проявляют уважение по отношению к охотнику, другие пытаются разобраться в его чувствах и эмоциях.

Поэзия Некрасова – это поэзия жизни, поэзия действительности. В поэме «Крестьянские дети» Николаю Некрасову удалось выразить и передать красоту и чистоту детской души. С детской жизнью воедино слиты поэтичность крестьянского труда, могущество и величие природы.

Тема детства проходит через все творчество Некрасова. Мир детства в понимании автора – идеальная пора человеческой жизни. Отношением к ребенку, к детству измеряет поэт значимость личности, состоятельность взрослого героя. Произведения вызывают мысли о гуманном отношении ко всему живому, об ответственности человека за происходящее, о доброте и милосердии.

Некрасовская лирика является неистощимым источником жизненной силы и мудрости. Самоотверженная и достойная крестьянская Русь показана в творчестве Некрасова с глубоким уважением и состраданием, с сочувствием и пониманием огромного внутреннего потенциала русского человека. Н.Г. Чернышевский писал поэту: *«Вы теперь лучшая, единственная прекрасная надежда нашей литературы»* [7].

Список литературы:

1. Некрасов Н.А. Школьник // Некрасов Н.А. Собр. соч. в 3-х томах. – М.: «Художественная литература», 1971. – Т. 1. – с. 235 – 236.
2. Некрасов Н.А. На Волге // Некрасов Н.А. Собр. соч. в 3-х томах. – М.: «Художественная литература», 1971. – Т. 1. – с. 327 – 334.
3. Жданов В. Некрасов. – М.: «Молодая гвардия», 1971. – 644 с. (Серия «Жизнь замечательных людей»). Вып. 18 (506).
4. Николай Некрасов. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://nekrasov-lit.ru/nekrasov/vospominaniya/nekrasov-v-vozpominaniyah-sovremennikov/butkevich-iz-vozpominanij.htm> (дата обращения: 23.04.2019).

5. Некрасов Н.А. Крестьянские дети // Некрасов Н.А. Собр. соч. в 3-х томах. – М.: «Художественная литература», 1971. – Т. 2. – с. 13 – 19.

6. Чуковский К.И. Мастерство Некрасова. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1955. – 688 с.

7. Переписка Чернышевского с Некрасовым, Добролюбовым и А.С. Зеленым, 1855 – 1862. По рукописям музея имени Чернышевского в Саратове и Пушкинского Дома в Ленинграде. – М.: Московский рабочий, 1925. – 143 с.

5.19. «Қорқыт ата» кітабы ең үздік мәдени ескерткіш ретінде

Ултай Кудайбергеновна Шубаева

философия ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтар мәдениеті» кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Қазақ ұлттық аграрлық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Мөлдір Маликовна Сембаева

«Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтар мәдениеті» кафедрасының оқытушысы. Қазақ ұлттық аграрлық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

«Қорқыт ата кітабы» 12 жырдан, яғни жеке-жеке 12 бөлімнен, хикаядан тұрады. Немістің белгілі ориенталис ғалымы Г.Ф. Диц 1815 жылы осы нұсқаны сол кітапханадан тауып алып, «Қорқыт ата кітабы» жырының сегізінші тарауы, дәлірек айтқанда, «Бисаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жыры» деген тарауды өз тіліне аударып бастырады. Ғалым «Қорқыт ата кітабындағы» әлгі өзі аударған жырдағы Төбекөзді ежелгі гректің эпик ақыны Гомердің «Одиссея» поэмасындағы Полифеммен салыстырып, бұл әпсананы гректер күншығыс елінен алған деп дәлелдейді.

Расында, ондай Төбекөзбен сабақтас аңыз, ертегілер көне түркілерде, әсіресе қазақ халқының ауыз әдебиетінде ежелден бар. Бұл пікірді академик Ә. Марғұлан Қорқыт жырымен байланыстыра келіп: «Қазақтар оны «Жалғыз көзді дәу», «Маңдайында жалғыз көзі бар дәу» деп атайды», - дейді [1, 16 б.].

Сол мақсатына жетуде ол өзге ғалымдардың жинаған материалдарына үңіледі. Әсіресе Түркия ғалымы Орхон-Шайықтың Қорқыт жайлы жинақтаған еңбектерін басшылыққа алады. Сонымен қатар Этторо России қазақтар мен қырғыздардың Қорқыт ата жайлы халық аузында сақталған аңыз-әңгімелерін қолына түсіріп, содан да өзіне қажетті деректер табады. Бұл орайда академик Ә. Марғұланның: «Деде Коркут» жырында Қарашық шопан атымен айтылатын мынадай бір жыр бар:

Қарсы жатқан Қаратау,

*Қарайып тұр ол бітпес.
Қызыл-қызыл түйелер,
Қарайып тұр күш бермес.*

Осы сарынға дәл келетін теңеуді Этторо России тек қана қазақ жырынан көреді», - деген сөзін дәлел етуге болады [2, 142 б].

Шығыстанумен айналысып жүрген белгілі ғалымдардың пайымдауынша шет елдерде басылған «Қорқыт ата кітабының» ішіндегі ең жүйелісі, тиянақты аударылғаны - Анкара қаласынан шыққан профессор Мухаррем Ергин тәржімалаған кітап. Түркия ғалымы М. Ергин шын мәнінде өз бауырласының асыл мұрасын тапқандай зор ынтызарлықпен жұмыс жасаған. Негізінде солай, тегі, тілі бір көне түркі кемеңгері Қорқыт ата дүниеге келтірген жыр кітапты түркиялықтар - бірнеше рет баспадан шығарып, халқына сапалы күйде ұсынған. Ол бұл бағытта «Қорқыт ата кітабының» Дрезден және Ватикан нұсқаларын қоса қамтып, оған өзінде бұрыннан жинақталған мәліметтерді кіргізіп, мұнымен шектелмей осы саланы зерттеген шетелдің ірі ғұламаларының жазған жұмыстарын басшылыққа алып, тынымсыз ізденумен толымды тұжырымдар жасап, тиянақты іс бітірген ғалым. Тағы бір ерекшелік - М. Ергин осы «Қорқыт ата кітабын» Анатолия түріктері (кіші Азия түбегіне орналасқан түріктер) тілінде жария етеді. Мухаррем Ергин тәржімалаған «Қорқыт ата кітабы» 1958 жылы Анкара қаласында шықты [3].

Сондай-ақ түркия ғалымдары алғашқылардың бірі болып Қорқыт атаның өмірде болған тұлға екенін дәлелдеуге ұмтылған. Мысалға, белгілі түркия ғалымы Фуад Капрюлу бұл атаның жырымен қоса өзі жайында елеулі деректер жинап, қағазға түсірген. Түркияның өзге де ғалымдары бұл салада тиянақтылықпен, жанашырлықпен еңбек еткен. Оған академик Ә. Марғұланның: «Дрезденде сақталған «Китаби деде Коркут» жырын түркі тіліне бірінші рет басқан ғалым Рифат, одан кейін қазақтар мен түрікмендерге айтылатын көп қария сөздерді толығынан кіргізіп, жаңадан басып шығарған Стамбул университетінің профессоры Орхан-Шаих Гокяи» - дегені толық дәлел [4, 138 б.].

Қорқыт жырын көптеген түрколог ғалымдар зерттеуге, жинауға ат салысты. Орыс ғалымдарынан жоғарыда аталғаннан басқа В.М. Жирмунский, С.П. Толстов, А.Н. Кононов, А.Н. Самойлович, А.А. Диваев, И.В. Стеблева, Х. Короглы сияқты зерттеушілер елеулі еңбек етті. Қазақ ғалымдарының да бұл саладағы еңбектері айрықша атауға тұрарлық. әйгілі ғұлама Ш. Уәлиханов пен академик Ә. Марғұлан Қорқыт шығармасын да өзін де бауырға тартып, оны қазақ жыры мен өнерінің атасы ретінде танытты. Сондай-ақ, Қорқыт мұрасын зерттеуге Х. Сүйіншәлиев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, Ш. Ыбыраев, А. Қыраубаева, Н. Келімбетовтер өз үлестерін қосқанын атап айтуымыз керек.

Осыған қатысты бір мәселе - Қорқыт бабаны зерттеген ғалымдар жайлы ойланғанда естен кетпей, еріксіз тәңірге тағзым еткізетін жәйт

бар. Түркі дүниесінің даналық шығармаларының бірі атанған «Қорқыт ата кітабы» бағзы заманнан түркілер мекеніне айналып, өмірдің ағымымен содан бері бірнеше атқа ие болып, біздің заманымызға Яксарт-Сейхұн-Сырдария деген айғақты атаумен жеткен осы қасиетті өзен бойында оғыз ұлысы дәуірінде жасалынған. Қорқыт баба кітабының негізінен Сыр бойында туғанын барлық шығыстанушы ғалымдар мойындайды. Енді арада шамамен 10 ғасырдай уақыт өткенде, осы Сырдың перзенті, атақты ғалым Әуелбек Қоңыратбаев бұл «Қорқыт ата кітабын» қазіргі сол дана баба атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде қызмет атқарып жүргенде тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, 1986 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан шығарды.

Сөйтіп, «Қорқыт ата кітабы» ең әуелі Сыр бойында жасалса, ең бірінші рет сыр бойында өз тілімізге аударылып, қалың бұқараға ұсынылды.

«Қорқыт ата кітабының» топтануы типологиялық жағынан қазақ эпосына ұқсас. Оғыз қаһармандарының жиналатын жері Байындыр ханның ордасы, жырдың көбі осы ордаға жиналған батырлар мен бектерді суреттеуден басталады. Оғызнамалардың басым көпшілігінің қаһармандары ортақ, бірінде олардың жеке-жеке ерлік істері баяндалса (Қазан, Бәйрек, Тұралы, Ораз т.б.) екінші бір жерде оқиғаға жалпы қатысушы ретінде айтылады. Әрбір оғызнама сайын қайталанып келетін эпикалық формулалар, клишелер, эпизодтар, бір тектес көркемдік бейнелеу құралдары тіптен көп. Әсіресе, барлық жырды саналы түрде топтастырып тұрған Қорқыт баяндалады. Эпоста барлық жырда қобызбен жырлаушы озан, болашақты болжайтын көреген, оғыз арасындағы ең қасиетті адам. Бұған қоса Қорқыт эпос оқиғаларының ара-арасында да қатысып отырады. Ол ең жауапты, оғыз жұртының тағдырындағы қиын кезеңдерге қатысады. Жалғыз көзді Төбекөз оғыздарды жеп тауысатын болған соң онымен келіссөзге Қорқыт барады (VIII жыр). Қыз айттыруға барғандарды өлтіре беретін Делі Қарашарға да Қорқыт барып, оны өзінің кереметтігіне мойынсұндырады (III оғызнаме). Оғыз бектерінің қысылғанда ақыл сұрап отыратыны да Қорқыт.

Мұнан шығатын қорытынды, оғыз жырларын жазбаша құрастырушы оларды Қорқыт атымен топтастыра салған дегенге негіз жоқ. Оның бейнесі барлық оғызнамалардың болмыс-бітімімен, эпостың сюжетімен тұтасып кеткен. Оның атын жырды жазып алу кезінде сыналап, жамап-жасқап енгізгендіктің ізі жоқ. Ендеше оғыздардың қаһармандық жырларының Қорқыт атамен жинақталып, циклдана бастауы қағаз бетіне түсуден сәл бұрынырақ.

Қорқыттың қазақ арасында сақталған ежелгі бақсыға, абыздарға тән бейнесі «Қорқыт ата кітабында» да көп өзгеріске ұшырамаған. Бұған қоса жоғарыда айтқанымыздай эпостың өзі де ислам идеологиясының терең өңдеуіне түспеген, керек десеніз мұнда жазба әдебиетінің де

ықпалы жоққа тән. Қорқытқа әулиелік қасиет беріп, мұсылмандыққа икемдеу эпостың алғашқы кіріспе бөлімінде байқалады. Ал бұл бөлім зерттеушілердің айтуынша талассыз кейін қосылған, тіпті олжазып алу, не көшіру барысында пайда болған бөлім. Ал өзге жырларда эпостың стилі де, мазмұны да таза сақталған. Тексте араб, парсы сөздері өте сирек кездеседі.

Мұның себаптеріне үзілді-кесілді жауап беру қиын. Расында да XIV-XVI ғасырлардың аралығында оғыздардың ұрпақтарында, әсіресе кіші Азия мен Әзірбайжанда өркендеген жазба әдебиеті болды. Оның үстіне бұдан төрт-бес ғасыр бұрын-ақ отырықшылыққа айналған оғыз жұртының арасында мектеп, медреселер салынып, діннің ықпалы күшті болды. Соған қарамастан «Қорқыт ата кітабының» көп өзгеріске ұшырамай келуі таңқаларлық жағдай.

«Қорқыт ата кітабындағы» жырлар жызылып алынған мезгілге дейін де, сәл кейінірек те көшпелі оғыздардың арасында молырақ сақталып келгенге ұқсайды. Оғыз эпосында көшпелі тіршіліктің ізі сайрап жатыр, бұл мәселе дау тудырмайды. Эпостың мұсылманшылықтың әсеріне де, жазба әдебиеттің ықпалына да ұшырамауының басты себебі осында болса керек.

Бір қызығы, орта ғасырлардағы Кіші Азия, Әзірбайжан төңірегінде жазылып алынған «Қорқыт ата кітабынан» басқасы төңіректегі басқа деректерде Қорқыттың мұсылмандығы тереңдеу. Ол исламды уағыздаушы әулие ретінде жиі көрінеді.

«Қорқыт ата кітабының» сюжеттерін Қорқыт пен басқа кейіпкерлердің бейнесін қосымша мәліметтермен де (ауызша, жазбаша деректер) өзге халықтардың тарихи және фольклорлық мұраларымен де салыстыра қарастыру зерттеу еңбектерде кең етек алған. Осының негізінде қазір осы эпосқа тікелей де, жанамалы түрде де қатысы бар қыруар мәліметтерді жинақтап, олардың өзін белгілі бір ғылыми-методикалық жүйемен ретке келтіріп, пайдаланудың мүмкіндіктері бар.

Түрлі тарихи дәуірлерде қалыптасқан батырлық жырлар мен аңыз-әңгімелер XIV-XV ғасырларда аты аңызға айналған Қорқыт ата есіміне байланыстырылып және Кіші Азия территорияларында қағаз бетіне түсірілді. Алайда «Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың дені оғыз тайпаларының ежелгі мекені орталық Азияда (дәлірек айтқанда Сырдария мен Арал теңізінің маңында) қалыптасқанын зерттеуші ғалымдардың көбі мойындайды. Бұл жағдай қазақ және оғыздың эпикалық мұраларын тікелей салыстыра зерттеуге мүмкіндік береді. Біз «Қорқыт ата кітабы» мен қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды» жырларындағы кейбір типологиялық ерекшеліктерін тілге тиек етіп көрейік.

Әдетте, «Қорқыт жырларында» эпикалық баяндау негізінен оғыз тайпалары мен бектерінің бейбіт өмірін, олардың байлықтарын суреттеуден басталады. Кейбір стилистикалық айырмашылықтары мен

эпитеттердің орны алмастырылып, немесе өзгертіліп келгені болмаса, мұндай мотив «Қорқыт кітабына» енген көптеген жырларға тән.

«Байындыр хан орнынан тұрыпты: Шам күндігін жер үстіне тіктіріпті, ала шатырды көк жүзіне қарай көтеріпті, мың жерге жібек кілем төсетіпті. Хандар ханы Байындыр хан жылда бір рет той жасап, оғыз бектерін қонақ етеді екен. Және де той жасап аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойдырыпты».

Қазақтың батырлар жырында да ең алдымен белгілі бір рудың өкіліне жататын батырдың ата-аналарын, олардың байлықтарын жырлау - кең тараған мотивтердің бірі. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырының нұсқаларында Тоқтарбайдың дәулеті:

Байлығында есеп жоқ,

Айдалып, бағып жайылды.

Қорқыт ата кітабындағы сюжеті жағынан қазақ эпосымен үндес келетін сарындар көп кездеседі. Әсіресе бір балаға зар боған әкешешенің мүшкіл хәлі жөніндегі хикаялар жиі ұшырайды. Міне «Қорқыт ата кітабының» бірінші хикаясы – «Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр» осындай сюжетке құрылған: Кімде-кімнің ұлы, қызы жоқ - қара отауға қондырыңдар, қара киізді астына төсеп, қара қойдың етін алдыны тартыңдар, жесін, жемесе тұрсын да кетсін деген еді. Ұлы барды ақ отауға, қызы барды қызыл отауға қондырыңдар, ұлы, қызы жоқты Тәңірі қарғапты, біз де қарғаймыз, мейлі білсін деген еді.

Баласы жоқтарға бұл секілді мәміле жасаудың тарихи әлеуметтік себептері жырда айтылмайды. Оның үстіне барлық оқиға рудың шеңберінен аспайды. Жиынға келіп қатты қайғырып қайтқан Дерсеханның той иесі Байындырмен ешқандай бас араздығы жоқ. Әрі олар бір рудан. Сондықтан баласыздарды қудалау- ерте дәуірдегі ырым, салттармен тікелей байланысты деп қарауымызға негіз бар.

«Қорқыт жырларында» нәресте туылғаннан кейін оған бірден ат қойылмайды. Ол үшін бала кезінде ерлік жасауы тиіс. Мәселен, «Дерсехан ұлы Бұқаш хан» жырында жас бала бұқаны өлтіргеннен кейін рудың ақсақал ақылшысы Қорқыт келіп оның ерлігіне қарай Бұқаш деп ат қояды.

Мұнан байқалатыны көне түсінік сюжеттің желісіне қарай шындық сипат алғанын байқаймыз.

Қазақтың батырлар жырындағы болашақ нәрестенің анасы қабыланның, арыстанның т.б. өкпесін, жүрегін жеп жерігін басу секілді сенімдер де осындай өзгерген шежіре-аңыздардың бір көрінісі іспеттес. Мұнда қаһармандардың есімі хайуанаттардың атауына (мысалы оғыз эпосындағы бұқа - Бұқаш) тікелей байланысты болып келе бермейді, бірақ олардың мінездемелері «арыстан туған», «қабылан», «арыстандай ақырып» т.с.с. бейнелеу құралдарымен үнемі толықтырылып отырады. Оғыз эпосында да Қазан ханның тұрақты эпитеті «Амыт суының арыстаны, Қарашықтың қабыланы» сияқты болып келеді.

Екінші жыр «Салар Қазанның үйін жау шапқан жайындағы жырдағы» Қазан Салар - «Қорқыт ата кітабының» басты қаһарманы. «Оғыз-наме» жырының суреттеуі бойынша, алып батыр Қазан - Қорқыт атаның замандасы. Жырдың негізгі тақырыбы - оғыздардың көрші тайпалармен өзара қарым-қатынасы деуге болады. Көрші ру-тайпалармен өзара қарым-қатынас оғыз-қыпшақ дәуіріндегі ең көкейтесті мәселе болғанын тарихи деректер дәлелдейді. Сонымен бұл жырда сол дәуірдің ең маңызды деген мәселелерінің бірі жырланған.

«Қорқыт ата кітабына» негіз болған жырлардың бірі - «Қам Бураұлы Бамсы-Бәйрек туралы жыр». Бұл жырда ерліктен гөрі романтикалық сарын басымырақ. «Бамсы Бәйрек жыры» өзінің композициялық құрылымы жағынан «Алпамыс батыр» жырына өте жақын. Ал, сюжеттік тұрғыдан Бамсы Бәйрек пен Алпамыстың дүниеге келуі, сүйген қызына үйленуі, батырлардың жау қолына қапылыста тұтқынға түсіп, ұзақ жылдар бойы зыңданда жатуы, сүйген жарының басқа біреумен үйлену тойының үстінен шығуы, жыр қаһармандарының мұрат-мақсатына жетуі, т.б. екі жырда да бір-біріне ұқсас болып келеді.

Төртінші жырдың негізгі тақырыбы - бектердің балаларын тәрбиелеу мәселесі. Сол заманның дәстүрі бойынша, он бес - он алты жасқа толған ер балалар міндетті түрде әскери өнерді үйренетін болған. Оғыз-қыпшақ дәуірінің, жаугершілік заманының осы бір шындығын «Қазанбектің баласы Оразбектің тұтқынға түскені туралы жырдан» айқын көруге болады. Қорқыт дастаны жастарды соғыс өнерін білуге, ар-намысты жоғары ұстауға, ел басына күн туғанда тайсалмай жауға қарсы шығуға, ал жауды жеңе алмаған жағдайда намысты қолдан бермей, ел-жұрт үшін ерлікпен ажалға бас тігуге үндейді.

Қорқыт жырының бесінші тарауы - «Доқа Қожаұлы ер Домрул жөніндегі жыр» деп аталады. Домрул жөніндегі халық аңызы - түгелдей дерлік ислам дініне қарсы айтылған жыр. Бұл жырдың исламға дейінгі дәуірде айтылған мотиві шығарманың сюжетінен айқын көрінеді.

Домрул деген бір алып батыр аң аулап, өзен жағасында жүреді екен. Бір күні сол маңайға бір ауыл келіп қонады. Көп ұзамай солардан бір сұлу жігіт қайтыс болады. Бүкіл ел жылайды. Жас жігіттің қыршын кеткеніне Домрул қатты ашуланады. Ол ызаланып елден сұрайды: - Оны өлтірген кім? - дейді.

Ел айтады: - «Тәңірінің бұйрығымен өлді, оның жанын алған қызыл қанатты әзірейіл», - дейді [5, 16 б.].

Қаһарына мінген ер Домрул бостан-бос кісінің жанын алатын әзірейілмен соғысып, жас жігіттің жанын өзіне қайтарып бермек болады. Сонда тәңірі әзірейілге: «Домрулдың өз жанын алып кел» деп бұйырады. Әзірейіл іздеп үйіне келеді. Домрул қылышын қынабынан шығарады. Сол сәтте әзірейіл көгершінге айналып ұшып кетеді.

Қорқыттың ажалмен күресудегі басты мотивтерінің бірі осы жырдан көрінеді.

«Қаңлы Қожаұлы Қан-Тұралы жайындағы жыр» - әке-шешенің мұрагер баласын үйлендіріп, оған жаңа отау тігуі деуге болады. Сонымен бірге, мұнда оғыз-қыпшақ, әсіресе түрікмен батырларының жат жұрттық христиан қыздарына үйлену дәстүрі өз көрінісін тапқан.

«Қорқыт ата жырындағы» теңдесі жоқ алыптардың бірі - Қазылық Қожаұлы Ер Жүгенек. Жүгенектің жырдағы басқа батырлардан ерекшелігі - ол сегіз қырлы бір сырлы жігіт ретінде суреттеледі. Ол - әрі жойқын алып ер, әрі қобызшы, әрі ақын. Елі оны ерекше ұнатқан.

Қазылық Қожаұлы жауға аттанып, соғыста жеңіліп тұтқын болған еді. Бұл кезде Жүгенек әлі бір жасқа да толмаған екен. Ол он бес жасқа келгенде Баяндыр ханға барып: - Маған әскер беріңіз, әкемді тұтқыннан босатам,-дейді. Жүгенек соңына ұлы алыптар бастаған әскер ертіп жорыққа аттанады. Жолшыбай Жүгенек түс көреді. Түсінде Қорқыт ата кеңес берді. Әулие атаның ақылын тыңдап Жүгенек жол-жөнекей сырт оғыздардан тағы да көп нөкер қосып алады.

Әкесін тұтқын еткен Дюзмюрд елінің әміршісі Дирек деген екен. Ол бойы он алты аршын, алпыс батпан шоқпарды ұршықтай иіретін алып батыр. Жүгенек сондай алыпты жеңіп, әкесін тұтқыннан босатады.

Бұлар еліне аман-есен оралып, бұрын-соңды тірі пенде көрмеген ұлан-асыр той жасайды. Тойға Қорқыт ата келіп, ел-жұртқа өлеңмен ұлағатты ғибрат сөз айтады.

Содан кейін Қорқыт ата тойға жиналған игі жақсыларға бата береді: - Қаратаудың жүзі жығылмасын, жапырағы қалың қаба ағаштың басы кесілмесін. Ақсақалды бабаңның жері ұрмақ болсын, ақ бүркендік анаңның жері бейіш болсын - дейді.

«Бисаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жырға» ұқсас сюжеттер қазақ және қырғыз фольклорында жиі ұшырайды. Мәселен, осындай сюжет «Жалғыз көзді дәу» ертегісінде де бар. Бұл ертегіде Төбекөз дәу бірде тажал, бірде айдаһар бейнесінде суреттеледі. Айдаһар қалың елге салық салып, жұма сайын көптеген адам, мал алып жеп тұрады. Елдің құты қашады. Сол кезде Жандыбатыр қырық құлаш семсерімен айдаһарды өлтіріп, ел-жұртқа бейбіт өмір сыйлайды.

«Қорқыт ата кітабының» соңғы жырында, яғни «Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы шығуы және Бамсы Бәйректің өлімі туралы жырда» тұңғыш рет оғыздардың арасындағы, өзара өшпенділік, сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы күреске шығуы жырға арқау болған. Бұл тарихи шындыққа сәйкес келеді. Оғыздар ұдайы өзара бірлікте, татулықта тұрған деу өмір шындығына жанаспас еді.

Сонымен «Қорқыт ата кітабының» ең соңғы, он екінші жыры - оғыздардың өзара қырғиқабақ соғыстарын баяндайтын жыр деуге болады.

Қорқыт дастанының халықтық сипаты шығарманың сюжетінен, идеялық бағыт-бағдарынан айқын көрініп тұр. Туған жерін, елін, өз Отанын сыртқы жаудан қорғау үшін ажалға бас тігіп, қан майданға шыққан алыптардың ерлігі, жауынгерлік патриотизмі зор шабытпен

